Адами капитал сапасын жақсарту – маңызды міндеттердің бірі. Ел Конституциясында «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі» деп айқындалған. Мемлекет үшін адам капиталын жақсарту үлкен мақсат – міндеттердің бірі екендігі белгілі.

Адам факторы, адами капиталдың дамуы – Қазақстан үшін стратегиялық негізгі сала. Сол үшін де Президент осы бағытқа инвестиция салуды, атап айтқанда, жалпы азаматтардың білім алуы мен денсаулығын жақсартуы үшін тиісті қаражат бөліп, екі саланы үздіксіз дамытып отыруды ұдайы назарда ұстап келеді. Бұл өте маңызды мәселе. Өйткені, технологиялық жаңғырту, кәсіпкерлік, логистика, ауыл шаруашылығы, банк және басқа да салаларға қатысты бағдарламаларды адами капиталсыз жүзеге асыру мүмкін емес.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, бұл салада келер ұрпақ үшін әлі де болса одан әрі атқарылуы тиіс жұмыстар баршылық. Оны ойдағыдай атқаруға Қазақстанның әлеуеті толық жетеді.

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруді, оның сапалық деңгейін үйлесімді дамытуды Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев басты мақсат етіп қойып отыр. Демек, Қазақстанды әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына қосу үшін ұлттық-рухани қасиеті қалыптасқан, өзіндік тәрбиесі мен білімі, іскерлігі мен дағдысы бар жас ұрпақ өсіруіміз керек. Жолдаудағы: «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», – деген Президент тапсырмасын төртінші сатының мәні мен стратегиясы ретінде қабылдауымыз қажет.

Президент бастамаларының қазіргі заман талаптарына сай екенін, оның Жолдауда ең алдымен білім беру жүйесінің рөлін өзгертуге ерекше назар аударғанын атап өтуіміз керек. Мемлекет басшысы Жолдауда ІТ-білім, қаржылық сауаттылықты қалыптастыру мен патриоттық тәрбиенің өзектілігін атап көрсетті. Мұның барлығы жастардың бойында мемлекетіміздің жаңа даму кезеңінде қажетті, өмір үшін маңызды жаңа дағдылар мен қабілеттерді қалыптастырады. Білім беру жүйесінде ІТ-саланың қарқынды дамуы және мұғалімдер біліктілігінің жоғарылауы қала мен ауыл мектептерінің арасындағы білім сапасының айырмашылығын азайтуға септігін тигізері анық.

Елбасымыздың «5 реформа және 100 нақты қадам» атты ұлт жоспарына зер салып, зерделей қарасақ, оның білім беру жүйесіне ерекше мән бергендігі байқалады. Әсіресе, сапалы білім беруге, білікті маман дайындауға жіті назар аударылып отыр.

Осыдан 3 жыл бұрын Елбасымыз «Қазақстанның XXI ғасырдағы ұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» деп жариялаған еді. Аз ғана уақыт ішінде осынау тұжырымның жасампаз қуаты толық дәлелденді. «Мәңгілік Ел» идеясы болашақты армандайды. Онда бүгінгінің басты мұраты – білім мен ғылым екендігін көрсетеді. Бұл арман-мақсаттың ішкі иірімінде патриоттық сана-сезімнің оянуына ықпал етер өзіндік бір күш жатыр. Ол, атап айтқанда, өз басының мүддесін ұлт ісімен, Отан, мемлекет, халық мүддесімен ұштастыра түседі. Білім беру мен ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты да осыған жетелейді. «Мәңгілік Ел» талабына сай, ғылым мен техниканың, жалпы, әлем өркениетінің жаңалығын еркін біліп, еркін игере, қолдана алатын Қазақстан жастары қоғамның шынайы тірегі болары хақ.

Қазір елімізде жаңашыл «Жас ұлан» мен «Жас Қыран» ұйымдары қалыптасу үстінде, Елбасымыздың Жолдауында айтылғандай, мұның өзі патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық секілді құндылықтарды оқу барысында оқушылардың бойларына сіңіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда қала мектептерінде жаңашылдық пен әдістемелік идеяларды бір арнаға тоғыстырудың нәтижесінде балалар ұйымдары, отаншылдыққа тәрбиелейтін патриоттық клубтар мен жасақтар жүйелі түрде дамып келеді. Оқушыларды отаншылдық сезімге баулу – басты мақсаттарымыздың біріне айналған. Елбасымыздың тапсырмасымен құрылған Қазақстанның жас азаматтарының басын біріктіретін «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы өз жұмысының нәтижесін беруде. «Жас Ұлан» өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен өзара сыйластық негізіне құрылған.

Жалпы, бүгінгі таңда мұғалімнің басты мақсатының бірі – балаларды ойлауға үйрету. Сол себепті, оқушылардың зерттеу қызметі пән бойынша сыныптан тыс жұмыстың ең сәтті түрлерінің бірінен саналады. Зерттеу қызметін ұйымдастыру барысында біз ақпараттық технологияларды кеңінен қолданамыз. Мектепте зерттеу қызметін ұйымдастыру барысында мұғалімнің шешуіне тура келетін ең күрделі мәселе – зерттеу үшін қызықты тақырыптар табу. Алайда, жекелеген оқушылардың өздері зерттейтін тақырыпты таңдап, ұсынуы бізді қуантады. Кез-келген оқушының дамуы тек мектеп жұмысымен анықталмайды. Бұған отбасының ықпалы аса қажет. Осындайда еске түседі. Бірде данышпан Лұқпан Хәкім баласына жазған хатында «Балам, ұстамды бол, өз еркіңе ерік берме, аз асқа қанағат қыл, елмен дөрекі қатынас жасама, әр ісінді ойлап істе, мақтағанға мастанба, көп білім алуға тырыс, жақсы жолдастарыңмен байланысты үзбе...» деген екен. Міне, осындай даналарымыз өздерінің терең мағыналы сөздері арқылы жас ұрпақты ерінбей еңбек етуге, Отанды сүюге шақырған. Осындайларды балаларымыздың зердесіне құю, ұлағатты өнерге баулу – баршамыздың міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»
2. Майдырова А.Б. Качество человеческого капитала как показатель эффективности государственного управления.// Actual Problems of Economics. Украина.- 2013.-№5(143) – С. 386.

Ахметова Д., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші- PhD докторы, доцент Г.Б Каржасова
Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕКЕ МЕНШІКТЕГІ ӘРІПТЕСТІК

Адамзат дамуының қандай да болсын тарихи кезеңдеріне көз жүгіртіп қарайтын болсақ, меншік мәселесі бірінші орында тұратындығын аңғарамыз. Меншік - адамзат қоғамындағы мәнді құбылыс, ол адамның өмір сүруінің негізі болып табылады. Жеке меншіктің пайда болуы Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим, т.б сол сияқты мемлекеттердің қалыптасуы мен даму бағыттарын айқындады. Бүгінгі түсінік бойынша меншік құқығы дегеніміз – субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы. Меншік құқығы – неғұрлым толық құқық. Бұл меншік иесінен жоғары тек заң ырқы мен оның қоғамдық міндеттерінің ғана болатындығынан туындайды. Меншік иесі иемдену, пайдалану және билік ету өкілеттігін тек өз қалауы бойынша жүзеге асырады. Сондықтан меншік құқығы ең ‘күшті’ заттық құқық. Сонымен қатар, меншік иесі шарт бойынша өзінің меншіктік өілеттігін өзі шектей алады. АҚ-ның 188-бабының 3-тармағы ‘өз қалауы бойынша’ ереже жуықтап анықтама береді. Мысалы, меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекет жасай алады, яғни ол мүлікті басқа адамның меншігіне береді, меншік иесі бола тұрып өзінің мүлікті иемдену, пайдалану және оған билік ету өкілеттігін береді, мүлікті кепілге береді және оған басқа тәсілдермен ауыртпашылық түсіреді, оған басқадай түрде билік жасайды. Сонымен меншік – бұл жеке адамның затқа байланысты қарым қатынасы. Сондай – ақ меншік заң бойынша қорғалады. [1, 236] Біздің елімізде меншіктің заңдастырылған екі түрі бар; жеке меншік және меемлекеттік меншік. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес олар бірдей мойындалады және қорғалады. Жеке меншік – бұл азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі, ал мемлекеттің иелігіндегі мүліктер мемлекеттік меншік болып есептеледі. Біздің еліміздегі нарықтық қатынастар мемлекеттік меншіктің әр түрлі формаларының қажеттілігін тудырады. Сондықтан да біздің елімізде мемлекеттік меншікті жеке меншікке айналдыру жүргізіліп жатыр.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық даму – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын, «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу қажеттілігі МЖӘ саласында мемлекеттік саясатты дамытуға негізделген.

МЖӘ әлемге кеңінен таралып, өзін қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыруға жеке кәсіпкерлік субъектілерін тарту бойынша тиімді де ықтимал тетіктердің бірі ретінде танытты.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін қолдану мемлекетке де, бизнесті дамытуға да бірқатар артықшылық береді. Жеке сектор үшін жаңа инвестициялық мүмкіндіктер және тиісінше жаңа кіріс көздері, ірі жобаларға қатысу мүмкіндіктері туады. МЖӘ мемлекеттің дәстүрлі жауапкершілік салаларында жеке меншік сектордың ресурстық және зияткерлік әлеуетін пайдалануды болжайды.

Халықаралық практикада МЖӘ-нің көпшілік мақұлдаған анықтамасы жоқ, жалпы МЖӘ тиісті шарттарда анықталатын тәуекелдерді, пайда мен шығындарды, құқықтар мен міндеттерді теңгерімді бөлу жағдайында мемлекет жауапкершілігінің дәстүрлі саласына жататын салалардағы мемлекет пен жеке сектордың өзара тиімді ынтымақтастығын білдіреді.

Халықаралық практикада МЖӘ-нің екі нысаны бөлінеді: институционалдық және келісімшарттық.

Қазақстанның көлік және энергетика секторында жобаларды іске асыру кезінде концессия шартының негізінде МЖӘ-нің келісімшарттық нысанын қолданудағы тәжірибесі мен заңнамасы бар.

МЖӘ тетігі бойынша қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асырудың құқық қолдану практикасын одан әрі кеңейту үшін Қазақстан осы саладағы құқықтық және институционалдық негізін жетілдіруі керек.

Осыған байланысты Бағдарлама мемлекеттің дәстүрлі жауапкершілік салаларында МЖӘ тетіктерін дамыту үшін шешімдерді талап ететін бірқатар маңызды міндеттер шеңберін айқындайды.

Бағдарламада МЖӘ тетігін пайдалана отырып, іске асырылатын жобалардың инвестициалық тарымдылығын арттыру үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған шаралар берілген. Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі.

Меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады.

Иелену құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету. Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін. Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі. [2]

Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

Меншік иесінің өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс. Құқықтар мен заңды мүдделерді бұзушылық басқа нысандарымен қатар, меншік иесінің өзінің монополиялық және өзге де басымдық жағдайын пайдаланып қиянат жасауынан көрінуі мүмкін.

Меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азаматтардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті.

Меншік құқығының мерзімі шексіз. Мүлікке меншік құқығы Азаматтық Кодексте көзделген негіздер бойынша ғана ықтиярсыз тоқтатылуы мүмкін.

Заң құжаттарында көзделген реттерде, жағдайлар мен шектерде меншік иесі өз мүлкін басқа адамдардың шектеулі түрде пайдалануына жол беруге міндетті. Жеке меншік азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі ретінде көрінеді.

Заң құжаттарына сәйкес азаматтарға немесе заңды тұлғаларға тиесілі бола алмайтын жекелеген мүлік түрлерінен басқа кез келген мүлік жеке меншікте болуы мүмкін. Жеке меншікте болатын мүліктің саны мен құны шектелмейді. Шетелдік тәжірибені талдай отырып, инфрақұрылымға инновациялық өзгерістер енгізудің

тиімді және ұтымды тетігі мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігі арқылы жеке капиталды тарту болып табылады.

Мұндай жобаларды мемлекеттің толық қаржыландыруымен салыстырғанда, жеке компаниялар басқаратын жобалар құрылыстың, сол сияқты кейіннен пайдаланудың құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Оның үстіне, осы инфрақұрылым объектілерінің тиімділігі объектіні салу мен пайдаланудың бүкіл кезеңдерінде едәуір ұлғаяды.

Мұндай құбылыс МЖӘ бүкіл тетігінің негізі болып табылады – объектілердің шығындары неғұрлым төмен және сапасы жоғары болса, концессионер алатын табыс та жоғары, тиісінше жобаның өзін-өзі өтеу мерзімі төмендейді және концессионердің кредиторлармен тез есеп айырыуға мүмкіндігі болады.

Бұл концессионердің неғұрлым прогрессивті техникалық шешімдерді, инновациялық технологияларды пайдалануы үшін қосымша және қажетті ынталандырулар жасайды, сондай-ақ құрылыс сатысында сапасын арттырады. Әлемдік тәжірибеде концессиялық компаниялар экономика мен өндіріс салаларының технологиялық, сол сияқты инновациялық дамуының негізгі қозғалтушы күші болып саналады, ал олардың әзірлемелері кейіннен қайталанатын және концессиялық та, концессиялық емес те басқа жобаларды іске асыру кезінде пайдаланылады.

Осылайша, концедент жеке меншік сектордан ең жаңа технологияларды, инновациялар мен ноу-хауды пайдалануды күте алады. Сондай-ақ басқаша түрде мемлекет қол жеткізе алмайтын немесе жоба үшін арнайы әзірленетін жеке меншік сектордың технологиялары мен қолда бар тәжірибеге қол жеткізу туралы да сөз болып отыр. Мемлекеттік сатып алудың дәстүрлі тетігін пайдаланған кезде мұндай міндетті шешу мүмкін емес, алайда МЖӘ-де негізі қаланған ынталандыру тетігінің арқасында бұл мақсатқа қол жеткізуге болады.

Мемлекет инновациялық технологиялар мен инженерлік шешімдерді пайдалануда жеке компанияларға еркіндік бере алады. Бұл жағдайда концедент мұндай инновациялар қамтылған тендерлік ұсыныстарды бағалауға және салыстыруға дайын болуы тиіс. Жалпы, жобаны дайындауға неғұрлым көп қаражат инвестицияланса, тендерге қатысушыларға соғұрлым сапалы ақпарат беріледі, ал бұл, өз кезегінде бәсекелестікті күшейту мен неғұрлым сапалы және инновациялық тендерлік ұсыныстар алу үшін ынталандыру болып табылады.

ҚР нормативтік-құқықтық базасына жасалған талдау қолданыстағы заңнаманың МЖӘ-ні әлеуметтік салаға белсенді енгізуді тежейтінін көрсетті.

Келесі жүйелі мәселелерді пысықтау мемлекетке жеке секторды әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыру, салу және тиімді басқару үшін тартуға мүмкіндік береді:

1. концессияға беруге жатпайтын объектілер тізімін қарастыру;
2. концессионерге көлемі ұсынылған қызмет сапасына тәуелді инвестициялық қана емес, сондай-ақ пайдалану шығындарының да орнын толтыру мүмкіндігін беру үшін
3. концессионерге мемлекеттік қолдау шараларын қарастыру;

келісімшарттардың ұзақ мерзімділігі, тұрақтылығы сияқты МЖӘ-нің негізгі қағидаттарын ескеріп азаматтық заңнама шеңберінде сенімгерлік басқару және жалға алу шарттарын жетілдіру. Бұл жағдайда халықаралық тәжірибеден «басқару және қамтамасыз ету» келісімшарттарын бейімдеуге болады.

Басқару және қамтамасыз ету келісімшарттарын пайдалану мемлекеттік меншік объектілерінің ағымдағы қызметтерін басқару сапасын көтеру қажет болатын жобалар үшін тән. Осы ретте, пайдалану шығындарын мемлекет өз мойнына алады, жеке тарап өз жұмысының ақысын қызметтердің сапасына қарап алады және ешқандай да инвестициялық шығындарды алмайды. Осындай келісімшарттардың мерзімі, әдетте, 3-5 жылды құрайды. Әдетте, басқаруға білім, денсаулық сақтау, коммуналдық меншіктердің қазіргі объектілері беріледі. Келісімшарт персоналды басқару, қаржылық басқарма және стратегиялық жоспарлау, сондай-ақ ғимараттың жекелеген қызметтерін техникалық қамту жөніндегі (тамақтандыру, жабдықтармен қамтамасыз ету, кір жуу, рентген

қызметтері, би және ән үйірмелері, спорттық үйірмелер және т.б) яғни, аутсорсингке берілетін қызметтерді қамтиды.[3]

Қорытындылай келе, меншік дегеніміз адамдар арасындағы мәдени және рухани игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну саласындағы күрделі қатынас.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Скрябин С.В. Меншік құқығы. –А: “Райк-Пресс”. 2005.
2. Қаржы-экономика сөздігі. — Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007.
3. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Мемлекеттік кәсіпорын туралы № 413-IV Заңымен

Вьюхина Д.С., студентка 2 курса

Научный руководитель – магистр юриспруденции, ст.преподаватель Боранбаева А.Е.
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, г. Караганда,
Республика Казахстан

АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА КАК СОВРЕМЕННЫЙ ИНСТИТУТ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Современный Казахстан это многонациональное государство, этнический состав населения которого чрезвычайно разнообразен. Основной закон Республики Казахстан гарантирует всестороннее развитие всех наций и граждан, а также создание равных и достойных условий для жизни и трудовой деятельности.

1 марта 1995 года Указом Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым был создан новый институт гражданского общества - Ассамблея народов Казахстана (АНК).

Республика Казахстан стала первой страной среди стран-участниц СНГ, в которой был создан уникальный общественный институт, способствующий обеспечению мира, согласия и толерантности в полиэтнической и поликонфессиональной республике — Ассамблея народа Казахстана. В подтверждение этому приведем слова заместителя Председателя АНК Е.Л. Тугжанова, «Ассамблея создавалась как принципиально новый институт гражданского общества, не имевший на тот момент аналогов как в предшествующей советской эпохе, так и в мировой современной практике»[1].

Ассамблея народа Казахстана со дня образования играет очень важную роль в укреплении мира и согласия между народами, которые проживают в Казахстане.

Необходимо отметить, что в 21 мая 2007 года Парламент Республики Казахстан в результате конституционной реформы принял ряд конституционных поправок, которые существенно поменяли роль представительной ветви власти. Одно из главных новшеств конституционной реформы это увеличение числа депутатов в Мажилис Парламента до 107 человек, 9 из которых избираются Ассамблеей народа Казахстана. Данное решение показало значимость Ассамблеи народа Казахстана, повысило ее авторитет и конечно же политический вес. Введение специальных мест для будущих депутатов из Ассамблеи путем увеличения количества их числа дает возможность представлять интересы в Парламенте РК различных этносов, проживающих на территории Казахстана. И еще надо отметить один из немаловажных фактов, во внесенных поправках в Конституцию Республики Казахстан речь идет об Ассамблее народа Казахстан, а не Ассамблее народов Казахстана. До конституционной реформы Ассамблея именовалась - Ассамблея народов Казахстана. По нашему мнению это очень значимая поправка. Основной Закон нашего государства начинается со слов: «Мы, народ Казахстана». Мы единый народ страны, который многолик по своему национальному составу. Таким образом, данная поправка

помогла привести название нового института гражданского общества в соответствие с Конституцией Республики.

Ассамблею народа Казахстана изначально возглавляет Глава государства Н.А. Назарбаев. 20 октября 2008 г. был принят Закон Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана». Закон определил статус, порядок формирования и организацию работы Ассамблеи народа Казахстана, направленной на реализацию государственной политики в сфере общественного согласия и общенационального единства, общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел», обеспечение общественно-политической стабильности и повышение эффективности взаимодействия государственных и гражданских институтов общества в сфере межэтнических отношений.

Согласно п.1. ст.1 названного закона, Ассамблея народа Казахстана это учреждение без образования юридического лица, созданное Президентом Республики Казахстан, способствующее разработке и реализации государственной национальной политики в сфере общественного согласия и общенационального единства [2]. Цель АНК это создание условий для межэтнического согласия в государстве в ходе развития казахстанской гражданской идентичности и конкурентоспособной нации на базе казахстанского патриотизма, гражданской и духовно-культурной общности народа Казахстана при консолидирующей роли казахского народа.

Достижение этой цели производится через решение шести основных задач, к которым относятся:

1) обеспечение эффективного взаимодействия государственных органов и институтов гражданского общества в сфере межэтнических отношений, создание благоприятных условий для дальнейшего укрепления межэтнического согласия и толерантности в обществе;

2) укрепление единства народа Казахстана на основе общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел»;

3) оказание содействия государственным органам в противодействии проявлениям экстремизма и радикализма в обществе и стремлениям, направленным на ущемление прав и свобод человека и гражданина;

4) участие в формировании политико-правовой культуры граждан;

5) обеспечение интеграции усилий этнокультурных и иных общественных объединений для достижения цели и задач Ассамблеи;

6) возрождение, сохранение и развитие национальных культур, языков и традиций народа Казахстана.

Для дальнейшего укрепления и развития важнейшего института гражданского общества – Ассамблеи народа Казахстана реализуются следующие положения:

1) усиление роли АНК в качестве координатора работы государственных органов всех уровней и институтов гражданского общества по укреплению общественного согласия, казахстанской идентичности и единства как ключевого фактора успешной реализации Стратегии «Казахстан-2050»;

2) внедрение новых форматов взаимодействия государства и этнокультурных и иных общественных объединений для укрепления общественного согласия и общенационального единства;

3) укрепление роли государственного языка как консолидирующего фактора, развитие культур, языков и традиций народа Казахстана;

4) содействие внедрению трехязычного образования в целях формирования нации единого будущего и укрепления общеказахстанских ценностей;

5) популяризация казахстанской модели идентичности и единства в международном сообществе с участием соотечественников, проживающих за рубежом, и диппредставительств Республики Казахстан;

6) взаимодействие АНК с международными организациями и институтами гражданского общества зарубежных государств;

7) активное участие этнокультурных объединений в решении комплекса общегосударственных задач [3].

На сегодняшний день сформирована нормативная правовая база АНК. В казахстанском обществе идет успешная реализация целей и задач, разрабатываемых АНК. Проводятся различные мероприятия по укреплению дружбы народов. К примеру, с участием этнокультурных объединений традиционным стали: фестивали Дружбы народов, круглые столы, конференции. При поддержке акимата различных областей, представители и творческие коллективы этнокультурных объединений принимают участие в межрегиональных и международных мероприятиях.

Для дальнейшего продвижения идей и реализации задач Ассамблеи по нашему мнению необходимо:

- развивать гражданскую идентичность, толерантность в казахстанском обществе через систему образования и воспитания, повышение правовой культуры казахстанцев;
- разработка концептуальных предложений по развитию этно- и поликультурного образования с учетом специфики казахстанского общества является одной из форм государственного развития;
- внедрение в школах и вузах факультативного курса «Основы толерантности»;
- повысить активность деятельности Научно-экспертного совета при АНК.

В долгосрочном программном документе - Послании Президента Республики Казахстан - Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства» отмечено, что «только в диалоге с другими нациями наша страна сможет достичь успеха и влияния в будущем. В XXI веке Казахстан должен укрепить свои позиции регионального лидера и стать мостом для диалога и взаимодействия Востока и Запада» [4].

Ассамблея народа Казахстана это уникальный институт гражданского общества по реализации взвешенной сбалансированной национальной политики, способствующий консолидации общества, укреплению патриотизма и формированию идентичности казахстанцев на основе общенациональной идеи и единых ценностей.

Список использованной литературы:

1. Тугжанов Е. Л. Модель народной дипломатии. // Индустриальная Караганда. — 2009. — № 48-49. — 1 мая.
2. Закон Республики Казахстан от 20 октября 2008 года № 70-IV «Об Ассамблее народа Казахстана» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.). // ИС Параграф <http://www.zakon.kz>.
3. Концепция развития Ассамблеи народа Казахстана (до 2025 года) утверждена [Указом](#) Президента Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года № 148 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.). // ИС Параграф <http://www.zakon.kz>.
4. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь - 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года. // ИС Параграф <http://www.zakon.kz>.

Кеңшілік А.Е., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші – магистр, оқытушы Тусупова Г.Н.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ЖАҚСARTУ МАҚСАТЫНДА – БЕС ДАМЫТУШЫ ҚАДАМДАР

Халқымыздың болашағын Елбасының мемлекеттік бағдарламалары айқындайды. Партия Төрағасы Қазақстанның стратегиялық мақсаттарын белгілеп қана қоймай, оларға қол жеткізудің мүмкіндіктерін де қарастырып келеді. Еліміздің табысты дамуының сенімді іргетасы халықтың бірлігі мен қоғамдық келісімі екені анық. Ендеше, Елбасымыз, партия Төрағасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жариялаған бес ауқымды әлеуметтік жобаларының маңызы зор дер едім.

«Ынтымағы жарасқан елге бақ тұрар» дегендей, барлық ұлттардың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, қазақ тілін, мәдениет пен дәстүрді дамыту – біздің стратегиялық басымдығымыз. Біз әрдайым биік межелерді көздеп, мақсатымызға қол жеткізіп келдік. Сондықтан да жаңа оқу-білімге ұмтылу, еңбек ету және басқалардың еңбегін құрметтеу, өз денсаулығына дұрыстап қарау және дәйім өзін-өзі ұштап отыру әрбір азамат үшін өмірінің қалыпты қағидасына айналуы керек. Біздің болашаққа ұмтылысымыз және жетіле түсуге ұдайы талпынысымыз – Қазақстанның одан ары өркендеуінің аса маңызды шарты. Мемлекет басшысы белгілеген бес бастама ортақ игілікке қол жеткізу үшін, азаматтарымыздың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін болашаққа деген сенім. Ол – әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын жақсартуға, ел игілігіне арналған ұтымды бастамалар [1].

Бірінші бастама: «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру». Бағдарламаны жүзеге асыру тұрғын-үй құрылысына зор серпін береді. Нәтижесінде, мыңдаған қазақстандық үшін баспана алудың қолжетімділігі артады. Сонымен қатар бұл экономиканың, шағын және орта бизнестің дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына әкелетіні ақиқат. Көптеген азаматтың арманы ақиқатқа айналып, баспанаға қол жеткізуі жаңа табыстарға жетелер игі қадам.

Екінші бастама: «Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту». Бұл дегеніміз – салықты азайтудан шығатын қаржы жалақыны көтеруге жұмсалатындығы. Нәтижесінде, еліміздегі барша жалдамалы жұмыскерлердің кемінде үштен бірінің, бұл 2 миллионнан астам адам, жалақысы жұмыс берушіге салмақ салмай-ақ көбейетін болады.

Үшінші бастама: «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту». Қазір жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлініп, 11 мыңы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады. Мемлекет өз тарапынан Білім және ғылым ми-нистрлігі арқылы жатақхана құрылысына жұмсалған инвес-тициялардың белгілі бір бөлігі біртіндеп қайтарылуына кепілдік береді. 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салу тапсырылды. Бұл алдағы жылдарда туындайтын жатақхана тапшылығын біржола шешеді.

Төртінші бастама: «Шағын несие беруді көбейту». Бүгінгі таңда өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру ісі тиімді тетік саналады. Бұл бастаманың мыңдаған адамға өз ісін ашуға мүмкіндік беретіндігімен маңызды. Яғни, елдімекен тұрғындары, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту үшін маңызды қолдау.

Бесінші бастама: «Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру». Бұл жаңа өндіріс орындарын ашуға, экологияны жақсартуға бағытталған бастама. Аталған жобаны іске

асыру арқылы өңірлерді газдандыру мәселесі қамтамасыз етілетініне сенімдіміз. «Нұр Отан» партиясы халқымыз үшін айрықша маңызы бар осы шаралардың тиянақты орындалуын бақылауға алып, халық пен бизнес өкілдерінің арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын нәтижелі жүргізетін боламыз. делінген.

Бағдарламаны іске асыруға дайындық кезеңдері анықталды. Жақын арада Ұлттық банк басқармасы Бағдарлама операторы - толықтай еншілес арнайы компания құру мәселесін қарастырады. Ұлттық Банк Үкіметке наурызда қажетті заңнамалық түзетулерді енгізеді.

Бағдарламаға ресми табысы бар Қазақстан азаматы қатыса алады. Қазіргі уақытта банктер критерийлерді әзірлеп жатыр. Мәселен, егер тұрғын үй құны 7 млн теңге болса, онда ай сайынғы төлем 50 мың теңгеден аспайды, бұл қазақстандық қызметкерлердің көпшілігі үшін қолайлы. Ірі қалалар мен аудандардағы тұрғын үй құнының саралануы жоққа шығарылмайды, себебі тұрғын үй құны әртүрлі болады.

ҚР ұлттық экономика министрлігінің мәліметіне сәйкес, жаңа ипотекалық бағдарлама бойынша алғашқы тұрғын үй несиесін шамамен осы жылдың тамыз айында беру жоспарланып отыр.

«Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту» екінші бағытының басты орындаушысы — Ұлттық экономика министрлігі. Осы бағытта салық заңнамасының нормаларын өзгерту бойынша ұсыныстар әзірлеу жоспарланған.

Білім және ғылым министрлігі «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» үшінші бағытының негізгі орындаушысы. Аталған бағыт аясында техникалық мамандықтарға екпін бере отырып, мемлекеттік білім беру тапсырыстарын ұлғайту көзделген. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидасындағы жатақханалар құрылысы бойынша тетіктерді анықтау мен заңнамалық түзетулерді әзірлеу жоспарлануда.

«Шағын несие беруді көбейту» атты төртінші бағытқа Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жауапты. Аталған бағыт желісі бойынша 2017–2021 жылдарға арналған Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасына түзетулер енгізу жоспарда бар. Өзгерістер қалалардағы және ауылдық жерлердегі шағын несие беруді қаржыландыруды ұлғайтуға және кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге бағытталатын болады.

«Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру» бесінші бағытының басты орындаушысы - Энергетика министрлігі. Аталған бағыт «Сарыарқа» магистральді газ құбырының бірінші кезеңінің құрылысына арналып отыр. Жобаның схемасы мен қаржыландырудың шарты белгіленетін болады. ЕҚДБ, ЕАДБ және басқа да халықаралық қаржы ұйымдары арқылы қаржы тарту жоспарлануда. Жобаны биыл шілде айында бастау жоспарланған. Газ құбырының құрылысын 2019 жылғы желтоқсанда аяқтау көзделген.

Елбасының әлеуметтік саланы жақсартуға бағытталған 5 бастамасы экономикаға мультипликативтік әсер береді. Әсіресе халыққа 7 пайыздық үстемемен 25 жылға баспана беру жобасының пайдасы зор. Сарапшылардың пікірі осындай. Себебі тұрғын үй қолжетімді болған кезде оған сұраныс артады. Нәтижесінде құрылыс саласы дами түседі. Жаңа жұмыс орындары ашылады. Бұл шара банктерге де тиімді. «Бірақ үй бағасы қымбаттауы мүмкін», - дейді сарапшылар. Ал бұл мәселені шешу үшін мамандар құрылыс нарығындағы бәсекелестікті арттыру керек. Ол үшін бизнес өкілдерінің халыққа шағын тұрғын үйлер тұрғызуына мүмкіндік беру керек деген пікір бар.

Серік Жұмабаев, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының сарапшысы:

- Бізде көбіне көпқабатты тұрғын үйлер салынады. Әрине орта және шағын бизнестің бұған қауқары жетпейді. Ал егер 2-3 қабатты үйлер тұрғызатын болсақ, шағын бизнес атсалыса алатын еді. Нәтижесінде бәсекелестік пайда болып, бағаның төмендеуіне ықпал етеді [2].

Вячеслав Додонов, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ бас ғылыми қызметкері:

Президент Ұлттық банк жаңа компания құру керектігін айтты. Оның активтерінің мөлшері өте қомақты болады, яғни трлн теңгеге дейін жетуі мүмкін. Компания банктерді бағдарламаға қатысуға ынталандырады. Кезінде АҚШ-та да халықты баспанамен қамту мәселесі өткір тұрған кезде дәл осындай агенттік құрылған болатын. Әрине бізде нақты шешім әлі қабылданған жоқ. Бірақ мен осыған ұқсас құрылым жұмыс істейді деп ойлаймын. Банктердің мүддесі толығымен ескерілетін болады [2].

Президенттің шешімінің үлкен әлеуметтік мағынасы бар. Мындаған адам осыны күтіп отырды. Өндіріс жағынан, экономика жағынан, әлеуметтік жағынан, қаржы жағынан ұштасқан кезде, бұл өте қажетті жоба деп ойлаймын. Әсері өте зор. Сондықтан ешқандай күмән жоқ. Әлеуметтік салада істейтін мұғалімдер, дәрігерлер, басқа қызметкерлердің шамалары жетпейді. Бұл шешім солардың бәріне үлкен мүмкіншілік туғызып отыр.

Елбасының салықтың салмағын азайту туралы шешімі ең бірінші кезекте аз табыс табатын азаматтарға тиімді. «Халықтың қалтасына түскен қаржы айналып келгенде экономиканың өсуіне ықпал етеді», – дейді сарапшылар.

Елбасының Парламент палаталарының біріккен отырысында жариялаған бес әлеуметтік бастамасы халықтың көңіліне сенім ұялатты. Елбасы Үндеуінде халықтың тұрмыс деңгейін көтеру туралы ойдың көптен бері көкейінде жүргенін жеткізді. Сарап-шылар мен қоғам қайраткерлері халықтың тұрмыс жағдайын жақсартатын шаралар қабылдау стратегиялық бастама болғандығын атап көрсетуде.

Қорыта айтқанда, Елбасының бастамасы – шын мәнінде, әлеуметтік маңызы жоғары. Осы көрсетілген басымдылық мәселелерін шешуге мемлекеттің қауқары бар екенін халыққа тағы да жеткізді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.egemen.kz/>
2. <http://taraz-gov.kz/kaz>

Кусбекова М.Б., 3 курс студенті

Ғылыми жетекші – Абдилдина М.М. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

АДАМ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауымен танысып шығып, жаңа заманның лебін байқадық. Жаңа дәуірдің келе жатқанын бажайладық. Расында, бұл Жолдау – заман талабы тудырған Жолдау екен. Дүние түрленіп, ғарыштық жылдамдықпен өзгеріп барады. Жаһандану бүкіл дүниежүзін қамтыған құбылыс болғандықтан, одан қашып құтылу мүмкін емес екені баяғыда белгілі болды. Демек, бұл үрдіске тек төтеп беру керек. Төтеп беру үшін, әрине мемлекет дамуында ұлттық құндылықтарға табан тіреу керек. Ұлтты, мемлекетті құрайтын жеке адамдар. Осынау үлкен өнеркәсіптік революция жағдайында адами капиталдың алар орны айрықша.

Елбасының биылғы Жолдауындағы басымдық берілген міндеттердің бірі де осы адами капитал болып отыр. Адами капиталдың жаңа сапасы бүгінгі күнгі өзекті мәселе екені даусыз. «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» деп көрсетілген Жолдауда. Кез келген қоғамда жастардың бет түзейтін идеалы болуы болашақ үшін маңызды десек, Елбасы Жолдауында қандай адам мемлекеттің құнды капиталы бола алатынын нақты көрсетіп берді. Мемлекет болашағының кілті – қазіргі жаңа технологияларды меңгерген, сонымен бірге түп-

тамырынан ажырамаған, салты мен дәстүрін, тарихын білетін нағыз сапалы азаматтарда. Сол адами капиталды дайындап, болашағына жол сілтейтін, келешегімізді кемел біліммен сусындататын – ұстаздар қауымы. Елбасы өз Жолдауында мұғалім мәртебесіне ерекше тоқталып өтеді. Қазақта «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген сөз бар. Ендеше, баланы тәрбиелейтін мұғалімнің білікті болуы – міндет. Кейінгі кезде, мұғалім беделінің төмендегені жиі айтылып, олардың біліктілігі де сынға жиі алынатын болды. Сондықтан Елбасы «Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады» деп қадап айтып отыр. Сәйкесінше, білікті ұстаздан білім алған сапалы ұрпаққа, яғни жаңғырудың негізі бола алатын адами капиталға қол жеткізе аламыз. Демек, бұл Жолдау бізге қай салада болсын бәсекеге қабілетті маман дайындауды міндеттеуде. Жалпы алғанда, Жолдауда көрсетілген 10 басты міндеттің ең негізгісі де осы – жетінші басымдық, жетінші міндет болса керек. Олай деуге негізгі себеп – барлық он міндетті де осы жетінші басымдықта атап көрсетілген заман талабына сай жетілген білікті адами капитал жүзеге асыра алады.

«Біз саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің арқасында экономикамызды, саясатымызды және санамызды жаңғырта алдық» деген Елбасы, алдағы уақытта жаңа заманға сай болу үшін Қазақстан жаңғыруының жүйелі үш тұғырын негізге алуды ұсынды.

Бажайлап қарасақ, биылғы Жолдау «100 нақты қадам», үдемелі индустриялық-инновациялық даму, «Рухани жаңғыру» сияқты бағдарламаларда көрсетілген бағыттардың заңды жалғасы болғанын байқаймыз. Елбасы әлемдік аренадағы Қазақстанның келісті бейнесін жасау мақсатында ұзақмерзімді стратегиялық саясат ұстанып отырғанын тағы бір дәлелдеп берді.

Білімнің қоғам мен адам дамуындағы айқындауыш рөлін тану адам капиталы теориясының негізін құрды, ол теория бір мезгілде адам дамуы тұжырымдамасының пайда болуының теориялық алғышарты және аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Адам капиталының теориясы-білімнің әлеуметтік қызметіне принципті, сапалық жаңа көзқарас. Сансыз көп теорияларда білім не еңбек тиімділігін арттырудың факторы, немесе ғылым және техникалық прогрестің қозғаушысы ретінде қаралып келді, бірақ барлық жағдайда да оған қосалқы, көмекші роль берілетін еді. Қоғамға білімді шындап бағалауға оған тек капитал ретінде қарау ғана көмектесті, әрі ол ең құнды және ең сенімді капитал болады.

Адам капиталы тұжырымдамасының кейбір алғышарттары классикалық саяси экономияда, марксизмде, әлемдік экономикалық пікірдің өзге де ағымдарында қаланған еді, бірақ ол үйлесімді және тиянақты болып тек ХХ ғасырда ғана ресімделді.

Адам капиталы, өзге капиталдың кез келген түріне тән белгілерге ие, сонымен қатар оның елеулі айырмашылығы бар. Адам капиталы теориясы жөніндегі ресейлік жетекші маман С.А.Дятлов осы құбылыстың мынандай ерекшеліктерін көрсетті:

1. Инвестициялардың адам капиталына қайтарымы оның иесінің өмір сүру мерзіміне (еңбекке қабілетті кезеңнің ұзақтығына) тікелей қатысты болады. Адамға жұмсалымдар неғұрлым ертерек жасалса, соғұрлым ол тезірек қайтарым жасай бастайды. Бірақ мынаны ескеру керек, неғұрлым сапалы және ұзақ мерзімді инвестициялар анағұрлым жоғары және анағұрлым ұзақ уақыттық нәтиже береді.

2. Адам капиталы тек табиғи және моральдық тозуға ғана душар болмайды, сонымен бірге ол жинақталу мен көбеюге де қабілетті. Адам капиталының тозуы, біріншіден, адам организмі мен оған тән психофизиологиялық қызметтердің табиғи тозу дәрежесімен, ал екіншіден, білімнің ескіруінің немесе алған білім құндылығының өзгеруінің салдарынан болатын моральдық (экономикалық) тозу дәрежесімен анықталады. Адам капиталының толықтырылуы қызметкердің қайта оқу және өндірістік тәжірбие жинақтау үдерісінде жүзеге асырылады. Егер осы үдеріс үздіксіз жүретін болса, онда адам капиталын

пайдалану шамасына қарай оның сапа және сан жөніндегі сипаттамалары (сапа, көлем, құндылық) жақсара түседі және өседі.

3. Адам капиталының қорлану шамасына қарай оның табыстылығы белсенді еңбек қызметінің (белсенді еңбекке қабілетті жас) жоғары шегімен шектелетін белгілі бір межеге дейін жоғарылайды да, сонан соң күрт төмендейді.

4. Капиталды жасау кезінде «екі жақты көбейткіш нәтиже» орын алады. Оның мәні былай, оқу үдерісінде тек оқитын адамның ғана емес, сонымен бірге оқытушының да мінездемесі мен қабілеті жетіле, өсе түседі, ол кейіннен біріншісінің де, сондай-ақ, екіншісінің де табыстарын өсіреді.

5. Адамға жасалатын инвестициялардың барлығы бірдей адам капиталының жұмсалымдары болып таныла бермейді, тек қоғамдық мақсатқа сай және экономикалық қажеттіліктері ғана осындай жұмсалымға жатады. Мәселен, қылмыстық әрекетке байланысты шығындар адам капиталына жасалатын инвестициялар болып саналмайды, өйткені олар қоғамдық тұрғыда мақсатқа сай емес және қоғам үшін зиянды.

6. Адамға жасалатын жұмсалымдардың сипаты мен түрлері тарихи, ұлттық, мәдени ерекшеліктерден және дәстүрлерден тарайды. Мәселен, білім деңгейі мен балалардың мамандық таңдауы едәуір шамада отбасылық дәстүрлерге және олардың ата-аналарының білім деңгейіне байланысты болады.

7. Капиталдың өзге әр түрлі нысандарына жасалатын инвестициялармен салыстырғанда адам капиталына жұмсалатын инвестициялар жеке дара тұрғысынан да анағұрлым пайдалы [2].

Адам капиталы - бір мезгілде жеке де және қоғамдық та капитал. Ол жеке адамның мәртебесіне де, сондай ақ бүкіл қоғамның даму деңгейіне де айқындаушы ықпал жасайды. Адам капиталы теориясы пайда болғанға дейін білімді экономикалық тұрғыда тек жұмыс күшін құрау, кадрларды даярлау мен біліктіліктерін көтеру ретінде ғана қарап келді. Адам капиталы теориясы тұңғыш рет білім-білімнің жалпы экономикалық қайтарымы туралы мәселені қойды.

Отандық экономика ғылымында адам капиталы теориясы бойынша зерттеулер енді қолға алынып келеді, олар көбіне фрагментарлы түрде кездеседі. Отандық экономистерден академик Я.Ә.Әубәкіровтың, К.Н.Нәрібаевтың, С.К.Жұмамбаевтың көзқарастарына тоқталған жөн.

Академик Я.Ә.Әубәкіров адам капиталын әртүрлі ғалымдардың барлық жетістіктерін, білімді, дағдыны, жинақталған тәжірбиені және олардың әлеуметтік экономикалық прогресте қолданылуын біріктіретін кең масштабты ұғым ретінде түсінеді. Оның пікірінше, адам капиталы білім беру және ғылым салаларына, денсаулық сақтауға, білікті мамандарды ұдайы өндіруе мақсатты бағытталған инвестициялар нәтижесінде қалыптасады және ұлғаяды. Академик Я.Ә.Әубәкіров адам капиталын қоғамдық еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ететін шешуші күш ретінде қарастырады.

Келесі авторлар ұжымы адам капиталын «индивидтердің өзінің оқуына, білім алуына және басқа да өнімділікті арттыратын іс-әрекет түрлеріне уақытты инвестициялау арқылы қалыптасатын іскерлік пен дағдылар» ретінде анықтайды.

С.К.Жұмамбаевтың пікірінше, «білім, дағды, іскерлік және жинақталған тәжірбие адам капиталын құрайды» және «жалдамалы жұмысшы кәсіпкерлік іс-әрекетке өзінің адамдық капиталын қосады [2].

Отандық экономист - ғалымдардың көзқарастарын талдай келе, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

Біріншіден, білім, іскерлік, дағды арнайы іс-әрекет түрлері арқылы қалыптасады;

Екіншіден, ол қабілеттердің қалыптасуы белгілі бір қаржыны қажет етеді;

Үшіншіден, ол қаржылар инвестициялық сипатта;

Төртіншіден, білім, іскерлік, дағды және еңбек өнімділігі арасында тәуелділік орын алады;

Бесіншіден, уақыт факторын қалыптастыру арқылы адам капиталының қалыптасуында «балама шығындар» немесе «жоғалған жалақы» шығындары орын алады.

Міне жоғарыда берілген шетелдік және отандық экономистердің көзқарастарында адам капиталына әртүрлі түсіндірмелер беріледі. Әйтсе де, осы анықтаған ортақ ұқсастықты байқадық. Ол ұқсастық адам капиталының жүре қалыптасатын қабілеттер ретінде анықталуы. Нақ осы негізде, біз, адам капиталы категориясының экономикалық мазмұнын ашуға талпынамыз.

Кез-келген экономикалық категория-экономикалық көзқарастар жүйесіндегі белгілі бір талаптардың логикалық көрінісі, жеткізілуі. Демек, адам капиталы экономикалық категория ретінде біздің ойымызша іскерлікті, дағдыны, т.б. қабілеттерді қалыптастыру, өндіру, тұтыну, жалғастыру үрдісінде қалыптасатын экономикалық қатынастарды көрсетеді.

Ойымызды тұжырымдай келе, біз, адам капиталын инвестиция нәтижесінде қалыптасатын және қорланатын, қоғамдық өндірістің кез келген сферасында немесе азаматтық өмірде мақсатты пайдаланатын, адамның болашақ қанағаттарының және өспелі табыстарының көзі, сондай-ақ, қоғамдық өндірістің және экономикалық өсудің басты факторы болып табылатын белгілі бір білім, дағды, іскерлік, денсаулық және мотивациялар қоры ретінде түсінеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Асқаров А. Адами капитал – жаңғыру негізі. <https://aikyn.kz/2018/01/12/38791.html>
2. Адам капиталы теориясының қалыптасу ерекшеліктері және даму тарихы <http://malimeter.kz/adam-kapitaly-teoriyasynyn-kalyptasu-erekshelikteri-zhane-damu-tarixy/>

Қуанышбек Қ., 2 курс курсанты

Ғылыми жетекші – аға оқытушы, полиция капитаны Алпеисов Б.Б.

ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академия, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ: ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Еуразиялық экономикалық одақ - ХХІ ғасырдың жаңа геэкономикалық ақиқаты».

Н. Назарбаев

Алғаш тұжырымдама ретінде Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев тарапынан 1994 жылы Мәскеу Мемлекеттік Университетінде тұңғыш таныстырылған болатын.

Еуропалық Одақ интеграциясына сүйенген идея Ресейдің сол кездегі премьер-министрі Владимир Путин тарапынан 2011 жылдың қазан айында көпшіліктің назарына ұсынылды.

Еуразиялық Экономикалық Комиссия және 2012 жылдың 1 қаңтарынан Еуразиялық Экономикалық Кеңістік жұмыс істей бастады. Еуразиялық экономикалық одақ Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекет басшылары арасында 2014 жылдың 29 мамырында қол қойылған келісім негізінде құрылатын экономикалық одақ. Мүше елдердің парламенттері бекітуімен, Одақ 2015 жылдың 1 қаңтарынан Кеден одағы кеңістігінде жұмыс істей бастайды.

Еуразиялық Экономикалық Одақ мүшелері үшін макроэкономикалық әсерлері:

- Қажетті шикізатты тасымалдауға кететін қаржының азаюы тауарлар құнының төмендеуі алып келеді;
- Бәсекелестіктің артуы тауарлар мен қызметтердің сапасын арттырады;
- Үлкен халқы бар нарықтың құрылуына мүмкіндік береді.

Экономикалық тұрғыда Еуразиялық экономикалық одақ Еуроодақтың, Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азияның ырғақты экономикаларын байланыстыратын көпір болмақ. Бүгінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі жобасы жүзеге асырылуда. Уақыт өте келе осы маршрут бойына Еуропа және Қытай рыноктарына тауарлар жеткізу мерзімін 3,5 еседен астамға қысқартуды қамтамасыз ететін заманауи көліктік-логистикалық жүйе түзілетін болады. Трансеуразиялық жүрдек темір жол желісін құрудың болашағы да зор.

Еуропалық Одақ интеграциясына сүйенген идея Ресейдің сол кездегі премьер-министрі Владимир Путин тарапынан 2011 жылдың қазан айында көпшіліктің назарына ұсынылған, бірақ тұжырымдама ретінде Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев тарапынан 1994 жылы Мәскеу Мемлекеттік Университетінде тұңғыш таныстырылған болатын [1].

2011 жылдың 18 қарашасында Беларусь, Қазақстан, Ресей президенттері Еуразиялық Экономикалық Одақ 2015 жылға қарай құрылады деген келісімге қол қойған. Бұл келісім болашақ интеграцияның жол картасын қамти отырып, Еуразиялық Экономикалық Комиссияның және 2012 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істей бастаған Еуразиялық Экономикалық Кеңістік негізін қалады.

ЕАЭО саяси блок емес, тек экономикалық одақ ретінде құрылады деп жоспарланған. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың дамуының кейбір оң көрсеткіштеріне қарамастан, көптеген экономистер оны Еуроодақ сияқты экономикалық блокқа айналдырудың келешегіне күмәнданбайды. Я.Шишков тіпті посткеңестік кеңістіктегі экономикалық кеңістікте интеграциялық жобаларды виртуалды шындық деп атайды, бұл интеграция емес, ыдырау арқылы қарама-қарсы табиғаттың басым үрдісімен соқтығысады. Постсоветтік экономикалық интеграцияның моральдық сипатының негізгі дәлелі - сауда ағындарының статистикасы 1990 жылдарда ТМД елдерінің өзара тауар айналымы абсолютті түрде өсті, бірақ керісінше ол тұрақты түрде төмендеді (кестені қараңыз). Бұл посткеңестік кеңістіктегі елдердің экономикалық өзара тәуелділігінің төмендеуі және интеграциялық үдерістердің негіздерін бұзу дегенді білдіреді. Отандық өнімнің төмен бәсекеге қабілеттілігі бір мезгілде өзара сауданы қолдайтын және оны бұзатын фактор болып табылады: бұл тауарларды тек «жақын шетелге» экспорттауға болады, бірақ импорттаушылар «алыс шетелден» жоғары сапалы тауарларға қайта бағыттауға тырысады. Нарықтық экономикада соңғы сөз тұтынушы үшін сақталғандықтан, «жақын шетелден» дайын өнімге деген сұраныс азаяды. Ерекшеліктер - бұл әлемдік нарыққа қарағанда Ресейде арзан тауарлар (мұнай, газ, мыс, алюминий). Бірақ мұндай сауда «жақын шетелде» Ресейдің есебінен жасырын субсидиялауға әкеледі, бұл «жеке басын» айыптауға әкеледі.

Интеграцияны тежеудің тағы бір маңызды себебі - ТМД елдерінің ұлттық экономикалары арасындағы мықты айырмашылықтар. Біріншіден, Ресей өзінің экономикалық және саяси күштерінде бұрынғы кеңестік республикалардың бәрін біріктіреді, бұл белгілі бір теңсіздікті тудырады. Екіншіден, ТМД-ның әр түрлі елдерінің экономикалық даму деңгейі сандық және сапалық жағынан бірдей емес. Орталық Азия республикаларында жан басына шаққандағы ЖІӨ Ресейге қарағанда төмен: Қазақстанда - 25%, Қырғызстанда - 70%, Тәжікстанда - 90% -ға дейін). Белоруссияда жан басына шаққандағы орташа көрсеткіш Ресейге жақындады, алайда Белоруссия тіпті экономиканы денонизациялау тұрғысынан Орталық Азияның бір бөлігін артта қалдырды (1999 жылы Ресей жекеменшік секторы ЖІӨ-нің 70% -ын, Қазақстандағы 55% -ды, Тәжікстанда 30% -ды, Беларусьте -20%) [2].

мемлекеттік тіл туралы ережеден кейін, "Әзірбайжан Республикасы халық пайдаланатын басқа тілдерде еркін сөйлеуге және оның дамуын қамтамасыз етеді" делінген [5]. Тілдердің мәртебесін анықтағанда, конституциялық тәжірибеде бірнеше тілдерге мемлекеттік тіл мәртебесін беру жағдайлары кездеседі (Беларусь, Швейцария және т. б.).

Мемлекеттік тілмен қатар қолданылатын «ресми тіл», мемлекеттік органдармен пайдаланатын, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қарым-қатынастағы, ұйымдық-техникалық мағынада қызмет атқаратын тіл ретінде сипатталады. Бұл жағдайда ресми тілге ешқандай егеменділіктің символдық мағынасы берілмейді, ал конституциялық нормалармен бекітілуі мемлекеттегі басқару үрдісіндегі қажеттіліктен туындап отырады. Шын мәнінде, азаматтар мемлекеттік органға жүгінгенде, сол тілде жауап алу құқығына ие болу керек, себебі – ол азаматтың конституциялық құқықтарының қатарына жатады. Көптеген жағдайларда ресми тілдің қолдануы, мемлекеттік басқаруды жеңілдетеді және оңтайландырады. Бұл жағдайда мемлекеттің алдында туындайтын басты сұрақ, конституцияға сай қанша ресми тілдер болуы керек екенінде тұр, ал бұл сұрақтың жауабы кейбір мемлекеттерде халықтың этностық құрамына байланысты болып келеді.

Сонымен қатар, мемлекеттердің конституциялық тәжірибесінде, «мемлекеттік тіл» мен «ресми тіл» ретінде бір ғана тіл саналады. Ондай мемлекеттердің конституцияларында тілдің мәртебесі екі түрлі аспектіде бекітіледі. 1921 ж. Лихтенштейн Конституциясының 6-бабына сәйкес: "Неміс тілі – мемлекеттік тіл және ресми тіл" – делінген [6]. "Француз тілі ресми мемлекеттік тіл", - деп 1962 ж. Монако Конституциясының 8-бабында белгілейді [7]. 1978 ж. Испания Конституциясының 3-бабына сәйкес: "кастильский ресми мемлекеттік тілі", – делінген [8]. Конституциядағы аталмыш мазмұндағы норма тілге байланысты қоғамда даулардың туындауына шектеу болып келеді және мемлекеттік тілдің жоғарғы мәртебесі ешқашанда күмән тудыртпайды. Кейбір елдерде, басқа тілдер мемлекеттік ресми тілдермен бірге танылады. Мысалы, 1937 ж. Ирландия Конституциясының 8-бабына сәйкес, ирланд тілін мемлекеттік және бірінші ресми тіл ретінде белгілейді, ал ағылшын тілін екінші ресми тіл деп мойындайды [9].

1964 ж. Мальта Конституцияның 5-бабына сәйкес, ұлттық (яғни мемлекеттік, мұнда бұл термин БҰҰ-ның атауындағы мағынада пайдаланылады) тілі мальта тілі болып табылады [10].

Өзіміздің елімізге тоқтала кетсек, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданды. Осы Заңның 4-ші бабында: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі деп көрсетілген [11].

Қарым-қатынас тілін еркін таңдау - міне, біздің Конституциямыздың басты принциптері болып, біздің қоғамда тілдік қатынасты реттеу үшін бекітілген. Әркім өз қарым-қатынасын басқа субъектілерімен қай тілде сөйлескісі келеді, сол тілді таңдауына еркі бар. Ол туралы Конституцияның 19-бабының 2-тармағына сәйкес «әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылықтілін еркін таңдап алуға құқығы бар» деп бекіткен болатын [4].

Бұл принцип Конституциясының нормаларында табылады, Қазақстанда мемлекеттік тіл (қазақ тілі) және ресми қолданылу тілі (орыс тілі) белгілейді, біз еркін түрде қазақ тілін мемлекеттік тіл деп қабылдап, сонымен қатар тіл туралы заңның 5-ші бабына сәйкес: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» - деп айқындадық [11]. Алайда, орыс тілінің мәртебесі ресми түрде пайдаланылатындай, екінші мемлекеттік тіл ретінде немесе ресми тіл деп түсінуді білдірмейді, ол тек «ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» - делінген.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың жариялаған «Мәңгілік Ел» идеясы жүзеге асыру жолында белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтардың ішіндегі ең бастысы - қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту, қазақстандықтардың үш

тілде еркін сөйлеуіне жағдай жасау. Мемлекеттік тіл «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді. Мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің құдіреті қашанда үстем болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады. Тіл - ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Сонымен бірге, тіл - билік, үлкен саясат. Тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының басты негізі [12].

Мемлекеттік тіл – ұлттық сананың ең басты кілті. Сол себептен Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, яғни қазақ тілі – Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып, оның егемендігін рәміздейді, сонымен қатар халқының бірлігін білдіретін Республиканың Конституциялық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылады. «Мәңгілік Ел» идеяның арқауы ретінде жастарымыздың патриоттық, қонақжайлылық және меймандостық рухында тәрбиелеуде теңдесі жоқ халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары таңдалса, қазіргі біздің елде осы ұлттық идея салтанат құрып, біздің қазақ жастарының санасында жаңғырып, бүгінгі ұрпақ осы идея негізінде болашаққа көш бастаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Федеральный конституционный закон Австрии
<http://legalns.com/download/books/cons/austria.pdf>
2. Конституция Литовской Республики
http://www3.lrs.lt/home/Konstitucija/Konstitucija_RU.htm
3. Конституция Украины
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30391155#pos=46;-101
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы
http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
5. Конституция Азербайджанской Республики
<http://www.parliament.am/library/sahmanadrutyunner/adrbejan.pdf>
6. Конституция Княжества Лихтейнштейн
http://legalportal.am/download/constitutions/128_ru.pdf
7. Конституция Княжества Монако
http://www.concourt.am/armenian/legal_resources/world_constitutions/constit/monaco/monaco-r.htm
8. Испанская Конституция <http://vivovoco.astronet.ru/VV/LAW/SPAIN.HTM>
9. Конституция Ирландии <http://worldconstitutions.ru/?p=975>
10. Конституция Республики Мальты
<https://docs.google.com/viewerng/viewer?url=http://legalns.com/download/books/cons/malta.pdf>
11. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы.
12. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы философиялық талдауды қажет етеді - профессор Т. Бурбаев http://www.inform.kz/ru/mangilik-el-ulattyk-ideyasy-filosofiyalyk-taldaudy-kazhet-etedi-professor-t-burbaev_a2745138

Айтбаев Ә.Б., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші- п.ғ.м., аға оқытушы Бейсенбаева Б.А.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ –ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

Отансүйгіштік сезім туа біте пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан- 2030» Жолдауында «біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп нақты көрсеткен болатын.

Философиялық сөздікте «Патриотизм» сөзінің мағынасы Отанға сүйіспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгінгісі үшін мақтаныш, Отан мүдделерін қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім» - деп көрсетілген, ал лексикалық мағынасы: «Патриотизм - Отанға сүйіспеншілік, өз Отанына, өз халқына берілгендік».

Патриотизм ұғымы азаматтардың қоғамдық өмірдің саяси құрылымына және де басқа да компоненттеріне деген идеологиялық қарым-қатынасын білдіреді. Әрбір адам осы бір жоғары да ізгілікті сезімді әр түрлі түсінетіні белгілі: біреулер бұл ұғымды өз отбасы, істеп жүрген жұмысы, туып-өскен мекен ететін жерімен астастырса, ал екінші біреулер үшін бұл мемлекет, ел, қоғам, қоршаған ортаны тұтасымен қамтитын аса кең мағыналы ұғым ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауында: «Ұрпағымыздың кеудесінде намысы бар, білімді, туған елін, жерін сүйетін өнегелі ұрпақ етіп өсіргіміз келсе, бар назарды келешек ұрпақ тәрбиесіне аударуымыз қажет. Қазіргі білімнің болашағы мол факторларының бірі – патриоттық тәрбие мен қазақстандық отанжанды азаматтарды тәрбиелеу»- делінген.

Тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің республика халқына Жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, үкіметтің құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын көрсетілген. Атап айтсақ, А.Әлімұлының «Патриотизм мен бақ» деген мақаласында патриотизм ұғымын былай анықтаған болатын: «...патриотизм, ол аймақтық-азаматтық ұғым да, ұлтшылдық тектік (ген) – ел-жерлік түсінік», – деген.

С.Т.Иманбаеваның «Ұлттық патриотизмнің дамып қалыптасу кезеңдері» деген еңбегінде: «Ұлттық патриотизм дегеніміз –елі мен жері, халқының бостандығы және мемлекет ретінде жер бетінде сақталуы үшін, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу», – деп тұжырымдайды. С.Иманбаева оқушыларды Отансүйгіштік рухта тәрбиелеу керектігін айта отырып, былай деген: «Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Патриотизм, жалпы алғанда, ұлттық мәдениеттің, ал, жекелей алып қарағанда, саяси мәдениеттің элементі болып табылады.

«Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында патриотизм мазмұнына мыналарды жатқызады: адамның өзі туып-өскен жеріне сүйіспеншілік сезімі; ана тіліне құрметпен қарау;отан

мүдделеріне қамқорлық жасау; азаматтық сезімдердің көрініс беруі; отанға адалдықты сақтау; отанның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау; әлуеметтік және мәдени жетістіктерге деген мақтаныш; отанның өткеніне және одан қалған мұраларға, дәстүрлерге құрметпен қарау; өз еңбегін, күш-жігері мен қабілеттерін отанның гүлденуіне арнауға ұмтылу. Біз патриотизмге және идеялық-адамгершілік келбет құрылымдағы оның орнына сипаттама бергенде, біз әдебиеттердегі идеялық-адамгершілік қасиеттердің жіктелімін негізге аламыз. Бұл қасиеттер мынадай үш үлкен топқа бөлінеді:

1. Адамның өзіне, адамдарға, тұтас алғанда қоғамға, оның алуан түрлі әлуеметтік бірлестіктеріне (халыққа, тапқа, ұжымға) көзқарасын сипаттайтын қасиеттер.

2. Қызметтің алуан түрлеріне –білімге, еңбекке, ойынға адамның көзқарасын сипаттайтын қасиеттер (яғни еңбексүйгіштік, ұмтылушылық, жауапкершілік және т.б.).

3.Түрлі материалдық құндылықтарға – табиғатқа, оның заттарына, адам еңбегінің нәтижесі мен өнімдеріне адамның көзқарасын сипаттайтын қасиеттер.

Жеке адамның идеялық-адамгершілік қасиеттерін саралауда біз патриотизмді жоғарыда аталған үш топтың біріншісіне жататын, бірақ қызметтің сан түрінде, материалдық құндылықтарға қатысты алуан түрлі күрделі сапа ретінде де қарастырамыз.

Осы көзқарасқа сәйкес патриотизмді Отанға деген сүйіспеншілік сезімі ретінде ғана емес, сонымен қатар адам бойындағы Отан туралы белгілі бір білімдер, жеке адамның патриоттық мінез-құлқында көрінетін дамыған ерік-жігер ретінде де қарастыруға болады. Мұндай көзқарас педагогтардан патриотизмге тәрбиелеуде тек санаға ғана емес, сонымен бірге сезімге және ерік-жігерге ықпал етуді де талап етеді.

Психологтар В.Н.Мякишев, Б.Г.Ананьев адамгершілік қасиеттерді жеке адамның болмысқа тұрақты орныққан көзқарасы ретінде қарастырады. Осы ғалымдардың пікірін қолдай отырып, біз патриотизмді жеке адамның мінез-құлқында орын алған, түрлі жағдайларда тұрақты көрініс табатын, Отанға деген белгілі бір эмоциялық, оңды көзқарас ретінде қарастырамыз. Мұндай көзқарас патриоттық тәрбие үрдісінде Отанға деген оңды, айқын байқалатын эмоциялы көзқарастың жүйелі түрде көрінуін ұйымдастыру қажеттігінен туындайды.

С.Л.Рубинштейн мен Л.И.Божович жеке адамның адамгершілік қасиеттерін жеке адамның белгілі бір тұрақты мотивтерінің немесе ұмтылыстарының және бұл мотивтерді күнделікті істерде іске асыруға мүмкіндік беретін мінез-құлықтың белгілі бір әдістерінің синтезі ретінде қарастырады. Осы көзқарасқа сәйкес, патриотизм Отанға деген сүйіспеншілік, парыз бен жауапкершілікті ұғынып, сезіну, патриоттық мінез-құлық мотивтері және Отанға деген сүйіспеншілікті білдіруге мүмкіндік беретін белгілі бір мінез-құлық әдістері, өмір мен қызметте оның алдындағы борышты сезіну болып табылады.

Адамның идеялық-адамгершілік қасиеттерін түсінуге байланысты жоғарыда атап өткен көзқарастарға сүйене отырып, патриотизм жеке адамның басқа адамдарға, біздің жаңа қоғамымызға, оның материалдық және рухани байлықтарына, қызметтің алуан түрлеріне, Отан пайдасына жасалатын істерге қатынасының көрінісі болып табылады деуге болады. Ол Отан туралы, оның өткені мен қазіргісі туралы білімді де, оның алдындағы сүйіспеншілік және жауапкершілік сезімін де қамтиды. Бұл – Отанға деген тұрақты оңды көзқарасты көрсете отырып, пәрменді де белсенді болуға мүмкіндік беретін жеке адамның ерік-жігерін, оның шеберліктері мен дағдыларын дамыту.

Адамның тұлғалық идеялық-адамгершілік келбетінің құрылымын жоғарыдағыдай талдау патриотизмді жаңа қоғамға, қызметке, еңбекке, Отанды нығайту мен қорғауға белсенді көзқарастан көрінетін, өз халқына, тілге, ұлттық мәдениетке, табиғатқа терең сүйіспеншілікпен және шынайы берілгендікпен, басқа халықтарға және олардың жетістіктеріне құрметпен қараумен

ұштасып жататын адамның идеялық-адамгершілік келбетінің негізгі бөлігі ретінде қарауға мүмкіндік береді. Жеке адамның идеялық-адамгершілік келбетінің құрылымын талдау арқылы патриотизм онда аса маңызды орындардың бірін иеленеді деп қорытынды жасауға болады. Бұл қасиет жоғарыда айтылған идеялық-адамгершілік қасиеттерге тән барлық үш топты қамтиды және патриоттық тәрбиені өзіндеттері мен мазмұны бар өзгеше процестердің бірі ретінде ғана емес, сонымен бірге біртұтас және көп қырлы тәрбие процесінің шектеулі талаптарының бірі ретінде алып қарауға мүмкіндік береді. Осы біртұтас процесті ұйымдастырудың өзі патриоттық тәрбиенің тиімділігін де көп жағдайда айқындап береді. Сонымен бірге оның тиімділігі көп жағдайда тікелей патриоттық тәрбиенің міндеттері мен мазмұнын дұрыс анықтауға, оны дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Тәрбиенің жетекші рөлі жағдайында функционалдық және кешенді көзқарастардың диалектикалық бірлігі көріністерінің бірін біз осыдан көреміз.

Патриотизм ұғымы әр жылдардағы саясат пен идеологияға байланысты жаңа мазмұнмен толықтырылып, жетіліп отырды. Егемендік пен тәуелсіздікке ие болу жағдайында Қазақстан қоғамында идеялар мен рухани құндылықтар жүйесі ретінде жаңа идеологияны әзірлеу процесі жүріп жатыр. Бұл процесс бірқатар кедергілерге байланысты күрделі киыншылықпен, түрлі шектен шығушылықтарды жеңе отырып, кең пікірталас арқылы өтуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев егеменді және тәуелсіз Қазақстан үшін жаңа идеологияның қажеттігін тұңғыш негіздеп, осы идеологияның негізгі жолдарын бөліп көрсетті: «Мемлекеттік идеология деген сөздің ауқымы алдеқайда кең, мазмұны терең. Бұл идеологияның бас ты мұраты – тәуелсіздігімізді баянды ету, мына шырғалаңы мол дағдарыс кезеңінен елді аман-есен алып өту, осыған дейінгі ғасырлар бойы жасалып келген рухани байлықтарымыздың қайнарларын бұзбай, оны өрісі кең әлемдік өркениетке ұластыру болса, аса маңызды идеологиялық міндет – қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру».

Бүгінгі күні тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған егеменді елімізде дамыту мен қорғау міндеттерінің тереңдей және күрделене түсуіне байланысты патриоттық тәрбие мәселелеріне басты назар аударудың қажеттілігі артып отыр. Қазақ елі жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы рухани сілкініс туғызған қайта түлеу процесі, сол патриотизмнің даму барысын өзгертуге, сөйтіп, шынайы ұлттық патриоттық тәрбие қағидаларын (ұстанымдарын) қайта қарауға ықпал етті.

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорыта өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда. Егеменді елдің қуатты өндірістік күштері және өндірістік қатынастарын дамыту, тәрбие жұмысының материалдық-техникалық базасын, патриоттық тәрбиенің экономикалық негізін құрайды. Қазіргі заманда біздің халқымыздың патриотизмі экономиканы қайта құруда, қоғамды рухани жаңартып демократияландыруда, плюрализм пікірін бекітуде және әлеуметтік орта мен идеологиядағы сол бір тоқырау кезеңдерінің әсерінен туған жікшілдік пен бұрмалаушылықты жоюдағы күреске бар күшті ынталандыру болып табылады.

Қорыта айтқанда, мұның бәрі келешек жас ұрпақты патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының білім беру жаңа бағдарламасында, қоғамның, бүгінгі күнгі талабы алдағы уақытта да әрбір адамды Отанын сүйуге, туган жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет етеді. Тұтастай алғанда, үкіметтің ұлттық патриотизм туралы идеологиясы, дүниежүзілік және қазақ

классиктерінің патриотизм, ұлттық патриотизм туралы идеялары патриоттық тәрбиенің әдіснамалық негізі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» Жолдауы.- Астана, 2014ж
2. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан- 2030» Жолдауы.- Алматы, 1997ж
3. Иманбетов А.Н.Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру: Автореф. дис. канд. пед. наук. – Караганды, 2007. – 20 с.
4. Балацкая, С. В. Что такое патриотическое воспитание? //Дошкольное образование в Казахстане. - 2013. - №6. –С.3-5
5. Ермухамбетова, А. С. Патриот ли ты своей страны? // Внеклассная работа в школе. - 2014. - №1. - С. 22-25.

Аубакирова Н.К., 1 курс студенті
Ғылыми жетекші - Жумабеков Б.К.,
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің
Экономика, бизнес және құқық колледж оқытушысы
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

«Халық өмірі оның келесі ұрпағымен жалғасып отырады. Сондықтан Халықтың Мәңгілігі туралы арманнан асқақ арман жоқ. Мәңгілік Ел - бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенімді арттыратын идея, бұл - кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы.» - Н.Ә.Назарбаев

Бүгінгі таңдағы мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі Қазақстан Республикасының азаматтарының патриоттық рухын көтеру болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауында: «Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел!»

Ол – барша Қазақстан қоғамының ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау» - деп айтқан еді. Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық – мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым – қатынасты білдіреді. Ерлік дегеніміз – табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар – намысын және адамзаттың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін, осындай адамгершілік теңдікті өзіңмен сайысқа түсе отырып тұтас ұжым өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға – жанмен, қанға – қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарды қауіпсіздік етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп – қатерге бас тігу. Патриотизм феноменін үшке бөліп қарастырған жөн дейді отандық ғалымдар. Ол: мемлекеттік, ұлттық және жеке түрлер. Оның біріншісі бүгінгі таңда аса маңызды саналып отырған – жаңа қазақстандық патриотизм. Бұл елімізде мекен етіп жатқан жүз отызға жуық ұлт пен ұлыстардың елге деген сүйіспеншілігі тұрғысында қарастырылады. Яғни, барлық қазақстандықтар жаңа патриотизмге ден қоюы басты межеге, күн тәртібіндегі мәселеге айналып отыр. Жалпы, кез келген дам патриоттықты

бесіктегі шақтан бастап бойға сіңіре бастайды. Бұл жерде отбасылық тәрбиенің де, балабақша мен мектеп, жоғары оқу орындары мен ондағы білім беруші ұстаздардың да үлесі зор. Сондай – ақ, жұмыс істеу барысында қоғамдық ұйымдардың немесе басқа да орталықтардың ықпалы болары сөзсіз. Патриоттық құндылық дегеніміздің өзі – елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, ділін, салт – дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым – қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейірімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту. Ал қазақстандық патриотизм – қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекетінің әлемдік биіктен көрінуі үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсауы. Қазақстандық патриотизм – бүкіл қазақстандықтарды жасампаз еңбекке шақыру, береке – бірлікті, баянды ынтымақты орнықтыру. Отансүйгіштік рух – тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Төл тарихы, мәдениеті мен өнері, экономикалық қуаты жоқ ел басқаларға да қызықсыз. Ал оларды кең таныту үшін алдымен өз қадір-қасиетінді өзін жақсы білуін, мақтаныш ете алуын керек. Батырлық – жеке адамға тән патриоттық қасиет. Батырлардың ерлігі қазақ ауыз әдебиетінде ежелден жырланып келеді.

Қазақстандық патриотизмнің негізі – ұлттық салт дәстүр, ертегі, аңыздар мен батырлар жыры, сондай-ақ, қып-қызыл қан майданда қарсыласына төтеп берген батырлардың ерлік істері. Өр Алтайдан Атырауға дейін тыныштық орнатқан қазақ елінің талай күрделі тарихи кезендерді басынан кешкені баршамызға белгілі. Темірдей төзімді, рухы биік халық жоңғарлардың қалың қолының шабуылына төтеп бергені баршаға мәлім. Қалың елмен бірігіп, бір жеңнен қол шығара білген қазақ батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбайлар азулы жауды Аңырақайда аңыратып жеңсе, Райымбек сияқты киелі батырлар кейін шапқан кесапат жауды қасиетті қазақ жерінен біржола қуып тастаған. Қазақ жерін отарлап, бірте-бірте өз мақсатын орындап келе жатқан орыс отаршылығы мен қарны жуан билерге қарсы шыға білген нағыз ерлік көрсеткен «Тебінгіні теріс тағынып, темір қазық жастанған» да өр рухты, қайратты қазақ батырлары.

Адамзат тарихында болмаған сұм соғыста бірлік, достық жолында жан қиып ерекше көзге түсе білген де қазақтар. Фашизммен бүкіл адамзаттық азаттықты қорғап, рейхстагқа ту тіккен қазақ ұлы Рақымжан Қошқарбаев. Күркіреген соғыстың зұлмат күндерінде етегімен су кешкен хас батырлардың Отан үшін кеудесін оққа тосып, жан қиғаны бүгін бізге үлгі. Кеңес одағының екі мәрте батыры атанған Талғат Бигелдинов пен Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, шығыстың қос шынары Әлия Молдағұлов мен Мәншүк Мәметова сынды аға-апаларымыздың есімдері көңілге мақтаныш ұялатып, бойымыздағы ұлттық рухты оятады. Батырлардың батыры, ерліктің символы – Бауыржан Момышұлының ерен ерлігі мен соғыстан кейінгі жылдардағы жазған шығармалары мен нақыл сөздері келешек ұрпақ үшін өлмес мұра. Батыр бабамыз: «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік. Жеке адамның аман-саулығын, қоғамдық, мемлекеттік тәуелді екенінді сезіну, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау; қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді», – деп отаншылдықтың өзі Отанға деген сезімнен шығатынын, ал сол отанды нығайту еліміздегі әр адамға жеке тұлға деп қарап, оның ерік көзқарасын қалыптастыратынын, мемлекетке деген ұғымын ұлғайтатынын айтады. Ал, осының барлығы мемлекеттік қауіпсіздікпен тікелей байланысты екенін шет қалдырмай отыр. Дана халқымыз қашан да ұлағатты ойды бойына сіңіріп, сөз құдіретін түсіне білген.

Біз кеше қандай ел едік? Тілі мен діні жоғалуға шақ қалған ел емес пе едік. Қазақ деген атымызды жоғалтуға аз-ақ қалғанымыз жоқ па? Ал, бүгін қандай еліміз? Бүгінде біз

жолбарыстай айбатты, қырандай ұшқыр, тәуелсіздігімізбен бірге өсіп келе жатқан бақытты елміз. Бақыттың кіндігі – Отан. «Отан» деп лүпіл қаққан жүрек болса, «Отан» деп ағындаған тілек болса, «Отан» деп сыбанбаған білек болса, «Отан» деп ел үшін егілген, халық үшін қайысқан лек болса, көк байрағымыз көгімізде мәңгілік желбірей береді деп ойлаймын.

Елім, жерім деп еміренген өршіл ақын Мағжан Жұмабаев:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін!,– деп болашақ жастарға, яғни бізге үлкен сенім артпап па еді?! Ендеше, сол еркін елдің жас қырандары ХХ ғасырдың басында зиялыларымыздың таңдаған білім мен білік жолын басшылыққа алып, талай тепірішке тозбаған ұлтымыздың асыл мұрасын, салт-дәстүрін, биік рухын қадірлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге парыздармыз.

Қазақстан Республикасы халықтары арасында бір-бірімен араздықты болдырмау, лаңкестік пен терроризмнен сақтану үшін елін, Отанын жанындай сүйген жүрегі жалындаған, батыл ұрпақ қажет. Бәсекеге қабілетті, жан-жақты да патриот ұл мен қыз тәрбиелеу мемлекет басшылар мен ұлт қайраткерлерінің, халық зиялыларының, ел тұлғаларының азаматтық парызы болмақ. Осы ретте, туған өлкеміздің шекарасын берік қорғап, мемлекетіміздің шаңырағын шайқалтпау осында тұрып, өмір сүріп отырған әрбіріміздің борышымыз болуға тиіс.

Біз, Қазақстан жастары, дамыған отыз мемлекеттің қатарына енуге барлық білім парасатымыз бен дарынымызды бағыттап, аямай тер төгуіміз керек. Себебі, еліміздің болашағы – жастардың қолында. Сондықтан, еліміз үшін аянбай еңбек етіп, егеменді еліміздің патриоты бола білейік, жастар!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. "Қазақстан-2030" даму стратегиясы.

3. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.

Акежанова Д., 1 курс студенті

Ғылыми жетешісі - аға оқытушы ф.ғ., магистрі Кельмағанбетова Ш.С.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛ КӨРКЕМДІГІ

Мағжан ақынның табиғаты өте күрделі, жұмбақ, сырға толы. Оның сыры неде, талайды аузына қаратып тамсандырған ақын феноменін қалай түсінуге болады? Дарын табиғатының көрінісі бұлақтай мөлдір поэзиясынан көрінеді. Мағжан ақын қазақ поэзиясында кездесе бермейтін өрнек тауып, рухы мықты жалынды жырлар мен үлбіреген нәзік әуез әкелді.

Мағжан нені айтса да, бейнелеп айтады. Ол үшін даланың тауы да, суы да, желі де ғажайып. Ақын өлеңдерінде адам мен табиғат астасып жатады. Қай шығармасында да Мағжан осы екі ұғымды бірлікте алып жырлайды. Бір өлеңінде анасына, жарына, жалпы адамға деген махаббатын туған жерге катысты сезімімен ұштастырып жатса, енді бір жырларында сол табиғаттың асыл жемісі – адамды бәрінен жоғары қояды. Бұған дәлел – «Сен сұлу» өлеңі.

Өлеңде сұлулықтың көркіне көз тоймай, айналасына таңырқай көз салған ақынның бейнесі бар. Ол айрықша тебіреніс үстінде. Оның көңіліне қуаныш, мақтаныш сезімін ұялататын кең даланы гүлге ораған көктемнің арайлы күні, күміс табақтай көкте жүзген сұлу ай, жібектей есіп, жанды жадыратар жел, асқар тау, көлде жүзген аққулар, көк аспанда нұрын шашып тұрған күн. Ақын осы көріністің тамаша картинасын жасайды. Табиғаттың әр құбылысынан, туған жердің әр тынысынан сұлулықтың тамаша белгілерін көреді. Ақын туындыларының басты ерекшелігі – уақыт сынына төтеп берерлік тіл құнарлығы мен ой тереңдігі, сөз қолдану шеберлігі мен көркемдігі.

Мағжан Абайдан кейінгі қазақ әдеби тілін дамытушы, көріктендіруші суреткер. Сәбит Мұқанов: «Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейінгі тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ», - деп, ұлы ақынның даралығын ерекше атап кеткен болатын.

Ақын поэзиясында эпитеттер символдық бейнелермен қоса өріліп, тілдің стильдік ерекшелігімен, контекстегі эстетикалық мағыналық қырларымен дараланады. Мағжанның әсерлі эпитеттерді «тауып» қолданғанының нәтижесінде әдеби тілімізге асыл қазына болып қосылған жаңа тіркестер пайда болды. Мысалы: «Сұлу сағым, мәңгі мұнар, сұм боран, сорлы бұлт, жүйрік жүрек, жібек түн, алтын сәуле, жалқау жел, күміс көбік, ерке бұлақ, тәтті улы бал» деген эпитетті тіркестер ақын поэзиясында өзгеше қырымен танылады.

«Алтын» сөзі қазақ поэзиясында көп қолданылатын дәстүрлі эпитеттердің бірі болғандықтан, мағынасы барынша терең, бояуы қанық болып келеді. Келтірілген бейнелі тіркес «алтын күннің» сары түсін ғана емес, сұлулығын, көз тартар әсемдігін де білдіреді.

Мағжан «алтын» эпитетін өлеңдерінде «күнмен» мейлінше жиі тіркестірген.

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым, жүйрік желді сағындым.
немесе,

Міне, алтын таң атты,
Күншығыстан ағарып,- деп жырлаған.

Халықтың бас бостандығын, бақытты тұрмысын, тәуелсіздігін аңсаудан туындаған эпитеттер – ақынның рухани әлемінен туындаған тілдік бейнелеулер. Күн мен Айды, Отты жақсылықтың белгісі ретінде алып, түрліше мағына беріп, жаңа ұғым қалыптастырады. «Айды» сұлулықтың, тіршіліктің, арман мен үміттің символы ретінде сан құбылтып қолданады.

Тұрсың сен, мейірімді Ай, нұрың шашып,
Бұғып жүр қараңғылық бетін басып
Қайғылы Ай көкте тұрсың нұрың шашып
Қайғылы, жер жүзіне нұрың шашып...

Айдан мұң мен шер, қайғыны көргендей болады да, өзінің ішкі сырын ақтаратын сырласы етеді.

«Жүрек» сөзі адам сезімінің, көңіл-күйінің сан алуан қатпарына байланысты қолданылғандықтан, оған берілген «ессіз, жынды, сұм, нәзік, отты, жас, сорлы, сезгіш» деген сияқты эпитеттер ешқандай жасандылығы жоқ шынайы, санаға сіңімді, көңілге қонымды. Жүрек қылын шертетін Мағжанның асқан ақындық шеберлігін, сырлы да, сезімді суреткер екендігін көрсететін осындай образды жолдарды көптеп кездестіреміз.

Табиғат көрінісін адам әрекетімен астастыра бейнелеу Мағжан Жұмабаевтың өзіндік бір ерекшелігі деп танымыз. Автор табиғат сұлулығын, оның тылсым күшін кейіпкердің көңіл-күйімен алмастырып, адамның ішкі әлемін, сезім иірімдерін ашуға пайдаланады. Ақынның балалық шағы мен құрбы-құрдастарымен көңіл сырын бөліскен жері – Сасықкөл. Мағжан үшін ол жұмақпен бірдей. Одан көркем, одан сұлу жер жоқ. Сондықтан болар ақын көл суретін ерекше шабытпен суреттейді.

Ақынның нәзік жүрегі, қымбат сезімі туған өлкенің тағдырымен бірігіп, біте қайнасып кеткен "Табиғатты Мағжаннан көп, онан артық суреттеген қазақ ақыны кем де кем шығар", – деп жазды Ж.Аймауытов. "Табиғат қойнында туып, табиғат анасының бауырында өскен жігіт табиғатты дәріптеген соң, оның қойнындағы елді, жұртты айтпай тұрсын ба?".

Мағжан қаламы арқылы келген жаңалықтар жеке ақын тұлғасына тиесілі. Расында, Мағжан қолданысындағы табиғат кейде таңдай қақтырып, бойынды ерітіп, жүрегінді лүпілдетіп неше түрлі күйге бөлейтін сурет болып көз алдына орнай қалады, кейде сол табиғат безбүйрек, қатал, ызғарлы. Яғни, лирикалық қаһарманның көңіл-күйіне қарай табиғат та жүз құбылып, мың құлпырып отырады. Ақынның салған пейзаждары құбылмалы, қимыл-қозғалысқа толы.

Ақын тау туралы толғансын, не дархан даланың кеңдігін жырласын, бірінші кезекте өзінің дүние түсінігі, ішкі жан-күйі тұрады, сонымен әлемді бірге толғандырып тебіренеді.

Мағжан сезімнің, сұлулықтың, інкәрліктің жыршысы ретінде әсем де, әсерлі, маржандай тізілген эпитеттерді құлпырта қолданады. Меруерт көбік, күміс кәусар су, алтын бу, меруерт қар, тарғыл тастар, бұйра қою қарағай, ерке жаз, ерке бұлақ, қасиетті сәуле, сары сайран дала т.б. тіркестерді махаббат, туған жер тақырыптарында молынан келтіреді.

Қазақ поэзиясында лирикалық сыршылдықтың шыңына лайық, поэмаларында суреткерлік пен ойшылдығы қат-қабат келіп жататын өлең өлкесінде өшпес мұра қалдырған ұлы ақын – Мағжан Жұмабаев. Ақын 1893 жылы Қызылжар уезінің Сарыайғыр болысында дүниеге келген. Үлкен атасы Қажы атанған Жұмабай болса, өз әкесі Бекен де елге беделді, ауқатты, болыс болып ел тізгінін ұстаған жан.

Мағжан – өз жерін де, өз тегін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ақтауға ұмтылған, асыл маржанға теңелген сұлу лирикалық жырларымен оқырманын еліткен халқының дара перзенті. Мағжан поэзиясының тіл кестесі, лирикасындағы нәзік сезім мен терең ой тоғысы ерекше ілтипатқа бөленген ақын. Мағжан поэзиясы – одан рухани азық алып, жандүниеңді байытып, өмір құбылыстарына деген көзқарасыңды кеңейтіп, қоршаған ортаның қыр-сырын түсінуге көмектесетін көркем дүние. Мағжан – сыршыл да өршіл маржан жырларының құдіреті арқылы өзінің бүкіл болмысы мен поэзиясының ерекшелігін танытып кеткен ұлы ақын. Құбылмалы өмір күйінен өз әуезін таба білген ақын қашанда тек ұлтының керегін іздеп, мұңы мен зарын жоқтауға, қуанышын көркейтуге, жаманын жасырмай, жақсысын асырмай жырлауға берік бекінген. «Мақсаты тіл ұстартып, өнер шашпақ» болған ұлы ұстазы Абайша бар мақсаты ұлтының азаттық пен бостандыққа қол жеткізуі болған. Мағжанның алғаш жарық көрген өлеңінің өзінен-ақ ақынның кейінгі ұлы мақсаттары көзге шалынды. Тұтасымен алғанда Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа дүние. Ақын өлеңдерін оқи отырып, оның түйсіну, қабылдау қабілетінің айрықша мол, әрқилы екенін аңғарасың, терең эстетикалық талғамды сезінесің. Біз Мағжанды сыршыл ақын дегенімізде, көбіне оның махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған өлеңдері төңірегінде ой қозғап келеміз. Бірақ азамат ақын бұл тақырыптағы өлеңдерінде де азаматтық жүкті алға қояды. Біршама өлеңдерінде ол махаббат, сезіміне тән азығы емес, жан азығы ретінде қарайды. Ұлы күрестер жолында бойға қуат күш берер рухани азық деп біледі. Ұлы сезімнен жаны гүлденген ақын ұлты үшін күреске нық сеніммен қадам жасайды.

Мағжан поэзиясының тақырыбы әр алуан. Өзі өмір сүрген жаңа ғасыр басында Мағжан бармаған, ол жырламаған тақырып жоқ деуге болады. Ақындық өнерге енді ғана мойын бұра бастаған тұста, Мағжанның жан-дүниесін кеңейтіп, іздегені алдынан шамшырақ болып жанған бір құбылысты айтпай кету мүмкін емес. 1909 жылы қазақ оқырмандарына қазақ поэзиясының бүкіл болмыс-бітімінің бүтіндігін танытқан үш кітап арналды. Олар Абайдың «Өлеңдер жинағы», Ахметтің «Қырық мысалы», Міржақыптың «Оян қазағы» еді. Міне, осынау кітаптар ұлтын сүйген ұланның, өнерді құдірет түсінген ақынның айтар ойын, барар бағытын айқындап берді. Алдындағы толқынның асыл ойдан

өрілген шығармаларына еліктей отырып, өзіндік жолын іздестіруге ұмтылды. Елінің тағдырына ортақтаса білген ақынның «Ләззат қайда», «Жазғы таң», «Зарлы сұлу», «Балалық шак», «Қазағым» және т.б. жырларынан тұнба тұнық ойларды аңғарамыз. «Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «Анама», «3-ға» сияқты өлеңдері Мағжанның түрмеде жазған шығармалары. Ақын бұл өлеңдерінде темір торға қамалған жан арпалысын суреттей отырып, тілегені өлім емес ерлік екендігін дәлелдейді.

Мағжан поэзиясының сыршылдығына тән құбылысты біз оның сүйікті әйел, ыстық махаббатты жырлаған отты өлеңдерінен нақтырақ табамыз. Бұл тақырыпқа арналған өлеңдерін әйел, оған деген адал сезімді ардақ тұту, өз тұсындағы әйел затының тағдырына араша түсіп, зарына үн қосып, жырымен жұбату деп бөлуге болады. Мағжанның қазақ әйелінің теңсіздік тұрмысын көрсетіп, қасіретін жырлаған өлеңдері қатарына: «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Тілегім» өлеңдерін жатқызуға болады.

XX ғасырдың басында әдебиет әлемінде қатар қанат қаққан ақындардан Мағжан Жұмабаевтың басты ерекшелігі өлең өрімінің өзгеше сұлулығы мен саздылығының ерекше үйлесім табуында. Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы – Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанмен өзінше жол табудан әсте жалықпай, көп ізденген жан.

Мағжан – қазақ өлеңіне Абайдан кейін дүбірлі өзгеріс әкелген ірі реформатор ақын. Омыртқасы майыспай ол жүкті Мағжан көтерді. Қара өлеңнің бала күші бесік болып тербеткен Мағжан жазба әдебиетінің қатаң көркемдік принципіне тәрбиеленген Абаймен үлкен эстетикалық мұрат үстінде қауышты. Ендеше, Мағжан ренессансының берік тағаны – Абай. Олар бір – бірімен тым жақын, жалғас жатыр. Алайда, Мағжан өзін - өзі ашудың кілтін іздеуден танбады. Қазақ лирикасы әлемдік дәрежеге көтерген Абайды орап өтудің мүмкін еместігін білгіш Мағжан тіпті де түсінді ғой. Сондықтанда Абайсыз Мағжанға ақын болудың өзі екі талай еді. «Өлсем орным қара жер» қаршадай Мағжанның сүйегіне сіңіп кеткен сөйте-сөйте біртіндеп Абай аманаты түгелімен Мағжан мойнына артылды. Осы бір қылта-қиылысты жіті аңғарған М.Әуезов Мағжан болашағына үлкен үміт артты. Енді әлем алдында Мағжан – дарияның шалқитынына еш күмәні болған жоқ. Туған әдебиетін қылаусыз сүйген данышпанның бұл болжауы толық ақиқатқа шықты.

Әлемдік поэзияның сырлы бояуын барынша қабылдап, оны дамыта түскен ірі дарын иесі Мағжан Жұмабаев өзіндік қолтаңбасымен қазақ поэзиясының алтын қорынан өз орнын алды. Рухани асыл қазынаға өлшеусіз мол поэзиялық өрнек әкелген Мағжан қазақ әдебиетін жаңа сапаға көтеріп, қазақ әдеби тілін жұмсақ та, нәзік, көркем етіп қалыптастыруға мол үлес қосты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану сөз өнерінің сырлары. Алматы, «Мектеп», 2003
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы, «Қазақ университеті», 2002.
3. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы, «Білім», 1998.
4. Литературно-энциклопедический словарь. – Москва, 1983.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, «Санат». 2002
6. Тілешов Е. Суреткер және көркемдік әдіс. Алматы, 2005
7. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Қазақ әдебиеті. 27 қаңтар, 1989.
8. Кәкішев Т. Мағжан – Сәкен. А., 1998.

Әпақай А. Ж., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші – қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Абдурахитова Н. Е.
Қарағанды индустриалды-технологиялық колледжі. Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

ТУҒАН ЖЕРІМ-ТУҒЫРЫМ

О, Кең далам!
Көз жетпестей керілген...
Мен ұлыңмын саған шексіз берілген
Қалай ғана сүйерімді айтпақ боп,
Қай теңеуге қияр дейсің сені мен.
К.Салықов

Осы ұлы планетамызда әлем халықтары арасында, өзінің бүкіл болымысымен, тарихымен, тілімен, мәдениетімен, әсем күйімен, тағы да басқа сан түрлі қасиеттерімен, ешбір қайталанбас қазақ халқы бар. Қазақ халқының бір ғана шаңырағы, бір ғана ұлы мекені, бір ғана Отаны бар. Ол- Қазақ Елі, Қазақ Даласы, Қазақ Жері, барша қазақ халқының кіндік қаны тамған жері -Қазақстан!!!

Отанын сүю, Отаншылық, Патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне, тарихына деген сүйіспеншілік сезімі болып табылады. Сонау көшпелі қазақ өркениеті кездерінде Отаншылдық ең қасиетті міндеттердің бірі болып саналған. Ежелгі түркі қағандығы кезінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткішінде ел билеушілерінің Отаншылдық үлгісі көрініс тапқан. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Бұқар жыраулар және XX ғасырдың басындағы А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, т.б. ұлт зиялылары мен қайраткерлері Отаншылдықты сөзбен ғана емес, іспен де көрсете білген. Әйтеке би “Өмірім халықтікі, өлімім ғана өзімдікі” деп халыққа қызмет етудің, Отаншылдықтың айнасы бола білген. Сонау Тәуке хан заманынан қазақ қоғамында Отаншылдықты байлықтан да жоғары бағаланған.

Қазіргі кезеңде Қазақстан өмірінде “қазақстандық патриотизмді” қалыптастыру және оны азаматтардың ой-санасына сіңіру мәселесін елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Мәңгілік ел» стратегиясында мемлекеттік дәрежеге көтерді.

Елбасы жолдауында «Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!» делінген.

Қазақстандық патриотизм – ел азаматтарының республикамыздың бүгінгі тұрақты өмірі мен жарқын келешегі жолындағы еңбегі мен күрескерлігі іспетті. Сондықтан да мен Отаншылдық – туған отбасыңа, туып-өскен ортаңа, туған топырағың мен табиғатыңа деген құрметтен басталады деп ойлаймын. Отаншылдықтың қайнар көзі-адамгершілік қасиеттер болмақ. Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұнын мұндап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады. Отаншылдықты рухани құбылыс ретінде зорлықпен, нұсқаумен биліктің басқаруымен енгізу мүмкін емес

Сондықтан да еліміздегі көпұлтты халқымыздың патриоттық сезімін көтеру үшін «Менің Отаным - Қазақстан» деген ұғымның төңірегіне бірігіп, ұлттық идеологияны қалыптастырған жөн деп ойлаймын. Осы елдің азаматы біз- жастар қауымы, ана тілімізді меңгергенде, мемлекеттік рәміздерімізді, бай тарихымызды, мәдениетімізді қадірлеп-қастерлегенде ғана, жалпы қазақстандық патриотизм ұшқынын жағуға мүмкіндігіміз болады деп ойлаймын.

Еліміздің егемендігін баянды етіп, оның нық нарықтық жолға түсіп, дамуының негізгі қозғаушы күші – біз. Бұл жөнінде елбасы Н.Ә. «Әр буынның өзіндік тағдыры бар. Сіздерде де ол өздеріңіздікі. Сіздерге осындай уақытта өмір сүру үлесі тиді және сіздер елді көтере аласыздар...» - деп, республикамыздың жастарына үлкен сенім білдірді. Еліміздің егемендігі, халқымыздың өркендеуі мен гүлденуі үшін ерінбей еңбек ету, қажымас қайсарлық көрсетіп, саяси белсенді тұлға болуға талпыну біздің міндетіміз деп ойлаймын. Осы орайда өз елінің тарихи-мәдени құндылықтарын жоғары бағалайтын




саналы ұрпақ өкілдерінің бірі ретінде халқыма, туған жеріме деген сүйіспеншілігімді, аз да болса қосқан үлесіммен білдірмек ойым бар.

Мен Қарағанды идустриялды-технологиялық колледжіндегі «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының II курс студенті боламын. «Мәңгілік Ел» идеясы шығармашыл тұлғаларға – ақындар мен жазушыларға, мұражай қызметкерлеріне екінші тынысын ашып, жаңа мотивациялар тауып, шығармашылық шабыттарын тасқындатудың қайнар бұлағына айналды. Осыған орай колледж басышысы Киселева Ирина Болеславовна және студенттердің

қолдауымен «Майқұдық тарихы» мұражайын ашуға шешім қабылданды. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүрі, тарихи ескерткіштері, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдыра алмайды. Олар сөзсіз адам көкірегінде жылылық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатып жатады. Бір сөзбен айтқанда, отансүйгіштік қасиетті ұғым, сонықтан біздің колледж жастары жұмысқа жұмыла кірісті. Біздің мекеніміз - Октябрь ауданын жер жәннаты деп атай алмасaq та, біз үшін туған ауданымыз жанымызға дүниедегі ең ыстық, ең керемет ең жақын мекен! Колледждегі әр топ жұмыс жоспарын құрып, ізденіс жұмыстарын бастады. Мақсатымыз ақпарат құралдары, мұрағаттар, өңірдегі өндіс ұйымдарының мұражайлары арқылы Майқұдық ауданының тарихы туралы мағлұматтар мен экспонаттарды жинау. Оқытушылар мен студенттердің жұмылып істеген еңбегі жемісін берді. Еліміздің Тәуелсіздігінің 26 жылдығының қараңында колледжімізде «Майқұдық тарихы» мұражайының саланатты ашылу мерекесі өткізілді.



«Көмір шахтасында» экспозициясы «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» экспозициясы



«Бастапқыда Майқұдық болған» экспозициясы
экспозициясы

«Ұрпақтарды байланыстыратын із»

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Әр адамның өз анасынан басқа,
Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада,
Болуы керек құдіретті төрт ана:
Туған жері-түп қазығы айбыны,
Туған тілі-сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы тірегі
Қадамына, шуақ шашар үнемі.

Жүректеріміздегі туған жерге деген сүйіспешілігіміз, халқымыздың өткен тарихы мен мәдениетіне деген құрмет М.Шаханов ағамыздың мына өлеңінде шынайы бейнеленген...



Қазақ халқы, яғни біздің ата-бабаларымыз, ұлдарына сегіз қырлы, бір сырлы бол деген... Жаңа заманға жігер керек, талаптылық керек, ал ең керегі – ұлттық сана, ұлттық намыс, ұлттық рухтың жоғары болуы керек. Біз ата дәстүріне сүйене отырып, халқымыздың өркениетті елдер қатарына жетуін армандаймыз. Ұлттық сезім мен патриотизмді көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білеміз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «XXI ғасыр қазақ халқының жұлдызы жанған ғасыры болатынына сенемін» — деген. Осы ұлағатты пікірді өзімізге ту ете ұстап, ел тарихын, халық тағдырын ойлайтын егемен еліміздің патриот азаматы ретінде өз үлесімізді қоса берейік дегім келеді

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Халқына жолдауынан.17 қаңтар.2014жыл//Егеменді Қазақстан қаңтар.
2. "Қазақстан-2050" даму стратегиясы.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. А., 1999.
4. Тоқаев Қ. Келешекті болжаған кемел жолдау. // Егемен Қазақстан. – 9 ақпан, 2010.
- 5.Тасболатов Қ. Қазақстандық патриотизмнің ұлттық және ұлтаралық үйлесімі. //

2016

LANGUAGES AND LATIN ALPHABET IN KAZAKHSTAN (SPIRITUAL REVIVAL)

Studies have shown that learning languages is good for you and its great skill to have. It activates those grey cells and broadens the mind because it helps you to understand that people from different cultures think different, so that will make you more openminded and accepting others. It is also good for your brain because it improves your general intelligence, makes you better at making difficult decisions and it is even been shown to help people avoid dementia.

Languages is a really flexible subject. There are lots of different ways you can study it. For instance, I study Mandarin Chinese and academic Turkish language, however, you may study just one.

The transition of the Kazakh alphabet to Latin graphics is a demand of modern rapid realities. This is not only one of the important initiatives of President Nazarbayev, it is a civilized solution for all Kazakhstanis and an excellent opportunity to become part of the open world. I believe the future of our country will change dramatically to the best. I totally agree that latin alphabet is the key to success.

Writing is one of the most important inventions of mankind. The creation of writing still has white spots in history and linguistics. The written culture of the peoples living on the territory of Central Asia and Kazakhstan appeared in the early Middle Ages. Ancient Türks, who are also the ancestors of modern Kazakhs, played an important role in Eurasian history. Their language from the 5th to the 15th century served as a means of communication between representatives of different nationalities. Even in the territory of Mongolia during the reign of Batu and Munch, various documents and correspondence in the Golden Horde were conducted except Mongolian - in the Turkic language.

The volition of a language related to our state language took place in the 13th-14th centuries. A unique example of writing in the 6th-7th centuries was discovered in 1896-1897 near Aulie-Ata, now it is the city of Taraz. In this territory were found 5 stones with ancient Turkic characters. And in the 40-ies of the XX century in East Turkistan, four surviving manuscripts of the ancient Turkic letter ser. VIII century. These discoveries made a big impact in scientific life [1].

Arabic script was distributed in Central Asia and Kazakhstan in secular schools and madrassas, as well as in official correspondence. His elegant design covered columns, roofs, domes of various designs. Scientists, representatives of creative intelligentsia created their works in Arabic, on which they left drawings, often executed with great artistic skill. Famous thinkers of the East wrote in Arabic and Farsi (Persian), as these languages served the functions of international languages.

The Kazakhs used the Arabic alphabet for about 900 years from the 10th to the 20th centuries. In 1912, Akhmet Baytursynov reformed the Kazakh script on the basis of Arabic graphics, giving a large number of Kazakhs living abroad the opportunity to join their native letter. He removed all the specific Arabic letters not used in the Kazakh language, and added letters specific to the Kazakh language. The alphabet "Zhana emele" ("New spelling"), and in our time is used by Kazakhs living in China, Afghanistan, Iran.

Since 1917, the idea of romanization has started to gain popularity in Kazakhstan. Arabic script played an important role not only for the culture and education of the Kazakh population, but also for maintaining spiritual and historical ties with other eastern countries. But at the beginning of the XX century, this schedule began to seem to the Kazakh society an obstacle to historical progress and people's self-identification. The movement for the transition to the Latin schedule was particularly active in 1923. After a thorough discussion in 1929, the Kazakh language passed to the Latin alphabet. Publicist publications were published in the Latin

alphabet, it was introduced in schools so that children would be accustomed to it in the early stages.

The updated Kazakh alphabet consisted of 30 letters with the necessary additions to them for the transmission of specific sounds of the Kazakh language. But the life of the Latin letter in Kazakhstan was short - it lasted from 1929 to 1939. Supporters of the Latin graphics had hoped to integrate into European culture, but Latinization did not yet mean an approximation to the progressive achievements of Europeans in science and culture. Attempts to learn additional languages remained weak. But, despite this, Latinization represents a special stage in the development of Kazakh script and book printing. The editions of that time are valuable as examples of high culture, the instrument of which was the Kazakh language based on the Latin alphabet. The draft of the new 1940 alphabet, which was based on Russian graphics, consisted of 42 letters and took into account the phonetic features of the Kazakh language. From this period, Kazakh printing and publishing journalism, official correspondence and classes in schools were conducted on the updated Kazakh schedule.

In 2012, the President of Kazakhstan, N. Nazarbayev, instructed by 2025 to translate the state language into Latin script. According to the program article "Looking to the Future: Modernizing Public Consciousness", a single standard version of the Kazakh alphabet in the new schedule should be approved in 2017. As we see, this task was accomplished. On October 26, by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan, the project of the Kazakh alphabet on the Latin chart was approved. This historical event was the result of the process of transition of the Kazakh language into Latin script, which will be completed by 2025. The transition to the Latin alphabet has a deep historical basis. At the same time, the process of romanization acquires special importance against the backdrop of rapidly developing technologies and communications, and this can positively affect the scientific and educational process in the 21st century.

Language degrees get you a good jobs. A really high percentage of language graduates walk straight into good jobs. They are more likely to get a good job quickly over students of other subjects, partly because with language you learn all manner of transferable skills [2].

In Kazakhstan language is the main important theme nowadays. The idea of transition to the Latin alphabet was voiced by the President of the country in 2006 at the XII session of the Assembly of the People of Kazakhstan and gained particular relevance after the publication of the article "A Look into the Future: Modernization of Public Consciousness" by the Head of State, where one of the key tasks is the transition of the Kazakh language to the Latin alphabet.

The President of the Republic of Kazakhstan signed a decree "On the translation of the Kazakh alphabet from the Cyrillic alphabet to the Latin script", and this was the starting point for the phased transfer of the Kazakh alphabet to the Latin script, the final of which is scheduled for 2025. The transition to the Latin script will allow not only to modernize the Kazakh language, but will also open new opportunities for access to the most advanced achievements of science and technology and will become a significant step in terms of communications.

The transition to a new alphabet will expand the entry into the global information space. Now the whole world is going to simplify languages. You can write in Kazakh on any gadget, being anywhere in the world. This will facilitate easier learning of foreign languages because of the common Latin graphics.

I think that this is a successful combination of political and linguistic factors. From a linguistic point of view, it is still about returning to the roots - Kazakhstan from 1929 to 1940 already used the Latin alphabet.

Indeed, looking at the map and statistics, it is obvious that, except China, India, the Arab world and South-East Asia, most countries of the world use the Latin alphabet. If we take into account that English is the language of international communication, we can say that the absolute majority of people on Earth understand and can read Latin letters.

What does this mean for us? The fact that most foreigners who speak English, Spanish, French, German, Italian and many other languages will be easier to understand and learn the Kazakh language. In turn, it will be easier for Kazakhs to learn English in the future.

On April 12, 2017, our president N.A. Nazarbayev, in a programmatic article "A Look into the Future: Modernizing Public Consciousness" stressed that "we need to gradually translate Kazakh into the Latin alphabet [3].

We are deeply aware of the need for a more consistent approach to this issue and have been carefully prepared for it since independence. "

Scientists - linguists of the Kazakh language developed the latest version of the Latin alphabet, which meets the requirements of modernity. Recently, the Kazakh head of state approved an updated Kazakh alphabet based on the Latin script.

The transition to the Latin alphabet is a way to expand the horizons of the Kazakh nation, to integrate into the world civilization and to transform the national idea "Mangilik El". The main task today is the active participation of society in the transition to the Latin alphabet.

Bibliography:

1. Даулетбаева А. История казахской письменности <http://e-history.kz/ru/publications/view/3596>
2. Бахтигареев Р. Латиница в Казахстане: история и перспективы <https://regnum.ru/news/2262196.html>
3. Из истории казахского алфавита: арабская графика – латиница – кириллица <https://tengrinews.kz/article/639/>

Дүйсен А., РД-37к

Ғылыми жетешісі: ф.ғ.к., профессор Қабатаева К. Т.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазақ әдеби тілін зерттеу жұмыстары көбінесе Абай, Ыбырайдың тіл ерекшеліктеріне, жазба әдеби тілді қалыптастырудағы қызметтеріне байланысты болғаны мәлім.

Жазба әдебиет тілімізде кітаби дәстүр үстемдік құрып тұрған дәуірде, яғни әдеби тіліміздің бастапқы, балаң кезінде Абай мен Ыбырай өз шығармаларын Орта Азияға кең тараған кітаби тілде жазбай, ауыз әдебиет тілінің дәстүріне сүйене отырып, жалпыхалықтық тілдің негізінде жазды, сөйтіп, әдеби тіліміздің кейінгі қалыптасуына ықпалын тигізіп, оның дамуына жағымды әсер етті, жалпыхалықтық тілді жазба әдебиетте қолдану үлгісін көрсетті. Олар көркем әдебиеттің аса шұрайлы, әсем де өрнекті үлгілерін қалады, қазақ әдебиет тілінің іргесін бекемдеді. Әдеби тілді зерттеушілердің біразының әдеби тілді демократиялық бағытта қалыптастыруда зор еңбек сіңірген Абай мен Ыбырайды қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы деп тануының бір себебі осы болса керек. Құдайберген Жұбановтың 1930 жылдары жарық көрген «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген еңбегінде әдеби тілдің пайда болуындағы Абайдың рөлі дұрыс көрсетілген болатын. «Абай... әдебиет тілін тазартып, қазақ тілінің бар байлығын іске асыруға жол ашып, жазба әдебиет тілінің іргесін қалады». Осы баға кейінгі зерттеушілер тарапынан қолдау тапты. Бұл жерде, әсіресе М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, З.Ахметов, Х.Сүйіншәлиев, Е.Бсмайылов, т.б. зерттеушілердің мақалаларын атауға болады. Ал (1960) жылдан бастап Абай, Ыбырайдың мұрасы үлкен монографиялық еңбектер дәрежесінде зерттеле бастады. Бұл ретте Қ.Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960),

Р.Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968), Абай өлендерінің синтаксистік құрылысы» (1971), Қ.Мұқаметхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959), М.Мырзахметовтың «Мұхтар Әуезов және Абайтану поэмалары» (1982), Ә.Дербісәлиннің «Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» (1958), «Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы» (1956), С.Хасанованың «Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі» (1972) деген еңбектерін айтуға болады. Міне, осы еңбектердің бәрі де – Абай мен Ыбырай тілінің әдеби тілді дамытудағы үлесін анықтауға бағытталған еңбектер. Бізде тіл тарихын, оның ішінде әдеби тіл мәселелерін зерттеу барысында әдебиеттану ғылымы мен тарих ғылымын ұштастырып зерттеу жағы жетпей жатады. Ал әдеби тіліміздің бүгінгі шыңы мен басып өткен жолының қыр-сырларын тек тарихи историзм тұрғыдан қарастырғанда ғана дұрыс тани аламыз. Өйткені әдеби тілдің дәуірленуі, оның нормалануы, стильдік тармақтардың пайда болу мерзімі, т.б. мәселелер, әдетте, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен, экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайларымен тікелей байланысты.

Әдеби тіл мәселелерін шешуде тілге тиек ететін нәрсенің бірі – әдеби нұсқалардың сыр-сипатымен байланысты. Кейбір зерттеушілер (Қ.Өмірәлиев), т.б. қазақ халқының қалыптасуына ұйытқы болған ру-тайпаларда «түркі» деп аталған (VII-XII ғ.) жазба әдебиет болды, ал XIV ғ. «ескі түркі» тіл үлгісінде бірлі-жарым көркем шығармалар жасалды, хандар арасында ресми хат жазу дәстүрі, хан шежірелерін жазу салты болды, бірақ қазақ әдебиеті солардың жалғасы ретінде дамыған әдебиет емес, олардан бөлек әдебиет дегенді айтады. Немесе «жазба әдебиет» не «ауыз әдебиет» деп айырмай, «әдебиет дегеннің бәрін бірлікте қарау керек» деген пікір де жоқ емес. Әдеби тіл мәселелері, көбінесе, ертедегі әдебиет нұсқаларымен байланысты қарастырылып жатады. Әдебиетші ғалымдардың кейінгі 10-15 жыл ішінде біраз ақын жыраулардың шығармаларын тауып, оларды жариялауы – әдеби тіл мәселесінің талас мәселелерін шешуге септігін тигізетін жайлар. Бұл тұста М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Дербісәлин, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, М.Дүйсенов зерттеулерін атар едік. Әдебиет үлгілері мен әдеби тіл мәселелерін ұштастыра, бірлестіре зерттеудің жақсы үлгісін біз Қ.Өмірәлиевтің еңбектерінен көріп жүрміз.

Енді әдеби тіл туралы, оның анықтамасы, сипаты туралы тілші ғалымдар тарапынан айтылып жүрген пікірлерге толығырақ тоқталайық. С.Аманжолов былай дейді: «Нақтылы әдеби тіл дегеніміз көркем әдебиеттің тілі ғана емес, ол – ғылымның барлық саласын қамтитын, халыққа өнер-білім беретін, тәлім тәрбие үйрететін баспасөздің тілі. Көркем әдебиеттің тілі – сол кең мағынадағы әдеби тілдің саласы ғана. Ал әдеби тілдің негізі, базасы (қоры) болатын нәрсе – халық тілі, фольклор тілі екенінде дау жоқ». Ол әрі қарай: «...біз қазақтың әдеби тілінің бастама үлгісі жазба түрде XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады дейміз...Ыбырай, Абай сияқты қазақтың ұлы адамдары XIX ғасырдың өзінде-ақ қазақ тілін әдеби тілге айналдыруға ат салысты», - дейді. С.Аманжолов қазатың әдеби тілінің негізін Абай, Ыбырайлар салды дегенде, олар халық тілін пайдалана отырып, қазақ тілін жаңа сатыға, жаңа сапаға жеткізуге әрекет істеді деп түсінді. Автор октябрь революциясынан бұрынғы қазақ тілі нағыз әдеби тіл болып қалыптаса алған жоқ дегенді айтады. Әдеби тіл жөнінде пікір айтушылардың бірі – М.Әуезов. Ол 1950 жылдары жарық көрген 5-6 мақаласында «әдеби тіл» мен «әдебиет тілі» атауларын бірде саралап, бірде синоним ретінде қолдана келіп, «әдеби тілдің әдеби процеспен, жазумен тығыз байланыста дамитынын, оның халық тілінің жоғары формасы екендігін айтады. Бір кезде әдеби тілдің жасалуын жеке-дара дарынды, атақтылардың аттарымен байланыстыру дағдыға айналған кезде Абай Ыбырайларды мақтаудың реті осы екен деген тұрғыдан «әдеби тілді жасаушылар», «әдеби тілдің негізін қалаушылар» деген пікір үстем болғандығы белгілі.

Осыған орай М.Әуезов «негізін қалаушы» деген үзілді-кесілді пікірді қолдамады. Ол: «...Абайдың алдындағы қазақ халқының көп ғасырдан келе жатқан мол эпостарындағы, ұзынды-қысқалы салттық, тарихтық жырларындағы шебер, көркем өлең

үлгілеріндегі тілдерді ұмытуға бола ма? Оларда, немесе XVIII ғасырда көпке жайылған жырлар тудырған Бұхарда, XIX ғасыр басында асыл, әсем, бай тілмен халықтық асқақ ескі жырлар тудырған Махамбетте қазақтың әдебиеттік тілінің үлгі-өнегелері жоқ деуге бола ма?» - дейді. Сөйтіп Мұхтар Әуезов «Абай өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтық әдебиет тілі сапасында өсіре, байыта, сұрыптай түскен және өз шама-шарқынша қазақ әдебиет тілін жасауда белгілі бір дәрежеде Қазақстанның көп өлкесінің тіл қазыналығын кеңінен пайдаланып, халықтың әдебиет тілін биік белге шығара түскен классик ақын дейміз», - деп жазады.

М.Б.Балақаев әдеби тілдің даму кезеңдерін дәуірге бөледі: 1) XVIII ғасырдың орта тұсы мен XIX ғасырдың бірінші жартысы; 2) XIX ғасырдың екінші жартысы; 3) XIX ғасырдың басы (1900-1920); 4) Совет дәуірі. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томановтың авторлығымен шыққан «Қазақ әдеби тілінің мәселелері» деген кітапта да осылай бөлінген. Ал М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов авторлығымен жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген кітапта авторлар әдеби тілдің екі түрі болатынын («жазаба әдеби тіл», «сөйлеу (ауызша) әдеби тіл») айта келіп, жалпы, әдеби тілдің пайда болу мерзімі туралы былай дейді: «Қазақтың әдеби тілінің тарихын біз XIX ғасырдың екінші жартысынан емес, XVIII ғасырдан бастаймыз. Өйткені, халық тілінің жазба әдебиет ыңғайында нормаға түсе бастаған шағы және бірді-екілі стильдік құбылыстардың көрініс бере бастаған кезі, дәлірек айтқанда, әдеби тіл белгілерінің айқындала бастаған мерзімі – осы XVIII ғасыр және авторларының аты-жөні сақталған дәуір де XVIII ғасырдан басталады».

Р.Сыздықова өзінің «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің» деп аталатын құнды еңбегінде әдеби тілдің барлық дәуірлерін сөз етпей, тек екі ғасырға, әдеби тіл тарихы үшін мәні де, маңызы да зор XIII-XIX ғасырларға арнайы тоқталып, нақтылы материалдар негізінде әр дәуірдің әдби тіліне тән сипатын, лексикалық, нақтылы материалдар, грамматикалық, стильдік ерекшеліктерін анықтауға көңіл бөледі. Әдеби тілді дәуірлеу мәселесіне байланысты автордың соны пікірлері көңіл аудартады. Автор XIX ғасырдың екінші жартысынан басталатын қазақтың төл жазба, әдеби тіліне дейін оның ауызша тараған әдеби тілі болды деген пікірді ортаға салады. Р.Сыздықова бірқатар түркі халықтарына ортақ орта азиялық жазба әдеби тіл – «түркінің» локальдық (қазақтық) әдеби тілі болды дейді. Бұл атау Ә.Қайдаровтың еңбегінде де қолданылған. Бұған таза шағатай тілі емес, қазақ, татар, шағатай тілдерінің қоспасы, яғни шұбар тіл. Р.Сыздықова «Ашып алар жәйттар көп» деген мақаласында мынадай қорытындыға келеді: «Сөйтіп, қазақтың тілі: ауыз әдеби тілі, жазба алдындағы әдеби тілі, жазба әдеби тілі деген түрлерге бөлінеді».

Б.Әбілқасымов «шамамен XV-XVI ғасырдан бастап қазақ авторлары бір жағынан «шағатай» немесе «түркі» деп атанған тілді пайдалана жүріп, екінші жағынан, өз шығармаларына қазақтың ауызша әдеби тілін арқау ету, арқасында сол «түркі» әдеби тілнің тағы бір жергілікті түрін қалыптастырды» деген пікір айтады. Автор ол – қазақтың көне әдеби тілі еді, бірақ ол ауыз әдебиеті үлгілерінен бөлек қаралу керек дегенді айтады. «Сөйтіп, - дейді Б.Әбілқасымов, - қазақ қаламгерлері ғасырлардан өткен XVI ғасырдың екінші жарымына дейін қазақтың көне жазба әдеби тілінде ресми іс қағаздарын жазды, , өзара хат жазысты, кейбір көркем әдебиет үлгілерін (қиссаларды) жазды». Б.Әбілқасымов Абай, Ыбырайға дейінгі жазба әдеби тілді «қазақтың көне әдеби тілі» деп атайды. Яғни, біздің біраз зерттеушілеріміздің «кітаби тіл» деп жүргенін Б.Әбілқасымов «көне қазақ жазба әдеби тілі» деп атайық дейді. Оның пікірінше, бұрын қазақтың ауызша әдеби тілі болды, ол тілдің үлгісі алуан түрлі ауыз әдебиеті жанларында, шешендік толғауларда сақталды. Сөйтіп, Б.Әбілқасымов «қазақтың ауызша әдеби тілі өз алдына, жазба әдеби тілі өз алдына дамып отырды» деп, оларды даралап қарауды ұсынатын сияқты. Ол қорыта келгенде, қазақтың жазба әдеби тілін үш кезеңге бөледі.: 1) қазақтың көне жазба әдеби тілі (XVI ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін); 2) қазақтың жаңа жазба әдеби

тілі (XIX ғасырдың екінше жартысынан XX ғасырдың 30-жылдарына дейін; 3) қазақтың қазіргі әдеби тілі (XX ғасырдың 30-жылдарына қазірге дейін).

Көріп отырмыз, қазақ әдеби тілінің басталуын XIX ғасырдың екінші жартысы деп жүрген, оны Абай мен Ыбырай шығармаларынан, алғашқы қазақ газеттерінің шығуымен байланыстыратын пікір басымдау. Талас-тартыстың дені XIX ғасырдан арғы дәуірлердегі әдеби тілмен байланысты болып отыр. Басқаша айтқанда, бір топ зерттеушілер «әдеби тіл» ұғымын кең мағынада қолданса, енді бір топ зерттеушілер, әсіресе жазу сызумен байланыстырушылар, бұл атауды тар мағынада қолданып келеді. Талас-тартыстың туу себептерінің бірі – кейбір мамандар әдеби тіл тарихын, оның белгілі бір дәуірін жазу-сызумен байланыстырып, жазу мәдениеті мен бірлікте қараса, енді біреулер әдеби тілді жазу-сызумен байланыстырмай, бұл ұғымға ауыз әдебиеті, халық творчествосының туындыларын да қарастырады. Қазіргі әдеби тіліміздің екі түрі (формасы) бар екенін зерттеушілер мойындап жүр. Оның бірі жазба әдеби тіл де, екіншісі әдеби тілдің ауыз екі сөйлеу түрі. Бірақ олардың пайда болу, генезистік арналарына келгенде ғалымдардың пікірі түспейді. М.Балақаев әдеби тілдің ауызекі сөйлеу түрі тек жазба әдебиетімен байланысты пайда болады десе, «Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары» деген кітаптағы беташар кіріспе мақаланы жазған редакция алқасының мүшелері: «Әдеби тіл, бір қырынан алып қарағанда, жазба тілге тәуелді болса, екінші жағынан, одан дербес бағытта қалыптасады. Өз бетімен дамиды. Сондықтан қазақ әдеби тілінің тарихын тек қазақ баспасөзінің шығу тарихына теліп қараудың қажеті жоқ сияқты» - деп жазады.

Дүние жүзі тілдеріндегі диалектілердің сипаты бірдей емес. Кейбір тілдердің құрамындағы әр диалектіде сөйлейтін адамдар бірін-бірі түсінбейтін, немесе әрең түсінетін дәрежеде болуы мүмкін (мысалы, қытай тіліндегі диалектілер), кейбір тілдердегі диалектілердің өзара айырым белгілері сан жағынан көп болғандықтан, бір-бірінен айырмашылықтары бірден байқалып отырады. Енді бірқатар тілдердегі диалектілер монолиттілігін, бірлігін сақтап, олардың құрамындағы диалект, говорлар бір-біріне тіпті жақын, бір-бірінен айырмашылығы аз болады. Әрине, тілдің монолиттілігі оның құрамында говорлардың орнын алуан жоққа шығармайды. Қазақ тілі бірқатар басқа түркі тілдерімен (өзбек, әзербайжан, т.б.) салыстырғанда біртұтастығы (монолиттілік), тілдік ортақтығы жағынан әлдеқайда күшті, алымдардың бірқатар әдеби тілдің негізіне белгілі бір диалект тірек болуы шарт деген пікірге қосылмайды. Белгілі түрколог Е.И.Убрятова: түркі әдеби тілдердің бәрі бірдей белгілі бір диалектіге негізделме бермейтінін айта келе, якут халқының әдеби тіліне ешбір диалект негіз болмағанын, соған қарамастан бұл тіл өмір сүріп, әрі қарай дамып келе жатқанын, ол тілде жазылған бай әдеби мұра бар екенін сөз етеді.

Әдеби тілдің әдеби болып аталуына негіз болатын әдеби тілдің әр алуан стильдері зерттелмей келе жатыр. Олар: ресми іс қағаздар стилі, публицистикалық стиль, ғылыми-техникалық әдебиет тілінің стилі, оқулықтар тілінің стилі, көркем әдебиет тілінің стилі, эпистолиялық стиль, т.б. Солардың жан-жақты зерттеу жұмысы қолға алынуы керек. Әдеби тілдің арналарын құрайтын мол мұра әлі де болса жиналып зерттеліп болған жоқ. Еліміздің, шетел архивтерінде іздеу салып, ескі мұраны жинастыру мәселесін ғылыми жолға қоятын мезгіл жетті. Москва, Ленинград, Орынбор, Қазан, Омбы қалаларындағы архив материалдарын ақтарып зерттеу керек. Әдеби тілдің диалектілік негізімен байланысты мәселелерді шешу үшін тарихи диалектология мәселелерін зерттеуді қолға алу керек. Жоғарғы оқу орындарында тіл тарихы оның ішінде әдеби тіл тарихы курсының ғылыми дәрежесін көтеру мақсатымен, студенттерді оқулықтармен қамтамсыз ету үшін «Тарихи фонетика», «Тарихи лексикология», «Тарихи морфология», «Тарихи синтаксис» атты еңбектерді бастырып шығаруға, бұрын жарық көрген еңбектердің сапасын жақсартуға ден қойған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966.
2. Виноградов В.В. О художественной прозе. М.-Л., 1930.
3. Аманжолов С. Қазақтың әдеби тілі. Алматы, 1949.
4. Сауранбаев Н.Т. Қазақтың әдеби тілінің тарихын зерттеу туралы// Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясы мәселелері. Алматы, 1960.
5. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968.
6. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. Алматы, 1983.
7. Жұбанов Е. Қазақ ауыз әдебиеті және әдеби тіл // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 181.
8. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981.

Жаманкешова А., 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Бейсембаева И.А, ҚҚЭУ Экономика, бизнес және құқық колледжінің құқықтану пәндер оқытушысы, заң ғылымының магистрі,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ БАСТЫ ДАМУ БАҒЫТЫ

«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Ал ең бастысы – еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Бұл туралы ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», – деген қанатты сөзі күллі түркі халықтарын бір серпілтіп, ертеңге деген сенім ұялатқаны жасырын емес. Елбасы және бір сөзінде: «Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел», - деді Президент. Бұл дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Әрбір Жолдауында Ұлт Көшбасшысы халықтың жағдайын бір сәтке де ұмытқан емес. Күні бүгінге дейін айтылған міндеттердің бәрі жыл өткен сайын бірте-бірте орындалу үстінде. Өз тәуелсіздігінің жиырма бес жылын артта қалдырған егеменді еліміз бүгінде жаңа экономикалық өрлеу жолында.

Ал ендігі кезекте 2050 жылға дейінгі мақсат пен міндеттерімізді айқындап алуымыз — заңды құбылыс. Елбасының «Қазақстан жолы — 2050» Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Жолдауы жастарға да үлкен аманат жүктеп, салмақты жүк арқалатып отыр. Елбасы өз сөзінде: «Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Мемлекет болса, өз тарапынан жастардың сапалы білім мен саналы тәртіп алуына, қажетті мамандықты игеруіне, өз арман-мақсаттарын жүзеге асырулары үшін бар

мүмкіндіктер жасап келеді. Осыларға әлемдік деңгейдегі Назарбаев Университеті, Назарбаев Зияткерлік мектептері, «Болашақ» бағдарламалары дәлел.

Яғни Ұлттық идеяның тарихи тамыры тереңде жатқанын, ғасырлар тереңінен ой қортып, мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз армандап, әлсін-әлсін ұлт ұрпағының есіне салып, ұлттық дамудың, ұлт тағдырының бағдаршамы етіп көтеріп келген. «Қаған парызы – халқының қарнын тойғызып, мерейін өсіріп отыру. Түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі көрмедім; қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді; күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі мәңгі елім үшін!» -дейді баба Тоныкөк. Иә, бұл кешегінің ұраны, бүгіннің арманы, келешектің еншісі. Ханның мұраты, қарашаның тілегі. Мәңгі болу – мәңгілік арман. Мәңгіге шектеме болмайтыны секілді, мәңгілік елге айналу өркениетке ілескен бұл күннің толқынында жүрген жұртты арманы. Жалпы, біз ұлттың бірлігі, толеранттылық және еркіндік пен теңдік туралы халқымыздың сан ғасыр бойғы армандарының орындалуына бағытталған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың саяси бағытын қолдауымыз керек. Себебі, Қазақстан атты туған еліміз күннен-күнге көркейіп, гүлденіп келеді. Егер биік белестерді бағындырамыз десек, алдымызға ұлы мұраттар мен асыл мақсаттар қоя білгеніміз жөн. Сонда ғана Қазақстан дүниежүзінде беделді, белгілі, айшықты орынға ие болары сөзсіз. Әрине, дамыған алпауыт елдердің қатарына қосылу үшін әлі де қажырлы еңбек ету қажет. Алайда осы жолда бізге ешқандай кедергі келтірілмегенін ескерген жөн. Бүгінде Қазақстан жастары әлемнің қай елінен білім аламын десе де өз еркі. Тек жиған білімі мен талабы болса болғаны. Сол үшін ел болашағы жалынды жастардың қолында екенін естен шығармаған жөн. Ал жас ұрпақ өз кезегінде сапалы білімнен нәр алып, алға қойған мақсатына жету жолында аянбай тер төгуі қажет. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді», — дей отырып, түрік мемлекеттері интеграциясының тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетті. ХХІ ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын біз – жастар. Ендеше қияметтің қыл көпірінен сүрінбей өткен, тәуелсіз Қазақстанымның табанының тұғырдан таймауын тілеп, асыл мұраты алға жетелесін демекпін.

Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығымен жаңа Қазақстанның тарихын жазудың биік мәртебесі мен жауапкершілігі біздің ұрпақтың үлесіне тиді.

Елбасының маңына топтасу арқылы біз ұлы жетістіктерге толы жолдан өттік және бүгінде өзімізді Тәуелсіз Қазақстанның – қуатты әрі табысты мемлекеттің азаматымыз деп мақтанышпен айтамыз.

Біз елдің әрбір азаматының жасампаздық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасай отырып, еңбексүйгіштік және жауапкершілік, Еңбек Адамына құрмет сынды құндылықтарымызды нығайтамыз.

«Қазақстан 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алдым» деп ұрпаққа сенім артады. Осыған орай, бұл Жолдау бүкіл халықтың көңілінен шықты, қазір ол мемлекетіміздің барлық аумақтарында, басқару, оқу-өндірістік салаларда, мемлекеттік емес ұйымдарда кең қолдау тауып отыр.

Елбасының «Қазақстан -2050 стратегиясы»- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы жастарға да үлкен аманат жүктеп, ауыр жүк арқалатып отыр. Елбасы өз сөзінде: «Мен сіздерге — жаңа буын Қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», — деген жоқ па?! Мемлекет болса, өз тарапынан жастардың сапалы білім мен саналы тәртіп алуына, қажетті мамандықты игеруіне, өз арман-мақсаттарын жүзеге асырулары үшін бар мүмкіндіктер жасап келеді. Біздің ата-аналарымыз жете алмаған мұрат-мақсаттар, мүмкіндіктер, біздің алдымызда

айқара есігін ашып тұр, біз өз кезегімізде осы мүмкіндіктерді іске асыру барысында, бар күш-жігерімізді аямай, табысты жұмыс жасауымыз қажет.

Елдің жаңа елордасы – Астананы салдық. Бұл заманауи қала біздің бойтұмарымыз бен мақтанышымызға айналды. Біз еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін пайдалана алдық. Дәл сол себептен де халықаралық қауымдастық Қазақстанды ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. Егер Астана болмаса, бұл да болмас еді. Мұндай құрмет кез келгеннің еншісіне тие бермейді. Біздің еліміз кеңестен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және ғаламдық ауқымдағы іс-шара – ЭКСПО-2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел екенін айтсақ та жеткілікті.

Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарды көздеп отыр. Омар Хайам айтқандай: Сен жанбасаң лапылдап, Мен жанбасам лапылдап, Аспан қайдан ашылмақ деген дейін, - біздің жастар заман ағымынан қалыспай, ұлттық құндылықтарды сақтап, білімді, белсенді болуы керек. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ, сонда ғана біз "Мәңгілік ел" боламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
2. ҚР Президентінің «ҚАЗАҚСТАН-2050» – стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар

Жарылғасын Н.Н., 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – х.ғ.к., доцент Каримова Б.Н.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МӘҢГІЛІК ЕЛ – ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТАРИХИ САНАНЫ ОЯТУ НЕГІЗІ

«Мәңгілік Ел ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман - тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыланатынын естіп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы», - деп атап өтті Н. Назарбаев.

2014 жылдың 17 қаңтарында ҚР-ның президенті Н.Ә.Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауы “Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік ел» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік ел» идеясының жариялануы.

Мәңгілік ұғым түсінігі – барша адамзатқа ортақ қазына.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің бастау бұлағында да мәңгілікті бейнелейтін түпжаратушы тұр. Ол – Құдай, Тәңірі, Алла.

Құдай қазаққа қырын қарамаған: пейіліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген, асты-үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақ көңіл, адал ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген.

Мәңгілік ел дегеніміз – мемлекеттің ғасырлар тоғысында ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстау деп түсінуге болады.

Мәңгілік ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұратымыз.

Бұл идея сонау 6-7 ғасырлар Күлтегін мен Тоныкөк кезеңінде қолданыла бастаған.

Тоныкөк – «Мәңгілік ел мақсаты түрік елінің билігі», - деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Сол идея сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда.

Күлтегін өсиетінде: «Бұл киелі жер еді. Қазір де киелі жер. Осындай киелі жерге мәңгі тас тоқыттым, жаздырдым. Бұны көріңдер, осылайшы біліңдер». Мемлекет үшін де, халық үшін де мәңгіліктің қасиетті көзі – жер. Қазақ даласы - Ұлы Түркі елінің қара шаңырағы. Қазақтың кең байтақ жерінде аңызға айналмаған тұс тіпті аз, бәрі де қастерлі өлке, қасиетті мекен.

«Мәңгілік ел ұғымы Орхон ескерткіштерінде де, күлтегін жазбаларында да ұшырасады. Бұл кездейсоқ этнотермин емес. Қазақтар бағзы заманда қалыптастырған ұлт бітімімізде, өз сүйегімізде таңбаланып қалған».

О.Ысмағұлов Көне түркілердің « Мәңгілік ел» идеясы 3 негізден тұрады:

1. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі « Мәңгілік ел» идеясы
2. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» еңбегі
3. Ж.Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты білік» дастаны.

18 ғасырда Әбілқайыр ханның: « Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше қазақ халқы бұл жерден ешқашан айырылмайды», - деген қанатты сөздері қазақ халқының мәңгілік ел болуға әбден құқығы бар екендігін және де басты қазынамыз – жеріміз екендігін түсіндіреді.

«Сарыарқаның төріндегі жаңа астанамыз ұлттық тарихты, дәстүр мен тәжірибені әлемдік деңгейдегі жетістіктерімен көмкеріп, оның іргесін қалаушы Елбасымыздың көздегені билік те емес, байлық та, атақ-даңқ та емес, тек халқының қамы, нұрлы болашақ екенін толық білдіреді».

Ханкелді Әбжанов Жаңа Астана – ежелгі қазақ жерінің төрі.

Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпендер!

М.Мақатаев

20 ғасырада өмір сүрген қазақ зиялысы Ә.Бөкейханның мына жалынды сөдері әлі күнге дейін қазаққа алға ұмтылуға күш қайрат беруде: «Қияметке дейін қазақ – қазақ болып жасамақ». Яғни біздің басты мақсатымыз елімізді бірлікте ұстау.

Мәңгілік ел идеясы қазақ ұлтының мақсат-мүдделеріне және елімізді ортақ Отан еткен 130- дан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады.

Мәңгілік елдің идеологиялық негізі:

1. Тіл мәселесі. Мемлекеттік тілді өз тұғырына қондыру керек
2. Тарихи сананы қалыптастыру керек.

Тарих пен мәдениет біздің құндылығымыз. Біздің тарих - ұялмайтындай тарих, мақтанышпен айтылатын тарих, ешбір тарихтан кем емес, тіпті әлемдегі ең алдыңғы

қатарлы өркениеттердің сапында. Біздің батырларымызды қайсарлығы, табандылығы, жігері елімізге осындай керемет баға жетпес сый сыйлады. Ол –Тәуелсіздік. Ертеңімізді білмесек, өткен тарихымызды құрметтемесек, біз үшін жанын қиған батырларымызбен мақтанбасақ бізден қандай ел шығады? Тарих біздің айнамыз. Оны құрметтеп, бағалау біздің міндетіміз.

Тарихты құрметтеудіңде, «Мәңгілік ел» идеясының да басты мақсаты жас ұрпақтың бойына отаншылдықты, Отанды сүюді сіндіру. Қаһарман жазушы Б.Момышұлы «Ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқымен қан жағынан және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері қалыптасқан, тарихи дәстүрлері жағынан әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты», - дейді.

Осы орайда жастарымыздың патриоттық сезімін арттыру үшін арнайы шаралар қолдану керек. Әрине, бұл шаралар заманауи тұрғыда жүргізілуі тиіс. Жастарымыздың елімізге деген отан сүйгіштік қасиетін арттыру, болашағымызға сенімділік береді. Келесі шараларды еліміздегі әрбір азаматтардың елге деген махаббатын ояту үшін жүзеге асыруға болады:

1. Жоғарғы оқу орындарында Қазақстан Республикасының әнұраны ойнату
2. Автобустарға Қазақстан жайлы қызықты деректер ілу. Батырларымыздың өмірі жайлы деректер орнату.
3. Жоғары оқу орындарында 2 айда бір рет Қазақ күнін ұйымдастыру. Қазақ халқының ұмытылған салт-дәстүрлерін қайта еске алып, Қазақстан тарихы бойынша сайыстар ұйымдастыру.
4. Мектеп оқушыларынан бастап Жоғарғы Оқу орнының студенттеріне дейін «Мәңгілік ел» патриоттық актісі жайлы түсіндіру шараларын жүргізу.

«Мәңгілік ел» патриоттық актісі – халқымыздың бүгінгі өміріне де, болашағына да тікелей ықпал ететін маңызды құндылықтардың жиынтығы. Бұл біздің жаңа әлемдегі жаңа тарихи дәуірдегі заңды жалғасымыз.

«Біз қандай заманда да Тәуелсіздік тізгінін берік ұстауға тиіспіз. Елімізді сырттын алақөздігінен, іштің алауыздығынан сақтап, нығайта түсу – тарих алдындағы парызымыз және жауапкершілігіміз. Бұрынғы өткен ата-бабалардың аруағы мен кейінгі ұрпақ алдындағы парызымыз. Ұлы далада туымызды тігіп, еркін өмір сүруге лайықты екенімізді күн сайын өзімізге де, баршаға да дәлелдеп отыруымыз керек»

Қорыта келгенде, Тәуелсіздік – баға жетпес байлығымыз. «Мәңгілік ел» тәуелсіздігімізді нығайта түсу жолындағы нақты қадамымыз. Бабаларымыздың күресі, батырларымыздың қаны, аналарымыздың жасы сіңген киелі жерімізді сақтап қалу біздің ең бірінші міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бижанов А.С. «Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері <http://e-history.kz/kz/contents/view/2416>
2. Әбжанов Х. «Мәңгілік ел» идеясы және тәуелсіз Қазақстан жолы <http://e-history.kz/kz/publications/view/2590>
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, 1999ж.

Жакупбекова М., 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Сусан Р.Ж.

ҚҚЭУ экономика, бизнес және құқық колледжінің құқықтану пәндер оқытушысы, заң ғылымының магистрі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ РУХЫН КӨТЕРУ

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр. Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызды бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. [№3, 10бет]

Салауаттылық ұғымы қазақ халқының салт-дәстүрін, көнеден келе жатқан мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын, жас ұрпаққа ұғындыру. Бір сөзбен айтқанда өз ұлтының дінін ұстануға үйрету. Салауаттылық - ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өмір заңдылығы салауатсыздықты кешірмейді, оғаш қылықтар түбінде опық жегізеді. Жасөспірімдердің салауаттылық өмірге ұмтылысы, зиянды әдеттерді жек көрушілігі олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына яғни әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір заңдылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу мектеп жүйесі жүктеген маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады.

Бала тәрбиесі әсіресе, мектептен тыс уақыттағы сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың мән-мағынасы өте зор болып келеді. Бүгінгі қоғамымызда салауатты өмір салтына деген саналы көзқарастың жеткіліксіздігі азаматтардың рухани деңгейінің төмендігіне және оның нәтижесінде жағымсыз жайттардың кең өрістеуіне себепкер болып отыр. Жастар денсаулығының нашарлауы, олардың ағзаларының ауруға қарсы тұру қабілетінің әлсіздігі, азып-тозуы, тез шаршағыштығы, өмірінің қысқа болуы – осы жайттардың айқын көрінісі. Бұл мәселелердің барлығы жастар арасында тәрбие жұмыстарының жұтаңдығының салдары екендігі даусыз. Жастары әлсіз, денсаулығы нашар, білімсіз, зиянды әдеттерге әуес, жалқау, тәрбиесіз болса ол мемлекет қашанда әлсіз, қорғансыз. Жастар - біздің болашағымыз. Ал бізге болашағымыздың айбындылығы мен жарқындылығы қажет. Келешегінен үміт күткізіп отырған бүгінгі жастар - ертеңгі қоғам иелері.

Салауатты өмір салты - адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды форма. Ол адам мәдениетінің бір бөлігі. Ал денсаулық адам бақытының негізгі бөлігі. Қоғамның болашағы әрбір адам денсаулығына байланысты. Денсаулыққа тек дененің сыртқы бүтіндігі ғана деп қарау ағаттық, жалпы алғанда оны организмнің жан-жақты дамуымен бүкіл қызметтердің жүзеге дұрыс асырылуы деп ұққан жөн. Сондықтан адам денсаулығының жағдайы тек қоғамдық дамудың ғана көрсеткіші емес, сонымен бірге қуатты экономикалық, еңбек, қорғаныс және мәдени әуес болып табылады. Бүгінгі таңда балалар мен жастардың денсаулық жағдайына басты назар аударуда. [№1, 12бет]

Осы ұстанымдарды негіздеп жасөспірімдерді салауатты өмірге тәрбиелеу барысында мұғалімнің орны ерекше болуы тиіс. Мұғалім мектептегі басты тұлға. Қай мектептің болсын нәтижелі, жемісті жұмыс істеуі түптеп келгенде сол мектепте еңбек ететін әр мұғалімнің өз міндетіне, көзқарасына тікелей байланысты. Әрбір сыныпта ұстаз алдында отырған шәкірттері де сол бола-шаққа барар жол үстіндегі талапкерлер. Қазіргі кезде мектептегі кешенді бағдарламалардың жеті саласын және «Атамекен» бағдарламасының 30 бағытының негізінде ала отырып, тәрбие жұмыстарын жүргіземіз.

Бұл тәрбие салаларының мақсаты - дүниенің шындығын өз мәнінде танитын, эстетикалық сезімі жоғары, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсететін, ақыл-ой жағынан дамыған және өз халқын, елін сүйетін азамат тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының «Білім заңында» мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, адамзаттыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ой, танымдық шығармашылық қабілетін анықтау басты міндет екендігі айтылған. Осы міндеттердің жауапкершілігі негізінен мектептегі сынып жетекшісіне жүктеледі. Сондықтан оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, танымдық сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құруды көздейді. Денсаулық адам бақытының бірінші байлығы. Әрбір жасөспірімді сол бақытты уысынан шығармауға тәрбиелеуіміз керек. Денсаулықтың мықты болуы үшін қандай әдістерді қолдануды, жақсы жұмыс халін, күнделікті тұрмыс қиындықтарын жеңуі, белсенді өмір сүру жағдайларын білу қажет. Денсаулық - салауатты өмір кепілі. Осы салауатты өмір кепілін, оның қыр-сырын білу басты міндет. Қай заманда болсын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат, міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сол тәрбиенің бір түрі рухани байлық десек, артық айтқандық емес. Адам бойындағы жақсы қасиеттері мен игі істерінің қайнар көзі осы рухтан бастау алады.

Рухани бай адам дегеніміз - өз тілін, өз тарихын, салт-дәстүрін жоғары бағалап, жан-жақты, өзін-өзі басқаратын, өмірдің ағымына дұрыс көзқараспен қарай алатын, мейірімді, әділ, қанағатшыл адам. Егер біз саналы, мінез - құлқымыз жетілген азамат болғымыз келсе, алдымен өзімізді - өзіміз білуіміз қажет. Өзін тану арқылы өзгені танитын артықшылыққа ие боламыз. «Дүниедегі ең оңай нәрсе - кісіге ақыл айту, ең қиыны - өзіңді-өзің түсіну» - деген екен ғұлама ғалым Әл-Фараби. Осы рухани байлықты жастардың бойына сіңіріп, сана сезімін жеткізу - біздің міндетіміз. Мектептегі қазіргі оқытып жатқан имандылық бағыттағы тәрбие сағаттар басым. Адамның материалдық қажеттілігінің бірі - дене мүшесінің саулығы. Бүгінгі күні ең маңызды мәселе - салауатты өмір салтын қалыптастыру. Яғни, адамның денесінің саулығы, бірқалыпта сақталуы, нығаюы, ширауы, сергуі еңбекке қабілеттілігі, құлшынысы, құштарлығы, ниеттілігі, ынталығы биологиялық үрдісте мәлім. [№3, 11 бет]

Ал рухани қажеттілік деген ұғым - рухани жетілуі, яғни жанның тазалығына, адалдығына, имандылығына байланысты. Қай заманда да бір «Аллаға» деген сенім негізінде құрылған адамзат қоғамы адамгершілікті, имандылық пен мейірімді мол, тәуелсіз де бейбіт болуын тілегенін тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Ислам дінімен енген «иман» ұғымы «Аллаға сену», «наным», «сенім» түсінігін береді. Бір Алла тағала арқылы имандылық негізінде адамдар өтірік, өсек, қиянат, қорлық, зорлық, қайырымсыздық деген сияқты «имансыз» әрекеттерден бойларын аулақ ұстаған. Ондай адамдардың көңілі тазарып, «Алланың нұрына бөленген» деген сенімде болған. [№2, 7-8 бет]

Бүгінгі таңда жастар ортасындағы маскүнемдік, нашақорлық, жұмыссыздық, қылмыс пен өз бетімен кетушілік, рухани азып-тозушылық туралы жиі айтылады. Мұндай теріс ағымдардың белең алғандығын жасырмаймыз.

Орта ғасырларда маскүнемдікке қарсы күрес мемлекет тарапынан адамды жазалау түрінде жүргізілген. Мысалы: Францияда көп уақыт маскүнемдікке салынған адамдарға жұрт алдында тәнін таяқтау, құлағын кесіп алу, жер аудару жазалары қолданылған. Ал Ресейде болса мас болып полицияның қолына түскен адамдар сотқа тартылған. Бұл мәселелер бүкіл дүниежүзіндегі басты мәселеге айналып отыр.

Біздің елімізде де маскүнемдікке салынушылардың атап айтқанда жастардың саны айтарлықтай. Ішімдікке құмартып, маскүнемдікке салыну - ішкіш адамның өзі мен отбасына ғана емес, бүкіл елге, қоғамға зиянын тигізуде.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев барша халыққа арналған «Қазақстан 2030» жолдауында: «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда ауруларға қарсы күрес пен денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеуден басталады.

Қоғамдық сана мен мараль маскүнемдікке, нашақорлыққа, шылымқорлыққа барынша қарсы болуға тиіс. Кеңес өкіметі жылдарында арақ біздің тұрмысымызға, әдетімізге, дәстүрімізге тереңдетіп енді. Ол ауылдық жерлерде де адам өмірінің ажырамас бөлігі болып алады. Бүгінгі көпшілік нарық қиыншылығына тап боп, күйзеліске түскенде ішімдікке, есірткіге салыну артып отыр, шылым шекендер де азаяр емес. Кейбір елдерде ұтымды ақпараттық және түсіндіру саясатын жүргізу, мәдениет пен білім арқылы едәуір табыстарға қол жеткізеді.

Қорытындылай келгенде, бүгінгі таңда елімізде маскүнемдік пен шылымқорлық, есірткіні тыю мәселесінде жан- жақты күрес жұмысын дәйектілік және ымырасыз түрде жүргізіліп отыту тапсырылады. Осыған орай республикамызда салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары мен оның жеке бөлімшелері құрылып, қазір ол белсенді жұмыс жүргізуде. Әсіресе, арақ- шарапқа, темекі мен есірткіге құмартушыларға қарсы насихатты батыл жүргізуді, адамдарды арақ ішпеу, маскүнемдікке ымырасыз көзқарас рухында тәрбиелеу, тіпті аз мөлшерде арақ – шараптың адам денсаулығына тигізетін нұқсанын, сондай-ақ оның қоғамдық өмірінің барлық жағына, экономикаға, адамның тұрмысына, аrojдандық келбеті мен санасына тигізетін кері жағын да нанымды ашып беруді қолға алып отыр. Жасөспірімдердің салауаттылық өмірге ұмтылысы, зиянды әдеттерді жек көрушілігі олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына яғни әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір заңдылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу мектеп жүйесі жүктеген маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады. Мағжан Жұмабаев бір сөзінде: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі...» – депті. Осы ой бүгінгі күні өзекті мәселе болып тұр. Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006ж.
2. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс-Поиск. 2009ж.№2(2)-Б.262-264.
3. Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. - Алматы: Санат, 2000ж.
- 4.Источник:http://asylbilim.kz/load/shy_armalar/oldanushylardy_shy_armalary/salauatty_mir_salty/55-1-0-513

Құнанбаев С., 2 курс студенті

Ғылыми жетешісі: ф.ғ.к., доцент Акатаева Ш.Б.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҰЛТТЫҢ ТІЛІ СОЛ ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, ЖАН ДҮНИЕСІ

Қазақстанда тұратын сан алуан ұлт өкілдерінің басын біріктіретін күш-қазақ халқы. Ал халықтың байлығы да, күші де тілде жатыр. Барлық мәдени, рухани құндылықтарды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа, ХХІ ғасырға аман алып жеткен ұлы құндылық-тіл, қасиетті қазақ тілі.

Бауыржан Момышұлы: «Тіл дегеніміз қай халықтың болсын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры» десе, Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілі жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы жанның барлық толқындарын

ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын қазына» деген. Сондықтан да, қазақ тіліне деген құрмет пен ықыласты ұлттық сана биіктігіне көтеру қажет.

Азамат баласына туа біткен ең нәзік сезім-ұлт, ұлттық мүдде. Ал олардың асыл қасиетін түсіндіретін-тіл. Ендеше, әрбір қазақстандық азамат мемлекеттік тілді шынайы түрде жанымен сезіне қабылдап, бірліктің бастауы тіл екенін ұғып, оны меңгеруді қалыптастыруы аса маңызды. Тілді білу-сыйластық пен түсіністіктің қайнар көзі екеніне қазақстандықтардың көзін жеткізіп, оның мемлекет негізі елді біріктіруші басты фактор екендігін ұғындыра, қазақ тіліне деген көзқарас пен патриоттық сезімді жетілдіру керек. Себебі, мемлекеттік тілді білген адамның бойында ұлттық, халықтық, елдік сезім болады. Олар елге, ұлтқа пайдалы ой қозғап, жауапкершілікті сезінеді, және олардың бойында ұлт болмысын ұғынатын рух, отаншылдық сезім басым болады.

Тілді білген адамның рухы биік, дәстүрге берік, әдет-ғұрыпқа адал болып, тілге өз ниетімен қызмет көрсетіп, тілге деген құрмет пен қамқорлық жасау арқылы өз міндетін орындайды.

Ел тұтастығы, мемлекет іргесінің беріктігі қымбат та құнды екені көзі ашық жандарға белгілі. Ал баршаның басын біріктіруші ұлтты сақтап, болмысын танытушы қазақ тілі-тіптен маңызды. «Тілің болса үнің бар, тілің болмаса түңің жоқ» деген Қадыр Мырза Әлінің сөзін санамыздан шығармауымыз жөн.

Кез келген елді мемлекет етіп көрсететін белгілерінің бірі-ұлт мұраты болса, құндылықтарды жеткізуші-оның мемлекеттік тілі. Ол Қазақстан мемлекеттігін оның тәуелсіздігін айқындайтын факторлардың негізі.

Ғабит Мүсіреповтың сөзімен айтатын болсақ: «Елдіктің негізгі белгісі-тілінде. Тіл-аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз».

Бай да әуезді, ырғақты да мәнерлі, шұрайлы да құнды, сарқылмас бұлақтай таза да көркем тіліміз арқылы бірегейлігімізді қалыптастырып, ел игілігі мен бірлігіне әр бере, тілдің жұлдызын жандырып, тілдің мәнін болашақ ұрпаққа түсіндіру парызымыз. Әсіресе, жастарға талап қойып, осы рухта патриоттық сезімдерін оята, ұлттық тәрбие берсе, олар тарихтан сабақ алып, тілдің жетілуіне қозғаушы күш болар еді.Өйткені қазақ: «Ақыл-жастан, асыл-тастан» дейді.Жастар болашақтың діңгегі.

Тіл дамуы бір күннің жемісі емес. Тіл күнделікті қолданыс барысында шымырлап бойға даритын, тереңірек дарыған сайын сырлары ашылып, қасиеті танылатын күрделі құбылыс.

Келешекте мемлекеттік тілімізде заң әзірлеп, ана тілімізді ғылым мен технологияның, электронды ақпарат құралдарының тіліне айналдырсақ, саясат пен мемлекетті осы тілде басқарсақ, ономастика мен жарнаманы қазақ тілінде сөйлетсек тәуелсіз еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз.

Қазақстанға тәуелсіздікке ие болу бақыты бұйырды, ол тілді толық тәуелсіз ету біздің қолымызда.

Адамзат баласын бір-бірінен ажыратып тұратын өзіндік тілі, діні, мәдениеті, әдебиеті екені белгілі. Ал мәдениеттің мәйегі ең алдымен туған тілге тіреледі. Мағжан Жұмабаев: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мәдениеті, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» десе, Мұхтар Әуезов: «Ұлттың тілі сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!» деген еді. Өз тілінде сөйлескен, өз тілінде жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы-тілі.

Кезінде Радлов: «Мен дүние жүзінде үш ұлы тілді білемін. Біреуі-француз тілі, біреуі-орыс тілі, біреуі-қазақ тілі» деп тіліміздің байлығына таң қалған еді.

Қазақстанның тілі мен дінінің діңгегі мығым болғандықтан ежелден аңсаған асқақ мұратына жетіп, көздеген биігіне шығып отыр. Тәуелсіздік рухын асқақтатқан тіл мәртебесін көтеру ешқашан күн тәртібінен түскен жоқ. Ол бүгін де елдік мәселе болғандықтан жан-жақты екшеленіп, сараланып, қайта тұжырымдалынып, олқылығы

болса оңалып мемлекеттің ең басты құндылықтарының бірі ретінде айрықша мәртебеге ие болуда. Өйткені барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Руханиятымыздың, ұлттық болмысымыздың, мемлекеттігіміздің, тәуелсіздігіміздің, болашағымыздың басты тірегі.

Қазақ тілі-қазақ халқының жан-дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен халықтың тәуелсіздігін танытатын басты белгісі. Ол-ұлт болмысын ұғындыратын, төңірегіне халықты біріктіретін фактор. Сондықтан, мемлекеттік тілді білу-өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту әрбір қазақстандық азаматтың міндеті және халықтың қаны мен жаны болып саналатын қазақ тілінің абыройын асырып, беделін биіктету барлық Қазақстан тұрғындарының адами борышы.

Біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол-тәуелсіз Қазақстан. Тіл болмай ұлт жоқ, оның мәдениеті жоқ. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Халықтың мәдениеті оның тілімен жасалатыны белгілі. Тіл тек қатынас құралы емес, ұлттың бар сипатын анықтайтын оның негізгі кілті» деген болатын.

Ұлт дегеніміз ол-сіз бен біз. Егер әрқайсымыз өз қолымыздан келетінді түгел істесек, тілдің көсегесі көгерері сөзсіз.

Асан Қайғының ой-мұңы мен Махамбеттің айбыны болған, Бұқар жыраудың парасатын пайымдатқан, ұлы Абайдың даналығын мойындатқан қазақ тілі-мәнді де мағыналы, ойлы да асқақ, астарлы да шырайлы, бейнелі де, әуезді, көрнекті де, әсем тіл.

«Біліп айтқан сөзге құн жетпейді, тауып айтқан сөзге шың жетпейді. Өзің білмесең, білгендерден үйрен, үйренгеннен ештеңең кетпейді»-деген Төле бидің сөзін басшылыққа ала отырып тілімізді меңгерсек, оны қадыр тұтсақ ол тәуелсіздіктің тұғырына айналмақ, болашақтың негізі болмақ.

Дауға салса, алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, өмірдің барлық саласында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да сұлу тіл-қазақ тілі-тәуелсіздігіміздің болашағы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2014 жыл 17 қаңтар.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1994.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2002.
5. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы, 1989.
6. Әдебиеттану сөз өнерінің сырлары. - Алматы: Мектеп, 2003.

Қыдырбай Е., 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ. магистрі Келмағанбетова Ш.С.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды к., Қазақстан Республикасы

ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН – АБАЙ

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы классик ақыны, ағартушы демократы, ұлтымыздың рухани мақтанышы. Абай өз ауылында арабша хат танығаннан кейін, он жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесінде 3 жыл оқиды. Оқуға зерек, ұғымтал Абай діни сабақтармен қоса өз бетінше араб, парсы тілдерін үйреніп, шығыс классиктері: Низами, Сағди, Хафиз, Науан, Физули еңбектерімен танысып, тағылым алады.

Абай ақыл-ой санасы толысқан шағында ел билеу ісінен аулақтанып, ақындық өнер жолына түседі. Өз бетінше шығыс, батыс, орыс елдері ақындарының, ойшыл оқымыстыларының еңбектерін оқып, білімін толықтырады. 1870 жылдарда Петербургтен айдалып келген революционер Михаэлиспен танысып, дос болады. Михаэлис Петербург университетінің студенті, Чернышевскийдің жолын қуушы, демократ-революционер еді. Михаэлис арқылы Абай айдаудағы орыс демократтары: доктор Долгополовпен, табиғат зерттеушісі, тарихшы Леонтьевпен танысады. Солар арқылы ол орыстың белгілі ақын-жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Некрасов; сыншыл, ойшыл-демократтары Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов; Батыс Еуропа ақындарымен: Гёте, Байрон, философ ойшылдарынан: Спенсор, Спиноза, Дарвин, т.б. еңбектерімен танысып, тәлім-тәрбие алады.

Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, егіншілікке, өнер-білімге шақырады.

Шығыс пен Батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.

Абай сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның ролін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы-жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақ сүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген буржуазиялық нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деді.

Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана.

Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», - дейді Абай. Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу- жан құмарлығы (жетінші сөз) деп ой түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» деген қорытынды жасайды.

Абайдың дүниенің дамуы жөніндегі көзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат құбылыстарын өзара бір-бірімен байланыста, үнемі өзгерісте, дамуда болады, адамды қоршаған ортаның – табиғаттың ішкі сырын білім-ғылым арқылы білуге болады деп қарастырады.

Ұлы ағартушы өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді. Қара басының қамын ғана ойлайтын, яғни тән қажеттігін өтеуді ғана ескеріп, рухани қажеттілікті ойламайтын, біреуді алдап, біреуді арбап күн көрушілерге, өзінен күшті әкімдер алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы болды. Ондағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ұқты:

Пайда ойлама, ар ойла

Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта

Ерінбей оқып көруге, - деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию үшін пайдаланып, паракорлықпен алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Ойында жоқ олардың

Салтыков пен Толстой

Я тілмаш, я адвокат.

Болсам деген бәрінде ой,- деп сөкті. Жастарға халық қамын ойлаған ақын-жазушылар мен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз талаптыға кез болса екен», -дейді. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімге деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған мақсат емес,

Өнердің бұдан өзге бәрі жалған.

Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін, терең түсінген ол: «Барыңды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет... өнер де, ғылымда орыста тұр. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті оны білгенге дүние арзанға түседі»¹, -деп озық мәдениетті орыс халқын өнеге етті.

«Ақыл – ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы –

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр талап,

Бұларды керек қылмас ешкім қалап...

Терей ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, - деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады. Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» т.б.) айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын, надандығын мінеп, әдебиет пен ағарту халыққа қызмет етуі, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуі қажет екендігін көрсетеді, прогресшіл орыс мәдениетіне жақындай түсуді уағыздайды. Мұндай күрделі міндеттерді шешудің жолдарын іздестіре келе, Абай өзінің «Қырқыншы сөзінде» жалпыға бірдей білім беру талабын ұсынып, қыздар да оқып, білім алу керек деп есептейді.

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбек сүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б. атап айтты. 1886 жылғы бір өлеңінде ақын:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошымн кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман,- деп өз кезіндегі жастардың осындай жағымсыз мінездері н қатаң сынға алды. Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, өсекшілдерді, адамгершілік қасиетке ұмтылмайтындарды мейлінше жек көрді. Ондайлар туралы:

Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ,

Бәрі де шаруаға келеді олақ.

Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
Бар өнері – қу борбай – сымпыс шолақ-деп, күйзеле жазады ұлы ақын.

Гуманист – ақын Абайдың XIX ғ. орта шенінде халқымыздың бойындағы жағымсыз қасиеттерді қатты сынға ала отырып, айтқан ойларының, көтерген өзекті мәселелерінің бүгін де маңызды, күн тәртібінен түспей отырғандығын атап өткіміз келеді. Абайдың айтқан ойлары бүгінгі Мақатаев сияқты ақындарымыздың ойларымен үндесіп жатыр.

Табиғатты айтсын мейлі, махабатты айтсын, адамның ары мен арманын айтсын, жан түршіген міні мен арамза мінез-қылығын айтсын, қазақтың ақиық ақыны Мұқағали ағынан жарылып айтады, әрбір өлең жолынан ақынның жүрек лүпілін естіп, жан айнасын көреміз, адам бойында әлі де арылып болмаған сұмдық пен сараңдылықтан жеріміз, жамандықтан түршіге түңілеміз. Сондықтан да ол:

Мамсапқорлардың қасынан
Шықпайтындарға ашынам !
Жалданып өскен жасынан
Жағымпаздарға ашынам !
Өзіңе ғана бас ұрам,
Сенесің бе, Отан осыған !?
Алаяқтарға ашынам !
Ашынам-дағы тасынам

Құнымды несін жасырам, - деп адам бойындағы жағымсыз мінез құлықты ашына сынға алды. Мұқағали айтқандай, осы жағымсыз қылықтар да бүгін де арамызда бой көрсетіп қалады.

Сол кезде Абайдың көтерген мәселелері бүгін де маңызды, өзектілігін ерекше айта кеткен жөн.

Абай тарихқа ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары болып келеді

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқты-барды, ертегіні термек үшін»,

- деп ақынның өзі айтқандай оның өлеңдерінің әлеуметтік, этикалық мәні мейлінше терең. Ең алдымен ол өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ой салды, оның көкірегін оятып, оны надандықтан, жаман қылықтардан сақтандырды, мәдениетті болуға, прогреске шақырды.

Абай өзінің өлеңдерінің бәрінде:
«Қалың елім қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,
Жақсы мен жаманды айырмадың

Бірі қан, бірі май боп енді еккі ұртың» – деген сөздері дәлел бола алады. Бұл өлеңде Абай ашынып, халықтың жанына тие айтады. Сондай-ақ, Абай бос даурығуға, бекер сал шашуға, өтірік, өсек айтуға, жалқаулыққа қарсы шықты. «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, адам болам десеніз», - дей келіп, Абай «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, Бес асыл іс, көнсеңіз», - деген өсиет айтты.

Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орныңды тап, пайдалы әрекет жаса, дейді. «Сен де – бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та, бар қалан!» деген сөздер соның айғағы. Қазақ елінде ойын-сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет барын ашына ескертіп, одан аулақ болуды арман етті.

«Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын», - деп жағымсыз қасиеттерден жастарды жирендіреді.

Ол А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовты ұстаз тұтты, олардың өлеңдерін, И.А.Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударды. Мәселен, «Татьянаның хатын», «Онегиннің хатын» аударып қана қойған жоқ, оған ән де шығарды.

1840 жылы М.Ю.Лермонтов Гетенің «Жолаушының түнгі әні» деген өлеңін «Горные вершины спят во тьме ночной» деген атпен аударған болатын. Гетенің бұл өлеңі көптеген ақындарға, композиторларға әсер етті. Ол Абайдың да жүрегіне ұялады. «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер маужырап» деп аударды. Сонымен қатар, Абай шығыс мәдениетінен де нәр алды. Фирдоуси, Науан, Низами, Хафиз, Сағди шығармаларына еліктеді.

1995 жылы бүкіл еліміз Абайдың 150 жылдық мерекесін ЮНЕСКО шешімі бойынша әлем болып тойлады. Ұлтымыздың рухани мақтанышы, ұлы гуманист, ақын-ағартушы Абайдың ғылыми-педагогикалық мұрасының зерттелу жайы туралы және Қазақстанда төңкеріске дейінгі педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында алатын орны туралы айтқанымызда ұлы ғұлама ойшылдың педагогикалық мұрасын алғашқы зерттеушілер, педагогика тарихы саласындағы көрнекті қазақстандық ғалымдар, педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар Т.Т.Тәжібаев, Қ.Б.Бержанов, Ә.У.Сембаев, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев және т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Ұлы гуманист-ақынның педагогикалық, тағылымдық мұраларының мәні мен маңызы бүгінгі таңда да өміршең, өзекті екендігін дәлелдейді.

XX ғасырдың басында бір кезде Шоқан, Ыбырай, Абай көтерген ағартушылық қозғалыстың туын Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтар жалғастырды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай Қара сөз. Халықаралық Абай клубы. Семей, 2007
2. Абай Құнанбаев: Библиографиялық көрсеткіш (екі тілде).
3. Құнантаева К., Халитова И. Абайдың қара
4. «Қазақ әдебиет» Жалпы білім беретін
5. А. Омаров « Абайдың қара сөздері»,
6. « Егемен Қазақстан» республикалық газеті
7. 6.Abai.kz ақпараттық порталы
8. Madenimura.kz
9. adebiet.kz әдеби әлем порталы
10. Жетісу. Энциклопедия. - Алматы : «Арыс»
11. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының»
12. Есім Ғ. Абай және Пушкин // Республикалық қоғамдық-саяси күнделікті газет
13. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы, «Атамұра».

Құрманғали Ә.Б., 3 курс студенті

Ғылыми жетекші – аға оқытушы Жар Ж.Ж.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ - ЖАСТАР

Денсаулық – зор байлық

Денсаулық ауадан аумайды, барында кім оны аңдайды.

Халық мақалы

Ел басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2030» стратегиялық даму бағдарламасында «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен

айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және т.с.с. бағытталған» делінген. «Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз. Ата бабаларымыздың бұл дана ой – пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық. Ұлттың денсаулығы ұлан асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымының деректері бойынша, денсаулыққа әсер ететін факторлардың 50-60 % өмір тіршілігіне, 20 % - тұқым қуалаушылыққа, 20 % - сыртқы ортаның жағдайына, 8-10 % - дәрігерлік көмектің деңгейіне байланысты. Бұл деректер денсаулық үшін күрестің негізгі бағыты – салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оны насихаттауға бағытталған шаралар екенін дәлелдейді. Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор.

Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді. Денсаулыққа кері, жағдайсыз әсер ететін көптеген факторлар бар: аурып жазылу; никотин мен алкогольге құмарлық; еңбектің, тұрмыстың жайсыз жағдайларының созылмалы әсері; дұрыс тамақтанбау (оның жеткіліксіздігі және шамадан тыс көптігі); көңіл күйдің жылдам ауытқуы, еңбек пен ретсіз демалыстың бұзылуы, ауаның, судың бұзылуы; дәрі-дәрмекті және тұрмыс химиялық заттарын орынсыз пайдалану. Осы факторлардың ішінде бірінші қатарда қимыл-қозғалыстың аздығы.

Салауатты өмір тіршілігінің негізгі бағыттарының бірі – қимыл-қозғалыс деңгейі. Адам тіршілігіне ауа, су, тамақ қандай керек болса, белгілі деңгейдегі қозғалыстың да маңызы сонша, оны өмір сүрудің ең басты шарттарының бірі ретінде есептейді. Табиғаттың өзі адамның қолында физиологиялық теңдесі жоқ, денсаулық тәсілін беріп отыр, ол – қимыл – қозғалыс, дене жаттығулары. Бәрі де адамның ынтасына, ықыласына, жігеріне, әркімнің өз басына, жауапкершілігіне тікелей байланысты. Адам ағзасы атадан атаға, бір адамның даму кезеңдеріне қимыл қозғалыстың әсерінен қалыптасады. Қимыл – қозғалыстың аздығы (гипокенезия) денсаулықты бұзатын себептердің бірі [1].

Айналаны қоршаған сыртқы орта факторлары әсерінен адамдардың денсаулығы қалыптасып, ол дами түседі. Қазіргі кезде денсаулықтың бірнеше түрі бар екені белгілі болды, Олар:

1. Физикалық денсаулық – ағза жүйесі мен органдардың өсу деңгейі. Оның негізін морфологиялық және функциялық кезектер қалайды. Олар ағзаның бейімделу реакциясын қамтамасыз етеді.

2. Соматикалық денсаулық – Ол адам ағзасы мен органдарының арасындағы биологиялық жағдайы. Оның негізін ағзаның жеке басы дамуының биологиялық бағдарламасы реттейді.

3. Психикалық денсаулық – ол адамның психикалық сферасының жағдайы. Ауруды болдырмау, адекватты реакцияларды жасау. «Адам өмірінің мақсатын болжау, мұның бәрі биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктен туындайды. Ағзасында функциялардың өздігінен реттенуі, функциялық үрдістердің келсімді түрде отуі, айналаны қоршаған сыртқы орта факторларының әсерлеріне бейімделу қасиеттерінің жоғары дәрежелі жағдайда болуы.

4. Рухани денсаулық — ол адамдардың информацияны қабылдау қабілеттілігі мен мотивациялық іс-әрекетінің арасындағы қарым-қатынастардың сипаттамасын көрсетеді. Оның негізгі бағалық жүйесі, индивидтердің қоғамдағы орны мен оның мотивті түрде орнығуын баяндайды. Ол адамның көңіл-күйін анықтайды. Өйткені рухани денсаулық жалпы адамдардың жомарттылығын, сүйіспеншілігін және жан- дүниесінің сұлулығын көрсетеді [2].

Көпшіліктің көкейіндегі бір мәселе, бір жерден шыққан пікір – осындай жат қылықтардан жастар мен уәкілетті органдар ғана емес, жұртшылық болып, қоғам болып күресу қажет деген түйін тұрды. Себебі бұл – қоғамдық, актуалды мәселе. Өткізілген іс-

шара барысында сындарлы диалог өрбіп, оның нәтижесінде жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мен дамыту жұмысын одан әрі жетілдіру бойынша бір қатар ұсыныстар айтылып, қортынды шығарылды. «Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз. Ұлттың денсаулығы ұлан асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет – ақ! [3]

Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы. Ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үзбей өзгерісте болады. Оны сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс - әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік –жігер қажет, онсыз баянды, әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын.

Қазіргі кезде Қазақстан халқының, оның ішінде жастардың денсаулығы төмен деңгейде. Тек, бір көрсеткіш - әскер қатарына шақырылған жастардың 50 % дене дайындықтарының нашар дамуына және денсаулықтарына байланысты қорғаныс күштерінің қатарында қызмет атқаруға жарамсыз. Бұл қауыпты жағдай Қазақстан үкіметін, әскери ұжымдарды, педагогтарды, дәрігерлерді, ғылымдарды шындап толғандыруда. Қазіргі кезде бұл проблеманы шешудің негізгі жолы салауатты өмір салтын қалыптастыру, кеңінен насихаттау болып отыр. Бұл тұрғыда елбасы « Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда, ауруларға қарсы күрес, денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз –азаматтарымызды салауатты өмір салтын әзірлеуден басталады» - деп атап көрсетті [4].

2020 жылы тұрғындардың орташа өмір сүру жасын 73 жасқа жеткізу көзделініп отыр. Медициналық қызмет сапасын арттыру және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету таяудағы 4 жыл ішіндегі денсаулық сақтау саласында іс жүзіне асырылатын стратегиялық міндет болып табылады. Ол үшін медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын, экономикадағы ауытқуларға қарамастан, тұрақты қаржылық ахуалды қамтамасыз ететін тиімді модель қажет. Осы ретте Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасының аясында елімізде 2018 жылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілетін болады [5].

Дүниежүзінің өркениетті елдерінің барлығында дерлік халық денсаулығы, әсіресе жастардың денсаулығы басты ұлттық құндылық және мемлекеттік саясаттың басым бағдары болып табылатынын баса айтқымыз келеді. Салауатты өмір салтын ұстанайық, жастар!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Дубровский В.В. Валеология. Здоровый образ жизни.- М.: Реторика, 2001.- 560 с.
2. Лисицын Ю.П. Образ жизни и здоровье населения, 2010 г.
3. Г.С.Жумадилова. Жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері. //Салауатты өмір салты: Әлеуметтік жаңарудың көрінісі ретінде. –Астана, 2009 ж.
4. Актуальные проблемы и перспективы формирования здорового образа жизни в рамках стратегии "Казахстан - 2030" / А. А. Аканов. - 2003. - № 6 . - С. 32-34
5. «Егемен Қазақстан» газеті.

Маратов М., 3 курс курсанты

Ғылыми жетекшісі- полиция майоры Токжанов Е.Н., ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

МӘҢГІЛІК ЕЛ

Қазақ халқының тарихында ғұндардан бастау алатын «Мәңгілік ел» идеясын тасқа қашалған Орхон-Енисей жазбаларынан бастап қайда барса көрге кезіккен Қорқыт ата мен өмір бойы жерұйықты іздеп өткен Асан қайғы бабамыздан кездестіруге болады.

Олардың әрекеттерінің негізінде де осы мәңгілік ел болуға ұмтылған, мәңгілік елді орнатуға деген құштарлық жатты. Асан қайғы -елдің ертеңінің жарқын, еркіндігі мен бақытының баянды болғанын армандап, қазақ жерінің түкпір-түкпірін аралап, жайлы қоныс табудың жолын іздеген данышпан. Оның аңсағаны елді орнықтыратын жайлы мекен тауып, елдің мәңгілігін жаңғырту еді. Оның іздеген жерұйығының мәні халқы тәуелсіздік құндылығын ұлықтайтын, ел-жұрты бейбіт өмір сүретін, адамгершілік пен бауырластықты ту етіп, татулықта ұйысып өмір сүретін құтты қонысты табуда болды.

«Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. [1]

Біздің мақсат-міндеттеріміз:

- Жоғары оқу орындары оқытушыларының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына» сәйкес Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметтің кадрлық құрамының сапасын қамтамасыз етуге; азаматтық қызметшілердің олардың қызметіне байланысты мемлекеттік білім беру, ғылыми-техникалық саясатпен анықталған міндеттерді іске асыруға тұлғалық-кәсіби дайындығын арттыруға; қызмет шеңберінде білім беру жүйесінің азаматтық қызметшілерінің үздіксіз білім алуына ынталандыруға ықпал ету;

- Колледж оқытушылары мен мектеп мұғалімдерінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының» талаптарына сәйкес педагогикалық қызметтің нәтижелерін: білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу, шығармашылық, пәндік конкурстарға, байқауларға, жарыстарға қатысу белсенділігін арттыруға көмектесу;

- Жоғары оқу орындары мен колледждер студенттері және мектеп оқушылары арасынан «Қазақстан тарихы» пәніне бейімді дарынды жас өрендерді анықтап, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары және мектеп мұғалімдерінің қабілетті шәкірттермен жүргізілетін жұмысты жандандыруына ғылыми-әдістемелік бағыт-бағдар беру;

- Талапты жас өрендердің ғылыми жұмыстары мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарияланып тұруына көмектесу;

- «Қазақстан тарихы» пәні бойынша колледж студенттері мен мектеп оқушыларына кәсіптік бағыт-бағдар беру;

- Жоғары оқу орындары мен колледждер студенттерін және мектеп оқушыларын ғылыми-зерттеу жобаларын орындауға тарту жолымен олардың бойына зерттеушілік дағдыларын дарыту және ғылыми жұмыстар жүргізуге баулу;

- Жоғары оқу орындары мен колледждер студенттерінің және мектеп оқушыларының Республикалық ғылыми жоба жарыстарына белсене қатысуына, журналда ғылыми жұмыстарын жариялауына көмектесу.

Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы - халықтың әл-ауқатын жақсартып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам. «Мәңгілік ел» идеясының маңыздылығын Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауының негізі етіп алып, бұл туралы өз

сөзінде: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті... Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр» деген болатын. Халықты бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа үндеген Елбасының бұл жолдауында ел халқына үлкен жауапкершілік жүктелген.

Қазіргі кездегі жаһандану үдерісі, қолжетімді ақпараттар легі жастардың бойында ақпараттарды електен өткізе білу, теріс пиғылды идеологияларға қарсы тұра білетін иммунитетті қалыптастыруды қажет етеді. Өйткені қазіргі таңда жат пиғылды ағымдардың ықпалына еріп, экстремистік әрекеттердің қатарын толықтырушылар осы жастар болып отырғаны белгілі. Жастардың мұндай әрекетке баруының басты себебі ретінде олардың білім, сауаттылық деңгейінің төмендігін айтуға болады. Экстремистік идеялар халықты өзінің ертеден келе жатқан бай рухани құндылықтары мен салт-дәстүрінен бас тартқыза отырып, мәдени, тарихи, рухани санасын жойып жіберуді көздейді. Мұндай идеология кез келген мемлекет секілді Қазақстан қоғамының да ішкі тұрақтылығына елеулі қатер төндіреді.

Бұған қарсы тұра білудің жолы жастардың діни сауатын арттыру, оларды адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрімізді бойларына сіңіріп, дәріптеу, оларды еліне, жеріне, дәстүріне, дініне жанашыр азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Қазақ елінің бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтармен сабақтасқан түрде жүзеге асады. Сол себептен де жастардың бойына қазақи құндылықтарды сіңіріп, қазіргі жаһандық даму жағдайында оларды батыс мәдениетінің негізінен алыстатып, өзіміздің рухани бай мұрамыздың құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеу - алда тұрған басты міндеттердің бірі. Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік ел» идеясының көздегені де осы болатын, яғни, төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тілімізді өркендету.

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар болғандықтан олар ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек. Мемлекеттің осы бағытта атқарып жатқан ізгі жұмыстары аз емес, солардың бірі осы - «Мәңгілік ел» идеясы. [2]

Сөздің соңына қорытындылай келгенде Елбасы Н.Назарбаев «Мәңгілік ел» идеясын Қазақстан халқының жарқын болашағы үшін қабылдаған өте маңызды және тарихи мәнге ие құжат «Бес институционалды реформаны жүзеге асыруға бағытталған нақты жүз қадам» атты бағдарламаның идеологиялық негізі етіп алды. Мұндағы «Біртектілік пен бірлік» реформасында «Мәңгілік ел» патриоттық актісі жобасын әзірлеу, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел - үлкен отбасы» кең көлемді жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, азаматтық біртектілікті нығайтудың «Менің елім» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, т.б. нақты қадамдар жүзеге асыру көзделді.

Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз — егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ете білейік!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.
2. 2014 жылғы 17 қаңтарындағы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан жолы – 2050 “Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ” атты жолдауы.

Мірәсіл Д., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші - магистр, аға оқытушы Билял Б.Қ.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

ТЕРМИНЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АТАЛЫМДАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Кез келген тілде терминжасам процесі, ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамымен, ұлттық лексикасымен жүзеге асырылады. Демек, терминдер тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалады. Осыған орай, терминдер қатарында сол тілге тән әр түрлі құрылымдылық типтері кездеседі: түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, сөз тіркесі және т.б.

Академик Ө.Айтбайұлы «Қазақ сөзі» атты еңбегінде қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдері мәселесіне кеңінен тоқталады: «Жаңа термин жасаудың тілдерде, оның ішінде, әсіресе түркі тілдерінде қалыптасқан мынадай бірнеше жолын, алдымен, атап көрсетуге болады: семантикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл және калькалау тәсілі. Аталып отырған тәсілдің бәрі де негізінен, екі түрлі арнадан туындайды. ... Оның бірі – тілімізде бұрыннан бар сөздерді терминдік мәнде қолдану болса, екіншісі – жаңа терминдерді қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктерінен пайдалана отырып жасау» [1].

Академик Ә.Т.Қайдаров «Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас» деген ғылыми мақаласында қазіргі терминжасамның мынадай 11 принципін ұсынады [2, 15-б.]:

1. Мемлекеттік тіл тірегі – терминологияға мемлекеттік қамқорлық;
2. Терминжасам ісінде көрініс беріп жатқан бұқаралық процестің жақсы үлгілерін орнықтыру;
3. Байырғы лексикалық байлығымызды сарқа пайдалану;
4. Туысқан түркі тілдері тәжірибесін іске қосу;
5. Интернационалдық терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу;
6. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау;
7. Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру;
8. Көп жылғы тәжірибе арқылы қалыптасқан дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау;
9. Лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану;
10. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин атаулардың сандық, сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру;
11. Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Жалпы терминжасам процесінің нәтижесінде жасалған терминдік бірліктерді тұтас құрылымды және көп құрылымды деп бөліп көрсетуге болады. Осы ретте терминжасам процесінің барысында туындайтын терминдердің басым көпшілігі тұтас құрылымды терминдер болып келеді.

Туынды терминдерді жасау барысында терминжасам процесінің семантикалық нәтижелері төменде келтірілген бір түрде болуы тиіс:

1) таза транспозиция (сөздің бір сөз табынан басқа сөз табына ауысып, мағынасының ешбір өзгеріссіз қалуы): *аударылған мәтін* → *аударма мәтіні*;

2) транспозиция (туынды сөздің синтаксистік сипаты мен мағынасының өзгеруі): *жеткізу* → *жеткізілім*, *түсу* → *түсім*;

3) модификация (бір сөз табына жататын сөз тудырушы және туынды сөздер терминдері арасындағы айырмашылықтар): *тіл* → *тілші*, *аударма* → *аудармашы*; *анықтама* → *анықтамалық*;

4) мутация (бір сөз табы терминдерінің грамматикалық және мағыналық ерекшеліктері): *төраға* → *төрайым*.

Мағынаның кеңеюі ғылыми және техникалық терминологияны толықтыратын ең бір өнімді тәсілдердің бірі болып саналады. Мысалы, *делдал* – *посредник, брокер, маклер, дилер*. Сол сияқты сөз мағынасының тарылуы да терминологиялық аталымның тиімді тәсілдерінің бірі. Мәселен, түрлі терминологиялық жүйелердегі түрлі мағыналар білдіретін терминдердің қолданылуы: *оператор* – *құрылыс, байланыс, кино* және т.б.; *аппаратшы* – *байланыс, мемлекеттік аппарат* т.б. Мағынаның тарылуы түрлік тар белгінің орнына кең, жалпы тектік белгінің қолданылуы тіл жүйесінде жиі қолданылатын тәсіл.

Семантикалық жылжыту (сдвиг) құбылысы, әдетте гетерожүйелік (диалектаралық) немесе диахронды (бір тіл тарихында) қарама-қайшылық ретінде қарастырылады. Мысалы, *жабдық* – «*қару-жарақ*» – «*құрал-сайман*»; *жент* – «*кітаптың қатты мұқабасы*» - «*тары жармасына май мен бал қосып жасалған тәтті тағам; қоспа*» және т.б. [4].

Семантикалық ықшамдау механизмі бір сөздің семантикасына (дифференциалды семантикалық компонент негізінде) онымен синтагматикалық байланыста болатын басқа сөз семантикасын жүктеу негізінде жүзеге асырылады. Жалпы мұндай семантикалық ықшамдау құбылысы, әсіресе, ауызекі сөйлеу тіліне тән болып келеді. Мысалы, *компьютерге теру* ® *теру*, *әскерде борышын өтеу* ® *борышын өтеу*, *қызметтен босату* ® *босату* т.б. Ал, нақты терминология саласына қатысты семантикалық ықшамдау құбылысы терминологиялық аталымның белгілі бір актісінде ғана орын алады. Мәселен, *тіл маманы* – *тілші*, *абайтану ғылымын зерттеуші* – *абайтанушы*, *шығыстану ғылымының маманы* – *шығыстанушы* және т.б.

Сөздердің синтагматикалық қатынастарын білдіретін әдетте жалпықолданыстық тілге тән лексика-семантикалық трансформация тәсілінің бір түрі – бұл метонимия. Мұнда екі ұғымның бір кеңістікте немесе уақыт аралығында шектес, іргелес болуы негізге алынады. Мысалы, арнаулы аталымдар екі денотатқа бірдей бағытталған атаулар категориясы бар: процесс әрі нәтижені білдіретін атаулар (*су ағызғыш*, *құйма*, *қорытпа*, *балқыма* т.б.); қызмет көрсететін орынды (*бөлме*, *кеңсе* т.б.) әрі адамдар тобын білдіретін атаулар (*баспа*, *цех*, *бюро*) және т.б. Ал, ауыспалы мән тудырушы тағы бір тәсіл – синекдоханың бүгіннің орнына бөлшекті, жалқының орнына жалпыны (және керісінше) атайтын атаулардың терминологияда өте сирек кездесуіне байланысты, оларды метонимияның бір түрі ретінде қарайды. Сонымен ауыспалы мән тудырушы тәсілдердің ішінде терминологияда ең көп қолданылатын – метафоралық тәсіл. Алайда терминологияда бұл тәсіл арқылы жасалған атаулар өзінің көркемдік-стилистикалық емес, ал аталымдық қызмет атқаруымен сипатталады. Метонимия мағына өзгеруінің төмендегідей тұрақты үлгілері арқылы беріледі: *оқу курсы*, *пән* ® *осы пән бойынша емтихан немесе сынақ тапсыру* (*қазақ тілін тапсыру*, *математиканы тапсыру*); *материал* ® *сол материалдан дайындалған бұйым*, *зат* (*алтын таққан* – *алтын сырға таққан*). Терминология саласында бұл тәсіл аса өнімділік танытпағанымен, оның негізінде біршама терминдер жасалуын да атап көрсетуге болады. Мысалы, *коллегия* ® *кафедра*, *сектор*, *топ*, *кеңес* және т.б. Ғалым Ш.Құрманбайұлы: «Ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы етістік терминдердің ішінде ең көп ұшырасатыны – тұйық етістік. Етістіктің бұл түрі арқылы жасалған терминдерді арнаулы салалардың барлығынан дерлік табуға болады. Мысалы, тіл білімінде – *жіктеу*, *септеу*, *қиысу*, *қабысу*, *матасу*, *меңгеру*, *үстеу*, *жалғау* т.б. Заң ғылымында – *айыптау*, *анықтау*, *беттестіру*, *ескерту*, *тергеу*, *тұтқындау*, *тінту*, *таныту*, *іздеу* т.б., геологияда – *бұрғылау*, *қабатталу*, *кептелу*, *үлгілеу*, *шаймалау*, *сүйірлену*, *ісіну* т.б., экономикада – *арзандау*, *арзандату*,

жекешелендіру, кему, қымбаттау, тұтыну, ұзарту, өткізу, үйлестіру, сақтандыру т.б., информатикада – *жобалау, жоғалу, елеу, қамығу, мүшелеу, күту, сұрыптау, перделу* т.б., әдебиеттануда – *шендестіру, әсірелеу, дамыту, теңеу, суреттеу, толғау* т.б., философияда – *адасу, қоздыру, бейнелеу, табыну, ойлау, байқау, қорыту, терістеу, шектеу, байымдау, қалыптасу* т.б., химияда – *тұтану, шіру, булану, ісіну, көмірлену, тотығу* т.б. ... Терминологияда сын есімдердің де өзіндік орны бар. Сын есімдер негізінен тіркесті терминдердің құрамында кездеседі. Мысалы, *жай сөйлем* (тіл білімі), *қара өлең* (әдебиеттану), *сары дақ* (физиология), *ащы ішек* (медицина)... Терминологияда сын есімнің зат есім сияқты дербес ешбір сөзбен тіркеспей терминденуі де ұшырасады. Мәселен, *сезікті* (подозреваемый) деп, заң ғылымында – «*қылмыс істеді деген күдікпен ұсталған және айып тағылмастан бұрын бұлтартпау шарасы қолданылған адамды*» - айтады», - деп көрсетеді [3, 17-18-бб.].

Бір лексемалы терминдер сөзжасамында ең басты өнімділік танытатын сөзжасам тәсілдері – бұл аффиксті сөзжасам мен композитті сөзжасам [4].

Композитті сөзжасам арқылы белгілі бір тұтас синтагмалық реттілік негізінде берілген сөздердің қосарлануы нәтижесінде бір лексемалы термин жасалады. Олар бірнеше жолмен жасалады: *сөзқосым, қосарлау, қысқарту*. Сөзқосым тәсілі арқылы туындаған терминдер синонимдік сөз тіркестеріне бара-бар болып келіп, олардың синтаксистік байланыстары жаңадан жасалған уәжді терминдерде сақталады. Мысалы, *әуежай, бортсерік, әнұран, оққағар, мұражай* т.б. Сөздерді қосарлау арқылы жасалған қос сөздер тілде екі сөздің қосарлануы және бір сөздің қайталануы негізінде жасалады. Мәселен, *сауда-саттық, академик-хатшы, ұшқыш-ғарышкер* т.б.

Қысқарту тәсілі тілдің ықшамдау заңдылығына байланысты пайда болған тәсіл: *филология факультеті* ® *филфак*, *мемлекеттік терминологиялық комиссия* ® *мемтерминком* т.б. Тіл білімінде қысқартулардың ерекше бір түрі ретінде акронимияны қарастырады. Акронимия дегеніміз – бастапқы сөз тіркесінің дыбыстық я әріптік қысқарымдарынан жасалған зат есімдер: *тәуелсіз мемлекеттер достастығы* ® *ТМД*, *бұқаралық ақпарат құралдары* ® *БАҚ*, *біріккен ұлттар ұйымы* ® *БҰҰ* және т.б.

Өзге тілдерден кірме терминдер қабылдау терминологиялық аталымның өнімді тәсілдерінің бірі. Кірме терминдерді әдетте лексикалық (сыртқы тұлғасы) және семантикалық (ішкі формасы немесе калькалау) деп екіге бөледі. Лексикалық кірме терминдерге мынадай сөздер мен сөз тіркестерін жатқызуға болады: *опера, балет, шахмат, альма матер, терра инкогнита* және т.б. [4].

Калькалау тәсілі арқылы жасалған терминдер де екіге бөлінеді: а) сөзжасамдық калькалар: *денсаулық сақтау здравоохранение*; семантикалық калькалар: грамматика термині *тек род* т.б. Сонымен қатар сөз тіркесті калькалау құбылысын да байқауға болады: *теміржол железная дорога, ақ алтын белое золото, қара алтын черное золото* т.б. Егер өзге тілдегі сөз жартылай ғана көшірілсе, оны жартылай калька дейді. Мысалы, *теледидар, автокөлік, велошабандоз* т.б.

Сонымен, терминологиялық аталым жүйесінде қолданылатын амал-тәсілдерге қарағанда, әрине, лексикалық аталым құралдары өзінің түрлілік жағынан да сандық жағынан да терминологияға қарағанда сан қырлы болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. –240 б.

2 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. –41 б.

3 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: «Сөздік-словарь». 2005. –240 б.

4 Редакция алқасы: Матыжанов К.І., Қапалбеков Б.С., Құлманов С., Садықова А., Байсейітова Ж. Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 300 бет.

Рымқан М., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші - магистр, аға оқытушы Билял Б.Қ.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

АУДАРМА ТҮРЛЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аударманы негізінен төмендегідей екі үлкен түрге бөлуге болады: 1) Ауызша аударма. Сөйлеген сөздер, баяндамалар ілеспе түрде ауызша аударылады, шетелдерден келген ресми өкілдер мен қонақтардың пікір алысуына аудармашылар көмектеседі; 2) Жазбаша аударма. Барлық хат-хабар, ресми құжаттар, ғылыми және көркем шығармалар жазбаша аударылады. Түпнұсқаның түрі мен мәніне қарай аударманың да қолданылатын әр алуан амал-тәсілдері бар. Мысалы, ресми құжаттарды аударғанда, түпнұсқаны қалпында бұлжытпай толық жеткізу көзделсе, ғылыми және техникалық шығармаларды аударғанда, белгілі салалардың терминологиялық ұғымдарын дұрыс беру көзделеді (Ауызша және жазбаша аударма туралы төменде кеңінен түсінік беріледі).

Қазіргі кезде аударманың түрлері оның әртүрлі белгілеріне қарай ажыратылып жүр. Мысалы, *құрылымдық сипатына қарай*: 1) жазбаша-жазбаша аударма немесе жазбаша мәтіннің жазбаша аудармасы; 2) ауызша-ауызша аударма немесе ауызша мәтіннің ауызша аудармасы (ізбе-із немесе ілеспе аударма); 3) жазбаша-ауызша аударма немесе жазбаша мәтіннің ауызша аудармасы; 4) ауызша-жазбаша аударма немесе ауызша мәтіннің жазбаша аудармасы [1, 47-48-бб.]; *жанрлық-стилистикалық түрлеріне қарай*: 1) көркем аударма; 2) ақпараттық аударма; 3) ғылыми аударма; 4) ресми аударма; 5) публицистикалық аударма; жарнамалық аударма [2, 94-108-бб.].

Сөзбе-сөз (калька) аударма – тілдік бірліктің сыртқы нысанын, ішкі мазмұнын нақпа-нақ, сол қалпында аудару дегенді білдіреді.

Калька амалы – сөзжасамның бір жолы, тілдің сөздік құрамын байытудың оңтайлы көзі деп есептеледі. Ол қоғам дамуының, тілдер арасындағы өзара ықпалдастықтың бір көрінісі және бұл қоғамның саяси-әлеуметтік қай ағымымен жүрсе де тілдің даму процесінен, қолданымдық қызметінен шегеріліп, шетке шығарылмақ емес. Өйткені сөзбе-сөз аударудың ғылыми, оқу ағарту салаларының, қоғамдық саяси және ресми стильдер тармақтарының тілден тыс және ішкі тілдік айырым-сапаларын жеткізудің рөлі жоғары. Әңгіме мынада: айталық ресми құжаттардың күрделі түрлері де (мазмұндама, ереже, жарғы т.б.) қарапайым түрлері де (кеңсе ісқағаздары) сөзбе-сөз тәржімаланады. Тілдік құралдардың осылайша топтасуын қоғамдық-әлеуметтік фактор талап етеді. Ресми құжаттың екі тілдегі нұсқасы нысаны (формасы), құрылымы мен түзілімі жағынан дәлме-дәл болуға тиіс. Түпнұсқадағы кейбір сөзді ауыстыруға, түрлендіруге, я болмаса аударуға қиын соғатынды түсіріп тастауға, сөйлемдердің орнын ауыстыруға, нақты айтқанда, ресми материалдың тілін қазақы табиғи қалыпқа бейімдеуге болмайтындығының және лингвотникалық құзыреті бар аудармашының бұған саналы түрде бармайтындығының себебі осы: мәтіндердің құқықтық мәртебесінің бірдей екенін дәлелдеу болып табылады.

Еркін (вольный) аударма дегеннің қағидасынан аудармашының түп нұсқаның мазмұнын өз бетінше әңгімелеп кетуі деген ұғым туындайды. Түпнұсқаны аудару тәсілдерінің қатарында аталып жүргенімен еркін аудармаға бой ұрып жүрген аудармашылар жоқтың қасы десе де болады. Еркін аударманы пайдаланған аудармашы түпнұсқаның мағынасы мен рухына қаныға отырып, оларды өз формасына түрлендіреді.

Аударма ежелден келе жатқан адамның іс-әрекеті. Адамзаттың дамуы (нақты айтқанда, білім, ғылым, техниканың дамуы) ұлтаралық, мемлекетаралық қатынастардың (сауда, шаруашылық, құрылыс, ғылым салаларындағы қызметтестік) нығайып тереңдеуіне алып келеді. Соның нәтижесінде аударма пайда болып, халықтардың бір-бірімен тіл табысуына зор үлес қосып келеді. Адамның атқаратын іс-әрекеттері түрленіп, байыған сайын, аударма да түрленіп, дамып келеді. Қазіргі аударматануда аударма келесі топтарға бөлініп, жіктеледі. Орындалу амалына қарай аударма жазбаша немесе ауызша түрлеріне бөлінеді. Жазбаша аударма арнайы және көркем аудармадан құрылады. Көркем аударманың нысаны көркем әдебиет, көркем сөз болса, арнайы аударма ресми құжаттарды аудару, ғылыми мәтіндерді аудару, техникалық нұсқау, оқу құралдарын аударуды қамтиды. Публицистикалық шығармаларды аудару өзінің коммуникативтік, стильдік ерекшеліктеріне байланысты көркем аудармаға жақынырақ келеді. Арнайы аударма әрекеттің мақсатына қарай мәліметті аударма мен реферативті аудармаға бөлінеді. Мәліметті аударма түпнұсқаның мазмұнын неғұрлым толық беруге бейімделсе, реферативті аударма тек қана маңызды мәліметтерді аударуға арналған. Жазбаша аударма ауызшаға қарағанда көбірек зерттелсе де, көкейкесті мәселелері әлі аз емес, әсіресе көркем аударманың. Оның түбі – көркем әдебиеттің шығармашылық іс-әрекеті болып табылып, жазушының жеке шеберлігінде.

Ауызша аударма ілеспе немесе кезекті болуы мүмкін. Кезекті аударманың ерекшелігі сөйлеуші (түпнұсқаның авторы) мен аудармашының тығыз байланыста болуында. Тіпті сөйлеуші аудармашыға сөйлеу кезегін беріп, өзі үндемей тұрады. Екеуі тыңдаушылардың алдында бірге тұрып, біртұтас қызметкер сияқты көрінеді. Кезекті аударма ойдағыдай болу үшін әңгімелейтін тақырыпты алдын ала белгілеп, ең маңызды да күрделі пайымдаулармен аудармашыны таныстыру қажет. Ол белгіленген саладағы көкейкесті мәселелер туралы хабардар болып, қажетті лексиканы, терминдерді даярлап қояды.

Ал ілеспе аударма аударманың басқа түрлерінен едәуір кейін пайда болғаны анық, себебі ол техникалық құралдармен жабдықталуы керек. Аудармашы аударылатын сөйлемдерді құлаққап арқылы естіп, микрофон арқылы аудармасын айтып отырады. Сөйлеуші (түпнұсқаның авторы) аудармашының қызметінде шаруасы жоқ, ол үлгеріп жатыр ма, айтқан сөзін түсінбей, аударма алмай жатыр ма, ешбір хабары жоқ. Кезекті аудармашы сөйлеушіден түсінбеген жерлерін (мысалы, сандарды, мекемелердің атауларын т.б.) қайта сұрап анықтап алуы мүмкін болса, ілеспе аудармашының ондай мүмкіндігі болмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). –М.: Международные отношения, 1975. –240 с.
2. Комиссаров В.Н. Слово о переводе. –М.: Международные отношения, 1973. –216 с.
3. Редакция алқасы: Матыжанов К.І., Қапалбеков Б.С., Құлманов С., Садықова А., Байсейітова Ж. Аударматану(ғылыми-практикалық көмекші құрал).–Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. –300 бет.

Секебаева С. Қ., 10 сынып оқушысы

Ғылыми жетекшісі – психолог Өмірбекова М.Қ.

№2 «БІЛІМ - ИННОВАЦИЯ» лицейі, Қарағанды қаласы., Қазақстан Республикасы

ЖАСТАР ДЕНСАУЛЫҒЫ – ЕЛІМІЗДІҢ ТАБЫСТЫ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Дүниежүзілік психикалық денсаулық федерациясы, әлемдік денсаулық сақтау ұйымының қолдауымен, 1992 жылы 10 қазанды халықаралық психикалық саулық күні деп

жариялады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, қазір жер шарындағы халықтың 25 пайызы түрлі жүйке ауруларымен ауырады. Ал Қазақстанда әрбір төртінші адамға психиатр маманның көмегі қажет. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, жер бетінде 400 миллион адам жан ауруларымен ауырады. 150 миллион адам күйзелістен зардап шексе, 60 миллион адамның ақыл – ойы кеміс. Қазақстандық мамандар, тұрғындардың арасында да бұл проблемалардың өзекті екенін айтып отыр. Алматы мемлекеттік дәрігердің біліктілігін көтеру институты, психиатрия, психотерапия және наркология кафедрасының профессоры Белгібай Амангелдіұлы, Азаттық радиосына берген сұхбатында былай деді: «Біздің қазақстанда бүкіл халықтың 10 пайызының жан саулығы төмен, 14 пайызында психологиялық денсаулық нашар. Біздің халқымыздың

10 пайызына психотерапиялық көмек керек»

Психологиялық саулық дегеніміз не? «Психологиялық саулық» категориясын

И.В. Дубровин енгізген. «Психологиялық саулық», жеке психикалық процестерге қатысты әрі «психологиялық саулық» түгелімен тұлғаға жатады, адамгершілік рухымен өзара тығыз байланысты, қарым – қатынаста көрінетін психикалық ахуал.

Психологиялы сау адамның қандай болу керектігі жөніндегі әр түрлі тәсілдер мен ізденістік зерттеу жұмыстары бар. Олардың бір – екеуіне тоқталып кетелік.

Ю.Л. Лисицын «Психологиялық денсаулық психикалық бұзылыстар мен аурулардың болмауынан да маңыздырақ, бұл – толыққанды еңбек ету, демалу, бір сөзбен айтқанда, адамға тән функцияларды іске асыру, еркін көңілді өмір сүру», ал И.И. Берхманның айтуы бойынша: «Психологиялық денсаулық дегеніміз – адамның басқаларға, табиғатқа, өзіне мейірімді қатынасы, оның әлеуметтік және тәндік үйлесімділігі. Аамның денсаулығы бұл – сенсорлы, вербалды және құрылымдық ақпараттардағы сапалық және сандық параметрлердегі күрт өзгерістер кезінде жасына сәйкес тұрақтылықтың сақталуы».

Басқаша айтқанда, психологиялық денсаулық адам құндылықтарының негізгі бір құрылымы, бақыт деген түсінікпен пара – пар деп айтуға болады. Әдетте, ересек адамдардың психикалық күйі мен психологиялық денсаулықтары балаларға әсер етпей қоймайды. Олай болса әлеуметтік ортадағы, отбасындағы келеңсіз жағдайлар баланың психикалық денсаулығына әсер етіп, психикалық күйінің құлдырауы салдарынан көптеген негативті әрекеттер жасауға дайын тұрады. Сондықтар жастар арасында бұзақылық пен тәртіп бұзушылықты болдырмас үшін, олардың психологиялық денсаулығын жақсартуды қолға алу керек.

Жастар арасындағы ішімдіктің етек жаюы, қоғамымыздағы нашақорлық проблемасының өршуі, түрлі қылмыс әрекеттерінің көбеюі, жастар арасындағы психологиялық денсаулыққа тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани – адамгершілік негізінде дене тәрбиесін сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы дене – жан мәдениетін қалыптастыру өзектілігі артуда. Бұл мәселе ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» бағдарламасында, ҚР «Білім туралы» заңында басты міндеттердің бірі ретінде көрініс тапқан.

Алдыңғы ғасырдың 80 жылдарының орта шенінде Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы денсаулық жөнінде мынандай анықтама берді: «Денсаулық дегеніміз – тек аурдың жоқтығы немесе әлсіздіктің болмауы ғана емес, қайта тән, рухани жақтарда, қоғаммен үйлесудің кемелді күйі». Адамның психологиясы мен физиологиясы бейне компьютердің жұмсақ бөлшегі мен

қатты бөлшегіне ұқсайды, екеуінің бірі кем болса болмайды. Денсаулықтың мәні үйлесімділікте.

Тамаша көңіл – күй-денсаулықтың «жұмсақ бөлшегі». Тіршіліктің ең кемінде адамзаттың тіршілігінің бір маңызды ерекшелігі сол – сезімі бар нәрсенің бәрінде көмескі реттеу күші болады. Сондықтан көңіл күйді реттеу үшін, ең түбірлі нәрсе, көңіл – күйдің өзін түсіну керек. Жайшылықта өзіміздің психологиялық барысымызды қадағалай бақылау әдетін қалыптастырсақ, көңіл – күйдің бастапқы тұсын дер кезінде байқай аламыз, әрі үйлесімді жетекшілік ете аламыз.

Физиологиялық және психологиялық сәйкестікті жүзеге асыру үшін, күнделікті тұрмыста үйлесімді азықтануға және дене шынықтыруға көңіл бөлу керек. Психологиялық және физиологиялық жақтан жаппай дамуды қамтамасыздандыру үшін, психологиялық тұрғыдан айтқанда, кең пейілді мінез – құлық жетілдіріп, ұзақ уақыт бойында алақызып абыржу күйінде болудан сақтанған жөн.

Қытай дәстүрлі шипагерлігі былай дейді: физиологиялық және психологиялық үйлесімділікті жүзеге асыру үшін, әлдебір іске жолығудан ілгері «Ашуланудан» сақтанып, сезім жағындағы өрекупді ақылмен жеңе білу керек. Өйткені «Ашулы көңіл» адам денсаулығына ерекше қатерлі. Ашу бауырға зақым жеткізіп қана қоймай, жүректі, асқазанды, миды зияндайды. Сонымен қатар, өзге де ауруларға апарып соқтырады. Бұдан сырт көңіл – күйді шеберлікпен реттеп, сыртқы дүниенің тітіркендіруіне байсалды көңі – күймен төтеп беріп, сезім жағындағы шұғыл тітіркендіруден сақтанған жөн. Сондай – ақ теріс көңіл – күйді басқа жаққа бұрып, белгілі бір іс жөніндегі ұстанымды өзгертіп, мәселелерге белсенді тұрғыдан талдау жасай білген жөн.

Сәбет Бап Баба өзінің «Психология негіздері» оқу анықтамалық қолданба еңбегінде былай жазады: «Психологиялық сауықтыру барлық жас кезеңінде балалардың психологиялық саулығын дамыту, сақтау және нығайту. Әр жас кезеңін ескере отырып, балаларға арналған дамыту бағдарламаларын жасау және оны іске асыру, сауықтыру шараларын қолдану, мектептегі тәрбие беру және оқу арқылы баланың толыққанды дамуына жағдай туғызу психологтың ең жауапты жұмыс бағыты»

«Кей кездері біз тым асығамыз. Бізді ертеңгі күніміз мазалайды, біз еріксізден бала үшін бүгінгі күн мен оның өзін де құнсыздандыра отырып, баланы ертеңгі күнге дайындаймыз. Бірақта ол бүгін өмір сүреді ғой: бүгін сезінеді, әрекет етеді, бір нәрсені қалайды...

Я.Корчактың осыған баса назар аударуы кездейсоқ емес. Ол осы қазіргі уақытты және бүгінгі күнді сыйлау (қадір тұту) керек екендігі туралы айта келіп: егер сіз балаға бүгінгі күні саналы, жауапкершілікпен өмір сүруге мүмкіндік бермесек, онда ол ертең қалай өмір сүре алмақ? – деп толғанады. Ересектер балаларға әрбір атқан таңның қуанышына бөленуге және сенуге мүмкіндік беруі керек. Бала дәл осыны қалайды. Ол ертегіге, итпен сөйлесуге, доп ойнауға, суретті мұқият қарауға, әріптерді қайталап салуға уақытын аямайды. Бұның бәрі оған ұнайды. Бұл әбден дұрыс», - деп көрсетеді психолог ғалымдар (Шерьязданова Х.Т., Әбеуова И.Ә., Нығметова Қ.Н.).

«Егер біздің жастарымыздың Отанға деген махаббаты зор болсын десек, егер біздің жастарымыз ата аналары мен ересектерге сый құрметпен қарап, еңбеккер, адамгершілігі мол болып тәрбиеленсін десек, олардың бойында нағыз азаматқа тән тұлғалық сапалы қасиеттер қалыптассын десек, рухани тұрғыда жан дүниесі бай болып жетілсін десек, біз сол мақсатқа жету үшін не істеп жатырмыз?

Ол үшін ең алдымен, өзіміз туралы ойлап көрейік, біз қандаймыз? Балаларымызға үнемі қандай психикалық қысым күйінде тұсақ та, жылышырайлық таныта аламыз ба? Уақыттың жоқтығына қарамастан, балаларға көбірек көңіл бөліп жатырмыз ба? Жеке мәселелерімізді біршама ұмытып, олардың мәселелерімен санасып жатырмыз ба?

Олай болса, мектеп оқушыларының психологиялық саулығын қамтамасыз етуді өзімізден бастау керек. Әрбір сәтте, балаларға сүйіспеншілікпен, ілтипаттылықпен, түсіністікпен, сыйластықпен қарап, олардың әрбір оңтайлы істерін бағалап, құрметтеп

отыру қажет. Сонда ғана олар өмірде бақытты сезініп, жарқын өмір сүруге талпынады деп ойлаймын.

Біз, болашақ Қазақстан Республикасының азаматтары бүгінгі мектеп табалдырығындағы оқушылар денсаулығымызға жастайымыздан қамқор болуымыз қажет.

Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының есебі бойынша адам денсаулығына 10% - дәрігерлік көмек, 15% - тұқымқуалаушылықтан, 25% - қоршаған ортадан, ал 50% адамның өзіне өзі сүру қалпына байланысты екен.

Халықта мынандай дана сөз бар:

«Ақша жоғалтқаның – ештеңе жоғалтпағаның,

Уақыт жоғалтқаның – көп нәрсе жоғалтқаның,

Денсаулық жоғалтқаның – бәрін жоғалтқаның.

«Дені сау бала әр отбасының, қуанышы, бақыты. Ал денсаулығы мықты бала халықтың болашағы, Отанның сенімді тірегі» (С.Назарбаева)

Жастар қашанда өз беттерінше әрекет етуге тырысады. Бұлайша өз бетінше ынта білдірген, әрекет еткен дұрыс, бірақ оларға мұның үлкен жауапкершілік жүктейтінін де ескерген жөн.

Адамның ішкі жан дүниесін, рухани- адамгершілік әлемін танып, жеке бас денсаулығын күтіп, дамытып, жетілдіру бағытында ізденістер жүріп жатқан қазіргі таңда, рухани адамгершілік құндылықтардың қалыптасуының түп негізі мен қозғаушы күшінің себебін анықтау – бүгінгі білім жүйесіндегі өзекті мәселе болып отыр.

Адам өзін тануды түрлі жолмен жүргізе алады. Оның ішіндегі ең тиімдісі – өз табиғатын, ойын түсіне білу адамның ойы мен іс – әрекеті өзара тығыз бюайланысты, себеп – салдарлы құбылыс. Мысалы, адал, мейірімді ойлы адамның іс – әрекеті ізгілікке толы болады. Біз өз ойымызды өз қалауымызша өзгерте аламыз. Адам қалай ойласа, солай өмір сүреді Адамның ойы заттанады. Ол жақсылық ойласа да, жамандық ойласа да, қиялға берілсе де, оның ойы нәзік қуат деңгейінде сақталады. Теріс ниеттегі ойлар азамандықты күшейтеді, ізгі ниеттегі ойлар рахымдылықты нығайтады. Ал, білім беру, ойлау және түсіну үрдісі сананың ішінде болады.

Сананы өзгерту мүлде қиын іс емес. Ойлау – бұл тек әдет ғана. Адамдар ешбір қадағалаусыз ойлауға әдеттенген. Адамның ақыл – ойы оның өміріне зор әсер етеді.

Егер адам бұрынғы ойлау дағдысынан бас тартып өз санасын өзгертетін болса, онда ол өзінің жарқын болашағының жасампазына айналады.

Түйіндей келе, жоғарыда айтылған ұлы ойшылдардың ғибрат, нақыл сөздерінің астарына үңіле отырып, жастарымызды жақсы мен жаманның не екенін психологиялық тұрғыда, ой таразысынан өткізіп, өздеріне рухани байлық алуға, ойларын тұжырымдай білуге тәрбиелеу қажет.

Жастар ұлттық салт – дәстүрдің бәрін ықыласпен қабылдап, ата – салтымыз – үлкенді сыйлап, кішіге құрмет көрсетер, қыз баланы әлпештеу тәрізді асыл дәстүрімізді, үлкен тұрғанда кіші сөйлемейтін озық өнегемізді, ұлттық психологияны – сабырлы, төзімді болу, сөздің ақырын күтер қасиеттерімізді қайта тауып, табысып жатса, ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағы кеңіп, халықтық салт – дәстүріміз қайта жаңғырар еді демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Руководство практического психолога-психическое здоровье детей и подростков в контексте психологической службы/Под ред. И.В.Дубровской. М., 1995
2. Васильева О.С., Филатов Ф.Р. Психология здоровья человека: эталоны, представления, установки. М.: Академия, 2001.
3. Слободчиков В.И., Шувалов А.В. Антропологический подход к решению проблемы психологического здоровья детей//Вопр. Психол.2001, №4. С. 91-105
4. Михайлов А.Н., Ротенберг В.С. Особенности психологической защиты в норме и при соматических заболеваниях // Вопросы психологии. 1990. №5

5. Никифоров Г.С. Психология здоровья: Учебник для вузов СПб. – Питер, 2006 – 607 с.
6. Пахальян В.Э. Развитие и психологическое здоровья. СПб.: Питер, издание 1-е, 2005, 240 с
7. Г.С. Никифоров «Практикум по психологии здоровья»
8. М.Куртышева «Как сохранить психологическое здоровье детей»
9. Шерьязданова Х.Т., Абеуова И.Ә., Нығметова Қ.Н. Психикалық және психологиялық денсаулық. Қазмемқызпединститутының Хабаршысы №6 (6) 2007.

Төлепбергенов А.Б., 11-сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: Садирбеков А.Т., тарих пәнінің мұғалімі
М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Еліміз ертеңгі болашағының іргетасын өскелең ұрпағы арқылы қалайды

Қазақстанның болашаққа жолы қазақстан жастарының даму деңгейімен, мүмкіндіктерімен, құндылық бағыттарымен, экономикалық, саяси және қоғамдық қатысу дәрежесімен байланысты.

Бүгінгі күні еліміз әлеуметтік жаңғырту бойынша жаңа ауқымды міндеттерді, жедел индустрияны және өзара тиімді экономикалық бірігу міндеттерін алдына мақсат етіп қояды. Тәуелсіздіктің 25 жылдық жетістіктерін бекітіп беріп, Қазақстан ХХІ ғасырдың үшінші он жылдығында әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуді ниет етіп отыр.

Патриотизмді қалыптастыру - қоғамның бүгінгісі мен келешегін анықтайтын қозғаушы және біріктіруші факторлар қатарына жатады.

Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев биылғы жылғы Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан патриотизмінің іргетасы - барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі» деп атап көрсеткені мәлім.

Мемлекетіміздің саяси тарихында қазақ халқының патриотизмі маңызды орынға ие. Өз елінің мүддесіне қызмет етуден көрінетін Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі.

Патриотизм – қоғамдық санадағы аса маңызды да күрделі түсініктердің бірі. Қоғам мүшелерінің өздері өмір сүріп отырған ортаға деген қарым – қатынасын реттейтін патриотизм ұғымын теориялық негіздеудің, зерттеудің өзіне тән тарихы, қалыптасуының үрдістері бар.

Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі - рух немесе ұлттық патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Патриотизм өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, мінез-құлқына, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктеріне тән ерекше тарихи ұлттық дәстүрмен тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажет.

Патриоттық тәрбие мәселесі - адамзат тарихының өне бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат.

«Патриот» сөзі (patriotes – жерлес, отандас) ежелгі грек жерінде пайда болғандықтан, оны алғашқы мағынасында сол антика ғұламалары Платон, Аристотель, Гераклит еңбектерінде пайдаланып, адам санасының туған елі мен жеріне деген құштарлық сезімін түсіндіруге қолданды.

Патриоттық тәрбие негізін дамытудың мәні жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсететін және қалыптастыратын идеялық-адамгершілік, моральдық еріктілік, еңбек және дене сапаларын тәрбиелеудегі ішкі байланыстарды анықтау және саралау болып табылады.

Патриоттық тәрбиеде қолданылатын іс-әрекет түрлері тәрбие процесінің нақты мазмұнын анықтайды. Ондай іс-әрекеттерге оқу-танымдық, спорт-қорғаныс, ойын, еңбек, қоғамдық-саяси, көркемдік-эстетикалық іс-әрекеттерді жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жағдайында барлық ұлттардың ортақ сана-сезімін қамтитын интернационализм идеясы мен ұлттық патриотизм идеясының біртұтастығы қажет. Оның темірқазығы - Қазақстанды осындағы барлық ұлттардың өз Отаным деп сезінуі болмақ.

Жалпы қазақстандық патриотизм дегеніміз - өзіңді республика халқының ажырамас бөлігі, ортақ Отан ретінде Қазақстан Республикасына сүйіспеншілік сезімі мен берілгендік, азамат ретінде халық пен елдің мүддесін қорғайтын борышты сезіну болып табылады.

Қазақстандық патриотизмге басқа халықтарға деген сыйластық, бүкіл адамзатты құрметтеу тұрғысынан қарау керек. Қазақстан мемлекетінің егемен ел болып қалыптасып, өркендеп гүлденуі ұлттық біртектілікті сақтаудан басталады. Оның басты құндылықтары - ана тілі, ұлпық рух, діни наным-сенімдермен тығыз байланысты.

Отаншылдық, ел-жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға арқау болатын халықтық рухани құндылықтың бірі - ар-намыс. Бұл - борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Шынайы Отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді,

«Отан - отбасынан басталады» дейді халық даналығы, демек, ұрпақ тәрбиесі -Отан мен ел мүддесі. Әрбір бала бір ғана отбасының ғана емес, күллі қоғамның келешегі, көктемі, бүршік атар гүлі екені жадымыздан әсте шықпағаны абзал.

Бұл, әрбір азамат туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінсін деген сөз.

Бұл - әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген сөз.

Қазақстанда тұрақты тұратын адамдардың Отаны - Қазақстан Республикасы. Адамның жақсы, бақытты өмір сүруі көп жағдайда Отанға деген сүйіспеншілігіне байланысты. Отанын сүйе білген, Отанын көркейту үшін аянбай еңбек еткен адамда бәрі де: үй-жай да құрмет те, қызмет те, алға жетелейтін шексіз арман да болады.

Отан адамның туып-өскен жерінен басталады. Әркімнің туып-өскен ауылы, кенті, қаласы - оның кіші Отаны. Ол - үлкен Отанның, Қазақстан Республикасының құрамдас бөлігі. Өйткені, әрбір ауыл, қала бүкіл Республикамен тығыз байланысты. Бүкіл елде болып жатқан тыныс-тіршілік оның түкпірінде де жалғасын табады.

Атамекен - халқымыздың ерте заманнан бері мекендеп, суын ішіп, өсіп-өніп, өмір сүріп келе жатқан кең байтақ жері. Атамекен дегенде алдымызға айдын шалқар көлдері мен мөлдір бастау қайнарлары, сарқырай аққан тасқынды өзендері, алып таулары мен жасыл желек жамылған сыңсыған орман-тоғайлар, кең байтақ, ұланғайыр далалар келеді. Бұл жердің тарихы -Қазақстан тарихы. Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір адамзат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын», - деген аталы сөз келтірген.

Халқымыздың ұлттық тәлім-тәрбиелік ұғым түсініктерінің біздің дәуіріміздің алғашқы мыңжылдығынан бастап даму тарихы ұрпақтан-ұрпаққа ұласып мирас болып келе жатыр. Мұның өте әрідегі ілкі бастаулары, түп-төркіндері Орхон-Енесей ежелгі жазба түрік ескерткіштерінен бастау алады. Бүгінгі күнге дейін сақталып, егемен мемлекетке ие болу дәрежесіне дейін көтеріліп отырған қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Күлтегін, Білгеқаған, Тоныкөктен бастап жерін, елін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы. Күлтегін жазбасында: *Кедей халықты бай қылдым, Аз*

халықты көп қылдым... Түркі иелігінен айырылған халықты Ата-баба мекеніне орнаттым... - дейді .

Одан әрі Қорқыт ата тағылымдарымен жалғасып, сол орта ғасырлардағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында, Шығыс Аристотелі атанған қазақ жерінің ұлы ғалымы Әбу Насыр Әл-Фараби еңбектерінде, сондай-ақ М.Қашқари, Р.Хорезми.,Х.Дулати ілімдерімен сәтті жалғасып, қазақ хандығы құрылған кезден былай қарай қазіргі заманымызға дейін бір-біріне сабақтасып, дамып келе жатыр.

Бүгінгі күнге дейін сақталып, егемен мемлекетке ие болу дәрежесіне дейін көтеріліп отырған қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Күлтегін, Білгеқаған, Тоныкөктен бастап жерін, елін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы.

Жоңғар сияқты алып империямен алысуға, Ресей патшалығының зеңбірегіне қылышпен қарсы шабуға жетелеген де осы патриотизмнің қуатты күші.

Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадір қасиет тұтуды ұлы дала ойшылдары Қорқыт ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари т.б. айтқан болатын.

Ықылым заманнан бізге жеткен «Қорқыт ата кітабында» тәлімдік мәні күшті, қанатты сөздер мен ұстаздық ұлағаттар көптеп кездеседі. Мысалы: «Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермен, күшінді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі», - деген екен.

Әл-Фараби өзінің «Азаматтық саясат», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу», «Риторика», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелермен бірге көркемдік, сұлулық, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, олардың негізін дәлелдеп берген.

Отаншылдық сана, отаншылдық сезім, отаншылдық іс-әрекет, отаншылдыққа өзін-өзі тәрбиелеу оның басты бағыттарын құрайды. Ал оның міндеттері өсіп келе жатқан жас буындардың ар, ұждан, намыс, құрмет, сүйіспеншілік сана-сезімін ояту, орнықтыру әрекеттерімен анықталуға тиіс. Осылардың барлығы жинақталып тұлғаны ерлік, батырлық, қайырымдылық, мейірімділік секілді ізгі істерден көрініс бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. - Алматы, 1995ж.- 259 б.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989 - 560 б.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973ж. - 446 б.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. /Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. - Алматы: Жазушы, 1986ж. - 616 б.
5. Байменова Б. С. Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы: . - Астана, 2002ж. - 27 б.
6. Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғ.ғ.). - Алматы: Ғылым, 1995ж. -160 б.
7. Құнанбаев А. Қарасөз. -Алматы: Рауан, 1995ж. -33 б.
8. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14 желтоқсан 2012ж.
9. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық - бір ел - бір тағдыр» атты тақырыппен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзі. 24 сәуір 2013ж.

Төлеукұл К.С., 2 курс курсанты
Ғылыми жетекші - Турсумбаева Н.Ж., полиция аға лейтенанты педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ

Патриотизм – отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Ел Президенті Н.Назарбаевтың: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн», – деуі патриотизмге баулудың жарқын үлгісі. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау парасатты ойдан бастау алатындай.[1]

Ал қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. Қазақстанның патриоты дегеніміз:

1. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеуі.

2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы.

3. Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімінің болуы.

4. Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға ынталы болуы т.т. [2]

Өз тарихын білу— ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысыретінде сезінуінің мәні зор болмақ. «Патриотизм» сөзі Отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне бауыр басушылықты білдіреді. Оның қазақшасы-жерлес, отандас дегенді білдіреді, яғни Отанын, ұлтын сүю, оны жаудан қорғау. Осылайша, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады. Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған. Олай болса,біз келешек жастарға осындай ұлағатты сөздерді санасына сіңіру арқылы, оның өз ата-тегін, ұлтын, халқын силауға, Отанын сүюге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға бағыт береміз.Қазақ халқының өз елін шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болып өлең-жырға қосылған Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қабанбай т.б. батырлар жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тербеліп өскен, елін, жерін сүйген батырлар. Мұндай батырларға арналған батырлар жыры да қазақтың елін, жерін, Отанын сүюінің негізі болып табылады. Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштігіертеден қалыптасқан. Оған қазақтың мақал- мәтелдері де дәлел. Мәселен, туған жер-отан туралы мақалдар-мәтелдерде: “Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас” т.б. болып кете береді. Мұндай мақал-мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, Отанын сүюіне негізделіп,өз елін, туған жерін құрметтеугетабиғатын сүюге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келе жатқанын есімізде ұстағанымыз жөн...

Бүгінгі күндегі патриоттық сана-сезімнің әлсіреуі, адамдардың өз елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімінің өзгеруі – бұл қоғамның өнегесізденуінің, халықтың тұрақсыздануы мен ыдыраушылығының ажырамас сипаты. Қазірде Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастарды демократияландыру және гуманизмдендіру негізінде патриотизмге тәрбиелеу қажет. Бұндай жаңарған қазақстандық патриотизм мазмұнын қазіргі озық мәдениет құндылықтары ғана емес, сондай-ақ, қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтары, оның айрықша руханилық, азаматтық пен өнегелілікке ұдайы ұмтылушылық құндылықтары да құрайды. Өткеннің үздік дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы өркениеттің мейлінше озық бағыттарын игере отырып, қазақстандықтар өз елін ең алдыңғы қатарлы шепке қайта шығара алады. Бұған халқымыздың жоғалмаған, қайта, жаңа әлеуметтік өмір жағдайында жаңарған патриотизмі қайта кепіл бола алады. Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Қазірде қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие— ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл Адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Бұл- келешек ұрпақтың патриот болып шығуы үшін, тәрбиелеуді ұлттық тәрбиеден бастауымыз керектігін көрсетеді. Тек тұлға ғана өзінің Отанға деген қатынасын ішкі, қастерлі сезім ретінде пайымдауға қабілетті. Сол себепті, патриотизм де тұлғаның биік даму деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани игілік ретінде түсініледі. Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады. Сонымен жалпы ойымды жинақтай келіп, қорытындыны Мағжан Жұмабаевтың мынандай ойымен аяқтағым келеді. « ...Бала аурулы, зағип болса, баладан емес, тәрбиешіден; бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. Бала істеген жауыздықтың

жазасын тәрбиеші көтерсін» деген иран елінің мәтелі-шын, дұрыс.[3]

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Саяси түсіндірме сөздік. -Алматы, 2017
2. Краткий политический словарь. — М.: Политиздат, 1989. — С.
3. Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес халықтық реформа// Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — 2015. — 12 наурыз. — 1–3-б.

Толеутаев Ш., 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Бейсембаева И.А., құқықтану пәндер оқытушы, заң ғылымының магистрі, ҚҚЭУ Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МӘНГІЛІК ЕЛ – БІЗДІҢ ТҰРАРЛЫҚ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Мәңгілік ел... Мәңгілік Қазақстан... Ата бабаларымыздың мәңгілік арманы, мәңгілік аңсары болатын. Ертеңгі аймаңдай күннен үмітті біздің елдің ұраны да, жыр-әні де сол болуға тиіс. Алайда, байлық пен абырой, жаңарулар мен жаңғырулар аспаннан жаумайды. Оған жетуден үміткер елдің еңкейген кәрісі мен жел көкірек жасы тек нәтижелі Еңбек пен тұғырлы Ғылымға ғана арқа сүйеуі қажет. Осы екеуіне тәу еткен жұрт мұратына жетеді. Сонда барып халықтың әл-ауқаты көтеріледі, сонда барып бізді әлем мойындайды, сонда барып Қазақстан жер бетіндегі азулы 30 мемлекеттің қатарынан ойып отырып орын алады. Қазақстанның Мәңгілік ел болуы дегеніміздің бір парасы осындай. Қазақстанда алдағы 15-17 жыл ішінде аса ауқымды өзгерістер мен жаңғыртулар болмақ. Дегенмен, 2050-ге жеткізер жолдағы ұлан қайыр бәсекелестікті де назардан шығармаған жөн. Бүгінгі таңда мемлекеттің қарыштап дамуының басты көрсеткіші – оның Экономикалық Ынтымақтастық пен Даму ұйымына мүшелігімен өлшенеді. Республика халқының 70 пайызы қалалық тарға айналуышарт. Қазақстан Еуразиядағы алдыңғы қатарлы медициналық туризм елі болады. Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру аяқталады. Біздің еліміз әлемдегі нағыз қой үстіне бозторғай ұя салар жұмаққа айналады. Бұл мұраттарға жету оңай емес. Әр бес жылдықтың мойнына артылар жүк аса ауқымды. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалғанда ғана біз мақсаттарымызға жетеміз.

Жоғарыдағы міндеттер мен шаруаларды орындау еңбек адамдарының қолында. Сондықтан, мемлекет ең алдымен солардың жағдайын жасауға тиіс. **Сапалы еңбек - әлеуметті қауымы аз адамдардың шаруасы...** Жолдауда айтылғандай, бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолында Елбасының айналасына бірігу «Мәңгілік ел» мұраттарымызға жетудің берік негізі болып табылады.

Жолдау «Қазақстан-2050» Стратегиясында айқындалған ерекше ауқымды міндеттерді іске асыру жолдарын ашып, дамыта түседі. Президент Жолдауы Қазақстан халқы үшін үлкен маңызға ие болды. Бір мақсат – бұл «Мәңгілік Елді» нығайту, біздің Отанымыз – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту! Бір мүдде – бұл біздің ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеген елде өмір сүруге деген талпынысымыз! Бір болашақ – бұл Мәңгілік Елдің, біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының өркендеуі!

«Мәңгілік Елдің» жеті қағидасы біздің дамуымыздың арқаулық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтайды. Себебі «Мәңгілік Ел» мұратына жету ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының көрінісі арқылы жүзеге асатындықтан да Ұлт көшбасшысының халықтың үш буынына үн қатуы кешегі тарих қойнауындағы бабалар үнін тағы да жаңғыртқандай әсер қалдырды. Елбасы тарих қатпарынан белгілі бір атаның ұлдары бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері

және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, «Мәңгілік Елге» даңғыл жол ашылатынын, Жаңа Стратегияны жүзеге асыруда қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктелетінін, бабалар өсиетіне адал, іс-қимылда ірілік көрсету қажеттігін тұжырымдай келе, бейбітшілік, тұрақтылық және гүлдену арқылы ғана ХХІ ғасыр Қазақстанның «алтын ғасырына» айнала алатындығы туралы пайымын ел-жұртына жеткізіп қойған жоқ, оған сенімді де. Қандай шаруаны болсын қолға алып, нендей мәселені көтерсе де оларды кешенді түрде қарастыратын, Үкіметтен де, қазақстандықтардан да сондай әрекетті талап ететін Елбасы бұл Жолдауында да сол ұстанымын жарқырата дәлелдеді. Барлық Жолдаулары түгелдей осы «Мәңгілік ел» идеясына қызмет ететін шаралар кешені екен. Яғни, Жолдау – мәңгіліктік ұстанымы. Ұлы мұраттардың сабақтастығы дегеніміз осы. Ендеше алдағы уақыттағы әлеуметтік, саяси жаңғыртуларды жүзеге асыруда ауызбіршілік, адалдық, біліктілік қана тиімділік әкелері сөзсіз.

Бұл Жолдау біздің дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатымызға жаңа серпін беретініне сенімдімін

Яғни Ұлттық идеяның тарихи тамыры тереңде жатқанын, ғасырлар тереңінен ой қортып, мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз армандап, әлсін-әлсін ұлт ұрпағының есіне салып, ұлттық дамудың, ұлт тағдырының бағдаршамы етіп көтеріп келген. «Қаған парызы – халқының қарнын тойғызып, мерейін өсіріп отыру. Түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі көрмедім; қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді; күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі мәңгі елім үшін!» -дейді баба Тоныкөк. Иә, бұл кешегінің ұраны, бүгіннің арманы, келешектің еншісі. Ханның мұраты, қарашаның тілегі. Мәңгі болу – мәңгілік арман. Мәңгіге шектеме болмайтыны секілді, мәңгілік елге айналу өркениетке ілескен бұл күннің толқынында жүрген жұртты арманы. Жалпы, біз ұлттың бірлігі, толеранттылық және еркіндік пен теңдік туралы халқымыздың сан ғасыр бойғы армандарының орындалуына бағытталған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың саяси бағытын қолдауымыз керек. Себебі, Қазақстан атты туған еліміз күннен-күнге көркейіп, гүлденіп келеді. Егер биік белестерді бағындырамыз десек, алдымызға ұлы мұраттар мен асыл мақсаттар қоя білгеніміз жөн. Сонда ғана Қазақстан дүниежүзінде беделді, белгілі, айшықты орынға ие болары сөзсіз. Әрине, дамыған алпауыт елдердің қатарына қосылу үшін әлі де қажырлы еңбек ету қажет. Алайда осы жолда бізге ешқандай кедергі келтірілмегенін ескерген жөн. Бүгінде Қазақстан жастары әлемнің қай елінен білім аламын десе де өз еркі. Тек жиған білімі мен талабы болса болғаны. Сол үшін ел болашағы жалынды жастардың қолында екенін естен шығармаған жөн. Ал жас ұрпақ өз кезегінде сапалы білімнен нәр алып, алға қойған мақсатына жету жолында аянбай тер төгуі қажет. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді», — дей отырып, түрік мемлекеттері интеграциясының тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетті. ХХІ ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын біз – жастар. Ендеше қияметтің қыл көпірінен сүрінбей өткен, тәуелсіз Қазақстанның табанының тұғырдан таймауын тілеп, асыл мұраты алға жетелесін демекпін.

Елбасының «Қазақстан -2050 стратегиясы»- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы жастарға да үлкен аманат жүктеп, ауыр жүк арқалатып отыр. Елбасы өз сөзінде: «Мен сіздерге — жаңа буын Қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», — деген жоқ па?! Мемлекет болса, өз тарапынан жастардың сапалы білім мен саналы тәртіп алуына, қажетті мамандықты игеруіне, өз арман-мақсаттарын жүзеге асырулары үшін бар мүмкіндіктер жасап келеді. Біздің ата-аналарымыз жете алмаған мұрат-мақсаттар, мүмкіндіктер, біздің алдымызда

айқара есігін ашып тұр, біз өз кезегімізде осы мүмкіндіктерді іске асыру барысында, бар күш-жігерімізді аямай, табысты жұмыс жасауымыз қажет.

Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарды көздеп отыр. Омар Хайам айтқандай: Сен жанбасаң лапылдап, Мен жанбасам лапылдап, Аспан қайдан ашылмақ деген дейін, - біздің жастар заман ағымынан қалыспай, ұлттық құндылықтарды сақтап, білімді, белсенді болуы керек. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ, сонда ғана біз **"Мәңгілік ел"** боламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
2. ҚР Президентінің «ҚАЗАҚСТАН-2050» – стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар

Теңізбай А.Т, студентка 3 курса

Научный руководитель – Алимбекова М.М.

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, г.Караганда, Республики Казахстан

МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛАШАҒЫ- БІЛІМДІ ҰРПАҚ, САНАЛЫ ЖАСТАР

Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік
Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ- Мәңгілік Қазақтың перзенті. Ендеше,
Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы- Мәңгілік Ел!
Н.Ә. Назарбаев

Адам – қашанда еркіндікті, бостандықты аңсайды, тек аңсап қана қоймай, сол үшін әдіс-тәсіл іздейді, күреседі. Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік – асыл арман. Оған жетудің жолы әрқилы. Негізгісі екеу. Бірі – күрес жолы, екіншісі келісім жолы. Ал тәуелсіздікке қол жеткізген соң оны сақтап қалу, одан да қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмау керек. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат керек. Ұлттық идея - халық мұраты. Атқаратын міндетіне қарай идея алуан-алуан қырымен көзге түседі. Мәселен, бірде ол сырт дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың пішіні болса, енді бірде адамның басты сенімі орнына жүреді. Әрбір тарихи даму кезеңінде өзіндік идеясы болмайтын ұлт жоқ және де кең ауқымды адамдар тобының санасы мен жүрегін жаулап алуда ешбір идея тиімділігі жағынан ұлттық идеямен теңдесе алмайтыны анық. Ұлттық идея - ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуі, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары жайлы жалпақ әлемге жар салуы. Осындай игі бастамалардың бірі ретінде Елбасының биылғы Жолдауда айтқан «Мәңгілік Ел» идеясы да осыдан туындаған деп ойлаймын.

Мәңгілік Ел- ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман- әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Ол арман- тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді.

Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол- Мәңгілік ел идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі- Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын.

Бұл- әлем кеңістігіне ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан- жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. [1,21]

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана- Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі камшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

«Қазақстан- 2050»- Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. [1,22]

Елбасымыз өзінің 2014 жылғы жолдауында былай дейді: «Жастарымызға мынаны айтамын. Бұл стратегия сіздерге арналған.

Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлық танытпаңыздар.

Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар!» [1,20]

Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасаумен байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз- белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек?

Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығында балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда.

Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. [1,12] Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сныдарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс.

Таяудағы 3 жыл ішінде, 2017 жылға дейін орын жетіспеушілігін жойып, қажетті жерлерде елдегі барлық мектепті екі ауысыммен оқытуға көшіру керек. Үкімет пен әкімдер осы міндетті орындау үшін бюджет қаражатының бөлінуін қарастырағаны жөн.

Таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру керек. Келешекте жастардың техникалық білім алуын мемлекеттік кепілдендіруге көшіруді қарастыру қажет. Үкіметке 2014 жылғы 1 маусымға дейін осы мәселе бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын.

Білім беру саласында Астана қаласында құрылып жатқан бірегей оқу орындары- «Жаңа халықаралық университет», «Арнаулы қор», және қазірдің өзінде табысты жұмыс істеп жатқан «Интеллектуалдық мектептер» секілді жобалар ерекше басымдыққа ие болмақ.

Олардың отандық білім беру жүйесінің флагманы болып, осы заманғы оқу бағдарламаларын кейіннен оларды бүкіл республика бойынша енгізетіндей етіп әзірлеу мен байқап көру жөніндегі басты алаңға айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет. [2,23]

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.

Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс.

Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. [3,53]

Жоғары оқу орнындағы білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми- зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет. [3,54]

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз жоладуында жастарға үміт арта отырып былай сөз саптаған болатын: « Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді.

Мен сіздерге- жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер.

Мемлекет басшысы ретінде мен әрдайым сіздердің оқуларыңыз бен өсіп-өнулеріңіз үшін барлық жағдайды жасауға тырыстым. [3,56] Әлемдік деңгейдегі университет, зияткерлік мектептер аштым, «Болашақ» бағдарламасын құрдым.

Қазір мемлекеттік жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірленуде. Мемлекет сіздердің алдарыңыздан жаңа мүмкіндіктер ашылуы үшін барлығын жасауда. Олар- сіздердің ата- аналарыңыз тіпті ойлап та көрмеген мүмкіндіктер.

Естеріңізде болсын: сіздердің табыстарыңыз- ата-аналарыңыздың табысы, туғандарыңыз бен туыстарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, барлық отандастарымыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы. [3,57]

Мәңгілік елдің мәңгі бақытты ұрпағы- біз! Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде бізге үлкен сенім артатынын айтып өтті. Демек, біздің алдымызда үлкен жауапкершіліктер жатыр.

Біз- Мәңгілік Елдің білімді де саналы, сауатты ұрпағы ретінде өз еліміздің, Қазақстанның, гүлденуі мен әрі қарай дамуына, көркеюіне үлесімізді қосуға тиіспіз. Артылған үміт пен сенімнің жүгі қанша ауыр болмасын, сан қилы, сан қырлы соқпақты жолдар болса да қазаққа тән қайсар мінезбен тайсалмай көтеріп өтуге тиіспіз!

Өйткені біз сонау заманда Мағжан Жұмабаев сынды ата-баларымыз сенген, бұл заманда Елбасы Н.Ә.Назарбаев секілді ұлы тұлғалар үміт артқан ұрпақпыз! Бірде қарапайым да қара қазақ, бірде сөзге шешен, данышпан, дана қазақ бола білген Ұлы Қазақ Елі- Мәңгілік елдің ұрпағымыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.-Қостанай.-2014

2. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық- жаңа экономикалық өрлеу- қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.-Алматы: « Қазақ энциклопедиясы», 2010ж.

3. Назарбаев Н.Ә.Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: 14 желтоқсан 2012ж.: Қазақстан Республикасының Президенті- елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.- Қарағанды.-2013

Үмбетов С., Дик Д.Ю., 1 курс студенттерді
Ғылыми жетешісі - М.Ә.Топашов, ф.ғ.к., доцент
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

АҚЫН ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК- ИДЕЯЛЫҚ СИПАТЫ

Қ.Мырзалиевтің бұрын басқа ақындар көп бара бермейтін ойшылдыққа қол артуы, оны сол тұстың өзінде - ақ оны өзгелерден даралап, алда әлі айтар тың пікір, соны ойларының бар екенің аңғартқан болатын. Жетпісінші жылдардан бастап жазыла бастаған экология тақырыбы да Қадырдың бұл саладағы көп ізденісінің, талмай талаптануының жемісі. Қадырдың экология тақырыбына қалам тарта бастаған тұсын анықтап, сол кездегі өзі тұрғылас басқа ақындармен салыстыра тексергенде бұл тақырыпты тек Қ. Мырзалиевтің жеке меншіктеп, өзі ғана түбегейлі игеріп келгенінің куәсі боламыз. Тірі табиғаттың азып-тозуы адамзаттың өзіне қарсы жасалған қаскөйлік екенін, сол дағдарысқа кінәлі тек өзіміз – адамдар екенін де әрдайым қайталап айтудан жалыққан емес. Содан да болар оның лирикалық кейіпкерлері көбіне үлкен істерде көрінетін күрескерлер болып келеді.

Қадырдың экология тақырыбына арнап жазылған лирикалық өлеңдерінің көбісінің басты кейіпкері – ақынның өзі. Оны лирикадағы негізгі идеядан, оған баға беруші, кесімін айтып, үкімін шығарушы ақындық «мен» арқылы іске асуынан да байқаймыз. Жоғарыдан азды-көпті талдап кеткен: «Қамысты көр», «Шарт», «Табиғат тауқыметі», «Қымбат», «Мүйізтұмсық немесе миллионның тағдыры» тағы басқа лирикаларында ақын өзінің ойын тікелей тыңдаушыға жеткізуге тырысады. Яғни, бұл өлеңдерден лирикалық қаһарман ретінде көрінетін ақынның бейнесін айқын аңғаруға болады. «Қазақ өлеңіндегі басты әдеби бейненің бірі – ақын образы»[1,67],- дегенге сүйене отырып, оның ақын лирикасындағы орнына тоқталар болсақ, Қадыр әсіресе соңғы жазған көптеген өлеңдерін тек бірінші жақтан, ақын атынан ғана баяндап қоймай, сол өзі өлеңде қозғаған мәселеге өзі жауап беріп отыратындығы да жиі кездеседі. «Қазына» деген өлеңінде:

Көзіңізбен көрдіңіз
Таумыз, түзбіз, тақырмыз.
Қазып-қазып жерді біз,
Жегідей жеп жатырмыз,

Осылай деп ащы шындықты алдымызға жайып салады. Адам баласы табиғатты тек тамағын тойдыру үшін ғана бүлдіріп жатқан жоқ, үлкен аумақтарды ядролық бомбаларды сынау үшін пайдаланып жатқанын, жер шарындағы тіршілік үшін Семей, Невада, Лобнур полигондары қаншалықты қауіпті екенін айтып түсіндірудің өзі артық. Адамдар арасындағы кейбір парықсыздардың табиғат анаға жасап отырған осынау қиянатының шынайы суретін өз поэзиясында былайша суреттейді:

Біледі жердің парқын кім!
Білмегендіктен тозды адам.
Ақымақтығынан әркімнің
Аздың-ау аздың
Боз далам!

Иә, аянышты көрініс, көкірегің қарс айырыла күрсініп еске алатын қасіретті сурет. Басқаны басқа дейік, күллі тіршілік атаулының тірегі – қара жердің өзін жегідей жеп аздыруға айналыпмыз. Ақынның өлең идеясы арқылы жеткізгісі келген ойы да сол адамдар көңіліндегі аяныш сезімін ояту, көпшіліктің шындыққа көзін жеткізу екендігі өлең мазмұнынан айқын аңғарылып тұр. Қадыр Мырзалиевтің « Бұлбұл бағында» мынадай бір сырлы шумақ бар:

Жүйрік арман қуып жете қалсаң- ақ,
Жалт береді,

Соның өзі бір сабақ!
Осалдар жүр өзін жұрттан артық деп,
Ал мықтылар өзін жұрттан кем санап!
Тап- таза шындық!

Алдымен, азамат ойдың адамында ешқашан арман таусылмақ емес. Ардан туған адам әрқашан арман қуады және арман қуудан жалықпайды, туғаннан өлгенге дейін қуады және сол арманның шегіне жетпейді, жетсе де жеткенін сезбейді. Арманым жоқ дейтіндер» қателеседі, яки өтірік айтады. Адамның арманы болмаса, ертеңі болмағаны; арман бітсе, ертеңі бітеді, мақсаты түгесілгені; арманның таусылған жері- адамның өлген жері. Саналы кісіге мұның өзі сабақ екені рас. Содан соң, осалдардың өзіне- өзі қарық боп, өз деміне өзі буланып, жіпсіп, күпсіп жүретіні, ал мықтылардың өзіне- өзі көңілі толмай, өз ісіне өзі разы болмай, өзін- өзі іштей сынап, мінеп жүретіні және рас.

Айтатыны жоқ, осалдық деген де бір ботатірсек бозбалашылық- өз көлеңкесіне өзі жігітсінген қысыр қызтекелік қой! Осалдар өпірем, өректігіш, бойлауық, күпілдек келеді! Осалдығын сонымен жасырмақ болады. Онымен де қоймай, осалдық омыраулап, мықтылықты біраз көзден тасалап, ықтыра алмаса да бұқтыра тұруы мүмкін. «Бірақ мықтылық деген- мықтылық, түбінде бір осалдық атаулының бәрін көне тамдай қопыра құлатып, сілкініп шыға келетіні сөзсіз. Осындай мықтылық иесінің бірі- Қадырдың өзі. Дәлірек айтқанда, Қадырдың қадірі – мықтылығында. Мықтылығының бір дәлелі: Қадыр өлең өлкесіне күйбеңсіз, кібірткісіз, тіпті ешқашан ешбір жаттығу жасамағандай бірден кәнігі шебер қалпында келді», [2,47]. Күні кеше шәкіртке «сөз сиқырын» үйреткен шабытты шақтарда Ұлы ұстаздың өзі шынтақ сүйеген биік мінбеге киіктің асығындай ғана шып-шымыр қара бала жүгіріп шыққан емес, тура шиырылып түскендей... дік етіп алшысынан тұра қалды да, ағытыла жөнелді:

Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып,
Және жылап өледі, өзгені де жылатып.
Жылайтыны туа сап- жамандар бар қинайтын,
Жылайтыны өлерде- жақсылар бар қимайтын.

Жым-жұрт тұна, тына тыңдаған дүйім жұрт кенет ду- ду етіп, зал іші самал шайқаған көлдей теңселді де кетті. Хаос гармонияға көшті. Жұрттың бәрі бір деммен тыныстады. әлгі шумақты тыңдаған әр адамға қас пен көздің арасында бұрын ешкім айтпаған бір сыр айтылып, ешкім аспаған бір шындық ашылды да қалды. Өлең әркімді өзінің өзгеше философиялық тереңіне тартып, оқыс ойға шомдырды да қойды.

Мемлекеттік деңгейдегі жоспарлар бойынша Ұлытау – ұлттық туризмнің басты тіректерінің бірі. Болашақта солай болары күмәнсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Шуптар В.В. Avalon Travel Guides Ұлытау: Туристік жол көрсеткіші. – Қарағанды: «Авалон» тарихи- географиялық қоғамы, 2016.-100б.
2. Орталық Қазақстан газеті. Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ 20.02.2018ж., «Бүкпесіз әңгіме – кемелдену кепілі» мақаласы.
3. <http://e-history.kz>. ҰЛЫТАУ – ТАРИХ КУӘГЕРІ: ШОТҚАРА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ КӨПІ ТАМЫЗ 2015 Источник: <http://e-history.kz/kz/publications/view/1320> © e-history.kz. Дайындаған Алтынбек ҚҰМЫРЗАҚҰЛЫ
4. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=25198>.»Ұлытауды ұлықтай білейік» 20 - қараша, 2014 ж.

Ермаганбет Д.Б. 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Жетписов С.У.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫ

Осы күндері Қазақстанның орталық бөлігін құрайтын Қарағанды облысы - елдің жүрегі және қалай өзінің аймақ көлемімен, туризм әртүрлілігімен немесе тарихи мұрағатымен және солай өзінің өнеркәсіптік пен шикізатті шамасы бойынша оның маңызды бөліктерінің біреуі. Осы күндері Қарағанды облысы – минералдарымен және шикізатымен бай аймақтық және өнеркәсіптік шама бойынша ең ірі облыс. Бұл ірі индустриалды орталық. Өзінің экономикалық, өнеркәсібі, көмір бассейні, мәдениетті, ғылыми шамасы, инфрақұрылымы бойынша облыс Қазақстанның дамуындағы бірінші орнында.

Теміржол байланысы облысты ТМД, Германия, Қытай елдердің қалаларымен байланыстырады. «Сары-Арқа» халықаралық әуежайі Ресей, Германия, Араб Эмиратына және басқа елдерге тікелей сапарларды қамтамасыз етеді. Қарағанды облысы арқылы Алматы мен Қазақстанның басты қаласы-Астанамен қосатын автомобилдік жол өтеді.

Қарағанды облысы Сары-Арқа дала кеңістігінде емін-еркін және кең жайылған. Облыстың аймағы Қазақстанның сирек шоқысының биік орталық бөлігінде орналасқан. Шығыстағы Қарқаралы тауларынан бастап батыстағы Теңіз көліне дейін, солтүстіктегі Ишим өзенінен оңтүстіктегі Шерубайнұра су қоймасына дейін орысшаға аударғанда «Желтый хребет» білдіретін, табиғаты бай берілген кең кеңістік жайылған.

Облыстың климаты – тым континенттік: жаз ыстық және құрғақ, қыс аз қарлы, бірақ қатты желді және боранды. Жазғы күндерінде температура 37 градусқа дейін көтеріледі. Ең суық ай-қаңтар. Аяздар 40 градусқа дейін болады.

Облыста екі жүзден астам үлкен және кіші өзендер бар. Облыстың басты су тамыры – Нұра өзені облыстың шығысынан батысқа қарай ағым Орталық Қазақстанның ең үлкен көлдердің біреуі Теңізге қосылады. Оңтүстік Қазақстанда Балқаш деген ең үлкен көл бар. Оның ерекшелігі мұнада, шығыс жағында су тұзды, батыс жағында су тұзсыз. Қарағанды облысы аймағында ертедегі Жібек жолдың солтүстік тарауы болған деп тарихта айтылған.

Қарағанды облысы Еуразияның нағыз орталығында орналасқан және 428 мың ш.км құрайды. Ол 1932 жылғы наурыз айында құрылған. Оны Сары-Арқа деп атайды (Алтын дала), өйткені көктемде дала саршыл – алтын түсті болып гүлдейді.

Қарағанды облысында 100 астам ұлттардың өкілдері тұрады.

Сары-Арқада ғажайып жануарлар бар-архарлар, қаракұйрықтар, дала бөкендер-сайғалар, беркүттер, қырандар, қасқырлар және түлкілер.

Облыста 200 астам үлкен және кіші өзендер бар, олардың ең үлкені Сары су және. Өзендер мен көлдерде лақа, шортан, сазан, окунь, қара балық, алабұға, ақтабан және басқа балықтардың түрлері бар. Балқаш көлінде балықтардың 20 түрі бар, олардың ішінде 6 осы Қазақстанның үлкен көлінде ғана болатын – Ілі және балқаш Маринкасы, барқытты окунь, дақты және бір түсті губачпен, сирек кездесетін көкталма.

Ұлы Жібек жолының учаскесі Орталық Азиядан Ұлытау арқылы «сары су» немесе «жезді» жол деп атайды. Оны сақталған керуен-сарайлар, нығайтылған елді мекендер, феодалдық қорғандар және қараулдық мұнаралар растайды. Керуен жолдары арқылы өркениет, қолөнерлер, сауда нығайтылды. Бұл туралы ғылымдардың археологиялық қазбалары куәландырады.

XX ғасырдың 30-40 жылдары біздің облыс Сталинмен жазаланған халықты жер аудару орны болды. Осында Алыс Шығыстан этникалық қарістерді, Поволжьедегі немістерді, батыс украиндықтарды және белорустарды, поляктарды, литовтарды, шешендерді, ыңғуштерді жер аударған. Осында азапты жұмысымен сталинның адамдары Құдайға сенген казактарды және шаруашыл кедейлерді, ғалымдарды, дінге берілгендерді «қайтадан үйреткен» қайғылы белгілі ҚАРЛАГ орналасқан. Екінші Отан соғысынан кейін Спаскеде германдық, жапондық, италяндық және румындық соғыс тұтқындардың концлагері орналасқан. Қазіргі уақытта Спаскеде сталиндық тоталитаризмнен қаза тапқандарға ескерткіш мемориалы орнатылған.

Қарағанды облысының географиялық жай-күйі Қазақстанның индустриалды орталығы болуға мүмкіндік тұғызды. Теміржол байланысы Қарағанды, Балқаш және Жезқазғанды Ресей Федерациясының, Украинаның, Қырғызстанның және Өзбекстанның қалаларымен байланыстырады. «Сарыарқа» халықаралық әуежайы Ресей, Германия, Түркия, Бірлестірілген Араб Эмиратына және басқа жерлерге тікелей сапарларды қамтамасыз етеді. Қарағанды облысы арқылы Алматы мен Қазақстанның басты қаласы Астанамен қосатын автомобилдік жол өтеді. ҚХР, Германияға, Қырғызстанға, Польшаға, Ресейдің – Мәскеу, Омбы, Новосибирск, Екатеринбург, Сочи қалаларына және басқа жерлерге халықаралық автобус сапарлары әрекет етеді. Облыстың 50 туристік фирмалары мәдениетті демалуды, экскурсияларды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетеді. Қарқаралы ауданындағы «Шахтер», «Сосновый бор», «Тасбулак» демалыс үйлері, «Жартаc», «Жосалы» санаториялары, Балқаш көлі жанындағы «Тулпар» спорт кешені кез келген қонақтың мүмкіндігіне қарастырылған демалыс, емдеу ұсынады. Облыста 3 тау шаңғылық кешені әрекет етеді: Қарқаралы тау орманының шұрайлы жерінде, Теміртауда – Жауртау тау төбесінде, Қарағандының Оңтүстік-Шығысында – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті спорттық-сауықтыру комплексінің инфра құрылымында.

Қала 1934 жылғы ақпан айында құрылды. Өзінің экономикалық, ғылыми және мәдениетті шамасымен Қарағанды қаласы Қазақстанда бірінші орында.

Космонавтардың құрметіне көшеге аттары берілді, Юрий Гагарин алаңы, «Чайка», «Космонавт», «Созвездие» қонақ үйлері, жылда келген туристер осы қонақ үйлерде тоқтайды.

Мейрамханалар мен кафелер желісі еуропалық және шығыс ас үйінің кең таңдаулы тағамдарымен қызмет көрсетуімен ұсынады. Туристарға бильярд залдары, боулинг - теннис орталықтары, аквапарктер және бассейндер саунасымен және горкаларымен ұсынылады. Жазда аквапарктен шомылып күнге күйге болады. Қала қонақтарын Қазақстан Тәуелсіздігіне 10-жылдық атындағы этнографиялық паркте, мәдени және демалу орталық паркінде, Жауынгер-интернационалистардың ескерткіш паркінде қарсы алуға қуаныштымыз. Өн сүйерлерді композиторлар, дирижерлер, әнші-музыканттар, вокалдық әншілер өздерінің классикалық музыкаларымен авторлық концерттерін көрсететін «Шалқыма» концерттік залы күтуде. Арт-галереясында, көрме залында, бейнелеу өнер мұражайында туристарды Қазақстанның дарынды суретшілермен және мүсіншілермен, сәндік-қолданбалы өнер шеберлерімен таныстырады. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қарағандықтармен жеті он жылдық бойы өткен үлкен жолдың кезеңдерін бейнелейтін экспозицияларды әрқашан жаңартады.

Әр жылдың қыркүйегінде Қарағанды облыстық қазақ және орыс Сакен Сейфуллин және Константин Станиславский атындағы драма театрларында, музыкалық комедия академиялық театрында жаңа театрдық маусым ашылады. Қала орталығында С.Сейфуллин атындағы жаңа драмалық театр. Балалармен «Буратино» құршақ театрында, Қарағанды мемлекеттік циркінде, хайуанаттар бағында, Федоровка су қоймасы жағасында демалуға болады. Орталық мәдени және демалу паркінде балаларға арналған теміржол әрекет етеді. Қазіргі кезде Г. Головкин және С. Сапиев орталықтары салынған.

Қазақстан – көп ұлтты және көп дінді егемен мемлекет. Қарағанды қаласында

мұсылмандар, католикатар, православдық христиандар, лютердер және дінді құдайға сенгендер мен деноминациялар татулықта және бірлікте өмір сүріп жатыр. Құдайға құлшылық етуі мұсылмандық мешітте, Свято-Введендік православдық соборында, қасиетті Иосифтың католиктардың соборында және церковтық сәулеті еуразиялық стандартқа сәйкес келетін басқа мәдениетті құрылыстарда өтеді. Қаланың оңтүстік-шығысында жаңа католиктік кафедралдық собордың құрылысы жүріп жатыр.

Көзді қуантады «Абзал», «Халық», «Электроника әлемі», «City Mall» сауда үйлері, «Достар-Алем», «Алатау», «Мерей» қонақ үйлері, теміржол вокзалы, әуежайы, «Шахтер» орталық стадионы. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы.

1935 жылы Самарканд поселкесі қала мәртебесін алды. Жаңа қаланы Теміртау (Железная гора) деп атады, өйткені мұнда Қазақ металлургиялық зауыты өзінің жолдамасын алды, халық Қазақстандық Магнитка дейді.

Қарағанды облысы Шет ауданында (аудандық орталық Ақсу-Аюлы) Орталық Қазақстанның аушы бүркіт пен қыран құстарды асырап үйрететін жалғыз мамандандырылған шаруашылық орналасқан. Осында бүркітшілер өнеріне үйрету, аушы құстарымен аң аулау үшін теріден жасалған бұйымдарды өндіру жөнінде қазақ ұлттық кәсібі бойынша мектеп құрылған.

Қазақтар ертеден түлкі мен қоянды аулауға бүркіттерді және қырандарды пайдаланған. Жақсы дайындалған құстар қасқыр мен джейранды да аулайды. Ұядан алынған балапанды қолға және аң аулауға үйрету үшін көп уақыт және жоғары біліктілікті талап етеді. Дайындалған қырандар, бүркіттер әлем нарығында өте қымбат бағаланады.

Қарағанды облысының ішкі туризм саласы әлі де болса бір тұтас индустрия ретінде қалыптаспаған. Бірақ туризм саласына мемлекет белсене қатысатын болса, Қазақстан экономикасындағы үлкен табысты шаруашылыққа айналдыруға болады. Әрине 5 жыл өтсін, 10 жыл өтсін деген ой-пікір болмайды, бірақ осы салада оң өзгерістер қалыптасып келеді, әлемнің туризм саласы дамыған елдерден үйрену керек, өзіміздің мамандарды дайындау қажет және де өзіміздің үйімізге махаббатпен, сүйіспеншілікпен қарауымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Курбанова. Современное состояние туризма в Казахстане: Проблемы и перспективы развития. Транзитная экономика №6 2000. –104-108 стр.
2. О развитии туризма как доходной отрасли Республики Казахстан. Официальные материалы. Алматы. Раритет. 2016г.
3. Роль туризма в устойчивом развитии Республики Казахстан. Алматы. Қазақ университеті.
4. Реальные возможности туристского рынка Казахстана. Деловой мир. Астана. 2000г. №5

Ермолаев Е., ученик 11 класса

Научный руководитель - к.э.н., доцент Замбинова Г.К.

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, г. Караганда
Республика Казахстан

РАЗВИТИЕ ЭКСТРЕМАЛЬНОГО ТУРИЗМА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Историческими предпосылками экстремального туризма в Казахстане являются становление и развитие Великого Шелкового пути, начало формирования которого относится к третьему тысячелетию до н.э.

До обретения Казахстаном независимости туризм, как и все другие отрасли экономики, был жестко регламентирован центром. Основными регионами туристской деятельности в СССР были Кавказ, Крым, Прибалтика, исторические центры России, Средней Азии. В то же время историческая значимость целого ряда архитектурных, археологических, культурных памятников и природных достопримечательностей Казахстана фактически не рекламировалась и оставалась невостребованной. Туризм в Казахстане в советский период представлял собой один из элементов системы культурно-просветительной работы, выполнявшей идеологическую функцию и, несмотря на ее доминирующую роль, финансировался по остаточному принципу и не имел существенной экономической значимости. [1]

С приобретением независимости в Казахстане была заложена основа для регулирования туристской деятельности и возрождения исторического и культурного наследия народа.

На сегодня для развитие туризма в Республике Казахстан обеспечивается Законом Республики Казахстан "О туризме" от 3 июля 1992 года N 1508-ХІІ, Указами Президента Республики Казахстан "О реализации Ташкентской декларации глав тюрко-язычных государств, проекта ЮНЕСКО и Всемирной Туристской Организации по развитию инфраструктуры туризма на Великом Шелковом пути в Республике Казахстан" от 30 апреля 1997 года N 3476 и "О Государственной программе Республики Казахстан "Возрождение исторических центров Шелкового пути, сохранение и преемственное развитие культурного наследия тюрко-язычных государств, создание инфраструктуры туризма" от 27 февраля 1998 года N 3859.

В последнее время наблюдается увеличение интереса иностранных туристов к туристским достопримечательностям Республики Казахстан. Обусловлено это явление, прежде всего, географическим положением республики, большим потенциалом в области организации туристически привлекательных маршрутов и т.д. Туристическая привлекательность Казахстана объясняется наличием уникальных природных зон и заповедников, историко-культурных достопримечательностей мирового уровня.

Грамотное использование этих ресурсов способствует развитию в республике практически всех видов туризма.

Общая экономическая ситуация в стране повлияла на состояние туристского рынка. Так, по оценкам участников казахстанской туристической индустрии спрос на услуги по выездному туризму в 2015 году снизился на 70-80% по сравнению с предыдущим годом, что повлияло и на операторов массового выездного туризма.

Несмотря на то что Казахстан имеет огромный туристско-рекреационный потенциал, на котором расположены потенциально привлекательные туристские зоны, туристическая отрасль страны характеризуется недостаточным уровнем развития. Его доля в валовом внутреннем продукте составляет около 1,6%.

Утвержденная в 2014 году Концепция развития туристской отрасли РК до 2020 года предусматривает продвижение национального туристического бренда внутри страны и создание положительного имиджа Казахстана в международном туристическом сообществе. И этому есть подтверждение, на формирование туристского имиджа Казахстана из республиканского бюджета выделены в 2013 году – 283 млн тенге, в 2014 году – 317 млн тенге и в 2015 году – 339 млн тенге. [2]

Но в то же время есть несколько основных проблем, препятствующих развитию внутреннего туризма – это и неадекватно высокие цены на размещение при достаточно низком уровне сервиса, разобщенность участников туристического рынка, отсутствие инфраструктуры, сложная система визовых и миграционных формальностей и, конечно же, слабая PR-кампания Казахстана за рубежом. А также многие иностранные туристы, приезжая в Казахстан, остаются обманутыми, обманутыми впечатлениями. Данный факт косвенно может быть подтвержден статистикой въезжающих туристов в Казахстан, в 2013

году данный показатель составил 6,8 млн туристов, и в 2014 году данный показатель уменьшился и составил 6,3 млн туристов.

Анализ въездного потока туристов в 2014 году по целям пребывания показал, что 97% нерезидентов прибывает в Казахстан с деловыми и профессиональными целями и лишь 3% туристов указали, что прибыли в Казахстан с целью отдыха и рекреации.

Необходимым условием для устранения указанных препятствий и обеспечения устойчивого развития внутреннего туризма является поддержка туризма на государственном уровне.

Для создания положительного имиджа Казахстана в международном туристическом сообществе должен быть применен кластерный подход. В последние годы в огромное внимание уделяется проблемам гостеприимства и туризма, а также отмечается резкий рост внимания к кластерам и кластерной политике. Подчеркивается их существенное значение для создания долгосрочных конкурентных преимуществ территорий, нацеленных на успешное привлечение широкой группы туристов.

В целом Концепцией предусматривается развитие пяти туристских кластеров страны: Астана, Алматы, Восточный, Южный и Западный Казахстан.

Северная и южная столицы позиционируются как центры делового туризма, Алматы также как центр международного горного туризма.

Кластер Восточный Казахстан – центр развития экологического туризма.

Кластер Южный Казахстан – культурный туризм.

Кластер Западный Казахстан – культурный и пляжный туризм. В данных кластерах предусмотрена реализация национальных проектов: Бурабай в кластере Астана, горнолыжный курорт Южный Каскелен и Кок Жайлау в кластере Алматы, Бухтарма и Катон-Карагай в кластере Восточный Казахстан, Кендерли в кластере Западный Казахстан. [3]

Создание курортной зоны предполагает три элемента капитальных затрат – внешняя магистральная инфраструктура, внутренняя инженерная и туристская инфраструктура и коммерческие объекты.

Предполагается, что развитие внешней инфраструктуры будет обеспечено полностью за счет государства.

Учитывая, что сегодня государственно-частное партнерство (ГЧП) находится на пике активности обсуждения, можно предположить, что его механизмы являются базовой конструкцией привлечения внебюджетных инвестиций в развитие туризма в Казахстане.

Эффективное развитие принципов ГЧП в сфере туризма предполагает «распределение обязательств» между государственным и частным партнерами. Основной целью ГЧП является развитие инфраструктуры в интересах общества путем объединения ресурсов и опыта государства и бизнеса, реализация общественно значимых проектов с наименьшими затратами и рискам при условии предоставления экономическим субъектам высококачественных услуг.

Кроме того, в рамках нового закона «О ГЧП» возможна частная инициатива, в рамках которого частный партнер может инициировать реализацию проекта по механизму ГЧП в отношении объекта, находящегося у него на правах собственности или долгосрочной аренды. Согласно статистике туризма Казахстана за 2014 год - 97% туристических организаций находятся в частной собственности, в государственной всего лишь 3% туристических организаций.

Другими словами, мировая практика применения механизма ГЧП в сфере туризма отвечает основным задачам развития отрасли:

1) формирование положительного имиджа Казахстана для роста популярности страны в международном туристическом сообществе;

2) повышение культурно-образовательного уровня казахстанцев, а также приобщение иностранных граждан к знаниям истории, культуры и быту народа нашей страны;

3) привлечение иностранного капитала в страну.

В 88 странах механизм ГЧП применяется как инструмент привлечения частных инвестиций в выполнение государственных задач, в частности в предоставлении туристических услуг, и вот несколько ярких примеров положительного мирового опыта применения механизма ГЧП в развитии туризма.

Турция: создание курортных комплексов в Белеке и Южной Анталии.

ЮАР: строительство и эксплуатация туристской инфраструктуры в национальных парках по концессиям.

Парижский Диснейленд: строительство уникального парка развлечений и сопутствующей инфраструктуры.

Актуальность развития национального туристического бренда заключается в том, что туризм в Казахстане является одной из приоритетных отраслей развития несырьевого сектора экономики.

Так, в ходе 27-го заседания Совета иностранных инвесторов при Президенте РК глава государства объявил об одностороннем установлении безвизового режима для граждан 10 государств, показавших наиболее высокую инвестиционную активность в Казахстане. В этом списке США, Нидерланды, Великобритания, Франция, Германия, Италия, Малайзия, ОАЭ, Республика Корея и Япония.

Также следует отметить, что наша страна активно участвует в реализации мероприятий, посвященных году туризма в СНГ, что играет немаловажную роль в повышении имиджа нашей страны.

Принимая во внимание действия, предпринимаемые в рамках реализации Концепции развития туристской отрасли РК до 2020 года, а также потенциал ряда мероприятий международного масштаба (EXPO-2017, выдвижение кандидатуры Казахстана на проведение зимней Олимпиады 2022 года и др.), можно говорить об открытии широких возможностей для повышения степени узнаваемости Казахстана на мировом рынке туризма и привлечения в страну иностранных гостей.

Благоприятные тенденции в отечественной экономике, а также государственная поддержка отрасли, связанная с реализацией программы кластерного развития, позволяют предположить, что тенденция роста общего количества туристов сохранится.

В соответствии с данными, представленными в таблице 1 можно сделать выводы относительно поступательной и устойчивой тенденции увеличения объема выполненных работ и оказанных туристских услуг в Республике Казахстан за период с 2010 по 2015 годы.

Таблица 1

Объем выполненных работ и услуг в туристической индустрии Республики Казахстан, тыс. тенге (Данные агентства РК по туризму и спорту)

	2010г.	2011г.	2012г.	2013г.	2014г.	2015г.
Всего	37 440 625,1	45 245 839,6	47 836 934,6	53 486 371,6	59 714 164,2	72 618 723,1
предоставление услуг гостиницами с ресторанами	28 558 539,3	34 529 408,7	35 263 363,5	37 184 754,9	41 940 239,4	51 946 456,5
предоставление услуг гостиницами без ресторанов	6 499 672,8	8 057 183,8	9 654 397,1	12 691 914,4	12 784 801,1	15 160 943,3

предоставление жилья на выходные и прочие периоды краткосрочного проживания	1 856 253,8	2 367 164,3	2 457 698,1	3 090 592,1	4 360 582,7	4 511 890,1
туристические лагеря, парки отдыха и развлечений	424 543,4	171 457,6	181 923,5	211 511,2	280 521,9	211 678,8
другие виды жилья	101 615,8	120 625,2	279 552,4	307 599,0	348 019,1	787 754,4

Данные приведенные в таблице 2 свидетельствуют о положительной динамике объемов выполненных работ и услуг в туристской отрасли республики. Так, по состоянию на 2010 год объем выполненных работ составлял 37 440 625,1 тысяч тенге, в 2011 году тот же показатель изменился в сторону увеличения и составил 45 245 839,6, в 2012 году наблюдался рост в пределах 47 836 934,6 тысяч тенге, в 2013 году – 53 486 371,6, а в 2015 году – 72 618 723,1 тыс. тенге.

Таким образом, за период с 2010 по 2015 год среднегодовая динамика изменения объема выполненных работ и услуг в туристской отрасли Казахстана выросла в 2 раза.

Экономическое влияние туризма на экономику страны проявляется через показатели денежных потоков, направленных из страны и в страну, которые генерируются туристским экспортом и импортом. Большая часть доходов от экспорта туристских услуг поступает от прибывающих иностранных туристов, а также от продажи билетов на отечественный транспорт и другие услуги в стране пребывания. Туристский импорт страны составляют деньги, потраченные ее гражданами во время зарубежных поездок, оплата ими транспортных расходов и других услуг в странах пребывания, а также оплата дивидендов иностранным инвесторам индустрии туризма. Разница между доходом страны от экспорта туристских услуг и стоимостью импорта туристских услуг представляет туристский платежный баланс, который может быть отрицательным (дефицит) и положительным. [4]

Так, в Республике Казахстан на современном этапе, наблюдается положительная динамика увеличения объемов въездного туризма, что говорит о позитивных тенденциях развития туристской отрасли в Республике Казахстан

Список использованной литературы:

- 1 Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 30 ноября 2015 "Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие"
- 2 Закон Республики Казахстан от 13 июня 2001 года № 211-П О туристской деятельности в Республике Казахстан
- 3 Александрова А.Ю. «Международный туризм », М 2010. - 320 с.
- 4 Богатырева Е. « Туризм и отдых» -М №6 2011.

Есмахаева Н., 3 курс студенті
Ғылыми жетекші – Манкеева Д.С. ЭБЖҚК, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ – ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БЕЛДЕУЛЕРІ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ДАМУЫ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША «ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ОБЪЕКТІЛЕРІ»

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарын халық санасына сіңірудің ерекше маңыздылығын айтып өткен болатын. Осыған орай, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен қазақ халқының тарихынан елеулі орын алатын Қазақстанның қасиетті орындарын анықтап, оның тізімін жасау қолға алынды. Ғылыми-сараптамалық кеңес ашылып, оған белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері тартылды. Аймақтарда жергілікті өлкетанушылар мен ғалымдар, облыстық әкімдіктің қатысуымен қасиетті орындарды анықтау үшін облыстық жұмыс топтары құрылды. Солардың ұсынысы бойынша Қазақстанның 100 қасиетті орындары мен кешендерінің тізімі анықталды. «Қазақстанның қасиетті орындары мен кешендері» ретінде ерекше қастерленетін табиғи, мәдени мұраның, зайырлы және діни сәулеттің айрықша қастерлі ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ, Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар ұғынылады. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы мен әлеуметтік-саяси өміріндегі маңызды орын алатын ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретіндегі нысандар, сондай-ақ ұлттық бірлік пен жаңғыру символы ретінде көрінетін мемлекеттің әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын нысандар мен кешендер кірді.

Оңтүстік Қазақстан – ежелгі цивилизацияның жері. Ежелгі дәуірден бастап қазақ жерінің тұрғындары тұрмыстық мәдениетті құраған болатын.

Ұлы жібек жолы жерінің қиылысында Оңтүстік Қазақстан облысының жері қазақ мемлекетінің бесігі болып есептеледі. Оңтүстік Қазақстан облысы тарихи ескерткіштерімен әйгілі – қорғандар, бекіністер, ежелгі қалалық кесенелер, тұрғындардың қоныс қалдықтары жетерлік. Оңтүстік Қазақстан облысының 802 тарихи және мәдени ескерткіштердің ішінен 528 археология ескерткіштері, 42 тарихи ескерткіштері, 226 архитектуралық ескерткіштер.

Оңтүстік Қазақстан облысының қалаларының ішінде Түркістан қаласы ерекше орын ерекше орын алады. XVI-XIX ғасырдағы Ұлы Жібек жолында орналасқан Түркістан қаласы Қазақ хандығының астанасы және түрік тілді халықты адамдардың орталығы.

«Түркістанда Түмен баб, Сайрамда бар сансыз баб, Отырарда отыз баб» демекші, Оңтүстік Қазақстан облысында киелі орындар көптеп кездеседі. Оларға ниеттеніп келушілердің саны кеміген емес. Өз дертіне дауа іздеуші халық, киелі орындарға ағылып жатады. Мен сол орындардың 12-сын іріктеп алдым.

Арыстан баб кесенесі - көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші.

Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы болған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған. Кесене дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Кесененің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Қазір де оның едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Қабір үстіне алғашқы белгі 12 ғ. шамасында салынған. Мазар 14 ғасырда қайта жөнделген. Арыстан баб кесенесі 20 ғасырдың басында жергілікті халықтың қаражатымен күйдірілген кірпіштен ауданы 35x12 м, биіктігі 12 м, бұрынғы Меккеге қараған есігі Түркістанға, Әзірет Сұлтанға бағытталып, Солтүстік жағы кесене, Оңтүстік жағы мешіт есебінде қайта жөнделді. Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне ыжра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген.

Бұл кесене XII ғасырда өмір сүрген діни көріпкел Арыстан баб мазарының үстіне салынған. Кесененің бірінші құрылысы XIV-XV ғасырға жатады. Сол құрылыстан кесілген айван тізбектері қалған. XVIII ғасырда көне мазардың орнында жер сілкінісінен кейін екі кесілген ағаш тізбекке тірелген айванмен салынған екі күмбезді құрылыс орнатылды. XVIII ғасырда құрылыс қиратылып, фриз жазбалары бойынша 1909 жылы қайта салынды. 1971 жылы жоғары деңгейдегі грунт сулары салдарынан мешіт құлатылып, қайта орнатылды. Құрылыс алебастр ерітіндісінде күйдірілген кірпіштен қабырғаның сырт жағына салынды. Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады. Аңыз бойынша Арыстан баб Мұхаммед пайғамбардың елшісі болған. Бір күні Мұхаммед пайғамбар өзінің шәкірттерімен құрма жеп отырған еді. Бір құрма қайта-қайта ыдыстан құлай беріп, пайғамбар ішкі дауысты естіді: «Бұл құрма Сізден кейін 400 жыл алдағы уақытта туылатын мұсылман бала Ахметке арналған». Сонда пайғамбар шәкірттері ішінен бұл құрманы кім иесіне жеткізетінін сұрайды. Ешкім сұранған жоқ. Пайғамбар сұрақты қайта қойғаннан кейін, Арыстан баб былай деді: «Егер Сіз Алла Тағаладан 400 жыл сұрап берсеңіз мен бұл құрманы иесіне жеткіземін». Халық аңыздарынан және жазба деректеріне қарағанда («Рисолаи Сарем-Исфижоб» және Куприлозада кітабы) Арыстан баб Ахмет Яссауидің ұстазы болып құрманы жеткізеді. Қазіргі кезде Арыстан баб мазары үстінде 30*13 метр аумағы бар кесене тұр. Тарихи деректер бойынша XII-XVIII ғасырларда кесене бірнеше рет қайта салынып, қайта жаңартылды. Қожа Ахмет Яссауи ұлы әулие мен діни көріпкел 1103 жылы туылып 1166 жылы қайтыс болған.

Арыстанбаб кесенесі ғасырлар бойы түрлі өңдеу-жөндеуді басынан кешірген құрылыс. Кейде Арыстанбабтың XI-XII ғасырларда өмір сүргенін тілге тиек ете отырып, оның кесенесі Арыстанбаб дүние салған соң іле-шала тұрғызылған деген жорамал айтылады. Алайда бізге жеткен қазіргі кесенеде XII ғасырдың белгілері жоқ. Бұл арада біз ислам дінінің алғашқы кезде қабыр үстіне төбесі жабық құрылыс тұрғызуға тыйым салғанын есте ұстағанымыз жөн. Осы тұрғыдан қарағанда, XII ғасырда Арыстанбаб ғимаратының болмауы да мүмкін. А.Черкасовтың жазбаларында Арыстанбаб кесенесі әулие және шәкірттері жатқан екі бөлмеден, сондай-ақ алдындағы бастырмадан тұрғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұлардың жобасы XIV ғасырдың құрылысына сай келеді. Осымен қатар бастырмадағы ұстындар да XIY ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында жасалған деген тұжырымды мамандар айтқан болатын. Яғни қазіргі Арыстанбаб құрылыс кешеніндегі қабырғалар бөлігі ең көнесі, әуелгісі болып табылады. Бұған қоса халық арасында кең тараған мынадай аңыз бар: «Қожа Ахмет кесенесінің қабырғалары қаланып болған түні алып жасыл өгіз көтерілген дуалдарды мүйізімен соғып, құлатады. Ғимарат қабырғалары қайта тұрғызылып, күмбездері қалана бастағанда бұл оқиға тағы да қайталанып, бәрі үйелген төбеге айналады. Бұл жай Әмір Темірді көп ойландырады. Түсінде бір шал келіп, аян береді, ол Қожа Ахметтің ең алғашқы ұстазы, Арыстанбаб моласының үстіне мазар көтеруге әмір ететінін жеткізеді. Бұл талап орындалған соң ғана Әмір Темір Түркістандағы құрылысын ойдағыдай аяқтайды». Арыстанбаб қабірханасының едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Тігінен көтерілген қабырғалары бір биіктікте сәулет өнерінде «желкен» деп аталатын өріммен иіліп барым күмбездің ұласады. Күмбез ауқымы кең, ыәм биік етіп тұрғызылған. Қабірхананың есігі күнбатысқа, дәлірек айтсақ, Меккеге бағышталған. Бұл қасиетті қабірлерге тағзым етудің мұсылмандық ережелерінен туындайды: зиярат етушінің беті сағанаға, арқасы құбылаға қарауға тиіс болған. Оның ұзындығы 3 м. 90 см., ені 1 м. 30 см., биіктігі 1 м. 20 см. Қабаттас, көлемі 5,4м x 5,4 м. Бөлмеде үш қабір бар. Ол да биік күмбезден жабылған. Алайда күмбездің іші алебастрмен сыланып, геометриялық үлгідегі өрнектермен нақышталған. Әулиеге кірер есіктің екі жағында екі қабір орналасқан. Шырақшылар бұларды Лашынбаб пен Қарғабаб дейді. Олар әулие қабірімен салыстырғанда аса шағын болып келген. Лашын баб қабырының көлемі 1,63м x 0,92м., Қарғабабтікі 1,70 м x 0,90 м. Осы қабарханаларға оңтүстік-батыс жақтан бірнеше бөлмелер қосылған. Екі қанаттағы

бөлмелерді біріктіріп, байланыстырып тұрған дәліз-бастырма бар. Ол әдеттегі бастырма-айвандардан өзгеше, тұтасымен қыштан өріліп, төбесі иіліп жабылған. Оның көлемі 7,60м х 4,35м. Қабырханалар, дәліз қышпен қаланып күмбезделсе, мешіт бөлігі негізінен қам кесектен тұрғызылып, төбесін жабуда ағаш кең пайдаланылған. Мешіттің ортасында В.В.Константинова жасаған жоба бойынша алты ағаш тіреу болған. Олардың үстіне қары қойылып, ағаштан қырлы күмбез қиыстырылған. Мешіт қабырғасында Мекке бағытын көрсететін ойық-михраб бар.

Зерттелуі. Арыстан баб ескерткіші деп аталатын мазарлар басқа аймақтардың бірі – Қырғызстандағы Ош өңірінде. Бірақ қырғыздардың діни-нанымдарын зерттеген ғалым С.М.Абрамзонның пікірінше, жергілікті халық бұл жерде жерленген Арыстанбабты қалмақтарға қарсы соғысқан батыр деп таниды. Яғни Оштағы Арыстанбаб ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда болған адам. Арыстанбаб қабірінің басына тұрғызылған ғимарат алғаш ғылыми әдебиетте 1898 ж.ж. И.Т.Пославскийдің «Развалины города Отрара» атты мақаласында аталады. 1903 жылы кесене түркістандық археология әуесқойлар үйірмесінің мүшесі А.Черкасовтың Отырар төбені көріп айтқаны жөніндегі есебінде аталып өтіледі. А.Черкасовты түкпір бөлмедегі Арсытанбабтың қабірі таң қалдырады: «Надгробие Арстан – Баба такой же формы, как и остальные, покрыто куском белого коленкора и поражает своими размерами. Такого роста, по ловам шейха, достигал и сам святой...». А.Черкасовтың деректері кеінірек орыс-француз тілдерінде жарық көрген. И.А.Кастеньенің «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» деген еңбегінде де қайталанады. Көп үзілістен кейін Арыстанбаб кесенесі жөніндегі ғылыми сипаттама 1950 ж. В.В.Константинованың «Некоторые архитектурные памятники по среднему течению р.Сырдарьи» деген мақаласында жарияланды. 1987 жылы «Білім мен Еңбекте» М.Сембиннің кесене жайлы мақаласы жарияланды. М.Сембин Арыстанбаб туралы мақаласында О.Дастановтың «Әулиелі жерлер туралы шындық» атты кітабындағы келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Арыстанбаб кесенесінің сәулетшісі ташкенттік Ескендір қажы болған деген болатын. «Ол өзінше бір қайта жырау, тыңнан толғау, немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті...», - деген М.Әуезов сөздері Арыстанбаб сәулетшісіне толығымен тән.

XXI ғасырдағы Арыстан баб кесенесі. Әлемге танымал “Арыстан баб” мавзолейінің құрылысы екі жыл бұрын жаңа архитектуралық кешен тұрғысында басталған. Идея авторы – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, инженер-ғалым, танымал меценат Асқар Құлыбаев болып табылады. Бір кездері Асқар Алтынбекұлы халық игілігі үшін рухани құндылық орнатуды армандаған. Бүгінде Асқар Құлыбаевтың және оның ұлдарының Қазақстанның жан азығы байлығын еселей түсу мақсатындағы сіңірген үлесі зор екендігін айту қажет. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзі бастама көтеріп, бүкіл мемлекеттік деңгейде жүзеге “Мәдени мұра” бағдарламасы асырылып жатыр.

Түркістан қаласынан 60 шақырымдай жерде жергілікті халық әулиелі мекен санайтын Укаша ата сахабаның зияраты және қасиетті құдығы бар. Келушілер Укаша сахабаның ұзындығы 20-25 метрдей ұзын қабірінің басына дұға жасаған соң, осы арадан 700-800 метрдей қашықтықта, тау басындағы құдыққа барып, тереңдігі 30 метрге дейін жететін құдыққа қауға тастайды. Ырым бойынша, әулиенің құдіретіне күмән келтірген немесе ой-пікірі теріс адамға құдық бір тамшы су бермейді. Ал ниеті таза, ықыласы күшті адамның шелегі құр қалмайды. Аңыз бойынша Укаша сахаба Мұхаммед пайғамбардың жақын серігі, күзетшісі болған екен. Пайғамбарымыздың ерекше белгісі – жауырынының астындағы мөрді сүйгендіктен, Укашаның денесі атса оқ, шапса қылыш өтпейтін қасиетке ие болған. Дұшпандары Укашаның таң алдында бүкіл денесі балбырап, Аллаға жалбарынатынын естіп, сол сәтін аңдып келіп, басын қылышпен шапқан деседі. Бірақ кесілген бас дұшпандардан домалап қаша жөнелген, сол кезде тау үстіне көктен жасын түсіп, құдық пайда болған, сол құдыққа Укаша атаның басы түсіп, ғайып болыпты. Әлгі құдық жерасты жолдарымен сонау Меккедегі зәмзәм бұлағымен жалғасады дейді айтушылар. Өйткені сахабаның басы сол зәмзәм бұлағынан шығып, өзге жолдастары

пайғамбардың қабірінің аяқ жағына жерлепті. Бұл Укашаның «Иә, Алла, менің басым пайғамбарымның аяғында жатса екен!» деген арман-тілегінің орындалғаны болса керек. «Осы хикаяға өз басым имандай сенемін», – дейді бүгінде мемлекет қамқорлығына алынған Укаша ата құдығының қорықшысы Байзақ Кенбаев.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі - ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Түркістан қаласында орналасқан. 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи қабірінің басына тұрғызылған. Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темір тікелей өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған көрінеді. Кесене - үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс. Архитектуралық жергілікті дәстүрді жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы құрылысқа негіз етіп алынған. Кесене оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Ені - 46,5 м, ұзындығы - 65 м. Күйдірілген шаршы кірпіштен өрілген. Кесене жобасының ерекшелігі - онда Орталық Азия сәулет өнерінде бұрын-соңды ұшыраспаған шатыр жабу тәсілдері қолданылған. Ескерткіште күмбезді, аркалы элементтер мол. Сәулетші-шеберлер тек аркалы күмбезді жүйенің өзіне сан түрлі әдістерді қолданған. Кесенеде аса үлкен портал (ені - 50 метрге жуық, порталдық арканың ұзындығы - 18,2 метр), бірнеше күмбезді, 35 бөлме бар. Ғимараттың биіктігі 37,5 м. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы - 1,8-2 м, қазандық қабырғаларының қалыңдығы - 3 м. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мешіт, медіресе қызметін де атқарған. Кесененің үш қабырғасының үстіңгі жағымен өтетін эпиграфтық фризде Құран Кәрім сүрелері мен аяттары жазылған. Жазулар көгілдір қышпен өрнектелген. Жазулардан «Алла», «Мұхаммед», «О, жарылқаушы», «Билік Аллада», «Алла менің әміршім», «нижранның 800 жылы» деген сөздерді оқуға болады. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары мен алты шырағдан да сәулет өнерінің інжу-маржандарының қатарына жатады. Бұларда оны жасаушы исфаһандық шебер Тадж әд-Дин Изеддиннің есімі жазылған. Қола шырағдандағы жазулар нижранның 799 жылы 20-рамазанында жасалғандығын көрсетеді. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі - қабірхана ортасында Қожа Ахмет Яссауиге құлпытас қойылған. Қабірхана есігі жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсірілген. Кесене мешітінің 16 терезесі, қос қабат күмбезі бар. Мешіттің батыс жақ қабырғасына Меккедегі Қағба іспетті 3,5-2,5 метрлік мозаикалық михраб орнатылған. Кесененің оңтүстік-батыс жағындағы Аллаға құлшылық етуге арналған жер асты ғибадатханалары Яссауидің тірі кезінде жасалып, кейін қайта жаңғыртылған. 16 ғасырдан кесенеде және оның төңірегінде қазақ халқының атақты адамдары (Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, т.б.) жерлене бастады. 19 ғасырдың алғашқы ширегінде Қоқан билеушілері кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оның төңірегіне қамал-бекіністер салуды қолға алды. 1864 жылы Түркістан қаласын жаулап алған Ресей отаршылары зеңбірекпен атып, кесененің 11 тұсына зақым келтірді. 19 ғасырдың соңына қарай Қожа Ахмет Яссауи кесенесі тарихи-мәдени мұра ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады. 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Яссауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы тамыздың 28-інде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.

Домалақ ана кесенесі - сәулетті ескерткіш. Қаратаудың күнегей бетінде, Балабөген өзенінің аңғарында орналасқан. Қазақ халқының абыз аналарының бірі, халық арасында Домалақ ана атанған Нұрилә Әли Сланқызының зиратының басына тұрғызылған. Нұрилә - араб сөзі, қазақша «Алланың нұры» деген ұғым береді. Нұрилә (Домалақ ана) - Бәйдібек бабамыздың үшінші әйелі. Домалақ ана өзінің ақылдылығымен ел ішінің бірлігінің ұйытқысы бола білген. Тарихи жазбаларда Домалақ ананың адамгершілігі, әдептілігі, парасаттылығы мен шыншылдығы және аналық қасиетінің

арқасында «Домалақ ана» аталуы жайлы көптеген деректер жазылған. Домалақ ана Жетісу, Әулиеата, Шымкент, Ташкентті мекен еткен барлық халықтың анасы саналады. Оның баласы Жарықшақ Ташкент әмірінің көмекшісі, кейін Жетісу аймағының билеушісі болған. Есенбұға ханның бас уәзірі қызметін атқарған. Бірде Домалақ ананың түсіне ері Бәйдібек ата кіріп, туған мекені Қаратауға көш деп аян береді. Осы жол сілтеумен өмірінің соңғы уақыттарын Қаратауда өткізген аяулы ана намаз уақытында қайтыс болады. 1456 жылы Домалақ ананың немересі Дулат Бұхарадан Абдулла Шері есімді шеберді алдыртып, ана басына төрт қанатты күмбезделген кесене-там тұрғызады. Домалақ ана кесенесі бірнеше рет бұзылып қайта өңделген. XX ғасырдың басында қойылған ескерткіш дөңгелек пішінді, сыртынан алты нишалы, ал күмбез негізгі ғимараттың үстінде болған. 1957 жылы қайта жаңартылғанымен кесене көп сақталмаған. 1996 жылы Маңғыстаудан арнайы әкелінген ақ таспен жаңадан өрілген. Жерден биіктігі 12 метр биіктікте сегіз жапырақты етіп өріліп, негізгі бөлігіне күмбез орнатылған. Домалақ ана кесенесіне 2000 жылы айналасын көркейту-көгалдандыру жұмыстары толық аяқталған. Кесененің құрылысын жүргізуші және жобасын жасаушы сәулетшісі - Саин Назарбеков. Ғимаратта түрлі көне қолжазбалар сақталған. Бүгінде және бұған дейін аталған кесене көпшіліктің тәу етер қасиетті орынға айналған. Бұл жерде негізге бұрыннан белгілі формалар мен мотивтерді қиыстыру арқылы жаңа ғимарат салу идеясы емес, ассоциативтік қатарлар тұзу жолымен байырғы қазақтың халықтық мұрасын басқа, күрделірек деңгейде тереңінен меңгеру әдісі қолданылған. Табыну ғимараттарының белгілі бөліктері - портал, күмбез, мұнаралар - өзге илімділік тілінің көмегімен, сезімдік-көркемдік дәрежеде ортаазиялық классикалық емес, қазақтың далалық көне өнерімен үндес жасалған.

Ақмешіт әулие үңгірі – Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданында орналасқан. Өктасты жыныстар қабатында пайда болған ойық жарқабақ үңгір ұзындығы 254, ені 65, биіктігі 25 м. Жарқабақ саңылауларынан мезгіл-мезгіл су тамып тұрады. Ішінен қарағанда ернеуі киіз үйдің шаңырағы секілді көрінеді. Ел арасында бір кездері онда бір әулие әулетімен киіз үй тігіп, сатымен шығып-түсіп жүрген деген де аңыз айтылады. Үңгірге перзент көрмеген кейбір ерлі-зайыптылар, ауру адамдар әлі күнге дейін түнеп, мінәжат етеді. Ақмешіт үңгіріне Алладан перзент сұрап немесе қиындықтан шығудың жолын тілеп келуші зияратшылардың саны көп. Ақмешіт үңгіріндегі шырақшы «Бұл жер — перзент сұрағандарға – перзент, шын ниеттеніп келгендердің ниетін қабыл ететін киелі жер. Сондай-ақ тіл,көз,дуаны сылып тастайды,–дейді. Үңгірдің ішінде ұзындығы 7-8 метрдей жырық бар. Сонымен адамдар еңбектей көтеріліп, Алладан тілек тілейді. Ақмешіт үңгірімен байланысты бірнеше аңыз әңгіме бар. Солардың бірі бұл үңгірде халық үшін маңызды үлкен мешіт болған. Орталық күмбезге келетін төрт жер асты жолдары болған. Жер қыртысының өзгерістеріне байланысты, жер асты жолдары жабылып, бірнеше жылдар жерастында қалған. Тек, XX ғасырдың басында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде күмбезді орын қалпына келтірілген. Ақмешіт атауын алған бұл үңгір, келушілерді өзінің ерекше тылсым дүниесімен қызықтыруда.

Қазақ даласында аналарымызға арналған тарихи ескерткіштер де өте көп. Мәселен, Домалақ ана кесенесі, Айша бибі мазары, Қарашаш ана, Гауһар ана кесенесі және т.б. Әр ескерткіштің өз тарихы бар.

Түркістанның оңтүстік-шығыс бөлігінде анадайдан мен-мұндалап Гауһар ана кесенесі көзге түседі. Гаухар ана – ұлы ақын, ойшыл Қожа Ахмет Йассаудің қызы. Анамыз туралы жазылған аңыз-әңгімелерге сүйенсек, емшілік қасиеті ерекше жан болған деседі. Әлі күнге дейін ана кесенесінің маңында емдік қасиеттері бар артезиан суы шығатын құдықтар көптеп кездеседі. Қожа Ахмет Йассауи мен Гауһар ана кесенесі арасында жерасты жолы бар деген аңыздар да бар. Гауһар анамыз әкесі жерасты қылуына түскен кезде өмірден өтеді. Қылуынан күн шуағына шықпау үшін Йассауи бабамыз қызының мазарына барып тұру үшін жерасты жолын салған деседі. Бірақ тарихи деректерде жерасты жолы туралы мағлұмат көп кездеспейді.

Аңыз-әңгімелерде Гауһар ананың баласы болмағанын айтады. Әкесі «Еміңнен жазылған адамдардың бәрі – сенің балаларың» деп қызын жұбатқан деседі. Ана өмірден өтерінде: «Мені інім Ибраһим шайхтың қаны төгілген жерге қойыңдар» деп аманаттаған екен. Гауһар ананың інісі Ибраһим халық өздері қазған құдықтан рұқсатсыз су алғаны үшін кетпенмен шауып өлтірген екен. Нақақтан-нақақ жаны қиылған бауырының қаны төгілген жерде Гауһар ананың мазары жатыр. Деректерде, анамыздың ақылы көркіне сай ерекше жан болғандығы айтылады.

Гаухар ана кесенесі – өте көне ескерткіштердің бірі. Тіпті, патшалық Ресей кезінде ескерткіш мүжіліп, жартысы құлап қалған екен. Кейін ел тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қайта кесене тұрғызылды.

Бүгінде Гаухар ана кесенесіне келушілер нөпірі өте көп. Олардың көбі дертіне шипа іздеп келеді. Талай жанды емдеп, ауруынан айықтырған қасиетті ананың шарапаты тисе деп тілейді. Тіпті кейбіреулер дертінен құлантаза айығып кетіп жатады. Бұл не құдірет? Табиғаттың тылсым сыры ма?

Бұл бізге белгілі мағлұматтар ғана. Одан бөлек, мұндай көне ескерткіштердің тарихы көп жазылмаған. Еліміздегі тарихи ескерткіштер туралы аңыз-әңгімелер айтылғанымен, нақты деректер жоқтың қасы. Гауһар ана кесенесінің жанындағы құдықтар қалай пайда болды? Адам жанына шипа болатын қасиетті суды медициналық орталықтарда пайдалануға бола ма? Осыны зерттеп көрген біреу бар ма? Бізді жиі мазалайтын ой осы...

Жылаған ата үңгірі – Түркістан қаласынан 80 шақырымдай жерде. Үңгір аузының биіктігі 3-4 метр болса, ені 9 метрге жете-қабыл, тереңдігі 50 - 60 метрді құрайды. Бұл үңгір тау жартастарының құлауынан пайда болған. Шатқалдан төменірек өзеннің сол жағасында биіктігі 10-12 метр жартаста диаметрі 15 – 18 см қуыстан оқтын-оқтын су атқылап тұрады.

Аңыз бойынша кезінде байлығы шекесіне шыққан Гүрзіхан деген кісі болады, бәйбішесі Шаш-Ана екеуі жастары келіп қалған соң байлықтың базарына тойғаннан соң, әттең, енді бір осы байлыққа ие болатын перзент болса ғой деп армандайды. Сол кезең Қазақстанға ислам дінінің келе бастаған тұсы, Гүрзіхан дін жолына түсіп, ислам дінін ұстанып, Алладан бала сұрайды. Құдай тілегін қабыл етіп Шаш-Ана анамыз бала көтеріп уақыты келіп босанады, босанған бала пердеге оралған күйінде мес сияқты дүниеге келеді, сол кезде Гүрзіханға Қыдыр ата аян беріп бұл қасиетті бала, құт-берекенің белгісі, месті жармаңдар өзі уақыты келгенде шығады, әзірше көтеріп жүре беріңдер дейді. Аяңды қабыл алған ерлі-зайыптылар, біраз уақыт көтеріп жүреді, бірақ бала не сөйлемейді, не күлмейді, не жыламайды. Бір күні көтеріп жүруден шаршаған анасы Игілік ауылының маңындағы (Игілік ауылы Жылаған ата үңгіріне жақын елді мекен) өзеннің қасына келгенде месті көтеріп тұрып анасы сені қашанғы көтеріп жүреміз, не сөйлемейсің, не күлмейсің, не жыламайсың деген кезде мес қолынан түсіп кетіп ішінен нұрлы жүзді бала шығады, бала местен шыға сала тауды беткейлеп қаша жөнеледі. Ата-анасы ізінен жүгіреді, бала қашып осы жаққа бағыт алады. Жол бойында ойнап отырып артымнан әке-шешем шөлдеп келе жатыр деп асатаяғымен жерді ұрып қалып сол жерде құдық пайда болады (Жылаған ата басына бара жатқанда Тасқұдық бар, аталған құдықта киелі саналады). Осы жерге (Жылаған ата) келіп үлкен тасты асық қылып ойнап отырады, әке-шешесі жеткен уақытта осы жерге бір аунайды да, содан әрі қарай жүреді, анау жерде «Ана жытыры» деген су шұңқыры бар, сол жерге барып ата-анасын күтеді, ол жерге де жеткен мезетте, үлкен үңгірдің ішіне кіріп кетеді де шықпай қояды, ата-анасы болса балаға жалынып-жалбарынып кешірім сұрап, біз білместік таныттық, бізді кешіре гөр, сен біздің баламызсың деп тіл қатқанда, бала ата-анасына былай деп жауап қайтарады: біз мына дүниеде емес, анау дүниеде кездесеміз, мен үшін алаңдамаңыздар және арттарыңызға қарамаңыздар мен бар күшімді салып сіздер жүрген жерді ырыс-ынтымақ пен жақсылық, қуанышқа бөлеймін дейді. Әке-шешесі амалы жоқ көніп, мұңайып елге қайтып келе жатқанда, жолда баламыздың жүзіне соңғы рет бір рет қарап қалайық, мүмкін

артымыздан келе жатырған шығар деп, Есеккөл деген жерге келгенде арттарына бұрылып қарайды, қараса арттарынан нұр болып ағып келе жатқан үлкен өзен жердің астына сіңіп жоқ болып кетеді. Сол өзеннің аяғы тек 5-6 шықырым жүргеннен кейін қайта шығады, бірақ ол жағын толығырақ ешкім біле бермейді. Біз көріп тұрған бұл үлкен үңгір үш үлкен тесіктен тұрады. Бірінші жоғарыдағы атқылап су ағатын жері, екінші тесігі ата-анасы артына қараған уақытта пайда болған, бұл үңгір кезінде яғни әріде басқаша болған бұл жерді Кеңес үкіметі кезінде геологтар құпиясын ашу мақсатында зерттемек болған, үңгірдің ішіне кіріп көру үшін алып тастарды арнайы құралдармен құлатпақ болған, сол уақытта аяқ астынан осы жерді жыландар мен түйелер қаптап кеткен үшіншісі сол кезде пайда болған. Бұл жердің құдіретін осыдан кейін-ақ түсіне беруге болады. Қазір Жылаған ата жері, осы таулы үңгірден ағатын суымен құпиялы да киелі болып тұр, себебі су тек қана құран оқыған кезде ғана ағады және жай ғана емес аяқ астынан, күтпеген жерден сарқырама секілді лақ ете қалады, оның уақытын ешкім білмейді, кейді тіпті бір-екі күндеп ақпай қалатын күндерде болады. Алыстан арнайы ат терлетіп келіп жатқан жамағаттар кейде осы жерде сарқыраманың ағуын тосып күндеп, апталап жататындар бар. Бастысы ниеттің түзу болуы, ниет адал болса бұйырғаны болады. Қаншама отандық, шетелдік ғалымдар зерттеп көру мақсатында құралдарымен тексеру жұмыстарын жүргізіп көрді, бірақ техниканы тыңдамайды, құралдары жұмыс істемей қалады.

әлеуметтік – мәдени, яғни тынығу жұмыстарын ұйымдстыру, д) әлеуметтік – педагогикалық, яғни тәрбиелеу мен оқытуға бағытталған жұмыстар; е) әлеуметтік – құқықтық, яғни құқықтық статусын өзгертуге және жақсартуға, заңдық тұрғыдан көмек көрсету [3].

Девиантты мінез-құлықты жастармен әлеуметтік жұмыс жасау барысында прафилактикалық жұмыстың және әлеуметтік бақылаудың маңызы зор болып табылады. Сонымен қатар диагностикалық жұмыста маңызды болып есептелінеді.

Диагностикалық жұмыс және профилактика:

- Информациялық көзқарас (қылмыс туралы ақпараттар беру)

- Адамның жүріс – тұрысына әсер ететін жағымсыз факторларды және қоздыратын әлеуметтік себептерді жою.

- Девиантты жүріс-тұрыстағы жастарды бақылау және қадағалау

Девиантты жүріс – тұрысты жастарды қадағалау мен бақылау әдістері мен тәсілдері девиантты мінез-құлықтың түрлеріне байланысты адекватты құралған болуы қажет, репрессивті әсер ету жолдарын тарылту керек. Сонымен қатар өз-өзіне көмек көрсетуге бағытталатын әлеуметтік көмек пен топтар жүйесін құру. Жалпы қоғамға рухани және дінді дұрыс насихаттайтын институттар құру. Зорлық зомбылықты, зұлымдықты және ашық жыныстық қатынасты насихаттайтын бейнероликтерді көрсетілуіне тыйым салу. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға үйрету. Ақпараттар тарату жұмыстары, ата – налармен жұмыс жасау, студенттермен де ақпарат таратын лекциялар жүргізу, яғни ағартушылық жұмыс жасау тиімді әдіс бола алады [4].

Сонымен қортындылап айтсақ, жастар ол қоғамның болашағы, сонымен қоса еліміздің дамуының қайнар көзі. Жастардың дұрыс, қоғамға пайдалы ісер ететіндей болып тәрбиеленуі, еліміздің дамыған 30 елдің қатарына кіруіне себепші, қоғамның әлеуметтік-демографиялық тобы екендігі айтпасада белгілі. Жалпы қоғам жатардың қолында деп айту артық емес, алайда ол көптеген жастардың, сонымен қатар оларды тәрбиеленуіне себепкер болған әрбір азаматтың санасына кіре қоймағандығын айта кетуіміз керек. Неге десеңіз, көптеген жас, энергиясы тасыған жастарымыз өз-өздерін дамытым, елімізге өздерінің үлесін қосудың орнына теріс жолға түсіп, ашщы судың, зиянды заттардың әсеріне берілуде. Көптеген жас қыздарымыз ақшаның соңынан қуып қандай жолға түскендерін саралай алмай жатыр. Ия бұл біздің қоғамымыздың дерті. Себебі қоғамымызда заңға қайшы көптеген шаралар өрбиде, мысалға коррупция, мектептегі жасөспірімдерге деген қысым, ақша талап ету, қорқыту, бопсалау сынды әрекеттер жастардың өмірінде елеулі орын алуда. Бұлардың барлығы жастардың бойында девиацианттық жүріс-тұрыстың тууына әсер етуде.

Девиацияны ең алдымен әлеуметтік құбылыс ретінде адамдық іс-әрекеттердің массалық формасы ретінде қарастырады, ол арнайы қоғамның тарихи дәстүрмен қалыптасып келе жатқан және ресми-қалыптасқан әлеуметтік нормалардан ауытқуын қарастыруға болады [1]. Девианттық мінез-құлық дегеніміз – бұл жалпымен қабылданған моральдық, құқықтық және әлеуметтік нормаларға сәйкес емес адамдар өмірінің бейнесі немесе іс-әрекеттер, ол тұлғаға, әлеуметтік топтарға және қоғамға тұтастай зиян келтіретін (немесе пайда әкелетін), сол сияқты қоғаммен талқыға түсетін (немесе қолданатын) пікір және қоғамның қолдауын табатын немесе істелінген зияндары үшін жауапкершілікке түседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Я. Гилинский /Девиантология: социология преступности, наркотизма, проституции, самоубийств и других «отклонений»/. – СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2009. – 520 с.
2. Агафонов, А.Н. и др. Социальная работа с молодежью девиантного поведения /– Петропавловск, 2000. – 354 с.

3. Павленок П.Д., Руднева М.Я. /Социальная работа с лицами и группами девиантного поведения: учеб. Пособие/ – М.: ИНФРА-М, 2007. – 185 с.
4. Антонян, Ю.М., Е. Самичев, Н.Ф. Басов./Социальная работа с молодежью/ – М.: Дашков и К., 2010.– 322 с

Жақсылық Ә., 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы Е. Ахтышхан, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚР-ДА МҰРАГЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Мұра дегеніміз - бұл мүліктік немесе басқа да мүліктік емес құқықтар мен міндеттердің қайтыс болған адамның мұрагерлеріне заңды түрде қалуы.

Ал, Мұрагерлік құқық дегеніміз - қайтыс болған адамның мүлкінің мұрагеріне көшу тәртібін белгілейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Азамат қайтыс болған ретте, оған тиесілі мүлікке меншік құқығы өсиетке немесе заңға сәйкес мұрагерлік бойынша басқа адамдарға беріледі.

Көптеген әдебиеттерде мұра алғаш рет Ежелгі Римде «hereditas», - деп аталып, қолданылатын болған деген пікірлер бар [1. 10-11].

Мұралық мүлікке мұра қалдырушының заң бойынша тиесілі мүліктері ғана кіреді. Азаматтардың меншік оның ішінде жеке меншік құқығының объектілері мұрагерлік мүлік құрамына жатады.

Мұрагерлік құқық жеке меншікпен басқа да мүліктердің мұра қалдырушы адамның мұраға ие болатын мұрагерлерінің қарауына өтуін реттейді. Мұрагерлік құқық жанұя құқығымен заңдылықты қорғайды, отбасылардың нығайып, одан әрі өсіп-өркендеуіне, кәмелетке толмаған балалар мен еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің құқығын қорғауда бір-бірін толықтырып, мазмұнын аша түседі.

Мұрагерлік құқық азаматтық құқықтың бір бөлігі болып табылады.

Қазақ отбасындағы көп балаларының ішінен кенже баласын ата-анасы қолында қалдырып, шаңырақ иесі деп есептейді. Осы кенже баланың тұратын үйін «Қара шаңырақ», деп атайды. Басқа балалары үйленіп, жеке отау тіккенде қара шаңырақтан енші алады. Қара шаңыраққа қазақ даласының жазылмаған заңы бойынша, әрқашанда үйдің кенжесі ие болып қалған.

Отбасының үлкен балалары бөлінген еншіге көңілі толмай өкпелеуге барғанмен, қара шаңыраққа мұрагер болуға таласпаған. Салт бойынша кенже бауырын ата-аналарымен бірге қалдырып, өздері бөлек отау құрған. Бірақ жастары үлкен екендігіне қарамастан кенже бауырлары ие болып отырған қара шаңырақты ешқашан аттап өтпеген, әрліберлі жол жүргенде, алыс сапарға шыққанда қара шаңырақтан дәм татып, бата жасаған. Қазақтың бұл салты ағайын арасындағы мүлікке таласулардың, алауыздықтың болмауына бағытталған. Керісінше, ынтымақтастыққа, бірлік-берекеге шақырып, ауызбіршілікке тәрбиелейді [2. 9-10]. Қазақтың бұл салты біршама өзгергенмен, қазір де сақталған. Бұрынғы заманда әкесі көзі тірісінде балаларына енші бөліп, салт-дәстүр бойынша реттеп отырса, енді атадан балаға қалатын мирасты Азаматтық кодекстің баптары бойынша рәсімдеп, мұраға қалдыратын болды.

Мұра екі түрде қалдырылады: заң және өсиет бойынша. Мұра қалдырушы қайтыс болар алдында мүлкі жайлы ешкімге өсиет етпесе немесе өсиет еткеннен кейін де мүлік иесіз қалса, мұрагерлер заң бойынша мұраға ие болуға шақырылады.[3]

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығына сәйкес азаматтық-іс жүргізу құқығы сот төрелігінің қолжетімділігін, азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын

барынша іске асыруды қамтамасыз етуге, жеке адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, қоғам және мемлекет мүдделерін уақтылы қорғауға және қалпына келтіруге арналған. Азаматтық істерді жедел қарап шешуді қамтамасыз ету мақсатында сот талқылауына істерді дайындау сатысын оңтайландыру тұжырымдамада қарастырылған азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру жөніндегі шаралардың бірі.

Бес институционалды реформа аясында қабылданған азаматтық-процесстік кодекс нормалары да азаматтық істерді соттың қарауына тыңғылықты дайындауды көздейді. Сондықтан мұрагерлік дауларды жедел қарап шешуді қамтамасыз ету мақсатында судья сот талқылауына істерді дайындауға ерекше көңіл бөлуі қажет.

Мұрагерлік қатынастарынан туындайтын дауларға келесі даулар жатады: заңдық маңызы бар фактілерді анықтау; адамдардың туыстық қатынастарын; адамның біреудің асырауында болуын; әке болуды тануды; азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болуды тіркеуден бас тартқан жағдайда, адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайларда қайтыс болуын; мұрагерлікті қабылдау және мұрагерліктің ашылу орнын анықтау; өсиетті жарамсыз деп тану; мұрадан бас тарту; мұраны бөлу; мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру және т.б.

Мұрагерлік туралы істер бойынша дауларды шешкен кезде іске қатысатын адамдар шеңберін және олардың процессуалдық мәртебесін анықтау, істі қарау мерзімін анықтау үшін келіп түскен арызды сотта қарау тәртібін, қолданылатын материалдық норманы білу маңызды.

Мұрагерлік даулары талап қою іс жүргізу және ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралады.

Ерекше іс жүргізу тәртібінде қаралатын даулар Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 305-бабында қарастырылған.

Өсиетті жарамсыз деп тану, мұрадан бас тарту, мұраны бөлу, мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы даулар талап қою іс жүргізуі тәртібінде қаралады.

Істердің кейбір категориялары талап қою іс жүргізуі, сондай-ақ ерекше іс жүргізу тәртібінде де қаралады.

Мысалы, АПК-нің 302-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер ерекше іс жүргізу тәртібінде қаралады. Егер арыз берген немесе істі ерекше іс жүргізіп қарау кезінде соттың ведомстволығына құқығы туралы даудың бар екендігі туралы белгілі болса, сот арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады, онымен тараптар мен мүдделі тұлғаларға олардың талап қою ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгіну құқығы түсіндіріледі [4].

Мысалы, мұрагерлік мүлікке қатысты жасалған мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап мұраны қабылдаған мұрагермен ғана қойылуы қажет.

Мұраны қабылдау фактісі - талапкердің процессуалдық мәртебесінің және оның аталған талапты қою өкілеттігінің қажетті шарты. Мұраны қабылдау мұрагерлікке құқық туралы куәлікпен (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1073-бабы (бұдан әрі - АҚ) немесе мұрагер мұраны қабылдады деп таныған соттың шешімімен (АҚ-нің 1072-3 - бабы) расталады.

Өсиетті толық немесе ішінара жарамсыз деп тану туралы талапты өзіне мүліктік салдар тудыратын тұлға қоюы қажет.

Басқа жағдайлардың барлығында талап қою талаптары қанағаттандырылудан бас тартылады.

Сот тәжірибесінен мысал келтіретін болсақ, талапкер Ж. сотқа нотариус К-ға 2011 жылғы 21 қазандағы өзі және жұбайы Ж. 2011 жылы өздерінің пәтерін қыздары М.-ға өсиет етіп қалдырған өсиетті жарамсыз деп тану туралы талап арызымен жүгінді. Ол өз талабын келесі уәждермен негіздеді. 2015 жылдың 30 қазанында жұбайы Ж. қайтыс болады. Өсиет дұрыс жасалмағандықтан қыздарының атына мұраға қалдырылған мүлікті мұраға қабылдау қиынға соққанын көрсетіп, АҚ 158-бабы, 1056-бабы, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен 1998 жылғы 28 шілдесінде бекітілген

Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың тәртібі туралы Нұсқаулықтың (күшін жойған, өсиет қалдыру кезінде қолданыста болған), 136 тармағына сәйкес, бірнеше тұлғалар атынан өсиеттерді куәландыруға жол берілмейтіндігін келтірді.[5]

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2016 жылғы 12 ақпандағы сот шешімімен талапкер Ж-ның нотариус К-ға 2011 жылғы 21 қазандағы өсиетін жарамсыз деп тану туралы талап қою талаптары қанағаттандырылудан бас тартылады.

Сот шешімінің мазмұнына сәйкес, өсиет қалдырушы өзі жасаған өсиеттің кез келген уақытта күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы, сол себептен нотариат кеңсесіне бұрын өзі жасаған өсиеттің толық күшін жою туралы өтініш беру арқылы өтініштің күшін жоюға болады. Бұл жағдайда, талапкердің өзі қалдырған өсиетті жарамсыз деп тану туралы қойған талабы негізсіз.

Мұрагерлік туралы істер бойынша дауларды шешкен кезде соттар мұра ашылған күнде қолданыста болған заңнаманы басшылыққа алуы тиіс. Мұрагерлік жөніндегі қатынастарды реттеудің бұрынғы тәртібіне қандай да бір өзгерістер мен толықтырулар енгізетін жаңа заң, ол қолданысқа енгізілгеннен кейін туындаған құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

АК-нің 1072-бабының 1-тармағына сәйкес мұраны алу үшін заң бойынша немесе өсиет бойынша мұрагер оны қабылдауы тиіс. Мұраны қабылдау тәсілі мұра ашылған кезде қолданыста болған заң бойынша айқындалады. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің мұраны қабылдауға қатысты нормаларының өзгеруі және оның қолданылуы «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысының 5 тармағында көрініс тапқан.[6]

Мұрагерлік дауларды жедел қарап шешу үшін қойылған талап қоюдың негізін және нысанасын анық білу қажет.

Белгіленген тәртіппен қабылданған мұра, ол ашылған күннен бастап мұрагерге тиесілі деп танылады. Сондықтан мұра алу құқығы туралы куәлікті алу мұрагердің міндеті емес, құқығы болып табылады, көрсетілген куәліктің болмауы мұрагерлік құқықты жоғалтуға негіз бола алмайды.

Бұл орайда, егер мұрагер АК-нің 1072-1-бабының 2-тармағында көрсетілген қандай да бір әрекеттерді жасап, мұраны іс жүзінде қабылдаса, бірақ нотариус қандай да бір себептермен мұра алу құқығы туралы куәлікті беруден бас тартса, онда мұрагер сотқа ерекше іс жүргізу тәртібімен нотариустың әрекеттеріне шағым келтіруге құқылы (АПК-нің 45 тарауы).

Мұрагер мұраны іс жүзінде қабылдаған, бірақ мұра алу құқығы туралы куәлікті алу үшін нотариусқа қажетті даусыз дәлелдемелерді келтіре алмаған және оларды өзге де жолмен алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда мұрагер мұраны қабылдаудың заңдық фактісін белгілеу туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы, арыз ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралады. Егер, бұл ретте құқық туралы дау туындаса, онда мұндай фактіні белгілеу талап қою тәртібімен жүргізіледі.

Мұраға құқық туралы куәлікті алу үшін азамат туыстық қатынастар фактісін (АПК-нің [305-бабының](#) екінші бөлігінің 1) тармақшасы) айқындау туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Туыстық қатынастар фактісін анықтау туралы іс бойынша шешімде сот арызданушының тиісті адаммен туыстық қатынасы қандай дәрежеде екендігін көрсетуге тиіс.

Арызданушының сотқа жүгінуі азаматтық хал актілеріндегі жазбалардағы қателіктердің болуына байланысты туындаса, туыстық қатынастар фактісі сот арқылы анықталмайды. Мұндай арыздарды сот АПК-нің [44-тарауында](#) белгіленген тәртіппен қарайды.

1. Батырбаев Н.М., Аманқожаев А. «Мұрагерлік құқық». Оқу құралы. Алматы. 2006 ж.
2. Қазақ әдет-ғұрып заңдарындағы мұра мен мұрагерліктің қоғамдағы рөлі А. Смағұлова. — // Заң. — 2005. — №9.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі /ерекше бөлім/, 1 шілде 1999 ж.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі, 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ
5. Соттардың мұрагерлік құқық нормаларын қолдану жөніндегі сот практикасына шолу. Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы. 2006 ж.
6. «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысы

Калдыбекова Д., 3 курс студенті
Ғылыми жетекші – аға оқытушы Шошаева Л.С.,
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ

Бала құқығын қамтамасыз ету шешімін табуға қызығушылық танытқан қазіргі кезеңнің барлық әлемдік қауымдыстық назар аударған жаһандық мәселеге айналған. Бұл қоғамның тіршілігін қамтамасыз етуге және оның болашақ дамуын қалпына келтіруге кепілдендіретін өсер ұрпақтың белгілі бір рөлімен түсіндіріледі.

Әлемдегі елдің бірде біреуі баланың құқықтарын сақтауда үлгі бола алмайтындығын мойындау керек.

Тіпті демократиялық және экономикалық жағынан дамыған елдерде үшін өмір сүру ұзақтығы төмен отбасылардың болуы, медициналық көмектің жетіспеушілігінен балалардың өлімі, сыйақы төленбеген балалар санына байланысты қылмыстылық саны артылғанын байқауға болады.

Бүгінде кәмелетке толмаған балалар құқықтары мен мүдделерін қорғау еліміздің әлеуметтік-құқықтық саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

2002 жылы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы қабылданды. Осы Заң Қазақстан Республикасының Конституциясына кепілдік беретін баланың негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді [1].

Бұл заңда балалардың мүдделеріне мемлекеттік саясаттың мақсаттары, олардың негізгі құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ баланың отбасындағы, бала мен қоғамда өзара қарым-қатынасы, мүгедек баланың құқықтары, ата-анасының қамқорынсыз қалған балалардың құқықтары және т.б. сияқты бөлімдер анықталады.

Балалардың мүдделеріне мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаттары:

1) балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;

2) құқық бұзушылықтар жағдайында олардың құқықтарын қалпына келтіру;

3) баланың құқықтарына кепіл беруінің құқықтық негіздерін қалыптастыру;

4) балалардың физикалық, зияткерлік, рухани және адамгершілік дамуын дамыту.

Бала денсаулығын, жеке басының құқығын және оны сақтауды, өмір сүру құқығын, тұрғын үйге, білім алуға, әлеуметтік көмек көрсету құқығын қорғауға құқылы.

Егер ата-аналар балаларға жеңілдіктер мен басқа төлемдерді мақсатсыз жұмсаса, ал егер бұл баланың мүдделеріне нұқсан келтірсе, баланың мүддесі үшін тиісті органдар оны негізсіз жұмсалған қаражат үшін өндіріп алуға міндетті.

Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен дұрыстығын, Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, көмекке мұқтаж ата-аналарға қамқорлық жасауға, тарихи-мәдени мұраны сақтауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға міндетті.

Бұл заң әрбір баланың отбасында тұруға және білім алуға құқығы бар екенін анықтайды, ата-аналарын білуге және олармен бірге өмір сүруге құқылы. Бала өзіне бөлек тұратын ата-анасымен кездесуге және сөйлесуге құқығы бар.

Егер бала мүгедек болса, ол сау балалары бар бірдей құқықтарға, толық өмір сүру құқығына ие. Сонымен қатар, мүгедек бала өзінің дене, ақыл-ой қабілеттеріне және тілектеріне сәйкес келетін білім алуға құқылы.

Жоғарыда аталған баланың құқықтары оның шығу тегі, нәсілі мен ұлтына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына және басқа да жағдайына қарамастан тең құқықты сипатта болады.

Баланың мүдделері мен құқықтарын қорғау саласындағы БҰҰ деңгейінде қабылданған негізгі әрекет етуші халықаралық құқықтық сипаттағы қайнар көздер қатарына мыналарды жатқызуға болады: Жалпыға міндетті Адам құқығы Декларациясы 10 желтоқсан 1948 жыл, сонымен бірге айрықша баланың құқығын қамтитын – Бала құқығы Декларациясы 20 қараша 1959 жыл және кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесін қамтитын кез келген құқықтық актілерге негіз болатын 20 қараша 1989 жылғы Бала құқығы туралы Конвенция. Бұл аталған халықаралық құжаттарға Қазақстан Республикасы қосылған.

Баланың мүліктік емес құқықтарын әрі қарай жүйелеу мақсатында мынадай құқықтарын бөліп қарастыруға болады:

1) бала тұлғасының автономиясын қамтамасыз ететін құқықтар (өмір сүру құқығы, денсаулығына құқық, азаматтық, жеке және отбасылық өмірге қол сұғылмаушылық, ар намысының құрметтелуіне құқық);

2) баланың әлеуметтендіруін қамтамасыз ететін құқықтар (отбасыда өмір сүру және тәрбиелену құқығы, білім алуға құқық, өз елінің мәдениетіне, тіліне, дініне қалыптасу құқығы);

3) сыртқы әлемде бала тұлғасын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құқықтар (қарым-қатынас бостандығы құқығы, ақпаратқа қол жетімділік құқығы, демалуға, сауыққа құқығы);

4) қорғауды қамтамасыз ететін құқықтар (отбасы ішінде және одан тыс, оның мүдделеріне өкілдік етуге, осы мәселеде мемлекеттік көмекке). Бұл тізімдегі мүліктік емес жеке құқықтар түрлі салалық тиесілігі бар, дегенмен, оларға бәріне тән белгілер бар: оқиғаның пайда болуымен байланысты (өмірге келу), айрықша мерзімді сипатта (толық әрекет қабілеттілікке ие болумен тоқталуы), олардың заңды бекітілуіндегі арнайы міндеттері (баланың әлеуметтенуі мен қалыпты дамуын қамтамасыз ету).

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодексінің 2-бабына сәйкес неке – отбасы заңнамасы балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, қамқорлық жасау, олардың әл-ауқаты мен дамуы, кәмелетке толмағандар құқықтары мен мүдделерін сот арқылы басымдықпен қорғау қағидаларының негізінде құрылады [2].

Кодекстің 10-тарауы баланың құқықтық мәртебесін оған кешенді мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар беру арқылы айқындайды.

Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау саласында болған жағдайды зерделеп, талдағаннан кейін мынадай ұсыныстар жасалады:

1. Қазақстан Республикасында балалардың атын (есімін) берудің тәртібін заңды тұрғыдан қарастыру. Адалдықты, моральдық-этикалық атауларға сәйкестігін ескеру қажет;
2. Кәмелетке толмаған балалары бар азаматтарды құжаттандыруға көмек көрсету;
3. Балаларды тәрбиелеумен байланысты дауларды қарастыру кезінде медиацияны кеңінен қолдану;
4. БАҚ-та отбасылық заңнамалар туралы өзгерістер туралы ақпараттандыру;
5. Қоғамдық пікірталастар мен ұсыныстар арқылы НҚА-де соқтығысуды жою.

1994 жылы Бала құқықтары туралы конвенцияға қосылу арқылы біздің мемлекет балаларды қорғаудың және балалардың мүдделерін қорғауға міндеттеме алды. Келесі екі онжылдықта Қазақстан баланың құқықтарын қамтамасыз ету, оның экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ете алады [3].

Баланы құқықтық қорғаудың құқықтық негіздері БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының және басқа да халықаралық келісімдердің ережелеріне сәйкес үйлестіріледі және аяқталады. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін ведомствоаралық ынтымақтастықтың тиімді жүйесі құрылды. Балалардың жағдайын жақсарту және олардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жалпы қауымдастықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың қызметін жандандыру белсендірілді.

Басымдық қаржыландыру, білім беру, денсаулық сақтау, балаларды физикалық және рухани дамыту, әлеуметтік қорғау және отбасы мен балаларды қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін айқындалады. Балалардың мүдделеріне ұлттық саясатты іске асыру үшін 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының дамуының ұлттық бағдарламалары бағытталған. «Қазақстан-2050» стратегиясының аясында балаларды қорғауға бағытталған шаралардың кең ауқымы жүзеге асырылуда.

Балалардың және олардың ата-аналарының құқықтары мен құқықтары туралы ақпарат алуға құқығы бар. Халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың қолдауымен «қатыгездік пен күш көрсетусіз балалық шақ» ауқымды, жан-жақты, ақпараттық науқан өткізілді. Елдегі заңнамалық актілер балаларды соғысқа қатысуға, әскери операцияларға, тұнбаны және зорлық-зомбылықты насихаттауға қатысуға тыйым салады. Мәселен, министрліктер мен ведомстволардың, республиканың жергілікті атқарушы органдарының, үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдардың қызметі қазақстандық балалардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету үшін ведомствоаралық теңгерімді саясатты жетілдіруге бағытталған. Мемлекеттік басқару органдарының, жалпы одақтардың және халықаралық және басқа ұйымдардың өкілдерінің күш-жігерін үйлестіру балалардың мүддесі үшін экономикалық және әлеуметтік саясатты тиімді өткізуді және олардың өмір сүру сапасын арттыруды білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. www.zakon.kz
2. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодексі, 26.11.2011
3. Бала құқығы туралы Конвенция, 20 қараша 1989 жыл.

Кенжебаева С.Н., студентка 2 курса
Научный руководитель - старший преподаватель Рахметуллина М. А.
Карагандинский Государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда,
Республика Казахстан

МОЛОДЕЖЬ НАШЕ БУДУЩЕЕ

Как говорит президент РК «молодежь это наше будущее.» А основа успешного будущего заключается в здоровом поколений. И дело не только в физическом состоянии нации, немало важным фактором влияющее на человека является психологически -

моральный аспект. Психическое здоровье включает в себя высокое сознание, развитое мышление, нравственное отношение, большую внутреннюю моральную силу, побуждающую к созидательной деятельности. Психическое здоровье является неотъемлемой частью здоровья, без психического здоровья нет здоровья. Основа любого государства являются взаимоотношения, а основой устоя начинается семья. С малых лет ребенку стоит прививать о хорошем и о плохом, направлять на благие ценности. Таким образом, в будущем его психика сможет достойно пройти через моральный конфликт только при должном нравственном воспитании. Молодежь XXI в. должны четко определить приоритетные ценностные установки, тренды, которые помогут им реализоваться в жизни, выстроить собственную ценностную планку. [1]

Что стоит на пути успешного государства? Конечно, это экономический рост, активное развитие науки и образования; высокие социальные стандарты и т.д. Но на основе всего этого лежит человек. Только сам человек строит свое будущее и успешное будущее своей страны. Если в человеке заложены моральные устои, он психологически здоров, патриот, ставит перед собой цели и задачи для достижения высот в профессиональном плане; то общество будет развиваться в позитивном направлении. Каждое государство ставит себе цель достичь высокого уровня развития, процветания и социально крепкого общества. Для достижения высоких целей, государство в первую очередь опирается на самые грамотные слои населения, в частности на молодежь, так как в дальнейшем они будут опорой государства. Наша республика прилагает большие усилия на духовно – нравственном воспитании молодежи. Развиваются высшее образование, выделяются средства на культурные программы, направленные на духовное воспитания. Одним из которых является программа Рухани Жанғыру. Фундаментом миропорядка в современном мире является гуманистически-ориентированная культура

В нашей стране начались большие социально - экономические реформы, направленные на улучшение благосостояния народа в связи с этим перед молодежью стоят новые задачи, которые требуют от нас новых решений для достижения целей. И их можно охарактеризовать такими позициями как :

- Хорошее образование. Качественное получение знания, так как образование это приоритет мировоззренческих установок молодого поколения. *Получая образование, значительно расширяется кругозор, пополняются знания. Знания всегда были в цене. За образованными людьми стоит будущее. Только практическое развитие, познание, самостоятельное продвижение к новому, помогут в образовании.* [2]

-Профессионализм. В него включены следующие аспекты: проблемно-практический - адекватное понимание ситуации каждым человеком, постановка и выполнение целей, задач, норм в определенной профессиональной области. Реализация жизненной стратегии, желание к непрерывному выявлению своих неограниченных возможностей для личностного роста; способность личности адекватно оценивать жизненные ситуации с точки зрения собственных и общезначимых ценностей. [3]

-Неординарная личность. Креативные, творчески активные личности являются стержнем инновационной экономики Казахстана. Это люди, которые могут реализовывать профессиональные идеи, искать нестандартные способы решения, имеют желание к творческой самореализации внутренних ресурсов человека, воплощение их в жизнедеятельности.

-Высоко – технологическое развитие. Овладения новыми информационными технологиями, умение человека систематизировать, анализировать, перерабатывать колоссальную информационную базу, доступную человеку XXI века, использование ее данных в морально - этическом аспекте для личностного и профессионального роста.

- Жизненная стратегия – это такой способ бытия, система ценностей и целей, реализация которых позволяет человеку сделать его жизнь наиболее эффективной. Главный акцент в этом определении сделан на реализацию жизненных целей человека, позволяющую сделать его жизнь более качественной. Готовность к преодолению жизненных коллизий и

трудностей, желание извлекать уроки из временных неудач и проявлять инициативу, адекватно оценивать результаты и т.д.

-Конкурентоспособность. Это стратегическая задача государства, в которой специалист в определенной области способен быстро и безболезненно адаптироваться к постоянным изменениям общественных условий, научно-технического прогресса и новых видов деятельности, форм общения при условии сохранения позитивного внутреннего психоэнергетического потенциала и гармонии. [4]

Для укрепления государства существует молодежная политика. Ведь «Молодежь - будущее страны». Сегодня, молодежь - это одна из самых организованных, социально-активных слоев населения, она объективно является генератором новых идей, жизненной силой и энергией общества. Целью Закона «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан», согласно ст. 3, является создание социально-экономических, правовых, организационных условий и гарантий для духовного, культурного, образовательного, профессионального становления и физического развития молодежи, раскрытия её творческого потенциала в интересах всего общества. Действующее законодательство о государственной молодежной политике выделило также основные задачи, среди которых защита прав и законных интересов молодежи; предоставление помощи и социальных услуг молодежи; реализация социально-значимых инициатив молодежи. [5]

Молодежь самая активная и позитивная часть общества, которая в ответе за будущее нашей страны.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.А. Актювая лекция Президенті РК. Қазақстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее. - Алматы: Казак, университеті, 2009.
2. Емельянова Л.А. Психология конкуренции и конкурентоспособности. Монография. М.: Изд.-во МГОУ, 2008.
3. Вари М. И. Общая психология Учебное пособие / 2-ге издавна., испр. и доп. - К.: «Центр учебной литературы», 2007.
4. Формирование конкурентоспособной личности в условиях школьного дополнительного образования: Моногр. /Под науч. ред. Ю.С. Тюнникова. — Сочи: СГУТиКД, 2008.
5. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V «О государственной молодежной политике» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31661446

Омарова А.К., 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Абдрахманова А.Е., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы. Еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамту аса күрделі әрі мемлекеттік маңызды мәселе. Нарыққа жағдайында бұл мәселе экономикалық өмір тіршілігінде өткір және батыл қойылған саяси және әлеуметтік мақсаттарға жетудің шартты жағдайларының бірі.

Жұмыспен қамту мәселелері қолда бар еңбек потенциалын сақтауды, көбейтуді және тиімді пайдалануды көздейтін қазақстан экономикасы үшін өзекті болып отыр. Онсыз

Қазақстанның нарықтық реформалау жолымен ары қарай жылжуы және оны елдің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі алғышарты болып, өндірістің нәтижесіне мүдделі және тұрақты жұмыспен қамтылған, жоғары білікті икемді жұмыс күші табылатын, халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіне толыққанды интеграциялау (біріктіру) мүмкін емес.

Жұмыспен қамтудың мемлекеттік қызметі халықты жұмыспен қамту мәселелерін шешуді, үйлестіруді, жұмыс күшіне ұсыныс пен сұранысты реттеуді қамтамасыз етуге бағытталған, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға ықпал етуге, олардың кәсіби даярлығын ұйымдастыру және жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған ерекше мемлекеттік органдардың құрылымы болып табылады. Біздің алдымызда Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы тұр.

Экономиканың аса маңызды басымды дамуының бірі бұл – мемлекет Басшысының «Жұмыспен қамтуды тұрақтандыру саясаты ең пәрменді саясаты болған және болып қалады» деп анықтаған қазіргі тұрақты саясат болып табылады. Барлық бағыттар бойынша бізде бағдарламалар бар, олар қозғалыссыз емес: біз халықаралық тәжірибені енгізіп және жаңа беталыстарға сәйкес, алға қойған міндеттерге жетуді жалғастырамыз. Қазір әлем елдерінің әлеуметтік әлеуеті, жалпы хал-ахуалы ондағы халықтың жұмыспен қаншалықты қамтылғандығымен де өлшенетіні белгілі. Себебі экономикалық өсуге жұмыссыздықтың тигізер әсері айтарлықтай зор [1, 136б].

Осыған орай жұмыссыздықпен күрес әрбір мемлекеттің қашанда басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қаржылық дағдарыстың салдары да осы жұмыссыздыққа кеп жұғысқан болатын. Талай елде береке кетіп, басына қиын күн туды. Мұндайда, «жұмысы жоқтық ашындырар адам баласын» демеске амалың жоқ. Себебі әлемде орын алып жатқан көтерілісшілердің көп-шілігі, бей-берекет бүліктің, тіпті қантөгістің құрбандарының көбі осы жұмыссыз жүргендер. Осы тұрғыдан алғанда халықтың табысты да тұрақты жұмыспен көбірек қамтылуы қоғам орнықтылығының аса маңызды шарттарының бірі болып табылады, мұның өзі елдегі экономикалық және әлеуметтік ахуалға айтарлықтай дәрежеде ықпал етеді. Жекелеген адамның әл-ауқатын арттыруда атқаратын аса маңызды рөлі туралы айтылғанның өзінде, жұмыспен қамту кәсіптік машықтарды кеңейтіп, ұштай түсуге мүмкіндік береді, халықтың барлық санаттарының өзін-өзі көрсете білуіне жол ашады және түптеп келгенде өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді, яғни көптеген неғұрлым ауқымды міндеттерді шешудің кепілі болып табылады.

Осылайша, халықты жұмыспен қамту еңбек қатынастарының сипатын ғана емес, біздің айналысатын істерімізді де өзгертетін, түрлендіретін және былайша айтқанда, өзімізді де өзгертуге қабілетті негіз қалаушы функцияға ие болып отыр. Халықаралық еңбек ұйымның мәліметінше, 2007 жылы қаржылық дағдарыс басталғаннан бері әлемде жұмыссыздық деңгейі 28 млн. адамға көбейіпті, ал 2009 жылы 199 млн. адам жұмыстан босатылған. Одан кейін жұмыссыздық шамалы азайғанымен, 2012 жылдан бастап қайтадан арта бастады. 2012 жылы олардың қатары 197 млн. адамға жеткен.

Ал 2013 жылы әлемде жұмыссыздық деңгейі 5 млн.-нан артып, 202 млн. адамға жетуі мүмкін деп болжанған. 2014 жылы жұмыссыздар қатары тағы 3 млн. адамға көбейіп, 2017 жылы 210,6 млн. адамға жетеді. Дүние жүзіндегі экономикалық белсенді халықтың арасында жұмыссыздар қатары 6 пайыз деңгейінде болмақ.

Жұмыспен қамту проблемасы - бүгінде әлемдік күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі. Мысалға Еуропалық одақты алайық. Бүгінгі таңда Грекияда, Португалияда, Испанияда, Италияда және Еуропаның басқа елдерінде болып жатқан жағдай – жұмыссыздықты туындататын экономикалық проблемалардың айқын салдарлары, бұл терең әлеуметтік және тіпті саяси дағдарысқа ұласып барады. Күні кеше ғана мерейі асыптасып тұрған осы елдерде жұмыссыздық деңгейі қазіргі кезде айтарлықтай жоғары болып отыр. Бұл әлі де жалғаса түсуі мүмкін. Ең бастысы – адам және зияткерлік капиталын

пайдаланудағы ұстанымдардың белгілі бір дәрежеде жоғалуы айқын көрініп тұр. Мұның аясында Қазақстандағы жағдай айтарлықтай жақсы. Елімізде тиімді алдын алу шаралары қолданылып, олар тіпті әлемдік қаржылық дағдарыс шарықтап тұрған шақта да жұмыссыздық деңгейін 6,6% шегінде ұстап тұруға мүмкіндік берді. Қазір елімізде жұмыспен қамтылмаған, бірақ жұмыс істеуге қабілетті халық саны 5%-дан сәл-ақ асады. Бұған білім деңгейін арттыруға, кәсіби кадрларды даярлау жүйесін дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған. Мемлекет айқындалған міндеттер шеңберінде жаңа жұмыс орындарын ашу, жұмыс күшін оқыту және қайта мамандандыру, нақты экономикаға «өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» деп аталатындар санатын тарту жөніндегі тікелей менеджер функциясын өз мойнына алды.

Жұмыспен қамту саласына сыртқы факторларының әсер етуі әлемдік қоғамдастыққа Қазақстанның ықпал ету дәрежесіне байланысты және ол ықпал ету үдерістерінің дамуы мен республиканың Бүкіләлемдік сауда ұйымына (БСҰ) кіруімен күшейе түседі.

Қазіргі қоғамымыздағы белең алып бара жатқан жұмыссыздық мамандықтың дұрыс таңдалмауынан туындаған күрмеулі мәселелердің бірі. Бұл өз кезегінде еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныстың арасындағы теңгерімнің бұзылуына әкеп соқты. Болашақ мамандық таңдау кезінде мұндай келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін жас азаматтың аңсаған арманы мен шынайы қажеттіліктерін басшылыққа ала отырып, тұлғаның ерекшеліктері мен қандай нәрсеге икем екендігін ескеріп қадам жасаған дұрыс.

Халықты жұмыспен қамту іс - шаралары "Халықты жұмыспен қамтудың 2017 жылға арналған кешенді іс - шаралар жоспарының" аясында жүзеге асырылуда. Кешенді іс - шаралар жоспарына сәйкес 2017 жылы 42576 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. 2017 жылдың 1 қыркүйегіне облыс бойынша 32982 адам (жылдық тапсырмаға 77,5%), оның ішінде 16022 жұмыссыз, 7350 нәтижесіз өзін-өзі қамтыған азаматтар, 9610 адам жұмыс іздеушілер, 1039 аз қамтылған азаматтар жұмыспен қамтудың шараларымен қамтылды [4].

Жыл басынан 15456 адам жұмыспен қамту органдары арқылы тұрақты жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 1486 адам мемлекеттік және салалық, өңірлерді дамыту бағдарламалары аясында жүзеге асырылатын жобаларға, 13874 адам мемлекеттік қолдау түрлерінсіз, яғни облыстағы бос жұмыс орындарына, 96 адам өз бетінше жұмысқа орналастырылды. Уақытша жұмыс орындарына 9634, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына 1079, жастар практикасына 1186, қоғамдық жұмыстарға 7369 адам жіберілді.

Азаматтарды кәсіби бағыттау еңбек нарығын реттеу формаларының бірі болып табылады, адам ресурстарын дамытуға ықпал етеді, кәсіптік білімнің, кәсіби білікті мамандарға нақты қажеттілігімен байланысын қамтамасыз етеді. Ашығын айту керек, бізде мамандық таңдау мен ішкі еңбек нарығы сұраныс арасында алшақтық орын алып отыр. Қазіргі таңда басты міндет - әрбір қазақстандыққа сұранысқа ие мамандықты таңдау және ол бойынша білім алу тәртібі мен шарттары туралы мемлекеттен толық ақпарат алу мүмкіндігін беру. Осы орайда, халықты жұмыспен қамту механизмдері бір-бірімен байланысып толық жұмыс жасаған кезде халықты жұмыспен қамтуды жүзеге асыру тиімді болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ахметов,А. Еңбек құқығы :Оқулық.-Алматы. ,2006
- 2.Уваров В.Н. Трудовое право Республики Казахстан – А., 2002
- 3.Айымханова Е.Е. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы.-2002
4. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасы// [www. zakon.kz](http://www.zakon.kz)

Петренко Л.В., студентка 2 курса
Научный руководитель – к.п.н., доцент Усманова С.Г.
Стерлитамакский филиал ФГБОУ ВО «Башкирский государственный университет»,
г. Стерлитамак, Россия

ТОЛЕРАНТНОЕ ОТНОШЕНИЕ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ К ЛИЦАМ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ ЗДОРОВЬЯ

Сегодня, несмотря на произошедшие в последние годы положительные сдвиги в отношении к лицам с ограниченными возможностями здоровья в России, существуют социально-психологические и личностные барьеры у студентов с ограниченными возможностями здоровья, получающих профессиональное образование. Педагогическая практика показывает, в инклюзивных студенческих группах иногда возникают напряженные ситуации. В процессе стихийной интеграции студентов с ограниченными возможностями здоровья в образовательное пространство обычного вуза, толерантное отношение как социальная норма усвоена далеко не всеми участниками учебного процесса. В связи с этим, требуется исследование особенностей отношения студенческой молодежи к лицам с ограниченными возможностями здоровья, для обеспечения возможности планирования, организации и проведения целенаправленной работы по формированию адекватного образа студента с ограниченными возможностями здоровья (далее ОВЗ) в современном образовательном социуме.

Отметим, что изменения в отношении к лицам с ОВЗ включают как изменения в системе ценностей (равенство в правах, равные возможности и условия жизни), так и полную интеграцию во все сферы жизни общества (доступная среда, развитая инфраструктура). Необходим сдвиг в современном общественном сознании для восприятия лиц ОВЗ не как «особых», «других», уязвимых и обездоленных, а как равных, «как все», но нуждающихся в особых условиях для развития и самореализации, которые обязано обеспечивать общество. Отношение к людям с проблемами может служить индикатором общественного развития.

Формирование толерантного поведения закономерно связано с законами развития общества, с процессами образования, обучения и развития личности. Толерантное поведение – это не что иное, как реализация нравственного сознания общества на практике, соответствие поступков личности общепринятым нормам и правилам. В декларации принципов толерантности подчеркивается, что «наиболее эффективное средство предупреждения нетерпимости – воспитание. Воспитание в духе толерантности начинается с обучения людей тому, в чем заключаются их общие права и свободы, чтобы обеспечить осуществление этих прав и укрепить стремление к защите прав других людей, в том числе – людей с ограниченными возможностями. В рамках проекта «Система реабилитационных услуг для людей с ограниченными возможностями в Российской Федерации» впервые в нашей стране было проведено масштабное социологическое исследование по вопросам отношения общества к инвалидам, проблемам людей с ограниченными возможностями.

По официальной статистике, в России инвалиды составляют около 10% всего населения, или, говоря иначе, почти в каждой четвертой семье есть инвалиды. Мало этого, большинство респондентов не задумываясь отвечают, что знакомы с инвалидами, а у 60% есть опыт ухода за тяжело больными людьми. Несмотря на это, большой процент здоровых людей противопоставляет себя инвалидам и говорит о существовании больших отличий между собой и людьми с ограниченными возможностями.

Молодые люди – как среди здоровых, так и среди людей с ограниченными возможностями – более позитивно настроены в вопросе интеграции инвалидов в общество. Аналитики социологического исследования считают, что современное жизненное и информационное пространство, в котором живет и работает молодежь, –

хорошая среда для сближения людей, а также успешной совместной работы, вне зависимости от их состояния здоровья. Большинство молодых респондентов согласны с тем, что инвалиды могут внести значительный вклад в развитие общества.

На данный момент в России около 10 % населения – инвалиды. Работают с ними специально обученные люди, которые знают их особенности и умеют общаться и находить подход к человеку с ограниченными возможностями здоровья. Но обычный человек вряд ли сможет так просто общаться с инвалидами и, встретив на улице человека с ОВЗ, не всегда сможет оказать ему помощь и зачастую не потому, что не хочет, боится или испытывает отвращение к нему, а потому что просто не знает как к нему подойти, что ему сказать и какой реакции от него ожидать.

Отношение общества и государства к лицам с нарушениями в развитии прошло длинный путь от агрессии и нетерпимости и осознания необходимости помощи (IX – VIII вв. до н.э. – XII в.) до осознания необходимости интеграции и социализации инвалидов в общество (с 70-х гг. XX в. до наших дней). В наше время реализуются крупные государственные программы, направленные на развитие толерантного отношения к инвалидам, на обеспечение доступной среды для людей с ограниченными возможностями здоровья. Но чтобы выработать у людей толерантное отношение к инвалидам нужно еще со школы давать детям базовое представление об инвалидности.

Для реализации программы по формированию толерантности к людям с ОВЗ важно понять, какие психологические механизмы нужно задействовать, чтобы сформировать более толерантное отношение к лицам с ОВЗ. Очевидно, что это нужно начинать с тех категорий молодежи, которые непосредственно будут взаимодействовать с людьми с проблемами в развитии. Наше общество еще не готово полностью принять инвалидов как полноценных членов общества и именно через молодых начинающих специалистов можно реализовывать развитие толерантного отношения к лицам с особенностями развития.

Можно предложить следующие способы, с помощью которых студенты могут повлиять на развитие духовно-нравственных потенциалов, в том числе толерантности по отношению к лицам с ОВЗ.

- Организация совместной деятельности со школой: примером осуществления данного способа является организация классных часов, тренингов в образовательных учреждениях. Студенты смогут подготовить и провести занятия со школьниками, целью которых будет являться формирование адекватного представления об особенностях людей с ограниченными возможностями здоровья.

- Организация совместных мероприятий для людей с нормальным и нарушенным развитием: с помощью организации совместного взаимодействия здоровых людей и инвалидов можно помочь им справиться с барьерами общения.

- Развитие толерантности посредством СМИ, Интернета и т.д.

В наше время компьютерные технологии заняли важное место в жизни молодежи. Социальные сети уже давно стали почти главным средством общения молодежи, а для людей с нарушениями опорно-двигательной сферы – единственным. Исходя из этого, можно предположить, что возможно использовать Интернет как средство формирования адекватного отношения к инвалидам. Осуществлять это можно с помощью создания различных групп, организации переписки здоровых людей и людей с ОВЗ и т.д.

Подготовка студентов и их профессионально-личностные качества позволяют им наиболее адекватно, эффективно и результативно подходить к проблеме развития толерантности по отношению к инвалиду. Зная психологические, физические особенности человека с ОВЗ и имея навыки общения с людьми, тем более с людьми своей возрастной категории, студенты смогут доступно рассказывать школьникам о том, как нужно общаться с инвалидом, чем он может отличаться от нас. Доступность и непринужденность (такие занятия будут проходить не в форме уроков, а в более «разряженной» обстановки – тренинги, психологические игры и т.д.) подаваемой информации позволит сформировать

у школьника правильное понимание понятия «Человек с ограниченными возможностями здоровья» и будет формировать у него толерантное отношение к инвалидам, тем самым развивая духовно-нравственный потенциал подрастающего человека.

Список использованной литературы:

1. Елисеева И.Г. Что такое инклюзивное образование: метод, система, педагогическая инновация? «Открытая школа», № 2. -2012. – 36 с.
2. Реабилитация, социализация и интеграция инвалидов в общество: Учебное пособие для студентов специальности социальная работа / под ред. В.В. Харабета – Мариуполь – Чита: МФ ООО «Типография «Новый мир», 2012. - 304 с.
3. Социальная работа: история, теория и практика: монография / В.В. Харабет [и др.] под ред. В.В. Харабета, А.И. Андрющенко. – Мариуполь: ПГТУ, 2015. – 390 с.
4. Социальная работа с инвалидами: Учебное пособие / С.Т. Кохан, А.В. Патеев, Е.М. Кривошеева и др. – Чита: Типография ЗабГУ, 2016. – 280 с.

Тулесова И., 11 сынып оқушысы

Ғылыми жетекшілері: Манасова М.М., Жасымбекова А.Р.

№27 ЖББОМ КММ, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

АСТАНА – ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ РЕТІНДЕ

Жаһандану кезеңінде әлемнің тұтастануы көрініс тауып отыр. Әлем тұтастанған сайын этникалық және конфессиялық әртүрлілік өзінің маңызын айқындай түседі. Глобалды саясат көпжақты болғандықтан әр халық, ұлт өздерінің діні, тілі, тарихы, құндылықтары, дәстүрлері арқылы өздерін анықтауы қажет. ХХІ ғасыр мәдени идентификация процесі басым жаңа стратегиялық мағынаға ие. Ұлттардың өзара идентификациялануы адамзат мәдениетінің қалыптасуында мәдениетті таңдау мәселесінде өзекті. Дүниежүзілік аренада әр мемлекет өз орнын алу үшін әлеуметтік-мәдени өзара арақатынаста творчестволық жағынан өзін-өзі шыңдауы қажет. Мәдениаралық өзара қатынас арқылы ғана мәдени идентификация қалыптасады. Қазіргі бұқаралық ақпараттық құралдардың белең алған дәуірінде адамның түрлі мәдени құндылықтарды бойына сіңіруі маңызды факторлардың біріне айналып отыр.

Адамзат саяси, ғылыми, экономикалық, мәдени-гуманитарлы және жеке қатынастар шеңберінің кеңейген дәуірінде өмір сүруде. Тарихи, діни, әлеуметтік алғышарттары бар қазақ халқының әлемдік және еуразиялық мәдениетте өз орны бар. Қазақ елі әуел бастан-ақ табиғатпен, қоршаған ортамен үйлесімдікте өмір сүрген. Қазақ халқының ерекшелігі де осында.

Қазіргі кезеңдегі қазақ қоғамында не әлемдік деңгейде болмасын қолданыста жиі кездесетін ұғымдардың бірі мультикультурализм. Бұл ұғымның маңыздылығы мынада. Мультикультурализм – толеранттылықтың көп аспектілерінің бірі. Яғни әр адамға әлемді өзінше қабылдап, мәдени аралық қатынасты нығайту. Қоғамдағы саяси, экономикалық және тағы басқа қақтығыстарға жол бермей, ынтымақтастықты алға тарту арқылы өмір сүру түрі. Себебі, бірлік бар жерде ғана өсу, даму болады. Көшбасшымыздың ойы бойынша ұлттық қауіпсіздігімізді сақтау толеранттылық принципі арқылы ғана жүзеге асады. Демократиялық жолмен дамуды алға тартып отырған біздің ел үшін мәдени аралық коммуникация ауадай қажет. Мәдени аралық қатынастың дамуына діннің әсері өте жоғары.

Дін адамзаттың өмір сүруінде барлық тарихи кезеңінде көрініс табады. Қазіргі уақыттың өзінде қоғамды байланыстырушы құрал ретінде маңызы зор. Дін жеке, қоғамдық өмірімізде, сонымен қатар салт-дәстүрімізбен де тұтасып кеткен. Дін адамның санасы мен сезіміне әсер етпей қоймайды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жас мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздігімізді сақтау маңызды мәселе. Жаңа ғасырдың басында «бейбітшілік қаласы» атанған Астанада «Бейбітшілік және келісім сарайының» салынуы бүкіл әлемдік мәдениетте жарқын рухани құбылысқа айналып отыр. Бұл сарайда соңғы 10 жылда ислам, христиан, буддизм, индуизм, даосизм, иудаизм және конфуцийшілдік өкілдері бас қосып, жыл сайын «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі» өтуде. Съезде діндер арасында диалогты ұйымдастыру, сонымен қатар діндердің әлемдік қауіпсіздігі сынды күрделі мәселелер талқыға салынып, шешімін тапқан.

Елбасымыздың осыған сай мына сөзін баян еткіміз келіп отыр: «Осы заманғы қоғам ұзақ эволюциялық даму барысында аса байыпты үш қағидатты қалыптастырады. Олар – жеке тұлғаның ішкі бостандығы, меншіктің қорғалуы, қоғам мен мемлекеттің тарапынан әлеуметтік қолдау. Алайда бұл қағидаттарды мойындамайтын саяси идеологиялар да бар. Бүгінгі дәуірдің көптеген геосаяси қиян-кескі шайқастары осы қарама-қайшылыққа шырматыла байланған. Мәселе діндердің жанжалында емес, дінге қатысы жоқ құндылықтардың жанжалы жөнінде болып отырғанын мойындайтын уақыт жетті» [10].

- 2). Особенности государственного строительства. Существуют государства, образованные без учёта исторически сложившихся общностей, в состав которых входят народности и территории, отличающиеся в этническом и религиозном отношении и сохраняющие определённую долю самостоятельности.

- 3). Дискриминация отдельных религиозных групп населения, проявляющаяся в социально-экономическом неравенстве, а также в преобладании в политической элите страны представителей определённой конфессии.
- 4). Экономическая, военная идеологическая или политическая поддержка оппозиционного религиозного движения извне.
- 5). Вмешательство одних государств в дела других государств под предлогом борьбы с нарушениями прав единоверцев.
- 6). Вмешательства политики в сферу религии. Влияние политики может привести к конфликтам среди сторонников одного и того же религиозного учения внутри представителей одной конфессии [3, с.156].

Чтобы понять источники межконфессионального напряжения, нужно учитывать все причины: экономические, социальные, политические, психологические и т.д. Именно эти причины провоцируют конфликты, религия же или становится катализатором, или используется как идеологический инструмент.

К тому же, все это наслаивается на национальные и социальные стереотипы, историческую память (особенно негативную), индивидуальную психологию.

Список использованной литературы:

1. Аклаев А.Р. Этнополитическая конфликтология: Анализ и менеджмент. М., 2005. С.
2. Политическая конфликтология: Учебное пособие/ Под ред. С. Ланцова. - СПб., 2008.
3. Николаев А.И., Ушакова Т.А. Религиоведение. Учебный курс. М., 2014.

Хамитова Д.К., МГТК 3 курс–юристконсульт,
Смаилова М.Н., студентка 2 курса

Научный руководитель – ст.преподаватель Искалиева М.С., Карагандинский
экономический университет Казпотребсоюза, г.Караганда, Республика Казахстан

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРАВОВЫХ МЕР И МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В ПРОТИВОДЕЙСТВИИ РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ.

Актуальность международного сотрудничества в борьбе с экстремизмом и терроризмом очевидна своей направленностью на противодействие экстремизму и терроризму на основе общепризнанных норм и принципов международного права.

Она тем более возрастает в связи с тем, что экстремизм и его часто следствие терроризм относятся к наиболее опасному и трудно поддающемуся точному определению общественным явлениям современности, которые приобретают все более разнообразные формы и угрожающие масштабы. Террористические акты чаще всего приносят массовые человеческие жертвы, влекут разрушение материальных и духовных ценностей, сеют вражду между государствами, провоцируют войны, недоверие и ненависть между социальными и национальными группами, которые иногда невозможно преодолеть в течение жизни целого поколения.

Религиозный экстремизм - это стремление к переустройству мира на почве религиозных убеждений. Кроме того, понятие трактуют как отрицание целостной системы традиционных для конкретного общества религиозных ценностей, желание одной из конфессий распространить свои верования и религиозные законы на общество в целом [1, с.22].

Главная цель, которую ставит перед собой религиозный экстремизм - признание своей веры единственной, подавление и уничтожение всех остальных религиозных конфессий, насильственное присоединение их к своей вере.

Осуществление эффективного сотрудничества в противодействии проявлениям экстремизма связано с перспективами научной разработки понятия «международный

экстремизм», его форм и проявлений, позволяющих выделить международный экстремизм как самостоятельное социальное явление.

С точки зрения международного права все формы экстремизма как антиправовые действия в том случае, если они способны нанести вред и представляют угрозу международному миру и безопасности, одинаково опасны и требуют в равной степени усилий государств в противодействии данному злу.

Отсюда четко прослеживается необходимость актуализации международно-правового сотрудничества государств в сфере противодействия экстремизму как угрозе международной, коллективной и национальной безопасности.

Спорадический характер военных действий путем вылазок и других нерегулярных действий, отсутствие прямо выраженной и открыто заявленной общегражданской программы, использование запрещенных международным правом средств и методов ведения войны, а также иные действия, идущие вразрез и с национальным правом государства, грубо нарушающие общепризнанные принципы и нормы международного права, ставят экстремизм на одну «доску» с терроризмом, который уже стал глобальной угрозой международному миру и безопасности, выйдя на уровень трансграничной опасности мирового масштаба[2,с.17].

Активизация усилий государств в борьбе с международным экстремизмом в последние годы выразилась в принятии ряда международно-правовых актов, направленных на противодействие экстремизму, сепаратизму, международному терроризму в аспекте регионального сотрудничества государств.

В этой связи особо следует отметить Декларацию о создании Шанхайской организации сотрудничества (ШОС) (подписана в Шанхае 15 июня 2001 г. главами государств Республики Казахстан, Китайской Народной Республики, Кыргызской Республики, Российской Федерации, Республики Таджикистан и Республики Узбекистан).

Целями ШОС являются укрепление между государствами-участниками взаимного доверия, дружбы и добрососедства, поощрение эффективного сотрудничества между ними в политической, торгово-экономической, научно-технической и иных областях, совместные усилия по поддержанию и обеспечению мира, безопасности и стабильности в регионе, построение нового демократического, справедливого и рационального политического и экономического международного порядка; она не является союзом, направленным против других государств и регионов, и придерживается принципа открытости[3].

Важным результатом в борьбе государств с проявлениями экстремизма стало принятие в рамках ШОС Шанхайской конвенции о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом от 15 июня 2001 г., которая вступила в силу для Российской Федерации 29 марта 2003 г.

Международно-правовая база сотрудничества государств в борьбе с терроризмом является необходимой основой реализации одной из основных функций государства, а именно: обеспечения безопасности граждан, общества и страны в целом [3].

Следует отметить, что в последние годы активно развивается договорно-правовой механизм сотрудничества. Его суть состоит в заключении специальных соглашений, посвященных регламентации определенной области отношений.

Договорно-правовой механизм подразумевает использование всех возможностей права международных договоров. Соглашения могут быть либо прямо посвящены проблемам борьбы с терроризмом, либо рассматривают их в контексте решения других проблем. На сегодняшний день сформировались следующие виды соглашений, касающихся проблем борьбы с терроризмом[3].

Список использованной литературы:

1. Шалабаев Ж.А. Феномен экстремизма и терроризма в современных условиях и политико-идеологические аспекты обеспечения национальной безопасности. Караганда, 2012, 232 с.
2. Гуриева Э.Г. Содружество Независимых Государств и борьба с терроризмом. Международно-правовые аспекты / Сев.-Осет. гос. ун-т им. К.Л. Хетагурова. 2010
3. Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом (г. Шанхай, 15 июня 2001 г.) // Интернет ресурс.

Тлеужан А.К, курсант 3 курса

Научный руководитель- старший лейтенант полиции Шаймуханов А.А. Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева, г.Костанай, Республика Казахстан

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРАВОВЫХ МЕР И МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В ПРОТИВОДЕЙСТВИИ РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ

Противодействие терроризму является одним из приоритетных направлений в обеспечении национальной безопасности страны [1].

Казахстан решительно осуждает терроризм во всех его формах и проявлениях и выступает за принятие коллективных усилий мирового сообщества по борьбе с этим явлением.

Казахстан неукоснительно выполняет требования Резолюции СБ ООН и ежегодно представляет Национальный доклад о проделанной работе в Контртеррористический Комитет ООН. Поддержано создание и принято активное участие в деятельности Международной контртеррористической коалиции.

Казахстан присоединился к четырнадцати международным универсальным инструментами по борьбе с терроризмом. В настоящее время Казахстаном проводятся внутригосударственные процедуры по ратификации 2-х протоколов и поправок к ним (Протокол к Протоколу о борьбе с незаконными актами, направленными против безопасности стационарных платформ, расположенных на континентальном шельфе, 2005 года; Протокол к Конвенции о борьбе с незаконными актами, направленными против безопасности морского судоходства, 2005 года).

Казахстан считает, что международное сотрудничество в борьбе с терроризмом должно осуществляться в полном соответствии с нормами международного права, а также поддерживает дальнейшее совершенствование антитеррористических договорных механизмов, в том числе в отношении принятия Всеобъемлющей конвенции о борьбе с международным терроризмом.

В декабре 2003 года распоряжением Президента РК создан Антитеррористический центр для более эффективной работы всех силовых структур в борьбе с проявлениями терроризма и религиозного экстремизма.

На АТЦ возложена координация деятельности всех специальных, правоохранительных и иных ведомств по борьбе с терроризмом.

На территории Казахстана запрещены организации, деятельность которых носит террористический характер. Организации признаются террористическими, если их уставные цели и деятельность противоречат Конституции и Законам Республики Казахстан и международным договорам, участником которых является Республика Казахстан; в случае, если существует потенциальная опасность активизации функционирования этих организаций по дестабилизации обстановки в государствах центрально-азиатского региона.

В национальный список террористических и экстремистских организаций, деятельность которых запрещена на территории Республики Казахстан, включены 16 зарубежных структур («Аль-Каида», «Асбат аль-Ансар», «Братья-мусульмане», «Боз

гурд», «Жамаат моджахедов Центральной Азии», «Исламское движение Узбекистана», «Исламская партия Восточного Туркестана», «Курдский народный конгресс», «Талибан», «Лашкар-и-Тайба», «Хизб-ут-Тахрир», «Таблиги джамаат» и «Общество социальных реформ», «АУМ Синрикё», «Организация освобождения Восточного Туркестана», «Джунд-аль-Халифат (Солдаты халифата)» [2].

Понимая, что борьба с международным терроризмом и экстремизмом требует взаимодействия государств на всех уровнях (глобальном, региональном и двустороннем), республикой подписан ряд международных и межгосударственных договоров и соглашений в данной сфере.

Большое значение придается развитию регионального сотрудничества, представленного в настоящее время деятельностью Антитеррористического центра Содружества Независимых Государств, Региональной антитеррористической структуры Шанхайской организации сотрудничества, а также в рамках предпринимаемых мер в сфере борьбы с терроризмом и экстремизмом Организации Договора о коллективной безопасности.

Весомым компонентом обеспечения безопасности и стабильности, региональным и общемировым политическим фактором становится основанная 15 июня 2001 года «Шанхайская организация сотрудничества» (ШОС). В рамках регионального и субрегионального контртеррористического сотрудничества реализованы мероприятия по укреплению правовых основ противодействия терроризму в формате ШОС. Подписаны конвенция ШОС против терроризма, а также соглашения ШОС о подготовке кадров для антитеррористических формирований и о сотрудничестве в борьбе с незаконным оборотом оружия, боеприпасов и взрывчатых веществ. Ратифицировано Положение о политико-дипломатических мерах и механизмах реагирования ШОС на ситуации, ставящие под угрозу мир, безопасность и стабильность в регионе. Утверждена Программа сотрудничества государств-членов ШОС в борьбе с терроризмом, сепаратизмом на 2010-2012 годы.

В рамках ШОС с 1 января 2004 года действует Исполком Региональной антитеррористической структуры (РАТС) в г.Ташкенте. С момента создания Региональной антитеррористической структурой ШОС налажено взаимодействие с региональным представительством Управления ООН по наркотикам и преступности в Центральной Азии.

Политическое решение проблем обеспечения безопасности на азиатском континенте также связывается с казахстанской инициативой по созыву Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА). Саммиты которого прошли в 2002 и 2006 годах в г.Алматы. Проведенные в рамках СВМДА за последние два года встречи высокого уровня уже стали важным шагом в создании действенного механизма безопасности в Азии. С принятием в 2002 году «Декларации об устранении терроризма и содействии диалогу между цивилизациями» и 2004 году «Каталога мер доверия» и сотрудничество в этой области приобретает все более системный и углубленный характер.

Повышение профессионального уровня подготовки казахстанских специалистов, осуществляющих борьбу с терроризмом и экстремизмом, является составной частью международного сотрудничества и осуществляется в специализированных центрах России, Китая, Австрии, Германии, Египта.

Последовательно реализуется единая государственная антитеррористическая политика. В этих целях поэтапно совершенствуется национальное законодательство в области борьбы с терроризмом.

В соответствии с решениями Совета Безопасности ООН в стране налажена система противодействия отмыванию денег и финансированию террористических организаций.

В рамках проводимой конституционной реформы Законом Республики Казахстан внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты по вопросам

смертной казни, в том числе ее применения за совершение террористических преступлений, перечень которых уточнен в Уголовном кодексе.

Принят Закон «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма», в соответствии с которым создан соответствующий уполномоченный орган – Комитет финансового мониторинга Министерства финансов [3].

Вступил в силу Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам информационно-коммуникационных сетей» регламентирующий механизмы пересечения и приостановления распространения в Интернете информации противоправного характера, в том числе террористического и экстремистского содержания.

8 апреля 2010 года принят Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия терроризму», которым корректируются 5 кодексов и 11 законов, в соответствии с международными нормами устанавливаются принципы и модель государственной системы противодействия терроризму.

В 2010 году Казахстан председательствовал в ОБСЕ, имеющую огромный опыт в военно-политической области и большой потенциал для его имплементации в конкретные действия.

В рамках военно-политического измерения было проведено более 60 мероприятий. 14-15 октября 2010 г. в Астане состоялась Конференция по предотвращению терроризма. По итогам конференции была принята Астанинская декларация, подтверждающая приверженность стран-участниц ОБСЕ и государств-партнеров делу борьбы с терроризмом.

Кроме этого, вопросы сотрудничества в борьбе с терроризмом на постоянной основе поднимаются в рамках Подкомитета по правосудию и правопорядку «Республика Казахстан - Европейский Союз».

Наша страна на практике поддерживает усилия международного сообщества по борьбе с терроризмом, развивает всестороннее сотрудничество и взаимодействие.

Список использованной литературы:

1. Совершенствование правовых мер в противодействии религиозному экстремизму: президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев
2. Закон РК «О противодействии экстремизму» от 18 февраля 2005 года и Закон РК «О противодействии терроризму» от 13 июля 1999 года.
3. 8 апреля 2010 года закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия терроризму»

9 СЕКЦИЯ. ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ КӨРСЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, ҚР ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ КӨРСЕТУДІҢ БОЛАШАҒЫ

СЕКЦИЯ 9. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ: ИСТОРИЯ, СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ, ПЕРСПЕКТИВЫ ПРАВОВОГО ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ В РК

Алкенова Ж, 1 курс студенті

Ғылыми жетекші – аға оқытушы, заңтану магистрі Адильбекова Қ.Қ.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ТЕРРОРИЗМ ҚАУІП-ҚАТЕРІНЕ ҚАРСЫ БАҒЫТТАЛҒАН НЕГІЗГІ ҚАДАМДАР

Бүгінгі таңда, қоғамымызда әр түрлі діни ағымдардың көптеп кездесуіне байланысты терроризм ұғымы да кең тамырын жаюды. Себебі, террор әрекеттерінің әсерінен қарапайым халық көптеп зардап шегетіндіктен бұл әлем бойынша өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Терроризмнің қазіргі таңда бірнеше бағытта жүзеге асатындығын білеміз, біріншіден, террорлық әрекеттер мемлекеттегі билікті күйрету болса, екіншіден, халықтың үрейін ұшыруға бағытталған. "Террор" ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе тоталитарлық жүйелердің өз азаматтарына қатысты күш қолдану және үрей туғызу саясатын сипаттауда қолданылады. Терроризм ретінде "әлсіздің" тарапынан болатын (радикалды саяси оппозиция экстремистік пиғылдағы ұлттық немесе діни азшылық, діни фанатиктер және т.б.) әрекет түсініледі. Терроризм - ұйымдасқан топ дйттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады. 1977 жылы Еуропалық Кеңеске мүше-мемлекеттер терроризммен күрес жөнінде Еуропалық конвенция қабылдады. Терроризм (ең алдымен, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлерін өлтіру) тарих ағынына елеулі ықпал етеді, бірақ саяси қайраткерлерге қарсы терактілер өздігінен жалпы адамзатқа аса қауіп төндіре қоймайды. XX ғ. екінші жартысында жағдай түбегейлі өзгерді, терроризмнің әртүрлі түрлерінің күрт жіктелуі орын алды. Ол өмір сүріп отырған бүкіл саясат тәртіптеріне, институттарға, заңды билік құрылымдарына қарсы жаппай соғысқа айналды. Терроризмнің иррационалды қыры саясатқа еш қатысы жоқ қарапайым халықты жаппай қырудан көрініс тапты. Нәтижесінде зорлық-зомбылық апаты және вакханалия жер шарының әрбір адамын терактіні ұйымдастырушылардың ақылға қонымсыз идеяларының бұғауында қалдырды. XX ғ. соңында терроризм қазіргі заманның өткір ғаламдық мәселелеріне айналды. 1960-1970-шы жылдары солшыл экстремистік пиғылдағы Италиядағы "Қызыл бригада" және Германиядағы Баадер-Майнхоф сияқты топтардың әрекеттерімен байланысты терроризм толқыны Батыс Еуропаны шарпып өтті. 1990-шы жылдардың басында Ресей қанды террористік зомбылықтың ортасында қалды. Кейіннен оған ислам экстремизмі, шешен сепаратизмі қосылды. Антитеррордың әдістері, технологиясы және тиімді стратегиясы отандық және шетелдік арнайы қызметтер күшіне сүйенеді. Саяси мақсаттарын іске асыру үшін өлімді, адамдарды ұрлауға, диверсияны және басқа да басып-жаншу актілерін құрал ретінде қолдану [1].

Терроризмнің негізгі типтері оның мазмұнымен, сипатымен, пайда болу себептерімен анықталады. Оларды: саяси, әлеуметтік, ұлттық, территориялық-сепаратистік, дүниетанымдық, ұлтты жою терроризмі, қылмыстық деп бөлуге болады.

Кең мағынада саяси терроризм ретінде қоғамдық құрылысты толықтай немесе ісін ара өзгертуге бағытталған террористік әрекеттердің кез-келген көріністері алынады.

Тар мағынада саяси терроризм ретінде мемлекеттік құрылымға жататын қандай да бір шешімдерді орындаудан бас тартқызуға, немесе керісінше қабылдауға бағытталған күрес түрі алынады. Мұның мысалы ретінде кезінде Алжирге тәуелсіздік беруді тоқтатуға қарсылық білдірген Франциядағы құпия қарулы ұйымды айтуға болады. Мұндай террористік ұйымдар көбінесе өз талаптары орындалғаннан кейін тарап кетеді.

Әлеуметтік терроризм қоғамдағы ішкі әлеуметтік саяси шиеленістердің негізінде пайда болады және негізінен екі нысанда, оң және сол сипатта болады.

Солшыл терроризм (революциялық, қызыл) идеологиялық тұрғыдан әр түрлі солшыл доктринаға негізделеді. Мысалы марксизм, троцкизм, анархизм, геваризм, маоизм, кастроизм. Солшыл террористердің көздейтіні бизнесмендер, мемлекеттік шенеуніктер, қауіпсіздік органдарының қызметкерлері, үкімет жағындағы партиялардың жетекшілері, жалпы айтқанда үстемдік құрып отырған режимді құлатуды көздейді.

Оңшыл терроризм (контрреволюциялық, «қара») ұлт үшін дәстүрлі саяси доктринаға, құндылықтарға, бұрын болған ұлттық қайраткерлердің идеяларына негізделеді. Қазіргі кезде оңшыл террористер фашистік, нәсілшілдік идеология сипатында кездеседі. Олардың көздейтіндері солшыл және либералдық саясаткерлер болып табылады. Мұндай террористік ұйымдардың мысалы ретінде Ресейде 1905-1907 жылдары өмір сүрген «қара жүздіктер», «Михайл Архангелдің одағы», 2000 жылдардағы Ресейдегі тақырбастар (скинхеты), Латын Америкасындағы «өлім эскадроналары» ұйымдарын келтіруге болады.

Ұлттық терроризм этникалық сипатта болып, сепаратистік, ұлт азаттық, ұлттық-репрессивтік терроризм деген түрлерге бөлінеді. Бұл түрдегі террористер өздерінің этникалық топтары үшін жеке мемлекет құруды мақсат тұтады өз әрекеттерін ұлт азаттық қозғалыс ретінде бағалайды. Мұндай ұйымдардың мысалдары ретінде Ирланд республикалық армиясын, Испания мемлекеті аумағындағы Баскалар отаны және бостандығы, Түркия жеріндегі Курдистан еңбекшілер партиясын, Шри-Ланка мемлекетіндегі тамил жолбарыстарын келтіруге болады.

Сепаратистік терроризм егемендігі немесе тарихи тұратын жерін кеңейту үшін күресетін азғантай ұлттық саяси топтармен жасалады. Қарсыластары-шенеуніктер, бизнесмендер, полициялық аппарат.

Ұлт азаттық терроризм жаулап алынған немесе колония түскен мемлекеттердің халықтарымен, агрессор елдердің өкілдеріне қарсы жасалады.

Мақсаты-мемлекеттік егемендігін қалпына келтіру.

Қарсыластары-әлеуметтік, мамандық жақтарына қарамай жауласқан халықтың өкілдері болып табылады. Алғашқы кезекте әскери қызметшілер, шенеуніктер болады. Мысалы Алжирді 1848 жылы Франция жаулап алып, оны Франция территориясы деп жариялайды. 1962 жылы Алжир мемлекеттік егемендігін алды.

Ұлтты жою терроризмі бір мемлекеттің ішіндегі белгілі бір ұлт немесе этнос өкілдерін азайту немесе жою мақсатында жүргізіледі және саны көп, үстемдік көрсетуші ұлт өз меншігін кеңейтуді, бір текті халыққа негізделген мемлекетті көздейді. Мысалы АҚШ-тағы Ку-Клукс-Клан. Мұндай жағдайда саны аз ұлт тең құқықтылыққа, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылады.

Дүниетанымдық терроризм үстемдік құрып тұрған нормалармен, қатынастармен мүлдем келіспеу ниетінен туындайды [2].

ҚР Қылмыстық кодексінің 233 бабы бойынша терроризм - бұл жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл сол мақсатта жасаймын деп қорқыту болып табылады [3].

Терроризмнің негізгі және балама объектілермен анықталады. Негізгі объектісі қоғам қауіпсіздігі болып табылады. 1998 ж. 26 маусымдағы «ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заң бойынша қоғам қауіпсіздігі ретінде Қазақстан азаматтарының өмірі мен денсаулығының, құндылықтарының, сонымен қатар Қазақстан қоғамының зардап келтіруі мүмкін қауіптерден қорғалу жағдайы танылады. Терроризмнің балама объектілері адамдардың өмірі мен денсаулығы, меншігі сияқты заңды мүдделері, сонымен қатар заңды тұлғалардың, мемлекеттің меншік нысандары бола алады.

Бұл қылмыс объективтік жағы бойынша бір неше белсенді әрекетермен жасалады. Олар адамдардың өміріне қауіп тудыратын жарылыс жасау, өрт қою, өзге де әрекеттер жасау, елеулі мүлктік зардаптар келтіру және осындай әрекеттер жасаймын деп қорқыту.

Субъективтік жағы-тікелей қасақаналық, яғни террорист өзінің әрекеттерінің қоғамға қауіпті екендігін сезінеді, әрекеттер жасағанда зардаптар туындауы мүмкін екендігін біледі және осындай әрекеттердің орындалуын және зардаптардың туындауын тілейді.

Бұл қылмыстың мақсаты негізгі белгілердің қатарына жатады, себебі мақсат түрі баптың диспозициясында көрсетілген. Ол мақаттар қоғамдық ортаны, халықты үрейленіру және мемлекетке, халықаралық ұйымдарға немесе заңды тұлғаларға тиімсіз, бірақ террорист үшін тиімді белгілі бір шешімдер қабылдауына ықпал ету.

Субъектісі 14 жасқа толған есі дұрыс кез-келген адам болып табылады.

Террористік әрекеттер жасау кезінде адамның өміріне зардаптар келсе, онда 233 баптың 4 бөлімімен сараланады. Егер мемлекет өкілдерінің террористік әрекеттерді тоқтату туралы қойған талаптарына дер кезінде көнсе немесе өз еркімен қылмыстық әрекеттерін зардаптар келмей тұрып тоқтатса, онда оның өзге әрекеттерінде басқа қылмыстардың белгілері болмаса қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

1999 жылғы шілдеде республикада терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, мемлекеттік органдардың және барлық меншіктік формаларындағы ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асырумен байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін айқындайтын «Терроризмге қарсы күрес туралы» заң қабылданды.

2003 жылғы желтоқсанда Президенттің жарлығымен терроризмнің және діни экстремизмнің көріністерімен күресте барлық қауіпсіздік қорғау құрылымдарының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды және оған барлық арнайы құрылымдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де ведомстволардың қызметін үйлестіру жүктелді.

Қорытындылай келе, терроризм ол халық үшін, жалпы мемлекет үшін өте қауіпті әрекеттердің бірі болып табылады. Жоғары айтылғандай терроризм ұғымы қазіргі таңда кең етек жаюда. Қазір бұл ұғым жан-жақты зерттелуде. Бірақ, әліде қандай да бір нәтижеге қол жеткізілген жоқ. Себебі бүгінгі қоғамымызда террорлық әрекеттердің әлемнің түпкір-түпкірінде болып жатқанын естіп те, көріп те жүрміз. Мұндай әрекеттерге адамзат бірлесіп төтеп беру керек. Елбасымыз да бір сөзінде осылайша айтқан болатын «Терроризм - әлемге, адамзатқа төнген қауіп! Адамзат осы қауіппен бірлесіп күресуі тиіс. Ислам дінінің терроризммен ешбір байланысы жоқ. Осыған байланысты, БҰҰ мінберінде «Ислам терроризмге қарсы» деген айдармен арнайы форум өткізуді де ұсынған болатынмын. Мұндай зұлымдықты біз тек бірлесіп жеңе аламыз. Терроризмнің не ұлты, не діні жоқ. Сондықтан да адамзат кеселмен бірлесіп күресуі тиіс» [4].

Бүгінде терроризмге қарсы әлемнің бірнеше мемлекеті мен халықаралық ұйымдар күресуде. Бұл, өз кезегінде, дендеп еніп бара жатқан терроризмнің алдын алуға, жол бермеуге апаратын бірден-бір жол болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. Саяси түсіндірме сөздік. — Алматы, 2007
2. <http://pps.kaznu.kz>

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-Ү ҚРЗ (10.01.2018 № 132-VI енген өзгерістерімен бірге) <http://adilet.zan.kz/kaz>
4. <http://www.aktobegazeti.kz/>

Алимхан Е. 1 курс студенті
Ғылыми жетекші – аға оқытушы, құқық магистрі Хауия С
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

ЭКСТРЕМИЗМ –ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАЙ- КҮЙІ

«Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала беретін азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім»[1].

Қазіргі таңда діни экстремизм мен терроризм Батыстың да Шығыстың көптеген елдерінде үлкен проблема болып отыр. Алайда әр елде, әрбір қоғамда өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақстандағы діни экстремизм мен терроризм ұлттық қауіпсіздікке елеулі қауіп төндіріп отыр.

Діни экстремизм мен терроризмнің негізінде күштеу идеологиясы мен мемлекеттік билік органдарына және тұрғындарға күш көрсетумен байланысты әсер ету тәжірибесі жатады. 2011 жылдан бері діни экстремизм терроризм нысанында көрініс тауып келеді.

Діни экстремизмді зерттеудің маңыздылығы зор, алайда дін адамдарды біріктіруге, мейірімділікке шақырады, фундаментальды қарама-қайшылықтармен анықталады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда дін саласында әр түрлі қызметпен айналысатын 28 үкіметтік емес ұйым бар. Мысалы, «Ақниет», «Насихат» орталықтары. Олардың ішінде ҮЕҰ радикалды діни топтардың идеологиялық әсеріне ұшыраған азаматтарға кешенді сауықтыру көмегін көрсетеді және деструктивті ағымдардан зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсетумен айналысады.

Экстремизм – «әсірелікке, зорлық-зомбылыққа үндейтін, діни өшпенділікті жандандырушы және азаматтардың қауіпсіздіктеріне, өміріне, денсаулығына, көзқарасына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер туғызатын кез келген діни тәжірибені» өз мақсатына пайдалануды көздейтін іс-әрекет немесе қалыптан тыс шетін көзқарастар.

Зерттеушілердің түсіндіруінше, экстремизмнің пайда болу себебі әр қоғамда әр түрлі болады және сол қоғамдағы объективтік және субъективтік жағдайға байланысты. Әйтсе де экстремизмнің пайда болуы мен таралуының кез келген қоғам мен мемлекетке тән ортақ жағдайлары бар. Қазіргі кезеңде оның негізгі факторлары ретінде эксперттер мыналарды ұсынады: әлеуметтік экономикалық тоқырау; жергілікті тұрғындардың көп бөлігінің өмір сүру деңгейінің күрт түсуі; мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы; олардың қоғамдық дамудың пісіп тұрған мәселелерін шешуге қабілеті жетпеу; саяси режимнің тоталитарлық сипат алуы; биліктегілердің оппозицияны басып тастауы; еркін, жаңаша ойлауды қуғындау; ұлттық қанау; жеке топтардың өз міндеттерін шешуін жеделдетуі; лидерлердің саяси амбициялары және т.б. Бұл негізгі факторлармен қоса ғалымдар экстремизмнің пайда болуы және дамуына әсер ететін қосымша факторларды атап көрсетеді. Оларға халықаралық немесе мемлекеттік жүйеде экстремизм көріністеріне қарсы күрестің осалдығы, тұрғындардың, жеке топтардың саяси және құқықтық мәдениетінің төмендігі, мемлекетаралық қатынастың әлсіреуі, әлеуметтік шиеленістің өсуі және басқалар жатады [2, 74б].

Діни экстремистік топтардың іс-әрекеттері төмендегідей көрініс табады:

1. исламға (басқа дінге) үйрету деп экстремистік идеялар таратылады;

2. діни (исламдық) тәртіп үшін күресуге шақыратын топтар, партиялар ұйымдастырылады;

3. билік жағынан қарсы әрекет жасалғанда жасырын жағдайға көшеді және өздеріне халықтық мүдделер үшін күресушілер тобын құрайды;

4. басқа экстремисттік ұйымдармен тығыз байланыстар орнатылады және бірігеді, шет ел орталықтарымен байланыста болып және олардың көмегімен билікке қарсы джихад (соғыс) жариялайды.

Сонда байқап отырсақ, экстремизм мен терроризмнің шығу себептерін талдауы барысында саяси, экономикалық, әлеуметтік, этникалық, діни-конфессионалдық көзқарастары мен қайшылықтардың еркін соқтығысуында деуге болады.

Әлемдегі жаһандық мәселелерді шешу барысында күш біріктірмесек, бұл қауіп-қатер өсуі мүмкін. Осы кезде еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекеттің бірден-бір негізгі бағыты болып табылады.

Исламның қалыптасуының алғашқы жылдарынан бастап мұсылман теологтары мен құқықтанушылары (сонымен қатар, тарихнамалық және заңгерлік әдебиеттердің зиялы авторлары да) мұсылмандық мемлекеттің (халифаттың) экономикалық саясаты мен қауымның экономикалық іс-әрекеттеріндегі әртүрлі проблемаларға тап болып отырды. Бұл негізінен сол кезде тек дін болып қана қоймай, сонымен қатар, қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттің ресми идеологиясы болып табылған исламның тарихи тағдырының ерекшелігіне байланысты болды. «Әділетті халифтер» заманында ақ, өзінің аумағын үздіксіз кеңейтіп отырған мемлекеттің шаруашылық белсенділігін идеологиялық (исламдық) тұрғыда негіздеу өте қажет болды [3, 178 б.].

Діни экстремизм мен терроризмнің шығуына көптеген жағдайлар әсер етті. Атап айтатын болсақ:

- экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және мәдени салаларда артта қалу;
- әлеуметтік әділетсіздік;
- жұмыссыздық, кедейшілік, ауыл және қала мәселелері;
- халықтың өмір сүру түрі, стандарттарына батыс елдерінің араласуы;
- нәсіл, дін, мазхаб, идеология, аймақ және шекара мәселелері;
- саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени тұрғыдан үстемдік құруы;
- діни, мәдени және идеологиялық, миссионерлік іс-шаралар;
- географиялық аймақтар, мемлекеттер, халық пен ел арасындағы түсініспеушіліктер;
- дамыған елдер мен мемлекеттердің дамымаған елдерді отарлауы, бөліп тұтастығын бұзуы;
- отбасы проблемасы, қоғамнан аластатылуы, өзін-өзі көрсету және дәлелдеуі;
- бір адамның, қоғамның бастан кешкен күйінішіне, әлсіздігіне қарсы өш алуы;
- өз дінінің, идеологиясының, халқының және мемлекетінің алдындағы міндетін атқару;
- қоғамдағы саясат, мәдениет пен өркениет дамуына қарсы әрекеттердің туындауы.

Діндер адамзат тарихында ізгіліктің құралы болғаны анық. Бірақ саяси күштер дінді саясаттың құралы етіп алып, қатыгез саяси мақсаттарын жүзеге асырады. Технология мен ғылым дамыған кезде діни экстремизм деген ұғым жиі қолданылуда. Халықтың білімдік мәртебесін көтеру қажет дегенде біз, халықтың тек діни сауаттылығын көтеруді ғана емес, сонымен бірге халықтың саяси мәдениетін, саяси сана мен өзіндік сананы қалыптастыруды, саяси сауаттылықты да айтып тұрмыз.

Мұндай қажеттілік бірінші кезекте қазіргі өркениеттің ең үлкен қауіптерінің бірі – діни экстремизмге байланысты түсіндіріледі. Діни экстремизм діни білім мен тәжірибенің жоқтығының, саясат пен діннің араласуының тікелей салдары. Діни экстремизм, іс жүзінде саяси экстремизм, яғни дінді агрессияны ақтап шығару үшін

пайдаланады. Бұған жол бермеу үшін тең дәрежеде діни сауаттылық, саяси мәдениет пен саяси сананы қалыптастыру, жалпы алғанда, мәдениет пен білімдік деңгейін көтеру қажет [4, 10 б.].

Діни экстремизм дегеніміз – саяси күштердің өз мақсаттарына жету үшін дін атынан мемлекетке қарсы жасалған немесе бағытталған күресі. Сөйтіп, олар өз билігін орнатуға немесе айтқанын орындатуға ұмтылады. Дінімізді бұрмалап әртүрлі жаңалықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, ділімізден, мәдениетімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халық арасында араздық, дұшпандық, жеккөрушілік, тасбауырлық тудырып, ынтымағынан, бірлігінен айырып, ұмыттырғысы келгені, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде жұмыс жасап жатқандығы – осының дәлелі. Сонымен қатар, көптеген діни ағымдардың пайда болуына байланысты, қоғамда кері саяси ұғымдардың пайда болуы, адамның сана сезімін улайтын, әлемдік діндердің атын жамылып теріс бағыт беретін діни секталардың экстремалды түрде қаптауы халыққа зиянын тигізіп жатыр. Экстремистік әрекеттердің әрбір мемлекетке немесе қоғамға тигізетін салдарын Ресей мамандары В. Зорин және Э. Паин жан-жақты талдап береді [5, 74б.].

Қорыта айтқанда, жаңа заман жағдайында, яғни конфессиялық топтардың саяси қайшылықтары кезінде жоғарыда аталған мәселелер ерекше маңызға ие және оларды еңсеру барысында Қазақстанның саяси-құқықтық құрылымы мен ұлттық ерекшеліктері есепке алынып отыруы тиіс.

Қазіргі таңда исламдық факторды кейбір батыс шеңберіндегі тұлғаларымен айыпталуы бізге олардың мәселенің толық қамын білмейтінін және оған қате баға беретінін көрсетеді. Себебі, олар тек мәселенің үстіңгі және сыртқы көріністері негізінде және терроризмнің көріністеріне қате сараптама жасау негізінде қорытынды жасайды. Бұл нысанның ерекшелігі мынада болып табылады: осы ланкестік әрекеттерді жүзеге асырушылар одан геосаяси және геоэкономикалық пайданы табады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған нұрсұлтан Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауы. // www.akorda.kz
2. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. – Алматы, 2010. – 320 б.
3. Мейрбаев Б.Б. Ислам әлеуметтік-экономикалық доктринасының қалыптасуы // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. 178 Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – № 1 (32). – 2009.
4. Бокарев С. Н. Экстремизм как социальное явление: история и современность // Современный экстремизм в Российской Федерации: особенности проявления и средства противодействия. Материалы всероссийской научно-практической конференции. [Академия управления МВД России](http://www.akademia.ru). — Тверь: «Триада», 2006.
5. [Бурковская В. А.](http://www.akademia.ru) К вопросу о методологии изучения факторов молодёжного экстремизма // Проблемы противодействия молодёжному экстремизму. Сб. науч. статей. — М.: [ВНИИ МВД России](http://www.akademia.ru), 2007.

Ашкенов М.Д., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші – з.ғ.к., профессор Рахметуллина М.А.
Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ, ТЕРРОРИЗМ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮСІНІГІ МЕН МӘНІ

Бұл Ислам құндылықтарын сақтау жолында үндеу тастаған өздерінің пікірлестерін діни принциптерді бұзушылар деген айыптаулармен кінәлайды. Діни-саяси экстремизм болса, әртүрлі діни пікірлерге негізделгеніне қарамай, олардың іс-әрекеттері Қылмыстық істер кодексінің баптарына сәйкес келеді. Яғни, діни-саяси экстремизм - діндегі саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда - терроризм (лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Қауіпті жағдайға айналған осындай әрекеттерді іске асыру, көбіне қарулы топтар құрып, өзара өшіктіру әдістерін қолдану арқылы дін және ұлттық қайшылықтарды қоздырумен, сондай-ақ адам құқын жаппай бұзумен қатар жүреді.

Мұндай шектен шыққан экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Экстремистер қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Саяси экстремизм тек саяси мүддені ғана көздейді. Олар адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады.

Діни-саяси экстремизм әдетте ешқандай ымыраны мойындамай, ортақ келісімнен бас тартады, ешкімді жақтырмайды, тіпті оларды қолдап жүрген дін өкілдерінің пікірі болса да ешқандай саяси пікірлермен санаспайды. Діни экстремизм үшін *«Харам мен халал»* (арам мен адал), *«өзіңе қалағаныңды басқаға да қала»* деген қағидалар болмайды. Олардың басты қаруы қатігездік пен шапқыншылық. Сонымен қатар діни антқа байлап қойған адамдардың экстремистік қатардан шыға қоюы өте қиын. Экстремизмді айыптау, егер Құран және сүннет негізінде болмаса, онда адасушы мұсылмандар айыптауды мойындамайды, бос сөз қатарында қабылдайды. Кінәлілер айыптаушыларды - надан, жалақор ретінде азғыруы да мүмкін. Ислам шарифатымен амал етіп, басқаға үлгі бола білу, әрі шарифат талаптарын орындау, өркениетті қоғам орнатудағы аса сенімді жол екенін түсіндіре білу - діни экстремизмге қарсы қолданар ең үлкен қару. Әлемдегі құбылыстардың қандайы болмасын өзіндік пайда болу ықтималдығына бағытталған әсерге негізделе отырып, ережелер мен заңдарға сүйенген себептері мен салдары бар. Бұл заңдылықтар қатарына тек философиялық ой-пікір тұжырымдары ғана емес, еш күдіксіз қабылдануы бұйырылған Илаһи заңдылықтар да жатады.

Экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары

Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде, әрине, күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жас өспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес. Секталардың, экстремистік топтардың қауіпі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін барлық мектептерде «дінтану» сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырулары керек. Террорға бейім адамдар мұсылман отбасыларында, яғни біздің көз алдымызда өсіп-жетілді. Біз оларды мұсылман деп санадық. Террорист болу жолында олар қандай күйді бастан кешірді? Біз бұған кінәлі емеспіз бе? Деген көптеген сұрақтар алдымызда тұрғаны ақиқат. Исламның негізін меңгерген адамның террорист болуын

елестету мүмкін емес. Террорлық жолға түскен адамның мұсылман болып қалуы неғайбыл. Дінде адам өлтіру арқылы ізгі мақсатқа қол жеткізу деген ұғым мүлдем жоқ. Ал енді сондай жолға түскендерге дұрыс тәрбие беру үшін қаншалықты күш-жігер жұмсадық? Рухани дүниелерін қажетті құндылықтармен сусындату арқылы оларды радикалданудан сақтай алдық па? Оларды террордан аулақ қылатындай жауапкершілік сезімімен тәрбиелей алдық па? Кез келген жан өз дінін жетік білсе, ақырет күні есеп беру сезімімен әрекет етер болса, террорлық әрекетке беттеуі мүмкін емес. Иә, жас ұрпаққа рухани тәрбие беріп, діни сауатын ашу үшін барлық жағдайды жасадық деп айта алмаймыз. Бүгінде мәселе әбден ушыққанда барып бірқатар жедел шараларға барып отырғанымыз белгілі. Алайда, кейбіреулер осының өзін көп көруде. Мектеп бағдарламаларында ахлақ (дін) сабағын қоюды артық көруде. Ал бірақ адамның рухани дүниесіне қажетті құндылықтардың барлығы бала бойына мектептен бастап сіңірілуі керек еді. Ол адамдардың барлығы сіз бен біздің арамызда өсіп-жетілді. Олардың барлығы – біздің балаларымыз. Қалайша олардың кейбірі әлгіндей тәрбиемен өсті? Адам өлтіру, қырып-жою түсінігі қайдан шықты? Жалпы адамзаттық құндылықтарға қарсы шығуға не себеп болды? Өз ұлтын өзіне жау көріп, «жанды бомба» болып жарылуын қалай түсінеміз? Демек, тәрбиеде кемшін кеткен тұстар бар. Тәрбие жүйесінде ойланып, толғанатын, толықтыратын жайттар көп. Рухани тәрбиеге тиісінше мән берілмеген. Міне, осының салдарынан рухани тұрғыдан таяз жаңа ұрпақ өсіп жетілді. Діни сауаты жоқ, рухани тәрбиеден жұрдай осындай жастарды әлдекімдер алдап-арбау арқылы санасын роботқа айналдырып, өз мақсаттары үшін қолдануда. Тіпті оларды түрлі дәрі-дәрмектер мен психотроптық заттардың көмегімен арандатып отырған болуы да ықтимал. Қазір осы туралы баспасөз беттерінде көп айтылып жатыр. Сөйтіп, арандап қалған жастарды негізгі мақсат, негізгі идея осы деп, адам өлтіруге, жалпы өлімге айдап салып отыр. Әлдекімдер осындай жастардың қолымен от көсеп, өз мақсаттарына жетуді көздеуде. Террорлық әрекетке барып жатқандар мешіт жамағатынан шыққан, діндар жандар емес. Діндар кісілер мұншама жауыздық әрекетті жасай алмайды. Жанкештілікке көбіне діни сауаты жоқ адамдар барады. Олар әлдекімнің «Мынаны өлтіру керек» дегенін бұлжытпай орындайды. Осының барлығының алдын алу үшін жас ұрпаққа дұрыс тәрбие мен білім беру қажет. Мемлекет осыған қатысты қажетті заңдар мен ережелерді қабылдауы керек. Мұндай жағдайдан алып шығар жалғыз ғана жол бар – ол адамдарға ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін үйрету. Шынайы мұсылман адамның еш уақытта лаңкес бола алмайтындығын түсіндіруіміз керек: «Кімде-кім шаң тозаңындай жақсылық жасаса, соның (сауабын алады), кімде-кім шаң тозаңындай жамандық жасаса, соның жазасын тартады» («Зилзал» сүресі, 7-8 аяттар). Егер сен атомның салмағындай бір нәрсе жасасаң, соған жауап бересің. Құранда бір адамды өлтіру бүкіл адамзатты өлтірумен бірдей деген аятта бар. Ибн Аббас деген сахаба қасақана адам өлтіруші мәңгілік тозақта қалады дейді. Діннің негізгі ұғымы осы болса, онда осыны үйретуіміз керек. Ислам жайлы түсінігімізді қайта қарап шыққанымыз жөн. Мұсылман ретінде «Мына әлемде өзгелер алға басып, дамып, өркендеп жатқанда, біз неге кері кетудеміз?» деп өз-өзімізге сын көзбен қарап, осының жауабын іздеуіміз керек. Елдің елдігін сақтау Құран мен сүннетті басшылыққа алып, бұрынғы даналарымыздың көрсеткен жарқын жолымен жүруде екенін түсінетін уақыт жетті. Осы тұрғыдан өткеніміз бен бүгінімізді мұқият саралауға міндеттіміз. Дінімізде мәңгі өзгермейтін ұлы ақиқаттар мен заман шарттарына қарай бейімделіп отыратын құндылықтар бар. Міне, осыларды қаперге ала отырып, белгілі бір тепе-теңдіктен ауытқымай дінді бір бүтін ретінде парасатпен пайымдап, заман талабына сай түсіндіре білетін ғалымдар мен ойшылдардың болуы аса маңызды. Ислам діні пайда болғаннан кейінгі алғашқы бес ғасырда, осындай ойшылдар мен ғалымдар көп болды. Ислам діні адамзатқа түрлі халықтар арасында тыныштық, бірлік, ынтымақ қалыптастыру мақсатында түсірілген. Аллаһтың 99 көркем атының бірі – «ассалам» – «тыныштық», «бейбітшілік» болуы, «Ислам» сөзінің араб тілінде «тыныштық, бейбітшілік» мағынасын білдіретін түбірден шығатыны біраз сырды аңғартса керек. Әрбір мұсылман бір-біріне

амандасқанда амандық, тыныштық тілеп сәлемдеседі. Ислам діні өзімшілдікке жол бермейді, Аллаһ алдында барша адам тең. Тәңірі басқаларға ісімен де, тілімен де зарар, зиян келтіруден тыйып, адамдарды мәмілемен, жарастықта, тату ғұмыр кешуге, бір-бірін қуаттап, қолдауға үндейді. Ислам соғысқа, қан төгіске шектеу қойған. Бейбітшілік – адамзаттың басты құндылығы. Құран қағидалары қақтығыстардың алдын алып, ұрыс-жанжалдарды харам еткен. Қару жұмсауға, күш қолдануға басқалар шабуыл жасаған жағдайда, амалсыздан қорғану мақсатында ғана рұқсат етілген: «Өздеріңе біреу шабуыл жасаса, Құдай жолында сендер де соғысасындар. Тек өздерің қилікпендер. Анығында, Аллаһ шектен шыққандарды ұнатпайды». Тарихқа жүгінсек, Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбар қатысқан соғыстың бәрі қорғаныс, жаудың бетін қайтару мақсатында болғанын білеміз. Дінімізде жазықсыз адамның өмірін қию үлкен күнә, ең ауыр қылмыс болып саналады. Шариғат тұрғысынан адам өмірі қасиетті, оны ардақтай білу парызымыз. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сөзімен айтсақ, адам жаны мен оның иелігі айлардың ішіндегі мұххарам, мекендер ішіндегі Қағба (Меккедегі), күндердің ішіндегі Құрбан, хадж уақытындағы Арафатта тұру сынды қастерлі, оған тиісуге болмайды. Жан алу жаратушының ықтияр-еркімен, бұйрығымен іске асады, бөгдені жер жастандыру – Аллаһтың қалауына қарсы келумен пара-пар. Алла Тағала аятта: «Бейкүнә адамдарды өлтіруші болмаңдар, ол – Тәңірі тыйым салған іс. Егер біреу нақақ өлтірсе кек алу хұқығы өлген адамның жақын туысына беріледі. Ол бірақ кек алуда шектен аспауы керек. Шындығында, оған жәрдем болады» («Исра» сүресі, 33 аяты, 1.297-б). Шариғат белгілері кісі өлтіруді бірнеше түрге бөледі. Ханафи мәзһабы бойынша олар бесеу: 1. Әдейі /амд/ өлтіру; 2. Әдейі өлтіруге ұқсас шибхи амд; 3. Қателесіп өлтіру; 4. Қателесіп өлтіруге жататын өлім; 5. Өлімге себеп болған әрекет. Әдейі, қасақана қан төгуге жаратушы тарапынан ахирет күнінде қатаң даауыр жаза бар. Құран Кәрімнің «Ниса» сүресінде айтылғандай: «Кімде кім мүмінді қасақана өлтірсе, оның жазасы жаһаннам және ол онда мәңгі күйеді. Алланың қаһары мен қарғысына ұшырайды. Жаратушы оған ауыр азап дайындайды». Құранда себепсіз басқаны ажал құштырушы Алланың қаһарына ілігіп, о дүниеде тозақ отына күйетіні көрсетілсе, хадисте бұ дүниеде осы қылмысы үшін «қанға-қан» дегендей қысас жолымен ауыр жазаға тартылатыны баяндалған. Алайда, қысас жекелеген топтың шешуімен емес, кәсіби қазының (соттың) шешімімен, қатаң шариғи шарттар арқылы жүзеге асады. Ислам террорға, зорлық-зомбылыққа, бейбіт жандарға күш қолдануға қарсы. Бүгінгі таңда әлемнің түпкір-түпкірінде ислам атымен сандаған жазықсыз адамдардың қаны төгіліп жатады. Жаратушы сөзімен қарасақ, бір адамға қиянат жасап, құрбан ету күллі адамзатқа бағытталған амал ретінде түсіндіріледі. Сонымен Исламның қақтығыс, лаңгестік, зорлық-зомбылықты, өктемдікті айыптаған, керісінше қоғамдық тұрақтылық, ізгілікті, ұстамдылықты уағыздаған дін екендігіне көзімізді жеткіземіз. Жалпы террордың ұлты да, діні де жоқ. Сол тұрғыдан мұсылман адамның террорист болуы әсте мүмкін емес. Ислам дінінің терроризм, экстремизммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Сөз соңында айта кетейік, терроризм мәселесін біржола шешу өздерін ислам дініне жатқызатын адамдар Құран мен сүннеттің рухына сай (бұл өз кезегінде барлығын қамти білумен, қайырымдылықпен, көркем мінезбен, әрбір жанды қандай болса сол күйінде танумен және толықтай әділдікпен сипатталады) өмір сүргенде ғана жүзеге асады. Ең алдымен, мұсылмандардың өздерінің ислам дінінде биік адамдық қасиеттерді, заңды қадірлейтін мейірімді әрі тәртіпке бағынатын тұлғаның қалыптасуына басты назар аударылатындығын терең түйсіне білулері аса қажет. Сол себепті, мұсылмандар арасында орын алып отырған экстремизммен күрес репрессия және жалаң тыйым салу жолымен емес, біріншіден, адамгершілік пен ізгі мінез қалыптастыратын исламның шынайы бейнесін дұрыс діни білім беру арқылы айқындатып күресу керек. Екіншіден, адамдардың бойына этикалық қасиеттер дарытып, идеологиялық және өмірлік-стильдік плюрализмді қабылдау бейімділігіне үйрететін зайырлы білім беру жүйесі мен ағартушылық арқылы да жүзеге асу керек. Үшіншіден, ата-аналар мен туған-туыстар жас ұрпақты, балаларын сүйіспеншіліктің бесігіне бөлеу үшін отбасы институтын күшейтудің

Каждый народ извлекает свои уроки из истории. Это его право, и нельзя навязывать другим свою точку зрения. Но также никто не вправе навязывать нам свое субъективное видение истории. А уроки XX века для нашего народа во многом трагические.

6. Открытость сознания. Многие проблемы возникают из-за того, что большой, глобальный мир стремительно меняется, а массовое сознание остается в «домашних рамках». Казалось бы, что доказывать необходимость массового и форсированного обучения английскому языку, когда по всему миру более миллиарда человек изучают его наряду с родным как язык профессиональной коммуникации?

Из этих шести направлений, мы сегодня рассмотрим именно сохранение национальной идентичности.

В 2010 году был вывод, что нужно работать на законодательном официальном уровне, чтобы реализовать потенциал Казахстана. Эта потребность привела к созданию фонда «Ұлағат». Частный фонд «Фонд культуры и развития «Ұлағат» является некоммерческой организацией. Цель Фонда: всемерное содействие сохранению и развитию самобытной культуры Казахстана в духе преемственности и взаимообогащения.

«Ұлағат» – это код нации. Это очень ёмкое слово, которое однозначно невозможно перевести на русский язык. Можно сказать, что это преемственность поколений, но это не передаёт полный смысл этого слова. В слове «ұлағат» передаётся и передача прежнего опыта молодому поколению, и адаптация себя к исторической памяти своих предков, родителей, и адаптация себя к сегодняшней жизни, и адаптация себя к новым родственникам после замужества или женитьбы. Это все я вкладываю в понятие «ұлағат». У казахов есть выражение: «Улкеннен – ұлағат», что означает перенять нравственные ценности, культурные коды личностей твоих предков для своей жизни [3].

На новом разломе эпох у Казахстана есть уникальный исторический шанс через обновление и новые идеи самим построить свое лучшее будущее. В новой реальности внутреннее стремление к обновлению – это ключевой принцип нашего развития. Чтобы выжить, надо измениться. Тот, кто не сделает этого, будет занесен тяжелым песком истории.

Список использованной литературы:

1. «Рухани Жанғыру» статья Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания"
2. Социальный журнал «Әлеумет тынысы» № 112 выпуск от 28.08.2017г.
3. «Караван» газета №157 выпуск от 22.08.2017 г.

Адилбек Н.А., 3 курс курсанты
Ғылыми жетекші-аға лейтенант Шаймуханов А.А. ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒЫТЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына маңызды мәлімдеме жасады. Елбасы өз баяндамасында адам капиталын арттыру, жаңа технологияларды енгізу, әлеуметтік мәселелер бойынша бірқатар тапсырмаларды атап өтті. Сонымен қатар, Елбасы экономикалық ахуалды одан ары жақсарту үшін бизнес саласына да айырықша көңіл бөлініп келе жатқанын тілге тиек етті.

«Қазақстан әлемдегі түрлі сынақтарға төтеп беріп, қарқынды экономикалық даму жолына бет алды. Еліміздің 2050-ші жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясы жүзеге асырылуда. 100 нақты қадам Ұлт жоспары аясында біз реформаларды жүргізіп келеміз.

Индустрияландыру саласын өркендету үшін жүйелі жұмыстар атқарылуда. Біз конституциялық реформаны жүзеге асырып, еліміздің Үшінші жаңғыруын бастадық. Рухани жаңғыру бағыты бойынша кешенді іс-шаралар жүргізілуде. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы қабылданды», – деді Н. Назарбаев өз мәлімдемесінде»Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді.

Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде [1].

Бұл туралы Мемлекет басшысы әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін атқарылуға тиіс 10 міндетте айтты. Соның біріншісіне тоқталар болсақ, Елбасы: «Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс. Оның нәтижелері мұнай бағасы күрт төмендеген 2014-2015 жылдардағы дағдарыста негізгі тұрақтандырушы факторлардың бірі болды. Сол себепті, жоғары еңбек өнімділігі бар қайта өңдеу секторына деген бағдарымыз өзгерген жоқ. Сонымен қатар индустрияландыру 4.0 жаңа технологиялық қалыптың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мейлінше инновациялық сипатқа ие болуға тиіс. Кәсіпорындарымызды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған, өнімнің экспортқа шығуын көздейтін жаңа құралдарды әзірлеп, сыннан өткізу қажет. Бұлар, бірінші кезекте, технологиялардың трансфертін ынталандыруға тиіс. Еліміздің бірнеше өнеркәсіптік кәсіпорнын цифрландыру жөніндегі қанатқақты жобаны іске асырып, бұл тәжірибені кеңінен тарату керек», деп атап өтті. Бүгінде бізге Елбасы белгілеп берген меже бұдан кейін де өнеркәсіптік дамудың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Соңғы жылдары дүниежүзілік экономика күрт өзгерді. Оған әрине, ақпараттық технологиялардың тікелей әсері бар. Елбасы өз Жолдауында жаңа технологиялық қалып туралы айтты [2].

«XXI ғасырда әлемнің табиғи ресурстарға деген мұқтажы жалғасуда. Олар болашақта жаһандық экономиканы және еліміздің экономикасын дамыту барысында ерекше маңызға ие болады. Бірақ шикізат индустрияларын ұйымдастыру ісін, табиғи ресурстарды басқаруға қатысты ұстанымдарды сыни тұрғыдан қайта пысықтау керек. Кешенді ақпараттық технологиялық платформаларды белсенді түрде енгізу қажет. Кәсіпорындардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуге, сондай-ақ энергия өндірушілердің өз жұмыстарының экологиялық тазалығы мен тиімділігіне қойылатын талаптарды арттыру керек», делінген Жолдауда. Бұл орайда біз алдағы уақытта жұмыс бағытын қалай қалыптастырамыз, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асырамыз деген сауалдарға кеңінен жауап алдық. Өнеркәсіп саласы мемлекетті өркендетудің негізгі алғышарты екенін назарда ұстай отырып, ақпараттық технологияларды өндірісте кеңінен қолдану, экологиялық талаптарға жіті мән беру, энергия үнемдеу, шығындарды барынша азайту, еңбек өнімділігін ұлғайту сынды бағыттар болашақта кәсіпорынның басты мақсаты болып қала береді. Экспортқа көңіл бөлу де осы басым бағыттардың бірі болып табылады. Бұл орайда айта кетейік, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз өндіріс орындарын ашу «Қазфосфат» ЖШС-нің аса маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі саналады. Қазіргі уақытта зиянды өндірістің қоршаған ортаға залалды қалдықтар шығаруын азайтатын бағдарлама жасалуда. Бағдарламада қоршаған ортаны ластау деңгейін төмендету, экологиялық қауіпсіздік деңгейін барынша жақсарту, өндірістік экологиялық мониторинг пен бақылау жүргізуді жетілдіру аясында көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Бүгінде «Қазфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндірісінің нақты көлемі 149,5 пайызға артты [1].

Сондай-ақ жаңа өндірістерді іске қосу арқылы өткен жылы 300 мың тоннаға жуық фосфор тыңайтқыштары шығарылды. Биылғы жылы экспорт көлемін 7 миллиард теңгеге жеткізуді көздеп отырмыз. Зауыт өнімінің 93 пайызын экспорт құрайтын болғандықтан Америка Құрама Штаттары, Қытай, Үндістан мемлекеттерімен жан-жақты байланыс орнаған. Мұның бәрі де Елбасы Жолдауында айтылған жаңа технологиялық қалыптың

игілігін көрсетеді. Жолдау, сонымен қатар өнеркәсіп өндірісіне жаңа мүмкіндіктер береді. Жалпы, Президенттің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында айтылған он бағыттың бәрінің де экономикалық негізі бар. Оны табысты жүзеге асыруға қажетті құндылықтардың барлығы біздің елімізде бар деп есептеймін. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, «Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала беретін азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім». Осы құндылықтарды сақтау және одан әрі жетілдіру өнеркәсіптің өрлеуіне, экспорттың жандануына, экономиканың тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Сондықтан экономикалық негіздің мықты тірегі арқылы Елбасы көрсеткен межені бағындыруымыз керек.

Сөз сонында «Елбасының бұл Жолдауы еліміздің жарқын болашағының кепілі» деп өз сөзімді қортындылағым келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
2. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 12.04.2017 http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

Алданыш А., 8 сынып оқушысы

Ғылыми жетекшісі – тарих пәнінің мұғалімі Маратова А.Е.
«№93 Гимназия» КММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгінгіміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің ролі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Елбасымыз бүкіл қазақ халқы ежелден армандаған мақсатты, яғни ұлттық жаңғыруды қолға алып отыр. Президентіміз бұл рухани жаңғырудың жолын көрсетіп ғана

қоймай, оны жүзеге асырудың нақты бағыт-бағдарын да ұсынды. Бұл ретте Елбасы ең алдымен бәсекелікке қабілетті болу мәселесіне айрықша көңіл бөледі. Қазақ халқы үшін бұл – бүгінгі таңдағы ең басты шарт-талаптардың бірі. Яғни, жаңа ғасыр, жаңа заман осыған қарай тез қарқынмен зымырап, бет алып барады. Ендігі жерде кім жанталасып жақсы жұмыс істейді, кім өз мамандығын жетік меңгеріп, жаңалыққа қалай тез қол жеткізеді – соның жолы болады. Байлыққа, табысқа сол кенеледі. Сол халықтың жұлдызы оңынан туады деп айтып кетті [1]

Дүниеде барлық адам, барлық халық тәуелсіздік пен бостандықты, теңдікті аңсайтыны анық. Сол жолдағы тынымсыз күрес әлемнің кей түкпірінде әлі де жалғасып жатыр. Тәуелсіздік ұғымының терең астарын тарих қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның санғасырлық арманынан іздегеніміз абзал.

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде». Сол бірліктің арқасында еліміз экономикалық даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түсті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгініміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда [2]. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады. Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды: Бәсекелестік қабілет. Ғаламдандудың жаһандық жүйесіне еніп, ХХІ ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты. Прагматизм. Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатының ескертті. Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. ХХ ғасыр қасіреттерін қаперімізге сақтап, одан

сабақ алу және де дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетінін қазіргі кезде болып жатқан әлемдік толқыныстарды мысалға келтірді. Ревалюциялық өзгеріс емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керек екеніне ой қортты. Қорыта айтқанда, бұл елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін. Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді. Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа мензеген дара жолымен биік шындарды бағындырайық.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп тануымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз [3].

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

Қолданылған әдебиттер тізімі:

1. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. - Астана: 2017жыл
2. Программа «Туған жер». - Астана: 2017
3. Взгляд будшее модернизация общественного сознания. – Астана: 2017

Берікбай А.Қ., 2 курс студенті

Ғылыми жетекші - Райымбекова А.Қ. ҚҚЭУ экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-РУХАНИЯЛЫҚ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ИДЕЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Рухани жаңғыруды сипаттау және еліміздің патриоттық сананы жаңарататын ұлттық құндылықтарды жаңғырту. Білім алушылар мен білім берушілердің бойында

ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрметін, сүйіспеншілігін, мақтаныш сезімін ояту, ұлттық рухты жанына дарыту.

Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласын бірнеше рет оқып, мұқият танысып шықтым. Маған ең алдымен ой салғаны тұсы – мақаладағы «рухани жаңғыру» деген сөздің қолданылу аясының кең көлемде болуы. Әдетте, елімізде экономикалық жаңғыру жиі қолданылатын еді. Елбасымыздың таяуда халыққа арнаған Жолдауындағы үшінші жаңғыруда еліміздің алдағы уақытта қай бағытта жүруі және қандай іс-шараларды жүзеге асыруы қажеттігі жан-жақты баяндалғаны айшықты көрініп – ақ тұр. Елбасы мақаласы еліміздің тұрғындарын рухани жаңғыру арқылы болашаққа бағдар жоспар жасауға талпынуға бағыт-бағдар беріп отыр. Рухани жаңғыру – еліміздің дамуы мен жандануы үшін маңызы зор үлкен жаңалық.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласында маған терең ой салған тағы бір жайт – ұлттық сана туралы айтылған аса маңызды даналық сөздері. Әлі де есімде, осыдан біраз уақыт бұрын қазақстандық ұлт деген мәселе көтеріп, бұл қазақтың барша зиялы қауымын елең еткізгені анық. Сонымен, олар мұндай пайымдаудың дұрыс еместігін сан мәрте дәлелдеп жатып, ақыр соңы бұл жағдайдан бас тартқаны белгілі. Мысалы, Елбасы өзінің осы мақаласында ұлттық сана туралы айта келіп, «таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгертіні анық. Біз бұған дайын болуымыз қажет» деп алдағы жылдардағы іргелі өзгерістерге әрбір адамның дайын болуын басып айтты.

Сондай-ақ Елбасы таяу жылдарда ел алдында тұрған асқаралы міндеттерге тоқтала келіп, «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдауымыз керек екенін дәйек еттіп атап өтті. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет» деп алда тұрған басты мақсатты айқындап көрсете білді. Атап айтқанда, 2025 жылға қарай ісқағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды бәрін де латын қарпімен шығара бастау қажеттігін өзекті бір басты міндет ретінде алға қойып отырғаны мәләм жағдай.

Еліміз дамуында маңызы орасан зор мұндай жаңалықтың тек қазақстандықтарды ғана емес, жұмыр бетіндегі 18 миллион мұсылман қауымын орасан зор қуанышқа бөлейтіні мен үшін айқын құбылы болып саналады.

Өйткені кирилицадан латын әліпбиіне көшу әлемнің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан барша мұсылмандарды барынша жақындастыра түседі. Сондықтан да латын әліпбиіне көшудің маңызы мен мәні айрықша көрсете білді. Еліміздің дамуына үлес қосатын бағдарламасының тобықтай түйіні, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тәуелсіз еліміздің даму бағыты өрілген өзекті мақала екені даусыз. XXI ғасыр – жаңа заман ғасыры. Озық технологияның, кемелді білімнің, біліктіліктің заманы. Еліміз алдына жаңа міндет қойып отырғаны белгілі жаңалық. Ол – әлемдегі ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылуы. Бұл жөнінде Елбасы «Қазақстан – 2050» стратегиясында, Бес институционалдық реформасында, биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында айтып өткен болатын.

Ол деңгейге жету үшін алдымызда біраз қызығы мен қыйындығы мол міндеттер тұр. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілгендей, ұлттық санамыз жаңғыруы қажет деп есептеймін. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. Көреген көшбасшы Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігін беріп отыр.

Тұңғыш Президент өз сөзінде: «Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», - деп ел келешегіне үміт артады. Ендеше, сенімнен шығып, бағдарламалық мақалада көрсетілген ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын барша қазақстандықтар келелі ойға салып, салиқалы пікір мен батыл шешімдерге ұмтылғаны абзал дер едім. Себебі, онда Елбасы Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Бұл әрине бүгінгі жаһандану кезеңінде Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жаңа мақаласын оқып, болашаққа бағдарланған соны өзгерістермен таныстым. Мақалада баяндалған біраз жайттар «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында көрсетілген болатын.

Оның ішінде халықтың өзінің ұлттық сана-сезімі мен қалыптасқан кодын сақтай отырып, жаңғыруы бүгінгі заман талабы. Жаһандану үрдістері, өркениеттер тайталасы шарықтаған заманда халықтың халық болып қалуы, мемлекет іргесінің беріктігі осындай кешенді қадамға байланысты болмақ. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отырған мақалада көтерілген латын әліпбиі туралы кесек ой да елді жаңа өзгерістер белесіне бастары анық. Дүйім жұрт жаңа әліпби арқылы әлемдік өзгерістер көшіне еркін араласа алады. Бұл бағытта арнайы бағдарлама, әдістеме, әліпбидің өзіндік стандарты әзірленетін болады. Қазақстанды өркениет көшінің алдына бастайтын жаңа бастамалар қашанда көпшіліктің қолдауына ие. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі.

Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатының ескертті. Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды.

Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өңір бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің қарынды, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарақтануы, халықаралық коммерциялық ыәм бірегей жобалардың ілгерілетуі маңызды. Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бірден бір шарты. Шындығын айтсам, кертартпа ескі қағидалардан арылатын кез тудып отыр. Бізге жаңаша ойлау, жаңа көзқарас қалыптастыру қажет. Қазір әлем технологиялық революцияны бастан кешіруде. Бұл бізге де келді. Бүгінгі жас ұрпақ соған сай білім алуы қажет және міндетті. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасып үлгерді бұл айқын жағдай. Біз үшін – үлкен жетістік және артылып тырған абырой. Жастарды жас ұрпақты «Болашақ» бағдарламасы аясында шет елдің ең мықты оқу орындарында оқытып жатқаны да мәлім жағдай.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Ғ. Тәжібаева. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Білім, 2018
2. О.К. Трубецкая Балалардың рухани- адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №3(20) 2018

Дулатов Е.Д. 2 курс курсанты

Ғылыми жетекші: педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты Турсумбаева Н.Ж.

ҚР ИМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, Қостанай қ.,
Қазақстан Республикасы

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев әр жыл сайын халыққа жолдау жолдайтын, ал 2017 жылы халыққа өзінің "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласын жариялады. Рухани жаңғыру-еліміз үшін маңызы зор жаңалық. Қазіргі таңда еліміз көз ілеспес шапшаңдықпен дамып, жаңа ғасыр, жаңа заман осыған қарай, тез қарқынмен зымырап, бет алып барады. Бұл арада рухани жаңғырудың ең басты шарты-ұлттық кодымызды сақтау екенін әрдайым есте ұстап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырғанымыз абзал. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз-ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан - ұрпаққа мұра ету деген сөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыруымыз қажет. Рухани жаңғыру – ол ең бірінші жас ұрпаққа берілетін ұлттық және рухани тәрбие. Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс.

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес.

Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық.

2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық.

2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік.

Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз.

Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарас-

тарымды ортаға салуды жөн көрдім" деп елбасымыз мақаласын дәл осы кіріспеден бастаған еді. Рухани жаңғыру 6 бағыттан тұрады:

- 1) Бәсекелік қабілет;
- 2) Прагматизм;
- 3) Ұлттық бірегейлікті сақтау;
- 4) Білімнің салтанат құруы;
- 5) Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық даму;
- 6) Сананың ашықығы [1].

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жаңа мақаласын оқып, болашаққа бағдарланған соны өзгерістермен таныстым. Мақалада баяндалған біраз жайттар «Қазақстан-2050» стратегиясықалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында көрсетілген болатын. Оның ішінде халықтың өзінің ұлттық сана-сезімі мен қалыптасқан кодын сақтай отырып, жаңғыруы бүгінгі заман талабы. Жаһандану үрдістері, өркениеттер тайталасы шарықтаған заманда халықтың халық болып қалуы, мемлекет іргесінің беріктігі осындай кешенді қадамға байланысты болмақ. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отырған мақалада көтерілген латын әліпбиі туралы кесек ой да елді жаңа өзгерістер белесіне бастары анық. Дүйім жұрт жаңа әліпби арқылы әлемдік өзгерістер көшіне еркін араласа алады. Бұл бағытта арнайы бағдарлама, әдістеме, әліпбидің өзіндік стандарты әзірленетін болады. Қазақстанды өркениет көшінің алдына бастайтын жаңа бастамалар қашанда көпшіліктің қолдауына ие. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатының ескертті. Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды [2].

Бұл мақала елбасымыздың жылда халыққа жолдайтын жолдауынан ерекше. Жылдағы жолдаулар күрделі тілмен жазылған болса, 2017 жылғы мақаласы баршаға түсінікті әрі қарапайым да көркем жазылған. Мақала түсінікті жазылғанымен көп жастар оның мән-мағынасын, елбасының айтар ойын түсіне бермейді. Қазіргі таңда көрмелер, конференциялар, жиын-жиналыстар өткізіліп рухани жаңғырып жатырмыз дейміз. Онымен қоймай қалыжыңның арасына қосып сахнада ойнап жүрміз. Бұл істеп жүргеніміз дұрыс па? Белгілі бір іс-шара өткізіп рухани жаңғыруға қосқан үлесіміз деген қате пікір. Рухани жаңғыру адамның жан-дүниесі мен руханиятының жаңғыруы. Бұның бастауы біздің әдебиетімізде. Рухани жаңғыруды белгілі бір діңгектің тамыры деп алатын болсақ, тамыр мықты болса ғана діңгек дауылдар мен құйындарда қламайтын болады. Ал тамыр иықты болу үшін оған нәр керек. Біздің нәр деп отырғанымыз қазағымыздың әдебиеті. Қазақтың әдебиеті тарихымыз, мәдениетіміз, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз, өркениетіміз, тіліміз, дініміз, тәрбиеміз, қазағымыздың бар болмысы тоғысқан алтын орта. Сондықтан әдебиетімізді білмей жатып рухани жаңғырамыз дегеніміз, тамырға нәр бермей, әлсіз тамырлы діңгекті дауыл мен құйында пана тұтамыз дегенмен тең.

Тек айтылатын мәселе бұл ғана емес. Неліктен қазір біз рухани жаңғыруды асты-үсті қарайтын болдық. Қолға мақаланың өзін алып, ара-жігін ажыратып оқымайтын деңгейге жеттік. Оның бір себебі, мақала жайлы әр адамнан әр-түрлі пікірлерді естіп, өзіміз ой түйе салатын болдық. Рухани жаңғыруды жиі айтылғаннан кейін құлаққа сіңімді болғаны соншалық оқудың керегі де болмай қалған сияқты. Егер маңызын түсінген адам болса, міндетті түрде жауапкершілікпен қарайтын еді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады. Болашақ жастардың, мына біздің қолымызда екенін ұмытпайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. - Астана: 2017жыл
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.

Жақыпбаева Г.Д., 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: з.ғ.м., аға оқытушы Бирманова А.И.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРГЕ ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ

Қазақстан Республикасы мәдени саясатын дамытуда Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050:бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»атты жолдауын іске асырудан бастау керектігін айтты. Жаңа мәдени саясаттың стратегиялық доминантасы мемлекет басшысы ұсынған, бай мәдени мұрасымен шығармашылық әулеті бар қазақстан халқын әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатына ойдағыдай қол жеткізуге жұмылдыруға үндеп, «Рухани жаңғыру» ұлттық сананы рухани жаңғырту және жаңарту ұлттық идеясы болып табылады [1].

Бүгінгі күнгі мәдениет пен мәдени құқықты дамыту әлемнің көптеген халықтары мен мемлекеттерінің негізгі даму басымдылықтарының қатарына жатады.

Табысты мемлекеттің мәдени саясаты жасампаз құндылық бағдарларын қалыптастыру негізінде қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталады және қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық маңызды аспектілерін дамытудың сапалы өлшемі болып табылады.

Мәдениет саласындағы жетістіктер ведомстволардың, мәдениет мекемелерінің жұмыстарымен, статистиканың сандық көрсеткіштерімен және белгілі есімдердің болуымен ғана өлшенбейді. Бүгінгі күні мәдениет - бұл тұлғаның рухани-эстетикалық дамуының, жалпыұлттық бірлікті қалыптастырудың және елді әлемдік қоғамдастыққа ықпалдастырудың қуатты құралы. Мұнда ұлттық-мәдени тамырлар, тарихи тәжірибе, үздік салт-дәстүрлер, сондай-ақ ұлттың өзінің ұлттық кодын сақтап қалу базалық тірек болып қалады.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында іс-шаралар кешені жүзеге асырылып, нәтижесінде тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштері ашылды, маңызды тарихи-мәдени объектілер консервацияланды, реставрацияланды және реконструкцияланды, елдің мәдени мұрасын зерделеудің тұтас жүйесі үшін база құрылды.

“Қазақтың дәстүрлі мың күйі”, “Қазақтың дәстүрлі мың әні” және “Батырлар жыры” бірегей жобаларының шеңберінде халық шығармашылығының ең үздік үлгілері жүйелендірілді.

Алайда, жалпы сала көрсеткіштері қарқынды өскенімен, мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесі мен беделі бұрынғысынша төмен күйінде қалып

отыр. Мәдениет саласындағы жаңа жұмыс орындарын ашу серпіні саланың жұмыспен қамтудың орташа республикалық көрсеткішінен артта қалғанын көрсетіп отыр. Қазіргі заманғы қазақстандық мәдениет ұлттың генетикалық кодының қалыптасқан тарихи-мәдени негізі бар жаһандық мәдени диалогқа белсене қатысуы үшін барлық алғышарттарға ие. Ұлттың мәдени кодының негізгі құрамдас бөліктері мұра, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер (өмір салты), мерекелер болып табылады.

Өміршең мәдениет өзінің табиғи даму жолы мен өзгерістерінен өзінің арқау-өзегін сақтай отырып өтуде. Өз мәдениеті құндылығының тартымдылығы кеміген және оны төл мәдениеттің рухани және адамгершілік құндылықтарының бастауынан алшақтатуға ықпал ететін басқасы алмастыра алатын жағдайда сәйкестік бұзылуы мүмкін.

Қазіргі заманғы Қазақстанды мәдени дамытудың маңызды бағыттарының бірі мәдени мұраны сақтап қалу, зерттеу және тарату болып табылады. Мәдени мұра - бұл қоғам мен мемлекетіміздің қарқынды дамуы мен әлеуетін нығайтудың сарқылмас күші, жат идеология ықпалынан ұлттық бірегейлік пен символиканы қорғаудың негізі болып табылады.

Мемлекеттік мәдени саясат қоғамдық сананы жаңғыртуға, рухани жаңартуға, қоғамды мәдени және жалпыұлттық шоғырландыруға, адамгершілікті қалыптастыруға, өзіндік ойы бар шығармашыл, жауапты тұлғаны қалыптастыруға бағытталуға тиіс.

Тіл мәдениеттің негізгі элементі және ұлт пен оның бірлігін қалыптастырудың міндетті шарты болып табылады. Қазақ тілін сақтау және дамыту, оны мәтіндік символдар арқылы кезең-кезеңімен латын әліпбиіне көшу арқылы жаңа моделі біздің мемлекетіміздің мәдени саясатының аса маңызды міндетін құрайды. Қазақстан мәдениетінің әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасуы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің үш тұғырлығын көздейтін мемлекеттік тіл саясаты арқылы қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық сананы жаңғыртуға, рухани жаңартуға және ұлттың мәдени кодын нығайтуға ықпал ететін дәстүрлі құндылықтарды қолдау, адамгершілік бағдарларын қалыптастыру және тілді дамыту, мәдени-тарихи құндылықтарды және дәстүрлерді сақтау, Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық картасын қалыптастыру, жаһандық әлемде қазақстандық заманауи мәдениетті ілгерілету, өзінің “Туған жер” кіші отанына сүйіспеншілігі мен әлеуметтік сыйластығы арқылы жүзеге асырылады.

Мәдени құқық – бұл азаматтармен, саясатпен, экономикамен өзара байланысып жатқан әмбебап, ажырамас адам құқығының жүйесі бір бөлігі. Мультимәдениет әлемнің қазіргі кездегі ахуалында мүгедектер мен қоғам арасындағы адамгершілік пен әлеуметтік қарым-қатынасты жан-жақты қолдау үшін мәдени құқықтың ролі өте маңызды. Мәдени бостандық пен құқық – адамның рухани, мәдени құндылықтар мен жетістіктерді еркін пайдалану және соны жүзеге асыруда қабілеттерін, қабілеттерін көрсете алу [2, 34].

Отандық құқықтық доктринасында іс жүзінде тек қана мәдени құқықтарға арналған зерттеулер жоқ. Бұндай жағдай отандық құқықтануда экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқық деген дәстүрлі түсінік қалыптасып кеткен [3,121]. Мәдени бостандық пен құқықты әлеуметтік, экономикалық құқықтан теориялық және тәжірибе жүзінде жекешелендіру объективтілік қажеттілікті туғызады. Л.А.Каратаева: «мәдени құқық ерекше құқықтық реттеуді, мазмұнындағы нақтыланған параметрлерінің болуын талап етеді дей отырып, «адамның мәдени құқығы» мағынасының құқықтық доктрина және ұлттық заңнамада ұғымында анықталмағанымен аяқталуы мүмкін»-деген болатын [4, 32].

Мәдени құқыққа қатысты халықаралық-құқықтық акт пен құқықтық доктриналарды қарап, мынадай негізгі элементтерді құрайды:

-әр адамның мәдени өмірге қатысу құқығы;

-ғылыми жетістіктері мен тәжірибе жүзінде пайдалану нәтижесімен қолдану құқығы;

-әр адамның авторлар туындыларынан:ғылыми, әдеби немесе шығармашылық еңбектерге байланысты материалды және моральды қорғау құқығын пайдалану;

-шығармашылық қызмет пен ғылыми зерттеуге қажетті бостандық құқығына ие болу.

Алайда мәдени өмірдегі адамның қатысуы орталықтандырылған мәдени құқық жүйесі деген де көзқарастар кездеседі.

Алғаш рет 1948 жылы халықаралық деңгейде мәдени өмірге әр адамның қатысу құқығы Жалпыға ортақ адам құқықтарында бекітілді: «Әр адам мәдени өмір сүруге құқылы». Кейінірек халықаралық-құқықтық акте адамның мәдени өмірге қатысуға құқығы әртүрлі көзқарас бойынша туралы сөз қозғалды: мәдени өмірге қатысуға тең құқылық (1965 жылы жаппай дискриминациялаудың барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция), барлық әлеуметтік және мәдени өмірге қатысу құқығы (1979 жылы Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция), жан-жақты мәдени және шығармашылық өмірге қатысу құқығы (1989 жылы бала құқығы конвенциясы), мәдени өмірге қатысу мүмкіндігі құқығы (1990 жылы жұмысшы-мигранттар мен олардың отбасын қорғау туралы халықаралық конвенция), және басқалармен тең мәдени өмір сүру құқығы (2006 жылы мүгедектер құқығы туралы конвенция). Талдап отырған сұраққа қатысты 1966 жылы азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық пактте (17, 18, 19, 21 и 22 баптар) де айтылып кеткен.

Мәдени құқықта туындаған мәселелер жекелеген немесе басқа топ мүшелер арасында құқықтық қорғауды қажет ететін жағдайлар:

-өз мәдениетін қолдану, дінін ұстану және рәсімдерін орындау, сонымен бірге туған тілін қолдану (азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық пакттің 27 бабы);

-мәдени өмірге тиімділікпен қатысу құқығы (1992 жылы Ұлттық немесе этникалық, діни және тілдік аз топтарға тиесілі тұлғалардың құқықтары туралы декларация; 1995 жылы Ұлттық азшылықтарды қорғау туралы Шектелмелі конвенциясы);

-құқықтық институт, туған жер, табиғи ресурс және дәстүрлі білімді жүзеге асыру құқығы (Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрғылықты халық құқықтары туралы декларациясы және 1989 жылы тәуелсіз елдегі тұрғылықты халықтар және тайпалы өмір сүретін халықтар туралы №169 конвенция);

-дамуды жүзеге асыру құқығы (1986 жылы Даму құқығы туралы декларация).

Мәдени құқықты талқылау туралы негізгі халықаралық келісім 1966 жылғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы халықаралық пакттың 15 бабында арнайы адамның мәдени құқығы туралы айтылып кеткен. Сонымен қатар әр адамның мәдени өмірге құқығы білім алу құқығымен тығыз байланысты. Пакттің 13-14 баптарында жекелеген тұлғалар мен қоғамдардың құндылықтары, діні, дәстүрі, тілі және мәдениеттің негіздері көрсетілген, соның арқасында мәдени құндылықтарды сыйлау мен өзара түсіністік атмосферасын айқындап беруге көмектеседі.

Мәдени өмірге адамның қатысуын қамтамасыз ету үшін мемлекетке белгілі бір әрекеттер жасауда сақ болу (мысалы, мәдени тәжірибе мен мәдени қызметтерді жүзеге асыру кезінде араласпау, мәдени өмірге қатысу үшін жағдай жасау, мәдени құндылықтарға және оны сақтауға мүмкіндік беру) керек.

Мәдени өмірге қатысуды жекеленген түрде не басқалармен бірге жүзеге асыру немесе жүзеге асырмау адамның мәдени таңдауы болып табылады. Сонымен бірге таңдау құқығы, сыйлау, қорғалуы, мойындалуы теңдік қағидасына сәйкес болуы керек. Әсіресе топтасып немесе жекелеген түрде барлық адами құқық пен негізгі бостандықтарды толығымен пайдалана алатын тұрғылықты халықтарға ерекше маңызға ие.

Мәдени өмірге әр адамның қатыса алу құқығын қалай түсінуге болады? Бұл жерде мәдени өмірдегі адамның жекелеген құқықтары, нақтылай айтсақ «әр адам», «мәдени өмір», сонымен бірге «қатысу» немесе «қатыса алу» ұғымдарымен түсіндірілген.

«Әр адам» термині жекелеген тұлға мен адамдар тобын да білдіреді. Басқаша айтқанда мәдени құқықтар бір тұлғаның және қоғам, топ негізінде басқа адамдармен бірлесіп жүзеге асырылатын құқық мәнісінде түсіндірілген[5].

«Мәдени өмір» мен «мәдениет» ұғымдары бір терминге келтіріп айту айтарлықтай қиындық туғызады. Халықаралық құжаттарда қарастырылған мазмұны:

-мәдениет рухани және материалды, зияткерлік және эмоционалдық сияқты қоғамдағы немесе әлеуметтік топқа сай қарастырылуы керек, кем дегенде шығармашылық пен әдебиет «бірге өмір сүру» жүйе құндылығы, дәстүрлер мен сенім сақталуы қажет(2001 ж. Мәдени әртүрлілік туралы ЮНЕСКО-ның жалпыға ортақ декларациясы 5 преамбула);

-мәдениет «табиғатынан адамдар шығармашылығы мен бір-біріне әсер етуі арқылы пайда болатын, бір жағынан өмірдің қажеттілігіне қарай білім алуы, бір-бірімен араласуы арқылы байланысып жатқан қоғамдық белгі»(1976 ж. мәдени өмірге жаппай халық болып ат салысу туралы ЮНЕСКО ұсынысы);

-мәдениет «адамның немесе адамдар тобының дамуы мен тіршілік ету арқылы өмір сүру қалпын, институттарын, дәстүрлерін, білім мен шығармашылығын, тілін, сенімін, құндылықтарын қамтиды» (2007 ж. Мәдени құқық туралы Фрибург декларациясы) [6].

Жалпы мәдениет белгілі бір топтың басқалардан ерекшелейтін материалды және интеллектуалды әрекеттер мен өнімнің жиынтығы болып табылады.

«Мәдени өмір» өткенмен, бүгінгі күнмен, болашақпен өзара байланысып жатқан тарихи, динамикалық және дамушы өмір процесі ретінде түсіндірілген. Мәдениет концепциясын ерекшелендірілген немесе оқшауланған деңгей ретінде емес, жекелеген тұлға мен қоғамдық ерекшелік пен мақсатын сақтау арқылы адамдық мәдениет көрініс табады. Бұл концепцияда қоғамның ерекше мәдени көзқарасын шығармашылық және өнім туындысы және индивидтік қасиет сақталған.

Мәдениет музыка, ауызекі және көркем әдебиет, тіл, өмір салты, шығармашылықтар, тілдік емес қарым-қатынас, дін және діл жүйесі, дәстүр мен рәсім, спорт және ойындар, табиғи және табиғи емес орта, технология мен өндіріс әдістері арқылы бір немесе бірнеше адамның адамдық қасиеттерін өмір сүру құндылығында қолданады. Мәдениет қоғамның және жеке адамның экономикалық, әлеуметтік және саяси өміріндегі құндылықтарын бір пішінге келтіріп көрсетеді.

Соңғы терминіміз - «қатысу» немесе «қатыса алу». Екі термин бір мағынаны береді және басқа да халықаралық және аймақтық құжаттарда бірдей қолданылады. Мәдени өмірге тең қатысу үш негізгі өзара байланысқан компоненттен тұрады: мәдени өмірге қатысу; мәдени өмірге қатысуға мүмкіндік; мәдени өмірге үлес қосу.

Мәдени өмірге қатысу әр адамның басқалармен тең құқықта әрекет ету, еркін өзінің идентитетін таңдау, белгілі бір қоғамға немесе бірнеше қоғаммен бірге болу, қоғамның саяси өміріне араласу, өзінің жеке мәдени саясатымен айналысу және өз таңдауы бойынша кез келген тілде қарым-қатынас жасай алады. Сонымен қоса әр адам мәдени өмірді қалыптастырып, сол білімін шыңдауға, басқа қоғамдағы адамдармен бөлісуге, өзара айырбастауға, шығармашылық қызметпен айналысуға құқылы.

Мәдени өмірге қатысуға мүмкіндік әр адамның жекелеген түрде, басқалармен бірге немесе қоғаммен бірге өз мәдениетін және басқалардың мәдениеттерін ақпараттар арқылы білу, түсіну, сапалы білім алуға құқылы. Әр адам сонымен бірге ақпараттық немесе коммуникациялық құралдардың техникалық таралу мен қолдану әдістерімен танысуға, жер, су, биоәртүрлілік, тіл немесе нақты бір институт сияқты мәдени құндылық және сондай ресурстарды лайықты түрде қолдану арқылы өмір сүру, басқа адамдардың және қоғамның шығармашылықтармен танысуға құқылы[7,81].

«Мәдени өмірге үлес қосу» термині әр адамның рухани, материалды, интеллектуалды және эмоционалды қоғамға әсер ету және қолдануға құқығына қатысты. Қоғамдағы іске асып жатқан саясаттағы шешіміне тікелей әсер етуге құқылы.

Толық мәдени өмірге құқығын жүзеге асыруда әр адам теңдік және дискриминацияға ұшырамау негізінде келесідей шарттарды сақтауы керек.

Біріншіден, мәдениет кез келген адамға ашық түрде мәдени қызмет объектісі және пәні дұрыс жүзеге асуы керек. Сонымен бірге оның мәдени құндылығы кітапхана, мұражай, театр, кинотеатр және стадиондарды қоса алғанда: әдебиет(фольклор), кез

келген пішіндегі шығармашылық туындысы: ашық жалпыға ортақ қолданатын жерлер,оның ішінде саябақ, даңғыл және көшелер; табиғи байлықтар: теңіз, өзен, көл, тау, орман, қорықтар; материалды емес мәдени бағыттағы құралдар: тіл, дәстүр, рәсім, салт, сенім, білім, тарих ретінде өмір сүруі керек. Аталған мәдени пән мен объектілер жиынтығы арасында ерекше бағаланатыны – бір территорияда емін-еркін қолдана алатын қоғам және әртүрлі топтардың арасындағы мәдениаралық байланысы.

Екіншіден, мәдениет бәріне қолжетімді болуы керек. Жекелеген тұлғаның немесе қоғамның толығымен физикалық, қаржылық мүмкіндіктеріне қарамастан мәдениетті пайдалана алады. Осыған сәйкес мүгедектер, қарт кісілерге және кедей тұратындарға қолжетімділікті қамтамасыз етіледі.

Үшіншіден, мәдени құқықты жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік қатысу кезінде заңдар, саясат, стратегия, бағдарлама және қолдану жолдарымен жекелеген тұлғалар мен қоғамға тиімді болуы керек. Осыған сәйкес жекелеген тұлғалар мен қоғам үшін қолайлы шаралар қолдану мақсатында консультациялар жүргізілуі тиіс.

Төртіншіден, нақты бір адам құқығын жүзеге асыру жекелеген тұлғалар, қоғам мен халықты қоса алғанда мәдениетті сыйлау және мәдени құқықтарға бірдей ие[6].

Мемлекет ұлттық және аймақтық, тарихи, мәдени, діни ерекшеліктерін мәдени, экономикалық және саяси жүйесіне қарамастан адамның барлық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тиіс.

Осылайша адам құқықтарына мәдени әртүрлілікке сілтемелеп халықаралық құқықпен кепілденген адам құқықтарына зиян келтіруге, шектеуге болмайды.

Мәдени өмірге қатысу үшін кез келген адамның құқығын шектеуді қолдау белгілі бір жағдайларға байланысты, әсіресе басқа адамдар құқығына зиян келтіретін негативті тәжірибеге қатысты қолданылуы мүмкін. Бұндай шектеулер заң жүзінде демократиялық қоғамдағы бейбітшілікті сақтау мақсаты көзделген экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы Пактке сәйкес болуы керек [8].

Мәдени өмірге кез келген адамның қатысу құқығын жүзеге асыру кезіндегі тындайтын маңызды сұрақ дискриминацияға жол бермеу болып табылады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы Пактке кез келген мәдени өмірге кез келген адамның қатысу жолында нәсіл, жынысы, тілі, ділі, діни, саяси не өзге де көзқарасына, ұлтына, әлеуметтік немесе басқа да жағдайына қарамастан құқықтарының қандай да болмасын дискриминациялануына жол берілмейді [9].

Мәдениеттің рөлін ұғынуға деген заманауи көзқарас жаңа әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыру қажеттілігін негіздейді, оның маңызды бағыттары бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы және мемлекеттің эволюциялық даму жолы болып табылады. Қазіргі жағдайларда мәдени саясаттың маңызды артықшылығы тұлғаның, бизнестің және тұтастай мемлекеттің маңызды жетістігінің аспектілері ретінде қоғамның шығармашылық белсенділікке және өз бәсекелестік артықшылығын арттыруға деген қарым-қатынасының өзгеруі болуға тиіс. Бұл, ең алдымен, Қазақстан Республикасының әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына жедел кіруіне ықпал ететін қазіргі заманғы, әлемдік стандарттарға негізделген мәдени инфрақұрылымды және саланы ұйымдастыру мен басқарудың тиімді моделін құруды талап етеді.

Мәдени саясат тұжырымдамасы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің озық тәжірибесі ескеріле отырып әзірленді, атап айтқанда, жұмыспен қамту және кірістер деңгейінің көрсеткіштері бойынша мәдениет және өнер саласын күшейтуге бағытталған. Мұндай жағдайларда мәдениет саласы экономика ресурстарының біріне, бизнес-бастамалар үшін тартымды инвестициялық салаға айналып келеді, бұл атап айтқанда: кино индустриясы, анимация, цирк өнері, музей, концерт пен театр қызметтері және тағы басқалары сияқты өнердің жекелеген түрлері мен мәдениет ұйымдарын экономикалық тұрғыдан табысты (рентабельді) деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». <http://www.inform.kz/kz/elbasy-nursultan-nazarbaev-kazakstan-zholy-2050>.
2. Марченко М.Н. Теория государства и права. — М: изд. Зерцало,- 2004.- 640 с.
3. Путило Н.В. Социальные права граждан: история и современность. — М., 2007. - М.: ИД "Юриспруденция", 2007. - 320 с.
4. Каратаева Л.А. Культурные права и свободы человека и гражданина — самостоятельная группа прав и свобод // Административное и муниципальное право. — 2009. — № 3. —С.32-36.
5. Замечание общего порядка № 17 (2005 г.) «Право каждого на пользование защитой моральных и материальных интересов, возникающих в связи с научными, литературными или художественными трудами, автором которых он является (ст. 15 (1) с) Пакта)» // Док. ООН. E/C.12/GC/17 от 12.01.2006.
6. Фрибургская декларация о культурных правах 2007 г. URL: <http://www.unifr.ch/iiedh//assets/files/declarations/eng-declaration.pdf>.
7. Абашидзе А.Х., Миловидов О.Д., Солнцев А.М. Бог велел делиться. Международно-правовые проблемы доступа к генетическим ресурсам и совместного использования выгод // Обозреватель. — 2008. — № 8 (222). — С. 81-87.
8. Всеобщая декларация ЮНЕСКО о культурном разнообразии от 2 ноября 2001 г. URL http://www.un.org/russian/events/literacy/decl_diversity.pdf
9. Замечание общего порядка № 20 (2009 г.) «Недискриминация экономических, социальных и культурных прав (п. 2 ст. 2 Международного пакта об экономических, социальных и культурных правах)» // Док. ООН E/C.12/GC/20 от 02.07.2009.

Жанарбек Ө., 7 сынып оқушысы.

Ғылыми жетекшісі - математика және информатика пәнінің мұғалімі Жайнах Б.
Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, «Гагарин орта мектебі» КММ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – РУХАНИЛЫҚ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ИДЕЯЛЫҚ НЕГІЗІ

*«Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі
ұмтылыс-біздің дамуымыздың ең
басты қағидасы. Өмір сүру үшін
өзгере білу керек»
Н.Ә.Назарбаев.*

Көреген көсбашы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарлама аясында Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігін беріп отыр. Бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген ұлттық – рухани тамырымыздан нәр алып, заман талабына сай қоғамдық санамыздың өзгеруі заңды құбылыс. Ел дамуы білім мен бірлікте. Елбасы Н. Ә. Назарбаев айтқандай: «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ – бірлігінде, ырыс – құтты тірлігінде». Бізге керегі бірлік пен ұлтаралық татулық. Бірлік бар жерде тірлік бар, даму бар. Қонақжай халқымыз қай кезде де тілің басқа, дінің басқа деп алалап, өзектен теппеген. Керісінше, өзгені өзіндей көріп, төрінен орын берген.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі жан дүниесінің жаңғыруы, санасы, түсінігі жаңа өзгерістерді саралап, дұрыс қабылдай білуінде. Рухани жаңғыру бастауын бүгін алған мәселе емес. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес. Соның негізінде айта кетсем:

- «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында тарихи мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғыртып, қазіргі таңда көптеген ауыл аймақтардың атын тарихи атаулармен өзгертуде.
- «Халық - тарих толқынында» , бағдарламасында әлемнің ең беделді архивтерінен төл тарихымызға құжаттарды жинап, зерттеді [1].

Уақыт бір орында тұрмайды, заман алға жылжиды. Уақыт өрісіндегі заман болмысының ерекшеліктері мен белгілері ұрпаққа жүктеледі. Өз дәуірінің ел болашағымен біріктіретін міндетін дұрыс орындай білген ұрпаққана мемлекетінің мүддесін сақтап, өзінен кейінгі буынға табыстап кетеді. Аға ұрпақтың кейінгі буынға табыстайтын дүниелері ұлттық құндылықтар. Олардың кейінгі дәуірде өмір сүруіне ықпал ететін ұлттық қасиеттер. Рухани жаңғырудың негізі ұлттың қасиеттері мен рухани құндылықтарға тәуелді болса, оның әлеуметтік өрісі қашанда білімге, еңбекке және табандылыққа келіп тіреледі. Қазақ баласына білімнің рухын түсірмеген. Жеке адамның білімге деген құрметі оның толыққанды білім алуына, рухани деңгейінің қалыптасуына қыпал етеді. Сондықтан ғасырдан қойнау алып келе жатқан біздің әдеби кітаптарымыз қазіргі таңда кең етек алып жатыр. Рухани жаңғыру жаңашылдыққа қол жеткізу, заманның жетістігін бағындыру. Жаңашылдық әлеуметтік ортадағы мәдениеттілікпен өлшенуі тиіс, парақорлық, жемқорлық күш алған тұста жеке адамның, әлеуметтік ортаның рухани жаңғыруы, жаңашылдығы тежеліп отырады.

Туған жерін ұмытпайтын адам туған елін қадірлейді. Елді қадірлеу туған жердің рухын бойға сіңіріп өсуден басталған. Сондықтанда елде туып, елде тұрып елге жаны ашымаған адам зиялылар қатарында болған емес. Зиялылықтың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанашырлығынан бастау алмақ [2].

Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Мемлекет басшысымыз мақаласында атап көрсеткендей ұлттық сана, ұлттық код рухани жаңарудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады.

Қысқасы – жоғарыда мен қазіргі уақытта рухани жаңғыру деген не екенін қысқа айтып, оған тоқталып кеттім. Рухани жаңғыру – арқылы өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды терең жеткізуге тырыстым. Әрине соған қоса тағы да айтып өтерім Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Сондай-ақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады

Қарағанды облысында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, кеменгер би Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлының 350 жылдық мерейтойы бұл шара Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында орын алып өтіліп жатыр [3].

Бұл құндылықтардың барлығы мектепте орын алып, оқушыларды ізденіске, шығармашылыққа, қызығушылыққа, тарихымыздың киелі жерлерін зерттеп, оған деген көзқарастары ерекше орын алды. Осындай игі шаралардың арқасында біз жастар өзіміздің салт – дәстүрімізді, руханиятымызды, шығармаларымызды ұмытпаймыз. Біртұтас ұлт болу

үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз, бұқаралық санамызды қалай өзгерту керектігін Елбасымыз тайға таңба басқандай даралап, саралап түсіндіріп берді. Табысқа жетудің негізгі кілті ол-құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен жоғары биікке қоятын ұлт қана жететіндігін айттып, сондай-ақ, Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету. Елімізде әлеуметтік – экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзде асуда.

Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай-талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!»- деп Ұлы ақын Абай атамыз айтқандай, біз жастар ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз [4]. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру деген сөз. Рухани жаңғыру – қарапайым мақала ғана емес, қазақ халқының рухани құндылықтарын қалыпқа түсіру, түгендеу, саралау, заман талабын ескере отырып тура жолға қою және дамытуға арналған бағдарламалық құжат деуге толық негіз бар. Біздің елімізге, жерімізге деген адалдығымыз, ұлтымызға деген сүйіспеншілігіміз арта беруі керек. Ешқашан да ақша қумауымыз, елдің имандылығын, татулығын, тұтастығын, бірлігін ту етуіміз қажет. Құдайға шүкір, дамыған 50 елдің қатарына қосылдық. Енді біздің алдымызда дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсаты тұр. Ол үшін бірлік, білім мен еңбек қажет.

Қорыта айтқанда, бұл елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін. Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді. Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа мензеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық. Және де айтарым Қазақстан - тәуелсіз ел [5]. Тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыста өтті. Әсіресе, ХХ ғасыр Қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңмен есте қалды. Қанша қиыншылық басымыздан өтседе, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл тарих «өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген даналық сөз бар. Елдің ұлы болсаң, еліне жаның ашыса, азаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Елімнің ертеңінен, болашағынан қорықпаймын, керісінше қуанамын, өйткені келешегім нұрлы болмақ. Оған себеп, бүгінгі «арыстандай», «жолбарыстай», «қырандай» күшті жас ұрпақтың, біздің бүгінгі әдемі әдетіміз, ұтымды ұмтылысымыз. Мен Қазақ болып туылғаным, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаным бақыттымын. Өйткені, мен Тәуелсізбін, тәуелсіз елдің ұрпағымын. Білектің күшімен, найзаның ұшымен, соңғы демі қалғанша туған жерімізді қорғап, бізге аманат етіп қалдырған ұлы даланың, ұлы кеменгерлерінің арқасында бақытты өмір кешудеміз [6].

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанаты,

Мен жастарға сенемін!»-деп өршіл ақын Мағжан Жұмабаев болашаққа, жастарға үлкен сенім артты, біз жастар сол сенімді ақтап, қазіргі таңда кең етек алып жатқан Рухани жаңғыру бағдарламасына өз шығармашылығымызбен орын алсақ бұлда кішкене

болсын біздің рухымызды көтеріп, қосып жатқан үлесіміз дер едім. Сондықтан ең бастысы – бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз жарқын болсын .

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017. 12 сәуір.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013. -500 бет.
3. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына
5. Жолдауы//Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
6. Қазақстан ғылымы: талдамалық шолу. Наука Казахстана: аналитический обзор. Астана, 2013. – 192 бет.

Жасымбеков Д.С., 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – оқытушы Бижанова А.Ж.

Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазақстан күннен күнге көркейіп даму сатысында. Не себепті біздің еліміз дамуы керек? Бәрі анық және бұл құпия емес. Еліміз дамып жаңа өмірге ат салса, халқымыз қолайлы өмір сүреді. Сол себепті ел басымыз Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жолдауын елге табыс етті.

«Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес»- деп елбасымыз ескерткен.

2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарыды ортаға салып елдің даму жолына үлес қосуымызды жөн көремін.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғырудың» біз барынша мән беріп, берік байлам етіп алуға тиісті тұстарына қысқаша тоқталып өтсем.

Біріншіден, «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды». Бұны мақала авторы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» тарауында айтып отыр. Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс.

Екіншіден, елбасының латын әліпбиіне 2025 жылдан бастап көшіп, оған дейін әдістемелік дайындық жұмыстарының жасалатыны туралы. Бүгінде бүкіл әлем латын әліпбиінде сөйлейді. Сондықтан бұл да өзекті мәселелердің бірі [1].

Үшіншіден, білім. Білім болғанда да ұлттық рухани құндылыққа негізделген білім. Елбасының Қазақстанның үшінші жаңғыруына байланысты келелі ойларын қолдай келе, оны жүзеге асырудың бір жолы бәсекеге қабілеттілікте дер едім. Бәсекеге қабілетті болу үшін білімді болумен қатар, дұрыс тәрбие алу керек. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы» деп әл – Фараби бабамыз айтқандай біз тәрбие мен білімді қатар жүргізуіміз қажет.

Елбасымызды ел руханиятына шұғыл бет бұрғызған жайт, ол алдымен, Қазақстан үшін қауіпті күштердің көбейе түсуі болса керек. Олар-экстремизм, мәдениетімізге жат жаңа діни ағымдар, ұлтты өзінің ұлттық келбетінен айырып, тілі мен дінінен жеріндіретін

мультимәдениеттердің топтамасы болып табылады. Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтер едім.

Олар: Бәсекелік қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы;

Бәсекелік қабілет. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

Прагматизм. Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады [2].

Ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Білімнің салтанат құруы. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. Эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес. Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды.

Сананың ашықтығы. Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды. Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз [3].

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293
2. <http://www.zakon.kz/4853272-n1201rs1201ltan-nazarbaev.html>
3. <https://www.zharar.com/ask/4044/>

Иманәлі О.Р., 2 курс курсанты
Ғылыми жетекші: педагогика және психология кафедрасының оқытушысы,
полиция аға лейтенанты Турсумбаева Н.Ж.
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, Қостанай қ., Қазақстан
Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ АТҚАРАР РӨЛІ

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбегейлі өзгерістер толып жатқаны баршамызға айқын. Ал бүгінгі таңда мектептің, ұстаздардың ең қасиетті, киелі міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған, білікті де білімді, тәжірбиелі, қайратты тұлға қалыптастыру. Жалпы рухани байлық әр халықтың ұлттық әдеп-ғұрыпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері және шыққан тегінің түп тамырында жатқаны белгілі. Осы ұлттық құндылықтарды күллі адамзат баласының өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім нәрімен сусындатудағы озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өз-өзіне деген сенімін ұлғайтып, нығайтып, жарқын болашаққа жол тартуына мына біздер, ұлағатты ұстаздар қауымы түрткі жасауымыз керек.

Ата-бабаларымыз ертеңгі жас ұрпақ үшін деп, білектің күшімен, найзаның ұшымен бостандық туын көкке көтеріп, тәуелсіздік тәжин иемденіп, бүгінде сол бабаларымыздың арқасында, еліміз өз алдына жеке отау тігіп, өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін жағдайға жетті. Әрине ол біздің егемендік алғанымыздың арқасы! Халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрпын сақтау, сыйлау, құрметтеу және білу – әрбір қазақтың парызы. Ал оны дәріптеу мен ұлықтау – болашақ ұрпақты тәрбиелеп отырған ұстаздар қауымына жүктеліп отырған міндет.

Қазақтың бетке ұстар ағартушылардың бірі, әрі бірегейі М.Жұмабаев «әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Сарыауыз сап-сары кішкентай ғана, енді-енді өсіп, жетіліп келе жатқан жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім нәрімен сусындату деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірбиесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.

Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы, елі үшін еренбей еңбек еткен елбасымыз Н.Назарбаев халқына жолдауында жаһандық қабілеттілікке қол жеткізу, ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына ену керектігін тілге тиек етті. Бұған дейін еліміз жаңа тәуелсіз мемлекетті құру арқылы І жаңғыруды жүзеге асырды. Содан кейін «Қазақстан - 2030» стратегиясын қабылдады. Бұл ІІ жаңғыру. Әрине осындай «рухани жаңғыру аясында» мына біздер сияқты талантты, қабілетті, ізденпаз, еңбек-сүйгіш жас мамандар өз қызметін қолға ала отырып, жас жеткіншектерді білімді, өз елінің патриоты, ұлт жанды перзентті тәрбиелеп, оның қанаты қатайып, көкке қыран бүркіттей еркін самғауына жол көрсетіп, дұрыс бағыт-бағдар сілтеп қанаттандырып жүру ұстаздардың қолында деп білемін [1].

Ұлағатты ұстаз – баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсынушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңі әлеуметтік-саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуына тәлім-тәрбиенің маңызы зор екені баршамызға белгілі әрі айқын. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген, білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, салт-сана мен әдет-ғұрып ерекшеліктерін, әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірбие жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады. Бүгінгі ұстаз үнемі шәкірттерімен тығыз қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген шәкірттеріне ғылым негіздерінен мәлімет беріп

қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек.

Болашақта біздің тұғырлы еліміз, жұртымыз өзге тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақтың қара домалақ балаларын ешкімнен кем қалдырмай, мектеп қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, білікті, ынталы, жігерлі, ыждаһатты, тәрбиелі етіп шығару үшін сынып жетекшісі ұлттық рухани құндылықтарды аса назарлыққа, басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізгені абзал.

«Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға,

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға» - деп, Абай атамыз айтпақшы, әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе?!

Мамандықтың бәрі жақсы десек те, ұстаз орны ерекше. Әрине, бәрі емес, бала жанымен біте қайнаскандары ғана. Бүгінде жаһандану заманында елімізде түбегейлі өзгерістер орын алып отырғанда ана тіліміз бен төл әдебиетімізді одан әрі дамыту – қасиетті парыз. Осындай істі абыроймен атқаруға үлесімді қосу мақсатында қазақ тілі мен әдебиет пәнін таңдадым. Ана тіліміз, яғни қазақ тілі қашанда күдіретті, қасиетті тіл. Қазақ тілі – қазақты әлемге танытқан, сөз өнерінің майталманы, қазақтың ұлы ақыны Абайдың, заманымыздың заңғар, кеменгер жазушысы Мұхтардың, дауылпаз жырдың құлагері Ілиястың, көрем сөздің майын тамызып, жілігін ішкен Сәкен мен Мағжанның тілі. Тіл – ғасырдан ғасырға, заманнан заманға жеткізетін халықтың асыл мұрасы, сарқылмас байлығы десек, әдебиет – көркем шежіресі, тарихы, салт-дәстүрді, наным-сенімді насихаттаушы. «Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» - деп Х.Досмұхамедұлы айтқандай, мектеп пен баспаның тілі дұрыс болып, бабалар тілін көркейтіп, байытып ұрпақ бойына дарыта білсе онда қазақ тілі өте бай тіл, ал егерде мектеп пен баспа тілі қолдау таппай, одан әрі ұрпақтан ұрпаққа жалғаспаған тіл-бақытсыз, сорлы, жетім тіл. Ол ел, сорлы, бейбақ ел, тәуелсіздігі тілдің тәуелсіздігімен, егемендігімен тікелей байланысты және тіліміздің тағдыры – өзіміздің тағдырымыз. Біздің тіліміз, әдебиетіміз біздің болашағымыз. Көркем шығарманы оқып, оны талдау арқылы тілінді, дінінді, мәдениетінді, әдет-ғұрып, наным-сенімді салт-дәстүрінді білумен ғана сен рухани жаңғыру жолында ешбір кедергісіз одан әрі өсіп, өркендейсің. Өз әдебиетің мен мәдениетінді, тілінді құрметтесең, өзгенің де мәдениетін, тілін меңгеру сен үшін еш қиын болмайды. Өз тілің мен әдебиетінді билмей жатып рухани жаңғырамын деген ол бос сөз. Әдебиетіміз бен мәдениетіміз, тіліміз бен дініміз және салт-дәстүріміз ол біздің алтын дінгегіміз. Оны бойымызға сіңірмесек, онда біз рухани жаңғыру жолында орта жолда қалып, одан әрі қадам жасай алмай, еш нәтижеге қол жеткізбей белортасында қаламыз. Сондықтан да, алпыс екі тамырымызда қазақ қаны бүлкілдеп ағып жатқанда қалайша елім деп еңіреп еңбек етпеске?! Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында. Сондықтан әрбір мұғалім бұл жауапкершілікті сезінсе, біздің мемлекетіміздің қорғаны нығая түспек [2].

Қазақ тілі мен әдебиеті – баланың жүрегіне бойлай еніп, оның рухани өрісін болжай алатын пән. Қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқытудағы мақсатым – бала қиялын қияға өрлетер ғажайып ертегілер, шыншыл да сыншыл аңыз-әңгімелер, ерлікті дәріптеген батырлар жыры, шынайы махаббатты мұрат еткен әсерлі ғашықтық жырлар, өткір де өміршең шешендік сөздер арқылы халқымыздың рухани құндылықтарын бойына сіңірген, ертеңгі еліміздің тізгінін ұстайтын, жас жеткіншекті тәрбиелеу. Әрине шәкірттерім әдеби шығармаларды оқу арқылы халқының арманы мен қиялын, өткені мен бүгінгі өмірін таниды. Сүйікті кейіпкерлердің арасындағы достығы мен сүйіспеншілігінен, патриоттығы мен еңбекқорлығынан, адалдығы мен адамгершілік қасиеттерінен үлгі алып, жақсысына жаны сүйсініп, жаманынан жиреніп, өзінше ой түйіп, оңы мен солын танып, жан-жақты іздене біледі. «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда.... Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» деп дауылпаз ақын М.Дулатов ағамыз дөп басып айтқан. Ендеше

бабалардан қалған мұраларды көз майымызды тауысып, ерінбей оқып, оны бойымызға дарыту арқылы біз қараңдық пен надандықтан құтыла аламыз. Егемен елдің ертеңіне үлес қосатын тәуелсіз мемлекеттің саналы ұрпағы саналатын шәкірттеріміздің ізгі сарайын біліммен сәулендіріп, білімнің биігінен көру – мен үшін үлкен, толасыз бақыт.

Армансыз адам қанатсыз құспен тең. Қазір жас маманмын. Болашақта білікті де білімді ұлағатты ұстаз болып, білімді жастар тәрбиелеу басты арманым. Осы арманым жолында тыңбай еңбек ету жолында қол жеткізетініме сенімдімін. «Бала жүрегі кішкентай күй сандық, сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолындағы әр кезде сол кілт тұру керек» - деп М.Шаханов ағамыздың сөзін тілге тиек етіп, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу ұстаздың міндеті деп ойлаймын. Бала тәрбиесінмен жүрген әрбір ұстаздың дәріптегені дәрісі, берген ақылы, сілтеген бағыт-бағдары еш кетпейді деген сенімдемін. Себебі «жүректен шыққан сөз, жүректен жүреке жетеді» - дейді, әрине жүрек жылуымен берген тәрбие жолында ұстаздардың еңбегі зор! Олай болса, қазіргі таңда мұғалім білікті де білімді, әрі шебер, ұшқыр ойлы, қабілетті, былайша айтқанда, сегіз қырлы бір сырылы, өз пәнін жетік меңгерген болуы керек. Ұстаздар қауымын толықтырып отыратын мен секілді жас мамандар да талмай үнемі ізденіс үстінде болып, әр пәнді жоғары деңгейде, сапалы етіп өткізсе шығар асуымыз, белесіміз, асқар таудай биік шыңдары бағындыруымыз алыс емес. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ұрпақ тәрбиелеу жолында елбасымыз айтып өткендей бәсекеге қабілетті жарқын болашағымыздың санасына адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, білім мен өнер нәрін сусындату барысында тыңбай еңбек етейік дегім келеді. Сонда бізден мықты, бізден білікті жан болмас деп ойлаймын [2].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017. 12 сәуір.
2. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».

Қанатқызы А., 3 курс студенті
Ғылыми жетекші - Алпысбаева М.Б. әлеуметтік жұмыс және ҚХА
кафедрасының аға оқытушысы
ҚҚЭУ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгінгіміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

«Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толыққан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Президентіміздің ана тілдің қадір-қасиетін арттыру үшін айтқан: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзінде терең ой жатқан жоқ па?! Алдыңғы күннің қабағын болжай білетін Мемлекет басшысы 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуіміз керектігін мәлімдеді. Алайда бұл оңай шаруа емес. Тарих бетін парақтар болсақ, біз бұрын латын әліпбиін қолданған халықтың біріміз. Нақтылай дәлелдерге жүгінсек, Кеңес үкіметінің «Латындандырылған жаңа әліпбиі — «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулысына орай латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі елімізде 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылған.

Латын әліпбиіне өтуді қазірден бастап қолға алу керектігін көрсетіп отырған Елбасы Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырды. Бүгінгі күні мектепте ағылшын тілін үйреніп жатқан оқушыларымызға латын әліпбиін меңгеру ешқандай қиындық, кедерін туғызбаса керек деп ойлаймын. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың, барша қоғам өкілдерінің атсалысуымен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы біріңғай стандартты нұсқасы қабылданбақ. Ал келер жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындау көзделуде. Сонымен бірге жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавитінің қолданыда тұруы да орынды.

Ұлт Көшбасшысы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласын өркендету бағытында «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыруды ұсынып отыр. Бұл жоба бойынша алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттарында әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалады. 2018—2019 оқу жылы студенттердің осы оқулықтармен қамтамасыз етілуі қарастырылуда.

Елбасы «Туған жер» бағдарламасында кіндік қанымыз тамған жеріміздің, еліміздің тарихына баса көңіл аударғаны байқалады. Онда білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізу, экологияны жақсарту және елді мекендерді абаттандыру, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру көзделуде. Осы бағытта «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына сәйкес Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да мекендерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз.

Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген мәселелер Қазақстанның бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына еруге бағытталған, инфрақұрылымдық және саяси саладағы келбетін айшықтай түсетін, жеңіс тұғырына жетелейтін Ұлттық жоспарының тағы бір жарқын көрінісі. Бұл — уақыт талабы, заман сұранысы. Бүкіл дүниежүзіне экономикалық дағдарыс пен терроризм, лаңкестік қауіп-қатер төніп тұрған кезеңде мемлекетіміздің өркениетке қарай батыл қадам жасап, оның ішінде ұлттық құлдылықтарды сақтай отырып, рухани жаңғыруға ұмтылуы болашағының жарқындығынан, жолының нұрлылығынан, елінің мәңгілігінен дерек береді деп ойлаймын.

Президент популистік идеологиядан абай болуды нақты ескертеді. Бұл да біз үшін өте маңызды мәселе. Өйткені бізде кейбір азаматтардың ұлтқа жанашыр болып көріну мақсатымен жүзеге аспайтын және ешқандай заңға, құқықтық шарт-талаптарға сәйкес келмейтін мәселелер көтеруі де байқалып қалады. Дүниежүзіндегі көптеген ұрыс-жанжалдар осындайдан туындап отыр. Ұлт болашағын ойлағанда бұл да есте болғаны жөн. Мемлекет басшысы жаңа еңбегінде ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне де нақты тоқталады. Бұл ретте мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылармен әдеттерден арылу мәселесіне де нақты көңіл бөледі. Яғни, әр адам жершілдік сияқты кенже қалған түсініктен біржолата құтылып, біртұтас ұлттың перзенті болуға тиіс деп атап көрсетеді.

Мемлекет пен ұлт біртұтас ұғым. Ұлт саналы болса мемлекет өркендеп өне береді. Ол үшін әрбір қазақ заман ағымына саналы түрде бейімделген болуы керек. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын барша қазақ жастары терең түсінуге тиіс. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Табысты, алдыңғы қатарлы ел болу үшін өзгерістерге тез бейімделіп, ғылым-білімді жедел меңгеру керек. Келешекте Қазақстанның дамыған мемлекеттердің қатарында болатындығына сенімім мол. Себебі, біздің бағдарымыз анық, бағытымыз түзу. Рухани жаңғыру арқылы жарқын болашаққа жетейік!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. - Астана: 2017жыл
2. Программа «Туған жер». - Астана: 2017
3. Взгляд будущее модернизация общественного сознания. – Астана: 2017

Калиева Д., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші - Бейсембаева И.А. ҚҚЭУ Экономика, бизнес және құқық
колледжі, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - РУХАНИЛЫҚ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. Біз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына қатысты пікірін толығымен оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім.

Мақаланы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы байқайтынымыз, ойды жеткізудегі ерекше мәнерлілік, дәлдік пен қарапайымдық. Сонымен бірге, бұл еңбек мейлінше терең, күрделі әрі кемелдігімен ерекшеленеді. Еліміздегі рухани жаңғырудың тұжырымдамалық бағдары министрден бастап, қатардағы қарапайым азамат түсінетін, баршаға ұғынықты, бай әрі ықшам тілмен жеткізіледі. Биылғы жылдан бастап Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің Үшінші жаңғыруын іске асыруға кіріскені баршаға белгілі. Оның басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып табылады.

Мұның бәрін таратып айтып отыру себебіміз еліміздің жүйелі әрі дәйекті эволюциялық дамуына бағытталған мемлекеттік саясаттың өзара байланысы мен сабақтастығын көрсетуді мақсат тұтып отырмыз.

Бүгінгі таңда Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру аясында саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үш жаңғыру үдерісі жүзеге асырылатын болады.

Аталған үдерістердің қатарында рухани саланы жаңғырту негізгі бағыт болып табылады. Мұндай аксиомалық байлам жасауға берік негіз бар деп ойлаймын. Әлбетте, саяси және экономикалық жаңғырудың жетістігі, бірінші кезекте, рухани қатынастар басымдық алатын қоғамдық сананың деңгейіне байланысты болмақ. Сондықтан, бүгінгі таңда рухани жаңғыру ең өзекті міндеттердің алдыңғы қатарына шығып отыр. Бұл орайда, ең әуелі, жалпыұлттық құндылықтарды тереңдету негізінде түбірлі өзгерістерді қажет етіп отырған осы саланың бүгінгі жай-күйін атауға болады.

Мәселен, егер де биік мінберде зерделейтін болсақ, бізде демократияның басты белгісі саналатын сайламалы үдеріс саяси өмірде өзінің орнын тапты. Биылғы жылы

конституциялық реформалардың аясында ел Президентінің бірқатар өкілеттіктері биліктің өзге тармақтарына берілді. Осыған орай, Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйлеп «Біз жүріп келеміз, біртіндеп алға басудамыз, яғни бұл қоғамды демократияландырудың сатыларының бірі. Басқа мемлекеттер өздерінде бар демократияға жүздеген жылдар бойы жүрді. Демократия – бұл жолдың басы емес, бұл жолдың аяғы, ол біздің мақсатымыз», екенін атап көрсетті.

Мемлекеттің экономикадағы қатысуын қысқарту мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

- мемлекеттік меншікті жекешелендіру және квазимемлекеттік сектордағы активтерді іске асыру;

- ұлттық холдингтерді трансформациялау;

Кәсіпкерлік кодексте қарыстырылған «Yellow Pages Rule» қағидаттарын іске асыру.

2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарында 780 ұйымды, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі 64 барынша ірі компанияларды, атап айтсақ, «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, «Бәйтерек», «ҚазАгро» акционерлік қоғамдары, «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының құрамына кіретін 171 еншілес және тәуелді ұйымдарды, сондай-ақ, жекешелендірудің, мемлекет-жеке меншік бағынышты әріптестікті және тарату нәтижесінде бәсекелестік ортаға берілген 545 кәсіпорынды іске асыру қарастырылған.

Қабылданған шаралар мемлекеттің экономикаға қатысуын елеулі қысқартады және елімізде жеке бастамалардың белсенділігін арттырады.

Рухани-мәдени салаға қатысты әзірге мұндай өзгерісті айта алмаймыз. Әрине, аталған саланы тұтастай нарыққа беру жөнінде әңгіме қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат мемлекеттің және азаматтық қоғамның өзара іс-қимылының негізінде барша руханиятты жаңғырту болып табылады. Бұл орайда, елімізде 2014 жылдан бері қазақстандықтардың жоғары руханилығы мен мәдени ментальдығының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы іске асырылуда. Мәдениет руханияттың іргесі ажырағысыз құрылымы екені аян. Ал, кейінгі жылдары мәдениеттің ең негізгі өзегі рухани салада түбірлі жаңғырулар жүргізілген жоқ.

Елбасының бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі ХХІ ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық мақала. Оның мақсаты күшті әрі жауапты адамдардың Біртұтас ұлтын құру болып табылады. Мақала кіріспеден, «ХХ ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екі негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады.

Ең әуелі, ел Президенті тарапынан бүгінгі таңда адамзат қоғамы жинақтаған аса зор өркениет тәжірибесіне зерделі талдау жасау бойынша қыруар жұмыс жүргізілгенін көруге болады.

Мемлекет басшысының жоғары рухани дамуға қатысты сөзі дүниетанымдық саладағы жаңғыру бойынша қолданылған жаңаша ұғым. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың 6 бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Бұл бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. Олардың әрқайсысына егжей-тегжейлі тоқталу мақаланың басты міндеті емес екенін ескеріп, біз Екінші және Үшінші жаңғырулар – «Прагматизм» және «Ұлттық бірегейлікті сақтауға» назар аударсақ.

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «әуелі экономика, содан кейін саясат» атты әйгілі принципі баршаға таныс. Біздің ойымызша, оның сабақтаса дамуы қоғамдық сананы жаңғыртуда айқын көрінеді. Әлемнің жетекші елдерін табысқа жеткізген нақты прагматизм игілікке қол жеткізудің әмбебап кілті болып саналады. Дәл осының арқасында қоғамдық-экономикалық формация ретінде капитализм құрдымға кеткен социализмді біржолата жеңді.

Мақалада біздің ұлттық кодымыздағы прагматизмнің бар екендігіне дәлме-дәл негіздеме беріледі. Ұлы даладағы қатаң табиғи жағдайлар мен шөлейтті жерлердегі тіршілікпен байланысқан көшпенділік дәстүрі ата-бабаларымыздың бойына табиғатпен үндескен өмір салтын, яғни прагматизмді қалыптастырды. Өткен ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына талдау жасай отырып, Елбасы радикалдық идеологияның заманы мүлдем келмеске кеткенінін тұжырымдайды. Сол себепті, біздің болашаққа жасалатын ұранымыз реализм және прагматизм болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://auyl.kz/news/view/>
2. <https://kazaksha.info/басқа/болашаққа-бағдар-рухани-жаңғыру-туғ/>
3. <http://baldauren.kz/novosti/198-tu-an-zher-ba-darlamasy-zhalpy-ltty-patriotizm-negizi/>
4. <https://egemen.kz/article/tughan-zher-baghdarlamasy-qoghamda-zhanha-rukhani-dastur-qalyptastyruy-tiis>

Капасова А.К., студентка 2 курса
Научный руководитель – к.ф.н., доцент Сейфуллина Г.Р.
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза,
г. Караганда, Республика Казахстан

О РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

На сегодняшний день казахстанцы являются свидетелями зарождения нового этапа в истории нашего независимого государства. Уникальность нового этапа состоит в процессе модернизации, а точнее в реализации третьей модернизации состоявшегося государства.

Третья по счету модернизация, объявленная главой государства, реализуется одновременно в трех направлениях: модернизация экономики страны, конституционная реформа, заложившая основы масштабной политической модернизации и модернизация общественного сознания.

И если первые два процесса имеют четкие цели и строго определенные задачи, то последнее же является самым сложным и комплексным, так как еще никогда перед казахстанцами не стояло такой задачи, как модернизация общественного сознания. Президент РК Н.А.Назарбаев, определяя статус общественного сознания, назвал его «сердцевиной» всех возможных преобразований в стране [1]. Модернизация общественного сознания является ключевым моментом в создании единой Нации.

Важно не просто адаптироваться под новую модель сознания, но и взять лучшее из всего, что несет в себе новая эпоха. Ведь новая эпоха «входит» без предупреждения и согласия, а значит ни у кого более не остается уверенности в завтрашнем дне. Людям необходимо почувствовать, что настало время для новых смелых шагов. Мировой опыт многих стран и цивилизаций говорит нам о том, что без учета особенностей своей культуры, процесс усовершенствования не более чем пустой звук. Эта мысль нашла четкое отражение в программной статье Главы государства. Для модернизации нет опоры лучше, чем опора на национально-культурные корни.



Программная статья подчеркивает важность модернизации общественного сознания через развитие конкурентоспособности, прагматизма, сохранения национальной идентичности, популяризации культа знания и открытости сознания граждан. Эти качества должны стать основными ориентирами современного казахстанца. Для достижения оптимальных результатов разработаны шесть конкретных проектов.

Первый из них — проект поэтапного перехода казахского языка на латинскую графику. Проект призван придать новый импульс развитию языка и интегрировать его в мировое пространство, заинтересовать и мотивировать граждан овладеть языком. О переходе на латиницу говорилось еще с декабря 2012 года. В первый раз об этом упоминали в ежегодном Послании Президента: «Нам необходимо с 2025 года приступить к переводу нашего алфавита на латиницу» [2]. Сейчас же выстроен четкий график перехода на новый алфавит.

26 октября 2017 года Президент Республики утвердил новый вариант алфавита. С начала текущего года идет подготовка преподавателей, которые позже будут обучать население новой грамоте, и разработка учебников по изучению казахского языка на латинской графике.

Книги, без которых нельзя: второй проект имеет название «100 новых учебников на казахском языке». Цель проекта — обеспечить казахстанских студентов возможностью заниматься по лучшим мировым учебникам на казахском языке. Задачей государства является перевод современных учебников с новыми инновационными подходами в изучении. Это обосновано тем, что до недавнего времени гуманитарное и социальное знание нашей молодежи было законсервировано в рамках одного учения, в рамках одного взгляда на мир. В рамках этого проекта были реализованы переводы десятков книг по социологии, философии и менеджменту (рисунок 1).

Рисунок 1. Книги в электронном варианте с переводом на казахский язык (с официального сайта проекта)

«От малой родины начинается любовь к большой»: третий проект — «Туған жер». Реализация проекта позволит, во-первых, укрепить связи человека со своим родным краем, где он родился и вырос через познание и конкретную помощь малой родине. Во-вторых, развить в стране культуру благотворительности и ее поддержку государством через ответные социальные действия. В-третьих, обеспечить научно-образовательную и инфраструктурную поддержку — исследование истории, географии, объектов родного края, его благоустройство. В целом, это означает, что начался процесс серьезной краеведческой работы.

На сегодняшний день по этому направлению на Центральный регион страны выделены финансы для реализации 24 социальных проектов, из них 30% имеют статус завершения. Например, Благотворительная акция «Қарттарым - қазынам». По этой акции более 1500 карагандинцам пожилого возраста, обслуживаемых отделениями социальной

помощи на дому, вручили продуктовые наборы, памятные подарки, осуществлена оплата коммунальных услуг. Были организованы обеды в 30 кафе и ресторанах города. Супермаркетами «Южный» и «Аян» была оказана материальная и натуральная помощь [3].

Четвертый проект «Сакральная география Казахстана». Здесь работа опирается на символические, сакральные и культурно-исторические вещи. Кроме того, объектами данного проекта являются места притяжения для индустрии туризма.

В рамках проекта «Современная казахстанская культура в глобальном мире» сейчас создаются условия для представления лучших произведений казахской культуры мировой общественности. Это открывает большие возможности перед отечественной творческой интеллигенцией. Все работы публикуемые в рамках этого проекта делятся на направления: литература, театр, кино и хореография, изобразительное искусство.

По этой программе недавно прошла выставка работ Мингиша Абылкасова [4].

Заключительный проект «100 новых лиц Казахстана» вберет в себя живые истории казахстанцев из разных уголков страны, разных возрастов и национальностей, которые будут служить образцом для соотечественников. Ожидается, что эти сто и более новых лиц станут олицетворением и портретом современного Казахстана.

Приведенные в статье примеры реализации Программы в Карагандинской области свидетельствуют о популярности и востребованности проектов. С каждым днем число завершенных социальных проектов растет, а новые инициированные проекты прибавляются. Это, своего рода, показатель успеха программной статьи «Рухани Жанғыру». Как и говорил наш Глава государства «внутреннее стремление к обновлению – это ключевой принцип нашего развития». Лишь обновившись мы можем стать на шаг ближе к успешному будущему.

Список использованной литературы:

1. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», 2017
2. Послание Президента народу Казахстана «Казахстан-2050», 2012
3. Информационный сервер «Рухани Жаңғыру» [электронный ресурс] режим доступа <http://ruh.kz> (19.03.18)
4. Информационный сервер «Новости Караганды» [электронный ресурс] режим доступа <http://ekaraganda.kz/> (18.03.18)

Кожина Л.А., 1 курс студенті

Ғылыми жетекші – аға оқытушы Джаксыбаева Г.М.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХИ-ТАҒЫЛЫМДЫҒЫ

Қазақстан Республикасы бүгінгі күнде өз тәуелсіздігінің жиырма жеті жылдық өмірін артқа қалдырды. Осы жылдар ішінде жас мемлекетіміз өз дамуының болашағына ықпал ететін батыл қадамдар жасап, негізгі бағыттарын айқындай алды.

Президентіміздің жыл сайынғы халыққа жолдауларында мемлекет дамуының қол жеткізер жетістіктерге жетуінің негізгі бағыттары мен міндеттері өткенімізбен сабақтастырыла жүргізілетіні айқын көрсетіліп отырды. Өйткені, «өткенсіз бүгін жоқ» дегендей, жарқын болашаққа басар қадамымызда тарих тағылымының ұстанымдарынан аттап өте алмасымыз анық. Тәуелсіздік әкелген рухани өркендеуіміздің нәтижесінде халқымыздың тұтастай ойлау жүйесінің жаңғыруы, жаңаша ойлау процесі жүріп жатыр.

Кеңес билігі тұсында ұлттық тарихымызды еркін зерттеп, құқығымызда өзімізге тән, менталитетімізге етене жақын, сан ғасырлар тәжірибеден өтіп, бойымызға сіңген қағидаттардың шынайы нәтижесін жариялауға сол кезеңдегі идеологияға байланысты мүмкіндік болмады. Бірлі-жарым жүрек жұтқан, шындықты жариялауға тырысқан адамдарды кеңестік үкімет «ұлтшыл», «халық жауы» деп айдар тағып, итжеккенге жөнелтті. Сондықтан да кеңестік дәуіріндегі әдет-ғұрып, салт-сана туралы зерттеулер мемлекет мүддесіне орайластыра қарастырылды әрі қазақ халқының біртуар қайраткерлерінің өз халқына жасаған қызметтері; алтынға пара-пар үлгі-тәжірибелері жоққа шығарылып, қара күйе жағылды.

Бүгінгі қоғам жетістіктерін тарихи арнадан алшақтатпай өзара сабақтастықта қараудың маңыздылығы өте зор. Бұл жайлы заңгер-ғалым З.Ж. Кенжалиев: «Қазақ халқының ғасырлар қойнауына кетер тарихы, ұлы ұлағат пен адамгершілік иманға және тек өзіне ғана тән ерекшеліктерге толы ұлттық-құқықтық мәдениеті бар.

Халқымыздың құқықтық болмысын және мәдениетін толық игермей, оны өзіміздің төл мемлекетіміз бен құқықтық жүйеміздің алтын арқауы етпей, «көз жұмбайлыққа» салыну, тарих тағылымына немқұрайлықпен қарау, қазір жүргізіліп және болашақта көзделіп отырған реформаларға пәрменділік пен қуат берер асыл арналарды тануда кешірілмес селкостық таныту» [1, 3 б], – деп шынайы шындықты айтады. Ал өткеннен қалған рухани-мәдени қазыналарымыз жайлы «... Қазақ құқығы халықтың тыныс-тіршілігінің өзегімен қисындас болатын, халықтың өзіне жақын, тәндес, жалпы адам баласының мәңгілік рухани бітім-болмысына, талабына сай болатын» [2, 17 б.], – деп академик С.З. Зиманов айтқандай, терең мән мен мағынаға ие көшпелі өркениеттің болмысы болған қазақ халқының дәстүрлі құқық жүйесі Тәуелсіз Қазақстанда өзінің лайықты қызметін атқарарына сеніміміз мол. Академик С.З. Зимановтың қазақ халқының құқық жүйесінің болашағына сеніммен қарауы қазір шындыққа айналуда. Оған «Алқа билер сотының» енгізілуі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізге, дінімізге, тілімізге шындап қарай бастауымыз дәлел бола алады.

Қазақ қоғамында бұл құндылықтар рухани-мәдени өмір дамуының жемісі, ондағы адам құқығы мен бостандықтарының қорғалуының кепілді алғышарттары іспетті болды. Өйткені, құқық қазақ халқының қоғамдық өмірінің барлық салаларында маңызды рөл атқарды.

Кезінде қазақ қоғамында заңдылық пен әділдік, адамгершілік пен имандылық жоғары деңгейде болып, дәстүрлі құқық жүйесі қызмет етіп тұрған ұзақ мерзім ішінде түрме мен құлып, адам бостандығынан айырылатын шаралар жоқ болатын. Ол кезде қоғамда тәртіп мығым болып, салт-дәстүр, әдет-ғұрып оны бұлжытпай ұстап тұрған болатын.

Еліміз тәуелсіздігін алып, егеменді мемлекеттігін жариялағаннан соң басталған экономикалық қиындықтар республикамыздағы тәртіпті де күрделендіріп, қылмысық іс-әрекеттерді жиілетіп жіберді. Мұндай қиын-қыстау кезеңде ауыл-ауылдағы зиялы азаматтар, ақсақалдар қоғамдық тәртіптің сақталуына, ұры-қары болмауына әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді, яғни дәстүрлі құқық жүйемізді дұрыс пайдалану арқылы реттегені шындық. Кезінде нақақ өшірілген, тарих сахнасынан ысырылған дәстүрлі құқық жүйеміздің кәдеге асар жағы өте көп. Оның үстіне ұлттық болмысымызды жоғалтып алмай, сақтауға өте пайдалы.

Қазақ халқының дәстүрлі құқық жүйесі және оның қағидаттары ұзақ әрі күрделі даму жолдарынан өтіп, адамгершілік, теңдік, еркіндік, имандылық идеяларынан, жалпы адамзат баласы армандаған демократиялық өркениеттілік сипаттарға ие және бұл қағидаттар қазақ халқының көкейіндегі арман-мұраттардан туындаған, өзіне тән дәстүрлі дүниетанымынан бастау алған. Себебі, қоғамдық құқықтық сана және одан туындаған қағидаттар құқықтық дүниетанымның құрамдас бір элементі ретінде көрінді. Бұл құқықтық ұғым, түсініктер

көшпелілердің қоғамдық өмірінің ажырамас бөлшегі болды. Сол себепті де қағидаттардың құқықтық сипатқа өзек болуы әрі қалыптасып, дамуы бірнеше кезеңдерді қамтыды.

Қазақтардың дәстүрлі құқық жүйесінде құқықтық реттеушілікті қамтамасыз ету де негізгі қағидаттар көшпелілер қоғамының саяси өмір саласында құқықтық мәні бар қағидалар ретінде қоғам өмірінің тиісті салаларында басты орынды иеленді. Қағидаттар адамды дұрыс жолға салу, жаман қылықтан аулақ болу, қылмыстың алдын алу, адамгершілік пен имандылықты қалыптастыруда маңызды рөл ойнады.

Көшпелілердің дәстүрлі құқық жүйесі және оның қағидаттары қоғамдық дамудың ұзақ процесінде біртіндеп қалыптасты, өмір қажеттілігіне қарай толысып, жетіліп, қоғамдық қатынастарды реттеп отырды. Ұлан байтақ кең далада болған саяси-құқықтық өзгерістер оны өзгерте алмады, тіпті құқық жүйеміз өзін-өзі сақтап қана қоймастан, ішкі күшке ие болып, нығая түсті, өміршеңдігін сақтап қалды. Өйткені, ол халықтық, қайнар көзі - халықтың өзі. Сол себепті де көшпелілер қоғамының мемлекеттік құрылымы, басқару жүйелері қоғаммен тығыз байланыста болып, бәрі де дәстүрлі құқық жүйесіне, оның мәйегі – қағидаттарға бас иіді, қолдап қуаттады.

Қазақ құқық жүйесін әрі оның қағидаттарын өміршең, мәңгілік етуде билердің рөлі күшті болады. Олар Сөз бен Заң құдыретіне табынып, әділдік пен заңдылықтан аттамады. Би және билер соты – ішкі құрылысы рулық-тайпалық жүйеге негізделген көшпелі қазақ қоғамының игілігі. Билер сотында халықтық демократия мен халықтық билік құндылықтары өзінің табиғи қалпын сақтады. Билер сотының ұғымы күрмеулі істің ақиқатын табу және сот шешімінің негізі - әділдікке қол жеткізу болды. Ал, билер билер соты мұратын іске асыру үшін түрлі қасиеттерді: даналық, шешендік, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді, халық тарихы мен шежіресін, хандар енгізген заңнамаларды білуі тиіс болды. Яғни, бидің өзі де, билігі де түп-тамыры халықтың болмысымен байланысты болды. Би халықтың сана-сезімінде ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сипатталды. Би қазақ құқық жүйесі және оның қағидаттарының негізгі қорғаушы күші, алтын дінгегі, қорғаушысы бола алған.

Қағидаттар дәстүрлі құқық жүйені жүйелеуде әрі құқықтық нормаларды қабылдауда басты нысан етіп алынды. Бұл қазіргі ең прогрессивті дін – ислам діні және оның шариат заңдарымен өзектес, бірін-бірі толықтырып, сұлуландырып, кемелдендіріп жатыр. Қазақ құқық жүйесі және оның қағидаттарының ислам діні және оның шариат заңдарымен біте қайнасып, біртұтас болып кетуінің бастысы әділдік, теңдік, заңдылық, еркіндік, бостандық, адамгершілік, имандылық қағидаттарының өзек етіп алынуы. Қазақтардың дүниетанымы исламнан алшақ болмауы бұл екі құқық жүйенің өзара бірігіп, монолиттік денеге айналуына жол ашты.

Қандай да болмасын дүниетаным дінмен ұштасып жатады. Қазақтардың да дүниетанымы тәңірілік идеясымен ұштасып, өмірдің қысқалығы, адамның күні адаммен екендігі, өзара сыйластық, адамдық жақсы қасиеттерді иелену о бастан-ақ ата-бабаларымыздың басты ой-әуендері болды. Ислам дінінің де басты мақсаты күрделі де даулы мәселелерді әділ шешу, адам құқығы мен тағдырына, тіпті жалпы адамзат мүддесіне лайықты кесім айту.

5. Қағидаттар нормативтік мәнге ие болып, кеңістік пен уақытта, аумақта қолданыста болды. Жаңа заңдар мен нормативтік актілерді қабылдау кезінде заң нормалары арасындағы ол қылықтар мен ақаулықтарды болдырмауы, құқық ұқсастығын қолдануда қағидаттар басым тұрып, басшылыққа алынып отырылды. Атақты билер шешімдерінің үлгісі өзгелерге өнеге, бағдар болды. Қағидаттардың қазіргі кездегі құқық шығарушылық қызметінде де, құқықтық реформалар жүргізілуінде де берері көп. Әсіресе, әділдік, теңдік, заңдылықты биік дәрежеде ұстауда сөз өнері, жөн сөзге тоқтау, шешендік, данышпандық, бітімгершілік, т.б. қағидаттардың маңызы зор.

Тәуелсіздігімізге ие болып, егеменді ел болғалы өткенімізді қайта қарап, жаңғыртып, қайта түлетуге құлшыныс жасалуда. Бұл жолында дәстүрлі билер сотын қайта

түлету сот жүйеміздің халықтық сипат алуына, әділдік пен заңдылықты нығайтуда, адам құқығы мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге жол ашады.

Міне, осы қағидаттарды басшылыққа негіз етіп алған дәстүрлі қазақ құқық жүйесі сан ғасырлар мен мыңдаған жылдар бойы өз қоғамына адал қызмет етеді.

Қазақ халқы – задында ойшыл, шешен, жөн сөзге құлақ асатын халық, ұлыларын ардақтай алатын халық. Ұлы бабаларымыз аманаттап қалдырған рухани-мәдени мұраларын қасиеттеп, сақтап қана қоймай, оны өз кәдесіне жарататын халық. Демек, біз өз тарихымызды, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді күн талабына лайықтап қолдана аламыз. Өйткені, тәуелсіз, егеменді мемлекетіміздің құқық жүйесі өз бастауынан суарылған, бейбіт өмірдің, теңдіктің, әділдіктің, имандылықтың тірегі болуға кепілдік береді. Осы айтылғандарды жүзеге асыру үшін халқымыздың құқықтық болмысын және мәдениетін толық игеріп, мемлекетіміз бен құқықтық жүйеміздің алтын арқауы етіп алуымыз шарт. Сонда ғана әлемге танымал құқықтық-демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам құра аламыз. Сол үшін де, көшпелі қазақ құқық жүйесіндегі қағидаттар жоғары заң орындарында, тіпті мектептерден бастап оқытуды қолға алған дұрыс. Тіпті, билер институтын ауылды жерлерден бастап ашып, өкілеттік беруден де ұтылмас едік. Қағидаттары өркениеттілікке жетелейтін ата-бабаларымыздың озық ойлы идеялары шынайы көрініс тапқанда ғана мемлекетіміздің іргетасы мықты болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.
2. Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары // Ақиқат. – 2005. – № 3. – 17-25 бб.

Мұнсызбаева Д.Н. 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – оқытушы Бейсембаева И.А.

Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ТУҒАН ЖЕР ТҰНҒАН ТАРИХ

Отанға ерекше көзқарас, оның мәдениеті,
әдет-ғұрыптары, дәстүрлері -
бұл патриотизмнің маңызды ерекшелігі.
Н.Ә.Назарбаев.

ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланған болатын. Рухани ой-толғауда ұлттық құндылықтарымызға, елдік мақсат пен мемлекеттің ұлттық құрылымы, қазақ елінің тарихи мұралары жайлы баяндалған. Рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі. Біздің халқымыз үшін ежелден келе жатқан біздің салтымыз бен дәстүріміз, мәдениетіміз – біздің ұлттық қорымыз. Екі тарау мен алты тармаққа, алты тапсырмаға құрылған Елбасы бағдарламасы – рухани кеңістігіміздің жаңа жаңғыруының жарқын нышаны!

1. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта баға жағынын, не материалдық тұрғыдан не білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін, не компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар тұрғысынан ұтымды дүние ұсына алуы.

2. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен

астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Ұлттық прагматизм жыл сайын адам өзгеріп келеді. Соның себебі барша халықтың өз жерінің ұтымды пайдалана алмауынан және оның нәтижесінде экологиялық жағдайдың күннен күнге нашарлап келуі.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс және ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

4. Білімнің салтанат құруы – яғни, осы біз барша оқушы, студенттер мен азаматтар әліде әлемге ашылмаған сырларды ашып, технологиялық эволюцияға жету және оның бәрі білімнің көмегімен.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы – кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік береді. Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады. Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды.

6. Сананың ашықтығы – зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.

Ел президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туған жер деген бұл бағдарламаның мәні деп үш ерекшелікті атап көрсетеді:

«Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді».

«Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек».

«Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс». «Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек».

Рухани жаңғыру тұсында «Туған жер» бағдарламасының да маңыздылығы арта түседі. Қазақ елінің әр өңіріндегі сайы мен қыры, тауы мен жотасы, даласы мен қаласы терең тарихтан сыр шертеді. Ал, ел жастары олардың әрбірінен хабардар болуы тиіс. Себебі, өз тарихына терең бойлай алған ұрпақ қана Отанына адал, жауапкершілігі жоғары азамат болып өседі. Сондықтан, қазір ғалымдардың алдына зерттеу-зерделеу тұрғысында үлкен мақсат-міндеттер қойылып отыр.

Елбасы аталған мақаладан жаңаша бастау алатын «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Әрбір азаматты өзінің туған жерінің гүлденуі үшін нақты үлес қосуға үндейді. Туған жер -бұл сөздерді естігенде ,жан-дүниеңе ыстық сезім ұялайды. Туған жердей жер болмас ,туған елдей ел болмас .. деген қанатты сөз бар.Шынымен де , туған жердің әрбір тау мен тасы өзені мен көлі ,ауасы мен топырағы бәрі де адам үшін ыстық болады.Адамның туған жері көзге жылы,көңілге ыстық көрінеді!

«Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады». Батырлар мен ақындар бірі найзамен, бірі жырмен қорғап қалған ұлан байтақ даланың қазіргі иесі ретінде, әрбір Қазақстан азаматы өзіне жүктелген міндетті

абыроймен атқару керек. «Туған жер» бағдарламасының жаппай халық арасында үлкен күшке ие болуы, жастардың бойына патриоттық тәрбие ұялату үлкен міндет. Берілген тапсырманың үдесінен шығу ғана емес, оны бүгінгі күнмен өлшемей, ертеңгі ұрпаққа жету үшін еңбек ету – басты парыз.

Отанды сүю кіндік қаның там-ған жеріңе, өскен ауылыңа, өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен бастау алады. «Туған жерге деген сүйіс-пен-шілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірін-ші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыс--та-рын жүргізуді, эколог-ияны жақ-сартуға және елді мекендерді абат-тандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тари-х--тан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есім-дері ел есінде сақталған бір-туар перзенттері бар

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://auyl.kz/news/view/>
2. <https://kazaksha.info/басқа/болашаққа-бағдар-рухани-жаңғыру-туғ/>
3. <http://baldauren.kz/novosti/198-tu-an-zher-ba-darlamasy-zhalpy-ltty-patriotizm-negizi/>
4. <https://egemen.kz/article/tughan-zher-baghdarlamasy-qoghamda-zhanha-rukhani-dastur-qalyptastyruy-tiis>
5. <http://www.zakon.kz/4853272-n1201rs1201ltan-nazarbaev..html>

Мурашкина Е.Ю., студент 2 курса
Научный руководитель - Клыкова Л.А.
Южно-уральский государственный гуманитарно-педагогический университет,
г. Уральск, Россия

РОЛЬ ХОРЕОГРАФИЧЕСКОГО КОЛЛЕКТИВА В ВОСПИТАНИЯ КРЕАТИВНОЙ ЛИЧНОСТИ

Творческая работа – это прекрасный,
необычайно тяжелый и изумительно
радостный труд
Н. Островский

Социально-экономическое развитие любой страны напрямую зависит от гражданского мира, наличия межнационального и межконфессионального согласия. К достижениям в нашей стране можно отнести наличие и реализация национальной идеи «Мәңгілік Ел». Её реализация позволяет сохранять общенациональные ценности, культуру, традиции. Для построения цивилизованного общества, реализации инновационных процессов особое внимание уделяется формированию культурных ценностей подрастающего поколения, поскольку творчество лежит в основе формирования личности учащегося.

Потребность в формировании культурных ценностей усиливается во взаимосвязи творчества и инновационных процессов в области экономики. Важным компонентом этой взаимосвязи является художественное творчество.

Воспитание креативной личности, которая способна принимать эффективные решения, преодолевать кризисы и трудности, участвовать в общественной жизни невозможно представить без творческого подхода.

Поэтому, именно хореографическое искусство является сферой непосредственного контакта творческой личности с художественным и эстетическим опытом, накопленным в профессиональном и народном творчестве.

Современный век смартфонов и компьютеров характеризуется гиподинамией. Большую часть времени дети проводят в пассивном состоянии и занятия хореографией становятся всё более актуальными.

Привлекая детей к занятиям в нашем хореографическом ансамбле «Жемчужина», мы преследуем несколько целей:

- развитие творчества учащихся;
- улучшение двигательной активности учащихся;
- воспитание духовности;
- повышение работоспособности, снятие напряжения;
- успешная подготовка к учебной и трудовой деятельности.

С целью оздоровления учащихся, на занятиях проводятся разные виды разминок: дыхательная, двигательная. Разминка помогает сосредоточиться, отвлечься от других видов занятий, приводит в гармонию весь организм учащихся.

Разминка помогает активнее включиться в процесс танца. Разогретые во время разминки мышцы, легче переносят последующие нагрузки. Занятия хореографией положительно влияют не только на общее самочувствие, но и на хорошую спортивную форму. Приведем пример нескольких видов упражнений.

- упражнение «Канатоходец» хорошо развивает равновесие. К полу за концы в натянутом виде прикрепляется нитка длиной примерно 3 м. Задача детей – пройти по ней, приставляя пятку одной ноги к носку другой.
- упражнение «Пройди через болото» - развивает координацию движений, ловкость. Задача детей дойти до ориентира, переходя с одного листа бумаги на другой.
- упражнение «Рукоходы» (к деревянным брускам приделаны дверные ручки) – развивает координацию движений, мышцы плечевого пояса и ног.

Художественное творчество в современных хореографических коллективах ориентировано на показательные, постановочные выступления и не рассматриваются с точки зрения системного подхода в воспитании, как совокупность взаимосвязанных элементов. Хореография – это танец, где движение и музыка – две неделимые части.

С древних времен танец является важной частью церемоний, ритуалов и праздников, привлекает в свои ряды миллионы поклонников, желающих овладеть этим мастерством в совершенстве.

Как приходят дети к занятиям хореографией? Для многих этот путь познания начинается с учреждений дополнительного образования детей, где им предлагаются различные виды хореографического искусства: модерн, хип-хоп, бальный и классический танец, и многие другие. Для других этот путь начинается в школе. Ансамбль «Жемчужина», руководителем которого я являюсь, объединил разновозрастные группы учащихся гимназии №97 и детей, обучающихся в других школах. Репертуар ансамбля многогранен и индивидуален. Наиболее яркие постановки - это «Карагандинский вальс», узбекский танец, цыганский танец, танец с зонтиками. Причины, по которым дети приходят в ансамбль, также различны - желание танцевать, укрепить своё здоровье, желание участвовать в конкурсах и побеждать.

Влияние танца на физическое и эмоциональное состояние учащихся нельзя недооценивать. Танец способствует активизации психофизиологических процессов,

формированию у детей двигательных навыков, способов выполнения различных движений.

За легкостью и красотой исполненного танцевального номера всегда кроется титанический труд целого коллектива. Важным фактором становления и развития хореографического коллектива является внутреннее наполнение детского творческого объединения.

Танцевальный коллектив – это единый и постоянно развивающийся организм, где присутствуют определенные психолого-педагогические закономерности, развивается эстетическая атмосфера сотворчества, повышается уровень межличностных отношений внутри микросоциума.

На создание гармоничной среды внутри творческого коллектива на наш взгляд влияют следующие моменты:

- личности руководителя коллектива;
- единая система ценностей руководителя участников коллектива;
- наличие неформальных микрогрупп внутри коллектива;
- возникновение конфликтных ситуаций и их успешное разрешения;
- забота о творческом росте и личностном развитии каждого участника детского коллектива.

Что же нужно для эффективности воспитательной деятельности хореографического коллектива? Можно назвать следующие правила:

- организация деятельности коллектива в соответствии с общеразвивающей программой;
- соблюдение расписания;
- наличие доброжелательной, позитивной психологической атмосферы на занятиях;
- учет современных тенденций в музыкальной, хореографической среде, а также пожеланий обучающихся при составлении репертуарного плана коллектива;
- создание команды единомышленников из числа родителей обучающихся;
- активное участие танцевального коллектива в различных конкурсах и фестивалях детского творчества, городских, окружных мероприятиях.

Таким образом, только хореографический коллектив, добившийся настоящей сплоченности, единства в своих целях, демонстрирующий на сцене новаторские постановки с оригинальной визуализацией (декорации, костюмы, звуковые эффекты), может повысить свою художественно-творческую деятельность на более высокий уровень и способствовать реализации воспитательных целей. Это задача непростая, и, конечно же, требует от руководителя детского объединения много творческой энергии и педагогического мастерства.

Список использованной литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее. Астана. 2014г.
2. Вишняк, А.И. Культура молодежного досуга /А.И.Вишняк, В.И.Тарасенко. Киев: Высш. школа, 2005 - 53с.
3. Гарифуллина, Р.С. Технологии социально-культурной деятельности молодежи: (духовно-нравственный ресурс воспитания): учеб.пособ. / Р. С. Гарифуллина. Казань: Изд-во Казан, ун-та, 2007. - 288 с.
4. Гладилина, В. И. Факторы обеспечения успешности процессов самоутверждения и самовыражения личности подростка в сфере досуга / В. И. Гладилина // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. 2007.- №4. - С. 79-81.

Мырзатаева Қ., 3 курс курсанты
Ғылыми жетекші - аға оқытушы-әдіскер Акимжанов Е.
ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, Қостанай қ., Қазақстан
Республикасы

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ-БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Жаңа тарихи заман, ғаламдану дәуірі, жаһандық кезең. Міне аталмыш келіп жеткен бұл уақытқа біздің елімізде аяқ басты. ХХІ ғасырдың талаптарына сай болу үшін ең алдымен бәсекелестікке қабілетті мемлекет болуымыз және дамыған 30 елдің қатарына қосылуымыз қажет. Ол үшін ұлттық құндылықтарды ұлағаттап, бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту керек. Егемен еліміздің ертеңіне алаңдаған мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ел қамын еш уақытта назардан тыс қалдырған емес. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасы да еліміздің бүгінгі мен болашағына деген алаңдаушылығының айқын көрінісі. «Рухани жаңғыру» тәуелсіз елдің тамырын кеңге жаюына, іргелі істердің алға басуына, заман ағысынан кейін қалмай, жаңа дәуір белесін бағындаруға бағытталған ауқымды бағдарлама. Елбасымыздың да көздеген межесі әлемдегі 30 елдің қатарына қосылу стратегиясы да осы бағдарлама аясында жүзеге аспақ. Демек, жаңа тарих толқынына қадам басып жатқан жас мемлекетіміз өз мақсат-міндеттеріне батыл қадам басқалы тұр.

Жалпы «рухани жаңғыру» түсігінің мағысына тоқталайық. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады [1].

Елбасының рухани жаңғырудағы алға қойған маңызды бағыты – прагматизм. Кез келген халық өсіп-өркендеу үшін заман ағымына ілесіп, үнемі жаңарып, жақсы қасиеттерін жетілдіріп отыруы қажет. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез – құлықтың прагматизмі.

Басты мақсаттың бірі - ұлттық бірегейлікті сақтауымыз керек. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Әрине ұлттық тәрбие отбасыдан, бала бақшадан, мектептен басталады. Сондықтан татулық пен бірлікке баланы кішкентайынан тәрбиелеуіміз қажет. Қазақ жерінде бірнеше ұлт бір үйдің адамындай өмір сүріп жатырмыз. Ол біздің ата-бабамыздың берген тәрбиесі. Сол тәрбиені ұстанып, болашақ ұрпақтың бойына сіңіру біздің міндетіміз.

Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу»- деп Ел басымыз оны да айтқан болатын.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. Біздің кешегі тарихымыз бұл тартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Білімділікке ұмтыла отырып жана технологияларды меңгеру, саяси реформа мен экономикалық өсу ретінде де қалыс қалмау керек екендігі де қамтылған. Тарих қойнауының терең тұңғығына бойлай отырып, айқын болашаққа нық сеніммен батыл қадам жасауға шақырады.

Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниежүзінде мемлекетімізге қызыға қарайтын елдер көбейді. Заман ағымына дәуірдің жағымды жақтарын бойына сіңіріп, ұлы дала елі де көз алдымызда ілгері дамып келеді. Бәсекелестікке қабілеттілігіміз артып, алпауыт державалар санасатын күйге жеттік. Енді осы сарабал саясатты жалғастырумыз дамушы республикамыз үшін өте маңызды.

Сөйтіп, қазіргі таңда қазақстандықтар ел тарихының жаңа кезеңінің пайда болуының куәгерлеріміз. Оның бірегейлігі – Президент жариялаған жаңғырту процесінің бір уақытта үш бағытта: экономиканы жаңғырту, ауқымды саяси жаңғыртуға негіз болған конституциялық реформа және қоғамдық сананы жаңғырту салаларында жүзеге асырылуында.

Әсіресе, үшінші бағыты ең күрделі әрі ауқымды, себебі қазақстандықтардың алдында бұған дейін ешқашан қоғамдық сананы жаңғырту міндеті қойылмаған болатын. Дәл осы бағыт еліміздегі барлық ықтимал қайта түрлендірулердің өзегі болып табылады, ал оның қозғаушы күштері – алты жоба.

Олардың біріншісі – қазақ тілінің латын графикасына біртіндеп ауысуы. Жоба тілді дамытуға жаңа серпін беруге және оны әлемдік кеңістікке ықпалдастыруға, азаматтарды тілді үйренуге ынталандырып, қызығушылықтарын оятуға бағытталған.

Екінші жоба – «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық». Оның мақсаты – қазақстандық студенттерге әлемнің ең үздік оқулықтарын қазақ тілінде оқуға мүмкіндік беру.

Үшіншісі – «Туған жер» жобасы, оны жүзеге асыру, біріншіден, адамның өзі туып-өскен жерімен байланысын нығайту. Екіншіден, елімізде қайырымдылық мәдениетін жетілдіру және жауапты әлеуметтік іс-қимылдар арқылы мемлекеттік қолдау көрсету шараларын дамыту [2].

Үшіншіден, ғылыми-білім беру және инфрақұрылымдық қолдауды қамтамасыз ету – тарихты, географияны, туған өлке нысандарын зерттеу және оның көркейтілуі. Жалпы алғанда, бұл маңызды өлкетану жұмыстары басталғанын білдіреді.

Төртінші жоба – «Қазақстанның сакралды географиясы». Мұндағы жұмыс мәдени ескерткішке, символдық, сакралдық және мәдени-тарихи заттарға байланысты болады. Бұдан өзге, аталған жобаның нысандары туризм индустриясын дамыту орындарына айналады.

Бүгінде «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында қазақ мәдениетінің үздік туындыларымен әлемдік қауымтастықты таныстыру үшін жағдайлар жасалып жатыр. Бұл отандық шығармашылық зиялыларына үлкен мүмкіндіктерге жол ашады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы еліміздің әр түкпірінен, түрлі жастағы адамдардың, сан алуан ұлт өкілдерінің арасынан отандастарына үлгі болатын, табысқа жеткен адамдардың тарихынан тұрады. Аталған жүз және одан да көп жаңа есім заманауи Қазақстанның келбеті мен бейнесіне айналады.

Осы жобалардың барлығы үлкен өзектілікке және терең мағынаға ие, өйткені жаңғырту – өте күрделі процесс. «Рухани жаңғыру» елімізді сапалы қайта түрлендіруге негіз болатын идеялық платформа

Қорытындылай келе, ұлт көшбасшысының Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасы – руханиятқа тың серпін беріп, санаға сілкініс әкелген қадам болып табылады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, мәңгілік ел боламыз десек, қазіргі таңнан бастап жаңғыру жолында бабалардан мұра болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта тулатуымыз керек. Президентіміздің мақаласында өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлерінен түйіндейтін халқымыздың ендігі міндеті - осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <https://egemen.kz>.
2. Нығыметов Ғ. Рухани жаңғыру» Қазақстанды сапалы қайта түрлендіруге жол ашады. – www.primemini

Серікбол Б., 1 курс студенті
Ғылыми жетекші –аға оқытушы Абдурахманова З. А.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТ БОЛМЫСЫНЫҢ КЕПІЛІ

Еліміз әр кезеңге сай қарыштап, түрлі бағытпен дамығанды қолдайды. Оған жылдар революциясынан-ақ көзіміз толық жетеді. Тек әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрғыдан ғана емес, рухани жаңғыруға да ұлттық бірегейлік тұрғыдан дайын болуы тиіс. Осы тұста Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлт болашағына тарихи маңызды, қазақ халқы рухы үшін аса қажетті тағы бір бағдарламасын жасап, бағытын айқындап берді.

Қазақстан біршама уақыт ширегінде Дамушы елдер арасынан көрінді. Мұндай жетістіктер жоспарлы іс пен таза еңбектің жемісі. Соның арқасында еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке қабылданып, биылғы қаңтар айынан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі ретінде өз жұмысын бастады.

Елбасы Ұлттық болмысымызды мәңгілік сақтау үшін рухани жаңғыруда түбегейлі реформаларды жүзеге асырудың мезгілі пісіп жетілгенін айтып отыр. Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қарай қадам басуымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертуіміз керектігі туралы өз көзқарасын білдірді. Мақалада көтерілген әр-бір мәселеге терең мән берсек ұлттық код, ұлттық мәдениет, ұлттық тарихымыздың рухани жаңғыртуға бағытталғанын көреміз. Бұл тұрғыда Елбасы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын нақты атап көрсетті. Мәселен, бәсекелік қабілет. Яғни, болашақта ұлттың табысты болуы табиғи байлықпен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатынын айтқан Елбасы ХХІ ғасырда компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін меңгеру, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында екенін ұқтырды. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессиялық келісім» сынды бағдарламаларды ұтымды пайдаланған дұрыс. Екінші, прагматизм жайлы ой өрбітті. Прагматизм — өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлау, ысырапшылдық пен астамшылыққа, кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі — орынсыз сән-салтанат емес, керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсететінін айтқан Мемлекет басшысы ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы жайлы да тереңнен сөз толғады. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу — біздің қанымызда бар қасиет екенін, осы орайда, Тәуелсіздік жылдарында он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындағанымызды, бұл жұмыстардың «Болашақ» бағдарламасы арқылы жүзеге асқанын мақтаныш етті.[1]

Президентіміздің ана тілдің қадір-қасиетін арттыру үшін айтқан: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзінде терең ой жатқан жоқ па?! Алдыңғы күннің қабағын болжай білетін Мемлекет басшысы 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуіміз керектігін мәлімдеді. Алайда бұл оңай шаруа емес. Тарих бетін парақтар болсақ, біз бұрын латын әліпбиін қолданған халықтың біріміз. Нақтылай дәлелдерге жүгінсек, Кеңес үкіметінің «Латындандырылған жаңа әліпби — «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулысына орай латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі елімізде 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылған. Латын әліпбиіне өтуді қазірден бастап қолға алу керектігін көрсетіп отырған Елбасы Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырды. Бүгінгі күні мектепте ағылшын тілін үйреніп жатқан оқушыларымызға латын әліпбиін меңгеру ешқандай қиындық туғызбаса керек деп ойлаймын. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың, барша қоғам өкілдерінің атсалысуымен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірінғай стандартты

нұсқасы қабылданбақ. Ал келер жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындау көзделуде. Сонымен бірге жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавитінің қолданыда тұруы да орынды.

Ұлт Көшбасшысы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласын өркендету бағытында «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыруды ұсынып отыр. Бұл жоба бойынша алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттарында әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалады. 2018—2019 оқу жылы студенттердің осы оқулықтармен қамтамасыз етілуі қарастырылуда. Елбасы «Туған жер» бағдарламасында кіндік қанымыз тамған жеріміздің, еліміздің тарихына баса көңіл аударғаны байқалады. Онда білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізу, экологияны жақсарту және елді мекендерді абаттандыру, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру көзделуде. Осы бағытта «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына сәйкес Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да мекендерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. [2]

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады. Ендеше, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік!

Қолданылған әебитеттер тізімі:

1. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті ҚР Президенті - Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақала. <https://www.zakon.kz>.
2. 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауын толық нұсқа. <https://www.stan.kz>

Рашитова А. 2 курс студенті

Ғылыми жетекші: Омарова А.Р. Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды к.,
Қазақстан Республикасы

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасымыз 2017 жылдың басындағы халыққа жолдауында, Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғаны жайында жариялаған болатын.

«Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» жолдауын мұқият оқып шықтым. Елбасының елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігінен үлкен әсер алдым. Көптен күтіп жүрген латын әріпіне көшу,жазуымызды қалыптастыруға айтылған мәселе орынды көтерілді деп ойлаймын.

«Қазақстан-2050» стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» Елбасымыз 2012 жылдың желтоқсан айында мәлімдеген болатын. Яғни 2025 жылы іс қағаздар,мерзімді баспасөз, оқулықтар бәріде латын әріптеріне өтеді деген сөз.

Елбасы жаңа тұрпатты жаңғырудың басты мақсаты-ұлттық кодты сақтау екенін баса айтып, онсыз жаңғыру дегеніңіз құр жаңғырық дегені орынды.

Мақаладағы маған терең ой салған тағы бір мәселе:ұлттық сана туралы маңызды ой-пікір.Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтып өткендей:

«Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасак, көшбасындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заманағы мына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сайкелмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңдысақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құржаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымдыс ақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алғабастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.» Осы тармақтарды оқи отыра,әрбір сөйлемде біздің бүгінгі күнімізбен болашағымыз жарқын Қазақстанға бағыттайтын айқын жоспар мен мақсаттардың көрсетілгенін түсіндім. Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық,саяси реформалар жақсы жүзеге асуда.Осы жолдауда рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты негізі деп ойлаймын. Өр мемлекетте, әр ғасырлар бедерінде жаңарып отырады. Ал рухани жаңғаруда білімнің рөлі өте маңызды. Біз өзге елде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек.Менімше бірнеше тілді білген адам,ештенеден ұтылмайды.

Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды:

«Елбасымыз айтып өткендей : Бәсекелестік қабілет—ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерде нұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, соныменбірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.»

Прагматизм-ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып ,қорғау бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды [1].

Ұлттық бірегейлікті сақтау-Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код,яғни халқымызға тән салт санамыз , асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап,үні шырқалып тұруын баса айтты,сонда ғана алға басулар болатынын ескертті.

Білімнің салтанат құруы-қазіргі кезде білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп,табыс тізгіні-білімді болашақ жастардың қолында.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. XXғасыр қасіреттерін қаперізімге сақтап,одан сабақ алу және де дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетінін қазіргі кезде болып жатқан әлемдік

толқыныстарды мысалға келтірді.Ревалюциялық өзгеріс емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керек екеніне ой қортты [2].

Сананың ашықтығы-Елбасымыз айтқандай: көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошаққасы» аясында қалуынан туындайды.

Бір қарағанда, жержүзіндегі миллиардтан астамада өзінің туған тілі мен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей.

Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламайма? Әлде 100 миллиондағанқытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма?

Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің бастышарты.

Бірақ, мәселебұған да тіреліптұрғанжөк. Сананың ашықтығыз ерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жершарының өзіне қатысты аумағында және өзінің елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алыпкелетін өзгерістердің бәрінедайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Бізбұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі.

«Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.

Егер Қазақстандықтар жержүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандайдауыл соғып жатқанын көре алмайды.

Көкжиектің арғыжағында не болып жатқанында біле алмайды. Тіпті, бір қатар ұстаным дарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмайқалады.

Шынын айтқеле бұл тармақтағы ой пікірлер маған аса қатты ұнады. Қазіргі таңда күллі әлем десем қателеспеспін, ағылшын тілін үйренуде. Негізінде ағылшын тілі –қазіргі кезде жаһандық тіл. Барлық мектептерде ағылшын тілі пәні, міндетті пән ретінде жүруде.Қазіргі таңда ағылшын тілін 1-ші сыныптан бастап үйретуде. Бүгінгі жаһандану заманда көп тіл білетін адамның қоғамдағы рөлі бөлек. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілінбілетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді. Тіл үйренудің зияны жоқ,керісінше пайдасы зор.Бірақ «өзге тілінің бәрін біл,өз тіліңді құрметте»деген мақалды естен шығармау керек.

Елбасы «Болашаққа бағдар:рухани жаңғырту» атты мақаласында: «Тек өткен ғасырдың ортасында небәрі бірнеше жыл миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды...Түгін тартса май шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялы апат аймағына,Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды деген».Осы мәселе әлі күнге жалғасуда.Күні кеше оны құтқару үшін алуан түрлі амалдар айтылды.Өкінішке орай нәтиже жоқ. Әмудария өзені сол кезде Аралдың бағын байлады деген ойдамын. Егістікпен мақтаға су керек болғандықтан өзбек елінің халқы Әмудария өзенінің суын қолданған болатын.Сол себептен Әмудария өзені Арал теңізіне жетпей таусылды.Қазіргі таңдада Әмудария өзені Арал теңізіне құйылмайды.Сол себептен осы мәселе жайлы Өзбекстанмен талқылау керек сияқты.

Таяу жылдардағы міндеттер. Дамудың жаңа кезінде алдымен ұлттық болмысымызбен құндылығымыз тарихымызбен мәдениетіміз сақталуы керек.

Туған жер – адамның өмірінде үлкен орын алады. «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесі кім біледі? Ыстыққой шіркін туған жер!»-деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, туған жер жанып тұрған отанда ыстыққой шіркін. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасы халық назарына ұсынып отыр [1].

Елбасымыз айтып өткендей «қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз.

Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлыққа федералардық айтақалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер сіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтар мен оқыта бастауға тиіспіз.

Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес ұлттық аударма бюросын құру керек. Ол үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн».

Өз тілінде терең білім, жан-жақты ақпарат алған адам қай ортада да өзін еркін ұстайды. Бұны, бір деп қойыңыз. Екіншіден, мейілінші терең әрі сапалы білім беретін тілге деген сұраныс та, құрмет те жоғары болады. Осы жайтты іштей бек түсінген автор «Жер жабаанның жұрты жапа-тармағай үйреніп жатқан ағылшын тілін біз де жедел үйренуге тиіспіз» дейді де: «Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ» деп ескертеді. Ендеше мәселе не нәрсеге тіреліп тұр? Мақала авторының ойынша, бар мәселе сананың ашықтығында. Ал, сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Қорстындылай келсек, Елбасымыздың жолдамасынан нақты және анық рухани жаңартуға қадамдарды түсіндім. Елбасымыздың кез келген шешімін құптап, қолдап барынша үлесімізді қосуға тырысамыз. Тәуелсіздігімізді алғалы бері Елбасымыздан тек қана жақсылықты көрудеміз. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» жолдамасы іске асуына толық сенімдімін. Мен Елбасымыздың шешімінің іске асуына тек қана сәттілік тілеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» жолдамасынан алынған мәлімет. <https://aikyn.kz/2017/04/13/9894.html>
2. Есенгелді Е.Қ. Дереккөзі: https://www.zharar.com/kz/sabak/12812-ruhani_tugan.html

Тұяқбай А.М., 1 курс студенті
Ғылыми жетекші – философия докторы (PhD) Манасова М.М.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ
КЕҢІСТІГІҢ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады

Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік: Ғаламдандудың жаһандық жүйесіне еніп, ХХІ ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты.

2. Прагматизм: Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау: Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатының ескертті.

4. Білімнің салтанат құруы: Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы: ХХғасыр қасіреттерін қаперімізге сақтап, одан сабақ алу және де дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетінін қазіргі кезде болып жатқан әлемдік толқыныстарды мысалға келтірді. Ревалюциялық өзгеріс емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керек екеніне ой қортты.

6. Сананың ашықтығы: Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді.

Рухани жаңғыру деген кезде ойымызға бірінші болып мешітте намаз оқып отырған немесе уағыз тыңдап отырған көп жамағат көз алдымызға елестейді. Біреулер өзі намазға жығылып, мешітке барып жүрсе, өзгелерді де осы жолға түсіруге тырысады. Отырған жерінде уағыз айтып, өзге жұрттың мазасын алады. Білесіз бе? “Адамдарды кешіруіміз керек. Қателіктеріне көз жұма қарауымыз керек” деп айтатын адамдардың іші кекке толып тұратынын білесіз бе? Яғни уағыз айтушылардың барлығы жақсы немесе кешірімді деп ойлаудың қажеті жоқ. Рухани жаңғырған адам материалдық тұрғыдан да бай болады. Осы жетістіктерін міндетті түрде ешкімге көрсетпесе де, қайырымдылық арқылы бөлісіп отырады. Бұдан кейін рухани жаңғыру деп мен адамның өзінің өткен тарихын, ата-бабасының жүрген жолын сыйлап, алғыс айтуын айтар едім. Себебі, таудың биігіне, жетістіктің шыңына шыға отырып, өткен өмірге алғыс айту қиын. Қиын болмаса да, ұмытып кетіп жатамыз. Олай болса, әр күнімізді алғыс айтудан бастайық.

«Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Қазақтың латын әрпіне көшуі – кем дегенде бүкіл ұлтты бір күнде партаға отырғыза алатын жағдай. Яғни, бәріміз қайта жаза бастаймыз, қайта үйренеміз. Сол арқылы тілді білмеген азаматтардың өзі де қатарға қосылып, бізбен бірге үлкен жетістікке де жетуге

болады. Өзге ұлттардың да қазақ тілін оқуға, зерттеуге деген сұранысын туғызуы әбден мүмкін.

Көшудің артықшылықтары да бар, кемшіліктері де бар. Артықшылықтары туралы айтсақ, бұл – заман талабы. Біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз, ал дүниедегі адамдардың көбі латын әліпбиін қолданады. Бәріміз интернетті пайдаланғанда да бұл мәселемен кездесеміз. Төл әріптері бар қазақ әліпбиі жиі оқылмайды. Соған байланысты қиыншылықтар да пайда болады. Сондықтан латын әліпбиі бұл жерде пайдалы болатын шығар. Латын жазуы ағылшын тілі сияқты әлемге кең тараған әліпбиі екеніне дау жоқ. Сол арқылы біз қазіргі интернет желісінде ақпарат алуда ғылым, білім саласында осы кеңістікке көбірек кіріп, жастарымыз да тануға, тез оқуға, ақпарат алуға мүмкіндігі артады. Екінші жағынан, бұл – түрік әлемі мен Қазақстанның бірігуі. Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан сияқты елдердің жазуымен бір болғаны – біздің еліміз үшін тиімді.

«Қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп Елбасы атап көрсеткендей, қазақ жазуын латын әріптеріне көшірудің басты мақсаты - бұл қазақ тілін дамыту үшін жасалып жатқан шаралардың бірі. Қазіргі орфографиямызды жетілдіру, сөзіміздің қазақ тілінің табиғи үндесіміне сай жазылуын қамтамасыз ету болып табылады. Заман ағымына сай тіл де үнемі дамып, сөздік құрамы толыға түседі. Күнделікті өмірде танылған барлық заттар мен құбылыстар сол тілде сөз арқылы қолданыс табады. Егер осы сөздер өз ана тілінде, немесе ана тілдің заңдылығына бейімделіп қолданылмаса, онда кез-келген тілдің сөздік қоры жұтаң тартып, ол тілдің табиғи заңдылықтары бұзыла бастайды. Барлық уақытта да тілдің өзіндік заңдылықтарын ескеріп, үнемі жетілдіріліп отыруы керек. Қазіргі жазуымызда басшылыққа алатын негізгі емле ережелеріміз 1983 жылы қабылданды, одан бері тілімізге енген сөздер де көбейді. Сондықтан сөзіміздің қазақ тілінің басты заңдылығы-үндестік заңына сай жазылуына назар аударған жөн. Мысалға, қазақтың Жанар, Айнұр, Өтеміс деген аттарын Жанара, Айнура, Утемис деп айтуға үйреніп кеттік. Қазақтың үндесе айтылатын сөздерін Ысмайыл-Смайыл, Ысқақ-Сқақ, Ырысты-Рысты деп тіліміздегі дыбыстар тіркесін, айтылым заңдылығын бұзып жүрміз. Мұндай мысалдар өте көп.

Қазақ тілі - мемлекеттік тіліміз болып табылады. Осы тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр. Қазір шетелдермен әр түрлі саладағы байланыстардың күшеюіне байланысты осы шараларды рәсімдеу құжаттарын жазуда латын әріптерінің қажеттілігі анық байқалады. Шетелден келушілер саны көбейіп, Қазақстанға әлемнің назары ауып отырған тұста еліміздегі өзге ұлттармен қатар, шетел азаматтарының да мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы артып отыр. Осындай көптеген жағдайлар, күнделікті өмірдің өзі, жаңа технологиялар заманы қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін алға тартты. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Латын әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, оны жазу да бір-біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Сонымен бірге қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы - жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі.

Жаңаша оқыту технологиялардың бірі — «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы — технологиялардың ішіндегі шоқтығы биік, ерекшелігі мол, құнды технология. Әр жаңа технология, жобалар білім саласындағы жаңалықтардың басты мақсат, міндеттері бір- біріне жуық, мәндес болып келетіні бізге мәлім. Білім беру жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі — білім сапасы. Осы жобаның пән мұғалімдері ретінде білім сапасын көтеруге қызығушылықтарын арттыруға тигізген әсері туралы нақты мысалдар келтіріп тоқталғымыз келеді. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері есебінде анық байқағанымыз — «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының стратегияларымен өткен сабақтарда оқушының пәнге деген қызығушылығының артуы. Қызықты болған жерде белсенділік те артады. Мұғалім әр оқушының білім алуға бағытталған іс-әрекетін бақылауға алады. Оқушы жұмыстары жеке жинақ, папкаларда көрсетіледі. Мұғалім тек бағыттаушы ретінде қызмет жасайды, оқушылар жаңа сабақ, ақпараттарды өз бетінше меңгереді. Сыныптағы оқушылар өзгерісі — оқушылардың жаппай тілдік әрекетке түсуі, әрине, таза ағылшын тілінде сөйлемегенмен, көбіне ағылшынша сұрақтар қойып, оған жауап беруге тырысады. Оқушылардың ойлау деңгейлері әлдеқайда жоғарылайды. Белсенділік танытып қызығушылықпен жұмыс жасап жатқанда, тіпті кейде қоңыраудың соғылғанын байқамай да қалады.

Елбасымыз Н.Назарбаев: «Мұғалімдер қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады», — деп атап көрсетті. Бұдан біз ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын көреміз.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Көз ілеспес шапшандықпен дамып, жедел өзгеріп отырған мына дүбірлі дүниеде, Елбасы айтқандай, сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңісті болып қалған таптаурын қағидалардан арылып, рухани жағынан серпілуіміз, жаңғыруымыз қажет. Бұл арада рухани жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодымызды сақтау екенін әрдайым есте ұстап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырғанымыз абзал.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017. 12 сәуір.

- 2.«Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
- 3.Латинское письмо // Лингвистический энциклопедический словарь;
- 4.«Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
5. Қазақстан ғылымы: талдамалық шолу. Наука Казахстана: аналитический обзор. Астана, 2013. – 192 бет

Узбаева.Б.М., 1 курс студенті
Ғылыми жетекші – философия докторы (PhD) Манасова М.М.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Республикасы

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: БОЛАШАҚҚА БАҒДАР» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тіл, философтардың айтуынша, адам болмысындағы жетістіктердің бірі, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынасты реттеуші құрал, халықты біріктіруші. «Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - деп Ахмет Байтұрсынұлы тілді адам санасындағы ойдың күрделі иірімдері мен әр түрлі психофизиологиялық құбылыстар арқылы қабылданатын ақпараттардың күрделі таңбалық көрінісі ретінде де тануға негіз жасады. Ғалым, алғаш қазақ әліпбиін жасаушы Ахмет Байтұрсынов «...әрбір әріптің қазақ дыбысының табиғатымен сәйкес келуін» ескерткен.

Латын тіліне өту туралы Елбасымыз өзінің 2006 жылғы Қазақстан Халқы Ассамблеясының 12 сессиясында баяндаған болатын. Кейін 2012 жылы «Қазақстан-2050» стратегиясы 2025 жылғы дейін латын әліпбиіне өту туралы міндет жүктеген.

Көптеген ғалымдардың пікірінше латын графикасы қазақ тілінің модернизациялануының көрсеткіші ретінде танылып отыр. Бұл жаңашыландыру қазақ еліндегі басқа тілдердің рөлдік деңгейін төмендетпейді. Керісінше, әліпбидің модернизациялануы - әлемдік тәжірибедегі оң тарихи құбылыстардың бірі. Жаңа тілге өту, жаңа кезеңге өтуге бастама болуы мүмкін. Біз латын тілін - әлемдегі ең кең таралған тілдердің қатарына қоса аламыз.

Латын графикасын халықаралық деңгейдегі коммуникация құралы ретінде емес, ұлттық консолидациясына жүзеге асырушы, рухани қайта жаңғыру факторы ретінде ықпал етуі қажет.

Ахмет Байтұрсынұлының алғаш қазақ әліпбиін жасаған ғалым. «Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» ретінде әрбір әріптің қазақ дыбысының табиғатымен сәйкес келуін ескерткен. Сонымен қатар тілдік терминдерді ұлттық санаға, қоғамдағы өнер құралына лайықтап жасалуын көздеген. Соны жүзеге асыру мақсатында бүгінгі таңда латын тілі компьютерлік құралға негізделіп жасалуының сыры осында.

Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі, жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін

алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің кестесін жасап, алдағы екі жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуі керектігін қадап айтты [1].

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Түркітөктес халықтар тілінде латын әліпбиі 1926 жылдан бастап қолданылады. Латын әліпбиін алғаш қолданысқа енгізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. Біздің елде ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», - деген болатын. Бұл – ХХ ғасырдың басындағы қоғамдағы коммуникациялық үрдістерді зерделеуден туған ой болатын.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі өткен ғасырдың 90-жылдары көтерілді де тез басылып қалды. Тілші ғалымдар латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтарын жан-жақты дәлелдеп берген болатын. Солардың басты-бастыларын атап көрсетейік:

- шет елдердегі (Қытай, Монғолия, Түркия т.б.) қазақтармен мәдени, рухани байланысты нығайту үшін қажет;

- қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалауда ұтымды мүмкіндіктер туады,

- ол өз кезегінде тіл үйренушілерге жеңілдіктер береді

- қазақ тілінің әуезділігі, орфоэпиялық заңдылығы қалпына келеді;

- түркі тектес мемлекеттердің интеграциялану үрдісіне оң ықпал етеді;

- ағылшын тілін меңгеру оңтайлана түседі;

- Кеңес заманында жазылған, қазіргі заманға қажетсіз дүниелерден арылу үшін, қажетті рухани жәдігерлерді елеп-екшеп алуға мүмкіндік туады.

1929-1940 жылдары латын алфавиті Қазақстанда қолданыста болды. Бірақ, Кеңес Одағы заманында 1940-1941 жылдары Қазақстан Үкіметі қаулысымен кириллицаға көшті. Кириллицада қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті және тарихы жазылды. Бұл өткен тарих, оны ешкім сызып тастай алмайды. Бірақ, енді мынадай мәселелер туындап келе жатқаны белгілі: бұрын кириллицамен жазылған шығармалар қайда қалады? Оларды келешек жас ұрпақ оқи алама, - деген заңды сұрақ қойлып келеді. Ол мәселе қазіргі ақпарат заманында техника арқылы жүзеге асуға тиісті [2].

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл» саясаты туралы бастама көтерілген болатын. Онда қазақ тілі арқылы ұлт болып сақталу, орыс және ағылшын тілінде әлемдік кеңістікке, халықаралық байланыстарға шығудың мүмкіндіктері ашылатындығы айтылған. Бұл да өте дұрыс ұсыныс, заманға лайықты өмір сүруге қажетті жағдайлардан туындаған қадамдар деп ұғуымыз керек.

Латын алфавитіне көршілес Өзбекстан, Түркменстан және Әзірбайжан мемлекеттері тәуелсіздік алған уақыттан бастап ерте кірісті. Олар да заман талабына сай даму үшін осы алфавитті өздеріне қабылдады. Бірақ, қай мемлекеттерді алып қарасаңыз да қиындықтар болған. Бұл латын алфавитіне өту кемінде 10 жылдық үдеріс екен.

Енді, алдағы уақытта Қазақстан Республикасының латын алфавитіне өтудің өзіндік қиындықтары болатындығы анық. Онда: алфавит ауыстырып, оны үйрену, сауатты

жазуды меңгеру, бұрынғы шығармаларды қайта аудару және тағы басқа мәселелер бар. Бірақ, қарап отыруға тағы болмайды.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін, мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін рухани жаңғыруымызға, ұлттық бірегейлігімізді сақтауымызға жөн сілтеп отыр. Рухани жаңғыруға нық қадам жасап, болашаққа сеніммен бет алуда алда қолға алатын міндеттерді де саралап берді. Олардың арасында таяу жылдары жүзеге асыруға кірісетін нақ жобалардың арасында – қазақ жазуын латын әріпіне көшіру мәселесі. «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», – деп, көрсете келе, мақаласында қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау, 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізуді жүктеген болатын.

Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілінің ахуалы қалай болмақ деген мәселе қоғамда қызу талқылануда. Қазақстан ғалымдары латын әліпбиіне көшкен Түркия, Әзербайжан және Өзбекстанның ащы сабақтарын жасырмай алға тартып жатыр. Оларды жинақтасак мыналар:

1. Күні бүгінге латын әліпбиіне 1928 жылы көшкенмен, әлі де түрік тілінің дыбыстық қорындағы бірқатар дыбыстарды таңбалайтын әріптер түріктер әліпби жүйесіне енбей қалған. Өзбектерде де ондай мәселе бар.

2. Әзербайжан, өзбектерді айтпағанда, түріктер сан ғасырлық араб графикаларына негізделген рухани мұраларын пайдалана алмай отыр.

3. Балалар әдебиеті тапшы.

4. Ғылыми әдебиет кирилл графикасында жазылған.

5. Мұғалімдер дайындау мәселесі өз алдына үлкен проблема.

6. Жекеменшік мекемелер іс-қағаздарын латын әліпбиіне көшіруге асықпайтын сияқты көрінеді.

7. Орыс мектептерінде, мысалы, Өзбекстанда, кирилл жазуымен білім береді.

8. Өзбекстанда латын әліпбиінде оқитындар азайған соң, ұлттық баспасөзге де сұраныс азайған. Ол әсіресе орта жастағылар мен үлкендер арасында. Түрік ұлты болса, бодан емес, билеуші, отарлаушы ұлт болған, олардың психологиясы бөлек, ана тілі бәріне ортақ. Азербайжандар мен өзбектер де ана тілдерін толық меңгерген ұлттар.

Латын әліпбиін екі жақты (тиімді және тиімсіз) жақты қарастыруға болады.

Тиімді жақтарын айтсақ:

- орыс тілінің ықпалынан құтылу

- болашақта түркі халықтары латын таңбаларына негізделген ор-тақ әліпбиге көшеді

- латын әрпіне көшу арқылы біз әлемдік кеңістікке жақындаймыз

- компьютерде, ұялы телефондарда осы әріпті қолданатын жастар көп.

Тиімсіз жақтары мыналар:

- Жазбаларды латын тіліне көшіру.

- Жастары үлкен адамдарға қиын болады.

- Тіліміздің дыбыстық ерекшеліктері жоғалуы мүмкін.

Латын графикасы қазақ тілінің модернизациялануының көрсеткіші ретінде танылып отыр. Бұл жаңашыландыру қазақ еліндегі басқа тілдердің рөлдік деңгейін төмендетпейді. Керісінше, әліпбидің модернизациялануы - әлемдік тәжірибедегі тарихи құбылыстардың бірі. Қазіргі жаһанданудың белең алған кезінде, ақпараттық технологиялық кеңістікте, латын графикасы нағыз прагматикалық коммуникациялық құрал. Латын графикасына өту – халықаралық ғылыми-техника тілін ұлттық нақышта меңгеруге жасалған қадам.

Сондықтан, Мәңгілік Ел мұратына ұмтылған Қазақстан халқының ұлттық кодының негізі саналатын рухани жаңғырудың негізі латын әліпбиіне көшу – еліміздің әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарынан табылуының кепілі болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев.Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру /Егемен Қазақстан.
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2004.

Үкенова Г.Ж. 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі –аға оқытушы Бейсенбаева Б.А.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-РУХАНИЛЫҚ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ИДЕЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстанның тұңғыш президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ұлттық ойды біріктіріп, жаңаша даму үлгісімен әлемдік деңгейде мәдениетті қалыптастыру екендігін атап өтті. 2017 жылдың 12 сәуірінде баспа беттерінде шыққан бағдарламаның жүзеге асырылуы үшін көптеген жобалар қабылданып жүзеге асырылуда. Атап айтар болсақ, ерекше жобаның бірі- «Қазақстанның үшінші жаңғыру жаһандық бәсекеге қабілеттік» және коммуникациялық өзгертулер енгізу негізгі жобаларды құрайды.

Рухани жаңғыру бағдарламасының қолға алынып жатқан алғашқы тарихи өзгерісі- қазақ әліпбиін кириллицадан латын әліпбиіне көшіру жоспары. Әрине, бұл өзгеріске алғашында қауымның басым бөлігі қарсылығын білдіріп, құптамаған болатын. Кейіннен көптеген түсіндірулер жүргізіліп, пайдалы жақтарын айтып қолайлылығымен еліміздің дамуында тиімді жақтарын ашық айтуы арқылы жаңаша оң көзқарастар қалыптаса түсті. Елбасы 2025 жылға дейін қазақ елінде түгелдей орнап, қабылдануы үшін біршама жұмыстардың атқарылатындығын айтты. ХХІ ғасырда ең ірі тарихи өзгерістің бірі болғандықтан қазақ елі бір кісідей ат салысқаны жөн. Өйткені латын әліпбиін меңгеру- әлем өркениеті бесігінде дамыған елдермен бірге тербеліп, жаңаша бастамаларды тез қабылдай отырып цифрлық технологияларды меңгеру және өркениет көшінен қалмау. Латын қарпі қазіргі кезде жаһанданудың негізгі өзегіне айналды. Латын графикасына көшудің бір қатар себептері бар. Латын қарпіне көшу қазақ тілін дамытуға үлкен үлесін тигізеді. Қазақстан мемлекеті әлемдік экономиканың белді мүшесі болғандықтан латын графикасына көшудің де әсері зор болады. Шет елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнату барысында келісім шарттар жасаудағы тиімділігі де бар. Шет елдік азаматтардың латын қарпі арқылы қазақ тілін үйренуі оңай болатындығы анық. Осындай пайдалы жақтарын ескере отырып латын әліпбиіне көшу сәтті қадамдардың бастамасы болатыны анық.

Рухани жаңғыру бағдарламасының негізгі мақсаты- Қазақстан мемлекетін дамыған 30 елдің қатарына қосу. Бұл елбасының 2012 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан халқына жарияланған «Қазақстан-2050 қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында қо йған міндеттердің бірі болып табылады. Жоғары дамыған алпауыт мемлекеттермен ендігі уақытта экономикалық жағынан ғана емес білім, ғылым жағынан да тереземіз тең түсіп, иық тіресетін уақыттың да келгені шындық. Рухани жаңғыру бағдарламасының келесі жобасының бірі-үш тілде білім беру жүйесін дамыту. Мұндағы маңызды мәселе- кең бұқараның ағылшын тілін игеруі. Мектеп оқушыларына бірінші сыныптан бастап ағылшын тілінің үйретілуі сондай-ақ , жоғарғы оқу орындарында негізгі пәндердің ағылшын тілінде өткізілуі білімге құштар жас ұрпақтарымыздың өз ана тілімізбен ғана шектелмей өзге тілдерде де еркін сөйлей алуы әлемдегі жаңалықтарға жаңаша көзқарастардың қалыптасуына үлкен мүмкіндік береді. Экономиканың қарқынды

дамуы, бұрын соңды болмаған көрсеткіштер көрсетуі ғылым саласындағы ашылулар мен жаңалықтарға тікелей байланысты. Қазіргі уақыт адамдардың бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманы. Ғылыми техникадағы үлкен жаңалықтардың бірі- жоғарғы жетекші елде өнеркәсіп орындарында адамдар емес роботтардың қызмет етуі.

Рухани жаңғыру бағдарламасын дамытудағы келесі әдіс «Цифрлық Қазақстан» жобасы. Қазақ елін цифрлық қоғамға айналдыру - 2017 жылдың 31 қаңтарында жарияланған елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғырылуы жаһандық бәсекелестікке қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауындағы бағдарламасы болып табылады. Бұл жобаны дамыту үшін – цифрлық экожүйені құру бойынша сапалы жұмыстарды іске асыру. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз мақаласында «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден , ұлттық сана сезімнің көк жиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып оның бір қатар сипаттарын өзгерту» екендігін атап өткен. Ұлттық дәстүрлерімізді сақтап, тарихи ұлы бабаларымызды ұлықтап, келешек ұрпаққа дәріптей отырып, рухани әлем кеңістігінде шаңырағын биікке көтерген дәстүрін берік ұстанған мемлекет ретінде сақтап қалу. Қазақстан мемлекетін дамытуда жан-жақты тиімділігімен ерекшеленетін бағдарламамен қатар ұрпақ тәрбиесі маңызды рөл атқарады. Әр уақытта заманның ағымына байланысты ұрпақтарға қойылатын талап – білім шыңына жетіп бәсекеге қабілеттіліктің мықты болуымен қатар қазақ елін жаңа рухани үдерістермен қайта жандандыру. Ұлт тәрбиесіндегі Отанға деген махаббат, патриоттық сезім ең әуелі тарих сабағынан бастау алады. Өз тарихын жақсы білген ұлт қана болашаққа нақты көз жүгірте алады. Біз тарихымызбен мақтана отырып, сапалы білімді бойымызға сіңіріп елге адал қызымет етсек Отан алдындағы борышымызды өтгенмен бірдей болады. Абай атамыз:

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, -деп саналы түрде әрекет ету арқылы нәтижелі еңбектің шығатындығын төрт қатар өлеңмен жеткізе білген.

Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды

жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын оқып, еліміздің әр азаматы ел болашағы үшін белгілі ой түйіндейді деген ойдамын. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған кең байтақ жерімізді, тарихи-мәдени құндылықтарымызды, тарихымызды, ізгі қасиеттерімізді сақтап және де оларды жаңғыртуымыз қажет. Өйткені ұрпақ санасында ұлттық рух мәңгі қалуға тиіс. Ол үшін біз жастар білімді болуымыз керек. Білім әр адамның рухани азығы. Білімді-саналы ұрпақты өсіру үшін, балалардың бойына ізгілік пен патриоттық сезімді ояту қажет.

Қортындылай келе, Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» бағдарламасы бірнеше рухани құндылықтарды кірістіре отырып жасаған жобаларды дамыта отырып, әлем өркениетінің шыңына шығып, тарихи сахнада Мәңгілік Елге айналу деп түсінемін. Осынау кең байтақ ұлы дала еліндегі елбасымыз бастаған «Ұлттық рухани жаңғыру» аясында елдің ертеңі жарқын болып, еңсесі биіктей беретініне сенімім мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»/Егемен Қазақстан газеті.-Астана ,2017
2. Алиева Т.Т Рухани жаңғыру
3. Л. Төрешова. Жаңғыру негізі – бірлік пен тұтастық./egemen.kz/article/zhanhghyru-negizi/
4. Н.Оразалин. Рухани жаңғырудың жарқын жолы. –Алматы, 2017
5. Н.Имашева. Рухани жаңғыру - туған жер тұтастығы мен ел болашағының негізі

11 СЕКЦИЯ. САЛАУАТТЫ ЖАСТАР – ЕЛІМІЗДІҢ ТАБЫСТЫ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

СЕКЦИЯ 11.3 ДОРОВАЯ МОЛОДЕЖЬ – ОСНОВА УСПЕШНОГО БУДУЩЕГО СТРАНЫ

Абдраш Н., Тезекбаева Н., 2 курс студенттері
Ғылыми жетекшісі – оқытушы Джолдаспаева С.Д.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

«Дені сау сәби әр отбасының қуанышы, бақыты.
Ал денсаулығы мықты сәби халықтың болашағы, Отанының сенімді тірегі.»
С. Назарбаева

«Салауатты өмір салты және өз денсаулығына деген адамның жауапкершілік принципі – міне бұл денсаулық сақтау аясындағы мемлекеттік саясатта және халықтың күнделікті өмірінде басты мәселе болуы шарт» – деп, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев халыққа берген жолдауында айтты.

«Денсаулық сақтау» сөзінің мағынасы жергілікті тұрғындар арасындағы түрлі топтардың денсаулығын қамтамасыз ету, сақтау, жақсарту және нығайту барысындағы іс әрекеттерді білдіреді. Адам денсаулығын қорғау және нығайту негізгі заңды акттармен бекітілген. Денсаулық сақтау жүйесін оңтайландыру мемлекеттің әлеуметтік экономикалық саясатының маңызды бөлімі болып табылады. Денсаулық сақтау мақсаты бір, квалифицирленген медициналық көмегі баршаға ыңғайлы болатын, шынайы гуманистік бағытталған мемлекеттік жүйе ретінде қаралады. Денсаулық сақтау жүйесінің приоритетті құрамдас элементіне медицина қызметкерлерінің профилактикалық шаралары, медико-социалдық белсенділіктің дамуы және де халық арасындағы әртүрлі топтарға салауатты өмір салтын насихаттау жатады.

БДҰ мәліметтері бойынша, адамның денсаулығы 50 % өмір салтына байланысты және қайталанып отыратын инфекциялық емес аурулардың (жүрек – қан тамырлары жүйесі аурулары, қант диабеті және т.б.) басым көпшілігінің дамуы адамның өмір салтымен байланысты. Бұған байланысты тәуекелдің жүріс – тұрыс факторларды алдын алу және бақылауын күшейту кешенді жолымен салауатты өмір салтын қалыптастыру және дене шынықтыруды дамыту маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің «Салауатты өмір салты» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша шараларды ұйымдастыру туралы сәйкес бұйрығымен бекітілген 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыра отырып, Павлодар облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы облыс емдеу алдын алу ұйымдарында «Денсаулық мектептерінің» жұмысын белсендіруді мақсат етеді. Өйткені, халықтың денсаулық көрсеткішінің төмендеуіне жеткілікті ақпараттанбауы және халықтың салауатты өмір салтын жүргізу мәселесінде белсенділік төмендігі себеп болып отыр.

Денсаулық мектептері – халықтың аурулар туралы ақпараттандыру, науқасты тексеру, емдеу және алдын алу процестеріне, белсенді араласудың көрсеткіш деңгейін жоғарлату орталықтары. Мұнда аурудың дамуын алдын алуға көмектесетін тәуекел факторларымен күресуге, аурудың өршуін алдын алу әдістерін, салауатты өмір салты принциптерін оқытады. Салауатты өмір салты – биоәлеуметтік категория. Салауатты өмір

сүру салтының жоғары немесе төмен деңгейде болуы әлеуметтік – экономикалық жағдайларға байланысты болады.

Салауатты өмір сүру салтының 3 категориясы болады:

- салауатты өмір сүру деңгейі;
- салауатты өмір сүрудің сапасы;
- салауатты өмір сүрудің стилі;

Салауатты өмір сүру деңгейі – экономикалық категория. Адамдардың материалдық және моральдық-рухани қажеттілігі толығымен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүру сапасы - әлеуметтік категория – үй-іші қызмет істейтін орындары неше түрлі адам денсаулығын қамтамасыз ететін комфортты мебельдер мен лабораториялық жабдықтармен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүру стилі – әлеуметтік – психологиялық категория, адамның қоғамдық орындарда өзін өзі ұстап және көрсете білуі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының дерегі бойынша халық денсаулығының 49 – 50 пайызы өмір сүру салтына, яғни адамның өз денсаулығына қалай қарайтынына тәуелді, 17 – 20 пайызы қоршаған орта ерекшеліктеріне байланысты.

Халықтың денсаулығын анықтайтын факторлар: шынайы жалақы көлемі, бір күнгі жұмыс уақытының ұзақтығы, еңбек шарттары, интенсивтілік дәрежесі, мамандық зияндылықтардың бар – жоқтығы, тамақтану сипаты мен деңгейі, тұрғын үй жағдайы, өмір сүру салты, елдің санитарлық және денсаулық сақтау жағдайының деңгейі,

Әлеуметтік факторлар негізделген: қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына, білім деңгейіне, мәдениет, адамдар арасындағы өндірістік қатынастар, салт-дәстүрлер, отбасындағы әлеуметтік тұрақтылығы және жеке сипаттамаларға.

Осы факторлардың үлкен бөлігі гигиеналық сипаттамалармен бірге жалпы ұғым «өмір салтын» құрайды. Оның денсаулыққа әсері барлық факторлардың 50 пайыздан жоғары үлесін құрайды.

Салауатты өмір сүру үшін:

- көп ұйықтамаңыз.
- ұзақ жасаған адамдардың дені ұйқыдан ерте тұрған.
- тамақты көп жемеңіз.
- семіздік өмірді қысқартады.
- болашаққа сеніммен қараңыз.
- көп қимылдаңыз, әсіресе зейнетке шыққаннан кейін.
- дәрі-дәрмектерді мейлінше шектеңіз.
- болмашы нәрселерді уайымдай бермеңіз.
- темекі тартпаңыз.
- темекіден барынша аулақ болған жөн.
- міндетті түрде хоббиіңіз болсын.
- сусынды көп ішіңіз, әсіресе суды.
- көңіл-күйіңізді сергіту үшін қара жұмыспен айналысыңыз.
- қою кофе мен қою шайды көп ішпеңіз.
- шаршағаныңызды басу үшін жарты сағаттық ванна қабылдаңыз.

Сонымен, болашағымыз нұрлы, еліміздің ертеңі нұрлы болсын десек, ел болып, халық болып болашағымызды, ұлтымызды, тегімізді жоғалтып алмау үшін нашақорлық, СПИД, ішімдік, темекіден бойымызды аулақ ұстап, қоғамымыздың бұл түнектен арылуының жолын іздеп, салауатты өмір сүру салтын насихаттайық. Халықтың денсаулығы – ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі.

Абдурахманова Ш.А., ученица 10 класса

Научный руководитель: учитель географии и биологии высшей категории Чалапко Л.М.
ЧУ «Школа свободного развития «Альтер», г. Караганда, Республика Казахстан

ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ КАК ОБЪЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ НАУКИ ТЕРАТОЛОГИИ

В ежегодных посланиях народу глава государства Нурсултан Назарбаев постоянно подчеркивает важность здоровой нации для будущего страны. «Здоровый образ жизни и принцип солидарной ответственности человека за свое здоровье - вот что должно стать главным в государственной политике в сфере здравоохранения и повседневной жизни населения. Надо сориентировать семьи на рождение здоровых детей, проповедовать добрые семейные традиции среди подрастающего поколения» - отмечает президент страны в послании народу.

Как убедить молодое поколение в необходимости вести здоровый образ жизни, что важно не только для себя лично, но и для будущего нашей страны? Здоровый генофонд – это цель каждого государства, именно от него зависит вся его жизнь, его настоящее и будущее.

Много сказано о вреде курения, алкоголя, наркомании и т.д., но в большей степени молодые люди не задумываются о том, что все это отражается не только на собственном здоровье, но и оказывает отрицательное влияние на самое дорогое, что есть или будет у человека, на здоровье его детей. Знакомство молодежи с наукой тератологией, может оказать положительное влияние на дальнейшую жизнь и судьбу человека и даст возможность задуматься перед фактом: а что будет если...

Тема актуальна в современном мире, потому что в настоящее время имеют место факты резкого увеличения количества врожденных пороков у детей. Врожденные пороки являются достаточно частыми, осложненными, как правило, тяжелыми страданиями, занимающими одно из первых мест в структуре детской заболеваемости и ранней детской смертности. Показатели популяционной частоты пороков колеблются от 1,27 до 15%, и их частотность неуклонно растёт.

Люди, особенно молодёжь, вступающая во взрослую жизнь, должны знать, при каких условиях возможно появление на свет потомства с патологиями в умственном и физическом развитии. Знать для того, чтобы избежать такого несчастья.

Тератология (от греч. *teras*, род. п. *teratos* - урод и *logos* - наука), наука, изучающая уродства и пороки развития у растений, животных и человека. Являясь – разделом эмбриологии, изучает аномалии развития плода и причины, вызывающие их.

Цели современной тератологии: исследование причин и механизмов возникновения наследственных и ненаследственных врождённых патологических состояний и пороков развития, предотвращение появления у человека врождённых пороков развития. Для такой профилактики важное значение имеет выявление тератогенов с которыми могут сталкиваться люди. Тератогенами являются вредные факторы, вызывающие аномальное развитие плода и его уродства. Уродство - стойкое отклонение организма или его частей от нормального анатомического строения, возникающее в процессе развития.

Тератология человека прогнозирует ход эмбрионального развития при неблагоприятных условиях, определяет методы лечения ребенка еще до его рождения, выявляет влияние болезнетворных факторов на развитие плода, разрабатывает методы их лечения и профилактики.

Зародыш человека более уязвим к внешним воздействиям, чем взрослый организм и в первые две недели развития воздействие внешних тератогенов обычно приводит к гибели зародыша; с 3-й по 8-ю недели - к крупным морфологическим отклонениям; начиная с 9-й недели, у зародыша, как правило, возникают физиологические дефекты.

Критические периоды эмбриогенеза человека, в неделях

Заканчивается формирование органов у зародыша примерно к началу третьего месяца беременности. Отсюда вывод: первые два месяца являются важнейшими в развитии эмбриона человека. Чаще этот срок не воспринимается будущей матерью серьезно, но именно это время формирования организма играет главную роль в судьбе зародыша. Поэтому в этот период для него особенно велика опасность подвергнуться нежелательному воздействию - безвредному для взрослого, но пагубному для будущего ребенка. Медицинский опыт показывает, что внешние факторы, действующие в периоды раннего эмбрионального развития, приводят либо к гибели зародыша, либо к аномалиям его строения. Аномалии развития уродства, возникают главным образом в период, когда происходит закладка органов, когда наиболее активно развивается их форма и устанавливается соотношение их частей.

На развитие пороков у плода влияют следующие факторы: недостаточное и несбалансированное питание матери, кислородная недостаточность; различные заболевания матери, (коровая краснуха, скарлатина, грипп, вирусный гепатит, паротит и др.) и хронические инфекции (туберкулёз, токсоплазмоз и др.); осложнения беременности - токсокозы и присоединившиеся болезни; различные лекарственные средства, особенно



гормональные препараты, применяемые во время беременности; вредные привычки (курение, употребление алкоголя, наркомания, токсикомания); вредные производственные факторы и химические вещества, загрязняющие окружающую среду.

Вредные вещества поступают в организм будущего ребенка двумя способами.
1.Прямым путем (например, ионизирующая радиация, микроволны, ультразвук).
2.Непрямым путем (тепло, холод, травма, психологическая атмосфера, употребление вредных веществ).

В своей работе мне хотелось бы подробнее остановиться на самых распространенных вредных привычках молодых людей в нашей стране, являющихся типичными для всего мира, которые вызывают различные патологии у будущего поколения.

Курение во время беременности уменьшает шансы благоприятного завершения внутриутробного развития ребёнка в 2 раза. Следствием данной привычки является частая смертность детей, задержка роста в утробе, а также снижение интеллектуального потенциала новорожденного. Врачами был выявлен следующий факт: у таких детей развитие аутизма случается на 40% чаще, а причиной этого является кислородное голодание ребенка в утробе матери, которая курит. Конечно, не факт, что у курящей женщины обязательно родится ребенок с какими-то видимыми отклонениями, но если

этих отклонений не видно, то еще не значит, что их нет. Так к 16-ти годам у ребенка может развиваться ожирение или диабет. К тому же такие дети сами чаще начинают курить, подвергая, следовательно, опасности и своих будущих детей. Курение во время беременности также связано с проблемами в поведении и обучении детей.

Употребление алкоголя мужчиной неизбежно сказывается отрицательно на потомстве, но женщина несет гибельные последствия будущему ребенку с большей вероятностью во много раз. Алкоголь быстро проникает в кровь, легко проходит различные барьеры и прямо или опосредованно может воздействовать на яйцеклетку, генетический аппарат которой "открыт" для алкоголя. Алкоголь приводит к задержке роста плода, задержке общего развития, множественным аномалиям суставов, порокам сердца. Такие дети отличаются повышенной возбудимостью, у них могут развиваться судороги, неразвитость мозжечка. Последствием алкоголизма могут быть также дефекты органов: аномалии суставов, конечностей, пороки сердца, фиброз печени, нарушения половых органов. У многих детей, родившихся от родителей-алкоголиков, врачи отмечали несоответствие роста и развития возрасту, различные черепно-лицевые уродства в сочетании с аномалиями конечностей, сердца, половых органов, зрительного и слухового анализаторов, расстройствами речи, неврозами. Чаще такие дети имеют тяжелые нарушения психического развития. Им свойственны агрессивность, склонность к бродяжничеству и правонарушениям.

Если будущая мать - наркоманка, тогда резко возрастает вероятность рождения ребенка с расщеплением твердого нёба, возникновением волчьей пасти и заячьей губы. Если женщина принимала наркотики, наблюдаются самопроизвольные аборт, преждевременные роды, задержка внутриутробного роста и внутриутробная гибель плода, преждевременная отслойка плаценты, дефекты развития конечностей, аномалии мочевыводящих путей, инсульт головного мозга.

К сожалению, в реальной жизни соблюсти все условия для исключения возможности появления ребенка с различными формами патологии, как правило, невозможно. Но отказаться от «добровольных» тератогенов, таких как курение, прием алкоголя, наркотиков, самостоятельное использование лекарственных препаратов - просто необходимо! Ибо в этом залог здоровья будущего ребенка.

Список использованной литературы:

1. Фогель Ф., Мотульски А. Генетика человека. - М.: Мир, 1990. (в 3-х т.)
2. Бочков Н.П., Чеботарев А.Н. Наследственность человека и мутагены окружающей среды. - М.: Медицина, 1989.
3. Лазюк Г.И. Тератология человека. - М.: Медицина, 1991.

Алпысбаева Д.А., студентка 1 курса
Научный руководитель – Гаак А.Ю

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, г.Караганда, Республика
Казахстан

ЙОГА КАК ОДНА ИЗ ДРЕВНЕЙШИХ СИСТЕМ ОЗДОРОВЛЕНИЯ ДУХА И ТЕЛА

Йога – учение, дошедшее до нас из глубины веков и упомянутое в самых древних источниках, учение отголоски которого можно встретить практически во всех религиях, ритуальных практиках и эзотерических школах. Как утверждают, родина йоги – древнейшая на Земле цивилизация – Арктида. Эта цивилизация процветала много тысяч лет назад на материке, соединяющим Америку и Евразию. После глобальной катастрофы, она исчезла в водах Северного Ледовитого океана. Археологические находки позволяют с определенностью утверждать, что учение йоги было известно уже 2,5 тыс. лет до н.э.

Именно к этому периоду относят изображения йогов в характерных позах, найденные в раскопках древней культуры Мохенджо-Даро.

В ведический период (с XV по VI в. до н.э.) в Индии появились Веды – священные книги индийских мудрецов, а затем комментарии к ним – Упанишады. Веды и Упанишады способствовали развитию философской мысли в Индии, создав целый ряд философских школ, к одной из которых относят и систему йоги. Однако йога, считаясь одной из шести традиционных систем индийской философии, признается всеми этими философскими системами как общий метод и практическое средство познания мира.

Обратимся к историческим корням, к истокам учения йоги. Научная традиция приписывает выделение учения йоги как самостоятельной системы легендарному индийскому мудрецу Патанджали (11-1 век до н.э.). По традиции древних мудрецов Патанджали не претендует на авторство в создании философской системы йоги. Он лишь собирает устные данные, дошедшие до него и комментирует их в духе единого учения.

В оригинальном учении Патанджали йога подразделяется на восемь частей:

- 1) яма – ограничения во взаимоотношениях с людьми и с природой;
- 2) нияма – предписания образа жизни;
- 3) асана – разнообразные позы и положения тела;
- 4) пранаяма – дыхательные упражнения, связанные с набором энергии;
- 5) пратьяхара – контроль и ослабление потока восприятия, психическая релаксация;
- 6) дхарана — концентрация мысли;
- 7) дхьяна — медитация, регулируемый поток сознания;
- 8) самадхи — измененное, экстатическое состояние сознания.

Эти восемь ступеней или этапов, называемые восьмеричным путем, составляют классическую систему йоги. Можно видеть, что это учение охватывает как бы три больших пласта, три, казалось бы, самостоятельных направления развития человека. Во-первых, это этическая, нравственная сфера (яма и нияма), во-вторых, это физическое развитие, совершенствование тела (асана и пранаяма) и в-третьих, это развитие психических сил человека (последующие четыре ступени). Если представить себе восьмеричный путь в виде лестницы, то ее фундаментом будут служить духовные внутренние ценности – твердые моральные устои, принципы и нормы межличностных отношений. От них путь индивидуального развития ведет через совершенствование физического тела к достижению удивительных способностей и особых состояний сознания.

